

84 бкaz
M 84

себиг
мұрано


КАЗАК КАУЫМЫ



Ата мұран-асыл қазынан

34930

И



сәбіт мұқанов

**ҚАЗАК
ҚАУЫМЫ**

(Тарихтық және этнографиялық шолу)

Алматы
“Ана тілі”
1995

Мұқанов С.

М 84 Қазақ қауымы: (Тарихтық және этнографиялық шолу).— Алматы: Ана тілі, 1995.—304 бет.

ISBN 5-630-00295-3

ХХ гасырдағы қазақ әдебиетінің көшбасшыларының бірі, ақадемик-жазушы Сәбит Мұқановтың “Қазақ қауымы” атты бұл енбегі осыдан біраз жыл бұрын көптеген қысқартулармен жарық көрген еді. Біз сол олқылықтың орнын толтырып, жазушы мұрасын толық күйінде қайта ұсынып отырмыз.

Кітап көшпілік қауымға арналады.

ISBN 5-630-00295-3

М 4700000000 — 020 015 — 94
415(05) — 95

ББК 84 Каз7-44

34930

012

© Мұқанов С., 1995

“Елу жылда ел жана...” дейді қазақ мақалы. Рас сөз. Бірақ, бұл жерде біз елудің де елуі бар екенін естен шығармауымыз керек. Мысалы, адамзат қоғамының даму тарихында экономика, мәдениет жағынан Европа елдерінің мыңдаған жылдарда тырнактап ие болған жетістігіне, қазақ, қыргыз, монгол сияқты Октябрь революциясына дейін мешеу қалған көшпелі елдер, соңғы елу жылдың ішінде жетіп, тіпті олардың біразынан озып та кетті. Ал мұның ішінде қазақ халқын алсақ, ол соңғы елу жылда бұған дейін өні түгіл түсінде көрмеген табыстарға ие болды.

Адамзат баласы алғашқы қауымдық қоғамнан таптық қоғамға қадам басқан кезде қоғамдық еңбек бөлісі егіншілік және мал өсірушілік бағытта өріс алған еді. Қол өнері кейін пайда болды. Сол заманнан бері егіншілікпен шүгілданғандар отырықшылық тұрмыс құрды да, мал өсірушілер көшіп-қонып жүрген-ді. Ал, соның ішінде ежелден мал өсірумен шүгілданған қазақ қауымының сонау қоңе заманнан бері-ақ көшпелі тұрмыс құрып келгені мәлім.

Әдетте, адамзаттың әлеуметтік тұрмысы материалдық және рухани делініп екі жүйеге бөлінеді. Материалдық тұрмыс отырықшы елдерде ерекше өркендер, жабайы құркеден ғажайып зәулім үйлер, көрнекті шаһарлар салуға; шақпақ тастан электр қуатына; көліктен ұшаққа, тас балта мен қолшоқпардан — жойқын қуатты соғыс техникаларына; қол өнерінен — алып завод-фабрикалар салуға дейін жетті. Ал көшпелі елдер осы дәүірде экономикалық жағынан көшіп-қонудың, үй тұрмысының қарапайым жабдықтарын жасаудан жогарыға көтеріле алған жоқ. Сол сияқты рухани жан азығы саналатын ауыз әдебиетін, өлең, ән, жыр, музыка байлықтарын жасауда көшпелілердің көрнекті табыстары болғанмен, бұл мәселелерде де отырықшылар үнемі озып отырды.

Аргы тегі біздің жыл санауымызға дейінгі сактарға, гүндерге үштасатын қазақтардың мәдениеті, мыңдаған жылдар бойына саран, шабан өркендер келгені мәлім. Оған бұдан екі жарым мың жыл бұрын біздің елге саяхат

жасап клеген грек тарихшысы Геродоттың¹, қытай, Рим саяхатшыларының, соңғы мың жылдың алды-артында біздің далаға жолаушылап келген румның (Византия), арабтың, иранның, тағы басқалардың қалдырган жазуларына қарағанда, бұрынғы сак, массагат, гун, сармат атаплатын көшпелілердің түрмисынан қазактардың түрмис айырмашилығы аз болғандығы мәлім.

XV ғасырдың аяғында, XVI ғасырдың басында өмір сүрген және дүние жүзіне әйгілі “Тарихи Рашиди” кітабының авторы Мұхаммед-Хайдар Дулати² өз тұсындағы көшпенлілердің өмірін сипаттағанда: “Біз далалық тұрғындармыз. Бізде таңданарлық ерекше қымбат нәрселер жоқ. Біздің бар байлығымыз — жылқы. Оның еті — азығымыз, теріци — киіміміз. Біз үшін ең татымды суын — жылқы сүтінен жасалатын қымыз. Біздің жерімізде бау-бақша да, қыскы жылы үйлер де жоқ. Біздің көрер қызығымыз мал бағу ғана”, — дейді.

Осылай сипатталған қазақ ауылдарының түрмисы Ұлы Октябрь революциясына дейін сол баяғы қалпында сақталды деуге болады. Демек, казақ халқының Октябрь революциясына дейінгі түрмисы бір тәбе де, одан бергі түрмис бір тәбе. Қазақ халқының Октябрьден бұрынғы көп ғасырлық өмірі экономикалық және мәдениеттік түрмис жағынан бұрынғы патриархалдық, мешеулік қалпынан оншалықты өзгерmedі. Түрмисы — көшпелілік, бағатыны — мал, мәдениет дәрежесі — халқының жүзден тоқсан серіз процентті сауатсыз, үлттық баспасөзі, мектебі т. т. жоқ, артта қалған ел болды.

Октябрьден кейін қазақ халқы, *bіріншіден*, саяси тенденкке жетіп, өз алдына отау тігіп, үлттық мемлекетін құрды; *екіншіден*, жаппай коныстанып, кең далаға жүзденген сәулетті селолар, ондаған көркем қалалар орнады; *үшіншіден*, бұқара халықтың оқып, білім алуына кең жол ашылып, аз уақыттың ішінде жаппай сауаттылыққа кол

¹Геродот — біздің жыл санауымыздан төрт жарым ғасыр бұрын өмір сүрген, өз заманында “тарихшылардың атасы” аталған грек ғалымы. Оның төғyz кітаптан құралған тарихы, біздің дәуірден бұрынғы мың жылдың ішінде Орта теңіз төңірегіндегі және парсы мен Эллан (Греция) арасында болып, көп жылға созылған соғысты баяндайды.

²Мұхаммед-Хайдар Дулати (1499—1551) қазақтың Дулат руынан шыққан ғалым. Ол білімді Бұхара медресесінен алғып, кейіннен Са марқанның Көкорда атаплатын хандарының ханы Рашидтің бас уәзірі қызметін аткарган. Сонымен қатар “Тарихи-Рашиди” деп атаплатын көлемді ғылыми еңбек жазған. Ол еңбек екіге бөлінеді: бірінде — Рашид хандығының тарихы туралы баяндалады да, екіншісі — Мұхаммед-Хайдардың ата-бабасын және өз өмірін сипаттайтын мемуары.

жетті, соның нәтижесінде 1946 жылы Қазақ ССР-і Ғылым академиясын құруға мүмкіндік туды. Революциядан бұрын қазақ жерінде ғылми атағы бар бір де адам болмаса, қазір ғылым докторларын ондап, кандидаттарын — жүздел, былайғы оқымыстыларын мындалап санаймыз. Академиктердің аттарын да ондап атаймыз. Бұл оқымыстылар ғылыминың қай саласынан болсын сан алуан жетістікке ие болып, ашқан жаңалықтары ғылымның дүниежүзілік корына косылып отыр.

Советтік социалистік құрылыштың арқасында қарқындалап өсken қазақ халқы соңғы елу жылдың ішінде құлашын барынша кең жайып, еркін өркенеді. Бұрын ат және өгізден басқа келікті білмейтін ауылдарда қазір мотоцикл, автомобиль, трактор, комбайн, тағы сондай техникалармен ғана жұру дәстүрге айналды; бұрын “ұзын құлак” аталатын аузыша хабармен ғана шектелген ауылдарға — радио, теледидар, телефон, телеграф кең тарады; бұрынғы сауатсыз қазақтар советтік дәүірде жаппай хаттанып, соның нәтижесінде газет, журналдар, кітаптар сатып алмайтын бірді бір отбасы қалған жок.

Экономиканың, мәдениеттің мұнша өркендеуі ауылдың қоғамдық өмірін түбірімен өзгертіп жіберді. Дегенмен, қазіргі өркені өсken үрпақ кешегі (Октябрьден бұрынғы) өмір шындығын, ата-бабаларының тұрмысын, салт-санасын, әдет-ғұрпын білгісі келеді. Әрине, мұндай құмартушылық ермек үшін емес, өз халқының өткендеңі тарихын білу, оны терең үгінып, жан-тәнімен сезіну талабынан туып отыргандығы мәлім. Сондықтан да мұның әлеуметтік саяси мәні зор. Өйткені, кейінгі жас өркендер өз елінің өткені мен қазіргісін салыстырудан советтік дәүірдің, социалистік құрылыштың баға жетпес артықшылығын көреді.

Қазақтың Октябрьден бұрынғы өмірін сипаттайдын ерте заманнан жазылып келе жатқан еңбектері аз емес. Оның арғы шеті көне замандардың саяхатшылары жазып қалдырган еңбектерге тіреледі. Олардың маңызы әлі де зор екенін ескере отырып, көне дәүірлерден қалған әдеби мұраларға екі жақтан сын көзімен қарауымыз керек: гректің, қытайдың, римнің, иранның, арабтың, тағы басқалардың саяхатшылары жат елдерге келгенде екі мақсатты қөздеді: біріншіден, экономикасы артта қалған, бірақ игерілмей жатқан жер байлығы мол елдерді қалай отарлаудың жолын іздеу, екіншіден, отарланатын елдерді өздеріне тәуелді етіп, бағындыру үшін идеологиялық негізгі құрал ретіндеңі діни сенімдерді жандандырып, оны кеңінен тарату жолын іздестірді. Сондықтан олар қай жерді араласа да, көрген-білгендерін өз мақсаттарына жа-

настыра жазды. Демек, олардың сипаттаулары үнемі шындыққа сәйкес келе бермейді.

Бұл жерде көніл бөлөтін тағы бір жай: Орта Азияны, қазақ даласын аралаган саяхатшылардың түркі сөздерге, әсірсебе, есімдерге тілдері келе бермейді де, кебін жаңылыс немесе өз тілдерінің заңына сәйкестендіре жазған, олардың тұлп-нұсқасын айыру қыныңға соғады. Мәселен, қытайлар: “түркі” дегенді “тюгү” деп, “қаңлы” дегенді “қангюй” деп, “қыргыз” дегенді “қилкисы” деп бұзып жазады. Орта Азияны жаулауға әзірленген арабтар әуелі саяхатшы түрінде тыңшыларын жіберіп, олар жергілікті географиялық атауларды немесе есімдерді өздерінше атаған. Мысалы, “Оқыс” аталатын Амударияны — “Жихун”, “Яхсарт” (“сырт жағы” дегенді) аталатын Сырдарияны “Сихун” деп, Отырар қаласын “Фараб” деп келген. Көне грек саяхатшылары да осы тәртіптен аса алмай, Орта және Орталық Азияның жерлеріне, мекендеріне, ру, тайпаларына өздерінше бұрмалаған аттар қойған. Мәселен, кешпелі сактарды — “скифы”, түркілерді — “массагат, “бесатаны”— “печенеги” деп атаған.

Арабтар да қателесіп, Рим патшасы, шапқыншы Александр Македонскийді — Ескәндөр Зұлқарнайн (мүйізді Ескендір) деп, Александрия қаласын Ескәндрия деп, Жихун мен Сихун арасын — Маво-эн-наһар — (Мавр — арабтанған негрлер, ән-наһар—жойқын өзен) деп атағаны мәлім.

Түріктер де кіci аттарын теріс атауда шеткері қалмай: Әбу-Бәкірді — Әубәкір, Ғұмарды — Омар, Ғұсманды — Оспан, Галиды — Әлі, тағы тағылар... деп түркі тілінің үндестігіне (сингормонизм) бағындырыған.

Басқа елдерден келгендердін ішінде көп жағдайда казақтың географиялық атауларын жергілікті халықтың тіліне сәйкестендіре айтқан орыс зерттеушілері, ғалымдары болды. Мәселен, олар: “Жайықты” “Яик” деп, “Есілді”— “Ишим”, “Шуды”—“Чу”, “Ілеңі”—“Или” деп кеткен, Балқаш, Арап, Қарқаралы, Баян, Қекшетау (Кокчетав), Мұғажар (Мугаджар), Зеренді сияқты су, жер, тау аттарын, немесе: Торғай, Қостанай (Кустанай), Ақтөбе, Ыргыз (Иргиз), Атбасар, Ақмола сияқты мекендер атын дәлге жақын береді.

Қазақ елінің шежіресін, әдет-түрпін, салт-санасын да орыс саяхатшылары өзгелерден анық көрсетеді. Орыстың ориенталистері (шығысты зерттеушілері): Бичурин, Рожков, Пантусов, Левшин, Потанин, Бартольд, Малов тағы басқалары қазақ өмірінен толып жатқан нақтылы деректер мен сипаттамалар қалдырыған. Солардан үлгі алған Шоқан Уәлиханов бұл мәселені терендете түсіп, өте бағалы еңбектер жазды.

Дегенмен қазақ халқының өткен өмір жолын жанжакты толық сипаттайтын монографиялық енбек әзірге жоқ. Басқа халықтар тарихы жайында жазылған мұндай ғылыми еңбектер баршылық. Мысалы, бұған дағелет ретінде орыс ғалымы академик Б. Я. Владимирцевтің “Монголдардың қоғамдық құрылышы” аталағын кітабын атаудың өзі-ақ жеткілікті. Бұл еңбекте академик монгол халқының өмірін терен зерттеп, кен шолған.

Өткен ғасырдың екінші жартысында қалам сілтеген ағылшын ғалымы Эдуард Тэйлор (1832—1917) өзінің “Алғашқы мәдениет” деп аталағын енбегінде бір ұлт, иә бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзат өткен мәдениет басқыштарын түгел талдаған. Бұл еңбектерде де қазақ өміріне жанасатын жерлері аз емес.

Осы сияқты еңбектерді қызығаннан кейін және қазақ халқының өмірін, тұрмысын ескілікті көне жазбалардан, ауызша әңгімелерден үққандарымыз бен көзben көріп, өзіміз күә болған жайларды қорыта келе мен де қазақ халқының өткен өмір жолына тереңірек тоқталып, тұтас бір шолу жасауды алдыма міндет етіп қойдым. Енді осы ниетімді іске асыра отырып, жинақталған материалдар негізінде жазылған бұл енбегімді көпшілік қырымандар қауымына ұсынып отырмын. Ал Мұхаммед-Хайдар Дулати немесе ертедегі басқа тарихшылар сипаттайтын көшпелілердің тұрмысы қазір біржола өзгеріп кеткенмен сол өткен өмірдің аздаған жұрнақтары әлі де болса елес беретін жерлеріміз жоқ емес. Онымен бірге, негізінде, қай халықтың болсын өзіне тән кейбір прогрессі ұлттық дәстүрлерін білу кейінгі жас үрпактарға артық болmas деп санаймыз.

Кітап “Шежіре және тарих жайында”, “Қазақ халқының қоғамдық өмірі”, “Материалдық мәдениеті”, “Жан азығы”, “Жазба әдебиет белестері” дейтін бес бөлімнен құралады. Ол бөлімдердің де бірнеше тараулары бар.

Әдетте мұндай кітаптар толып жатқан түсіндірмелер беріледі. Мысалы, академик Владимирцев кітабының тең жартысына жақыны түсіндірме сөздерден құралған. Ал Тэйлорда мұндай түсіндіру сирек кездеседі. Ол көрген-білгендердің өз сөзімен баяндайды. Мен де соңғы әдісті колдануды жөн көрдім.

Мен бұл кітаптың әр тарауының мазмұнына сәйкес қазақтың ауыз әдебиетін кеңінен пайдаландым. Себебі қазақ өмірін тануда, оның ауызша және жазбаша әдебиетінің орны ерекше екенін еске алып, бұл еңбекте оларға орын көбірек беріледі. Сондай-ақ бұрын жария-

ланған еңбектердің қейір қажетті жерлерін де қайта пайдалануға тұра келді.

Сонымен бірге советтік дәүірде қазақ екі тілді қатар қолданатын болды: бірі өзінің ана тілі, екіншісі орыс тілі. Қазақ тілінің ғылыми терминологиясы әлі толығып және айқындалып болған жоқ. Біз ғылыми еңбектерімізде дүниежүзілік, орыстық терминологияларды көп қолданып жүрміз. Қазақ тілін еркін білемін деп ойлайтын мен де қажетті жерде жалпы терминологиялық ережеге бағына отырып, жақша ішінде немесе ашық түрде мүмкіндігінше өзге терминнің қазақша баламасын көлтіруді жөн көрдім.

Оқырман көшшілікке ескерте кететін кейір жайлар мыналар:

1. Бұл шығарма тұра мағынасындағы тарих емес, тек автордың ой толғаулары ғана. Сондықтан, қазақ елінің басынан еткен кейір оқиғалар жорамал, тұспал арқылы айтылатындықтан, ондай жерлер күдік тудыруы мүмкін. Дегенмен, бұл тұспалдарды қазақ тарихын зерттеуші кейінгі жас ғалымдарға ой салып, бағыт берер деген оймен әдейі беріп отырмыз.

2. Мәдениеттің, ғылымның, тәжірибелің қай саласын алсаңыз да сансыз адамның “табан ақы, майдай терімен жасалғаны” мәлім. Олай болса бұл еңбекке де оқырман жүрт сол тұрғыдан қарап кем-кетігі болса, ол жайында өз пікірлерін айтар деп сенемін.

Автор.

ШЕЖІРЕ ЖӘНЕ ТАРИХ ЖАЙЫНДА

I. ЖАЛПЫ ШЕЖІРЕ.

Адамзат арғы тегінің қайдан шыгытурының ой-санага түсken кезінен бастап ойланғанға ұксайды. Онысын біз, көне адамдар тұрган ұнгірлерден, тасқа қашаған таңбаларынан, тасқа ойған мұсіндерінен немесе қашаған суреттерінен, жазуларынан байқаймыз. Бұндай ескерткіштер жер шарының барлық бөлшегінен де табылады. Олар қазақ жерінде де көп. Кейінгі тарихшылар немесе шежірешілер осыларға қарап, қандай халық болғанын жо-рамалдайды.

“Шежіре” деп кімдерден кімдер туып, қалай өрбігенін кебіне ауызша баяндайтын мәліметтерді айтады. Осылардан екшеліп келіп тарих, яғни, жазба баяндау туады.

Алғашқы шежіре “пайғамбар” аталатын дін-басылар шықпас бүркін, б. э. ары қарт данаалардың үрпағына айтар есінеті арқылы жасалған, оны кейін адамдар оларды көтермелеу үшін соның төңірегіне жинаған. Ислам дінінің бұндай шежіресі “Қиссасе-әл-Әнбия” деп аталған. Оның баяндауынша, жалпы дін атаулы үгымымен әр кезде жасаған барлық пайғамбарлардың саны — 124 мың. Солардың ішінен есімі сакталған тандаулылары — 26.

Барлық дін атауларының жол-жобалары басқа бола тұра, бір ауыздан айтарты, жер жиһанды және адамзатты алла есімді құдірет (куш) жасаған. Адамзаттың арғы түбі, — “Адам” аталатын ереккөпен “Хая” атты әйел. Адам да пайғамбар деп саналады.

Адам мен Хаудан өрбіген үрпак — дейді дін кітаптары — Нұқ (христиан діні бойынша — Ной) пайғамбардың арасында 2242 жыл бар.

Нұқ пайғамбардың заманында жер жүзіне су топаны қаптайды да, адамзат түгел қырылып, кеме жасаған, Нұқ қана әйелімен аман қалған.

“Киссасе-әл-Әнбияның” баяндауынша, Нұқтан: Хам, Сам, Яфас туады.

Хам — Европаның; Сам (европаша — Семит) — арабтар, жебірейлер, парсылардың; Яфас — түрік нәсілдердің атасы.

Арғы шежірешілерді және тарихшылардыбылай қойғанда, кешегі Шоқан Уәлиханов та (1735—1865) “Түріктер Яфасқа жатады” деген пікірді қолдайтын сияқты. Оның қысынға келмеуін біздің советтік дәуірде

жасаған атақты тіл ғалымы-академик Н. Я. Маррдың (1864—1934) фанатикалық (яфатическая) теориясы көрсетеді. Бұл теорияның түсінігінше, Яфасқа, ішіне Грузияны қоса бірталай кавказ елдері жатады.

Материалистік ғылымның, әсіресе, жәндіктер өркендеуінің (эволюция) теориясын жасаған (1809—1881) Чарлз Дарвиннің мөлшерлеуінше, жер бетіне адамзаттың пайда бол өркендеуі миллиондаған жылдарға созылған. Адамның дene құрылышын зерттеген, Дарвинмен тұстас жасаған ағылшын ғалымы П. Г. Гекслидің (1825—1895) баяндауынша, адамды маймылдан тарады деу де, бар адам бір адамнан өрбіді деу де қысынсыз. Оның ойынша жер жүзіндегі өзге тіршіліктің заманына қарай өркендей беруі сияқты, адамзат та бірқалышта тұrmай, ой ерісімен қатар, дene құрылышы да өзтере берген. Ф. Энгельс айтқандай, еңбек әрекетінің арқасында адамның денесі тікейіп, аяқ-өре басқан. Осы өзгеріс Гекслидің ойынша ұзаққа, яғни мыңдаған емес, миллиондаған жылдарға созылған.

Тіршіліктің өрбүін, өркендеуін зерттейтін ғылымды “полеология” дейміз. Ол — барлық маклұктардың да, олардың ішінде — адамзаттың да қай заманда, қалай өзгеруін, тасқа шапқан таңбаларға, тастан қашаған мұсіндерге, тұрақ болған үңгірдегі белгілерге, қазбалардан (раскопка) табылған саймандарға қарап мөлшерлейді. Бұл да бертінде жасалып келе жатқан ғылым, сондықтан біразы шындыққа жанасқанмен, бірталайы әлі де анықтай түсуді қажет етеді.

“Тарихтан бұрынғы” дейтінің өмірі қаншага созылуын ғылым әлі дәлелдеген емес. Сол кездегі ертегілерге сүйеніп, ғылымның адамзатты хайуандармен араластырып қоятыны бар. Мысалы, “Керей атасы кер жорға ит”, қышишктың бір атасы “Торы айғырдан пайда болды” деген де аныздар бар. Мұз тенізін төніректеген елдердің анасын (шешесін) ак аюдан, Тайга орманындағылар — бұғыдан, Байқал көлін жағалаушылар — қара аюдан, тұріктер — қасқыр қаншығынан, қыргыздар — ит қаншығынан туды дейтін аныздар. Бұл ғылымды “тотемизм” деседі.

“Тарихтан бұрынғы” деп аталағын дәуір осылай қисынсыз аныздар арқылы сипатталса, “тарихтық” дәуірде бұрынғы тағы адамдар қоғамдық тұрмысқа айналады. Бұл тарихты Карл Маркс “Тап тартысының тарихық” дейді. Олай дейтіні, бұл дәуірде адамзат: құл мен кожага, ал-пауыт (феодал) пен крестьяндарға (дікан), капиталист пен жұмысшыларға, қысқасы, қаналуши және қанауышыларға бөлінеді. Осы қайши таптардың ғасырларға созылған күресі, марксизм-ленинзм қағидасына сүйенген пролетариат революциясымен аяқталып, еңбекші

көпшіліктің социализм арқылы коммунизм құрылышын жасаумен тынады.

Гылым адам қоғамын өніне, түсіне қарап: ак, сары, қара аталатын үш жүйеге бөледі де, одан бергі жұртты мекені, қаны, тілі тұтастығына қарап: румендық, германдық, түріктік деген сияқты тайпаларға жіктеп әкетеді. Сонда қазақ түркілер тайпасына “монголоид” аталатын сары нәсілге жатады. Сарылар өзара тұқымға бөлінгенде, қазақ “түркі” дейтіндерге кіреді.

Түркілер қоғамының қай кезде пайда болуы туралы П. Меланың маліметін көшпелі бакташыларға саюға батылы бармаган Европаның дверія тарихшылары ойша, төмендегіше мәлімет береді. Біздің дәуірден (Айсадан) екінші гасыр бұрын Сібірде жасаған Гун хандығынан көрінеді деп жалған мәлімет берді. Ал, ертегі бойынша, Гүннің алғашқы ханы — Күн,— күн сәулесінен жаралыпты-мыс. Орта Азияның атақты шежірешілерінің бірі — Әбілғазы Баһадұр ханның (160—63) баяндауынша, түркілердің алғашқы ханы Оғуздың (“өгіз”—өгізге, бұқаға табынатын заман болу керек) Күн, Ай, Жұлдыз, Аспан, Тау, Теніз есімді балалары бірінен соң бірі түркілерге хан болыпты-мыс. Аты сол кезден тарихта мәлім болған: үйғыр, оранай (тува), қыргыз сияқты түркі атанған елдері Гун хандығына бағынған. Кейін қазақ халқының құрамына кірген деседі. Мұның шындығы бар екені жоғарыда айттылды. Сібірде, Оңтүстік қыры шығыста Арғындар мекендеген “Аругун” өзенінің есімі күні бүгінге дейін сақтаулы.

Гун хандығы алғашқы кезінде, к. э. басында 1—3 г. г. қанатын кен жайған. Ол бүкіл Сібірді, бүкіл орталық және Орта Азияны басқарып, батыс жақ шегін Еділ өзеніне апарған. Аттилдың мемлекеті бүгінгі Германия, Шығыс Славянды қол астына қаратқан, сол елкенің бас батырының аты Еділ (Европаша — Аттил) екен. Еділ өзеніне соның аты қойылған, ертеде оның аты “Адил” болған. Еділдіктер Батыска шабуыл жасап, Рим қаласына дейін барған. 1961 жылы Римде болғанымда “Ватikan музейі” аталатын сарайдан Рим суретшісі жасаған Еділдің портретін көрдім. Суретші бертінгі замандікі болу керек, олай дейтінім — көне заманың батырын Осман түріктерінің (Түркияның) пашаларына “(офицерлеріне) ұқсатып жіберген.

Римнен кейін шегінген Еділ армиясы (ол кездегі армия адамдары үй-ішімен көшіп жүреді) жолшыбай әр жerde үзіліп қала берген. Соның бір дәлелі — қазіргі Венгрия. Венгерлер өздерін әлі күнге дейін “маджар” деп атайды. Онысы — “мадияр” дегені. Мадияр есімді ру Торғай облысындағы қазақтарда әлі де бар. Мұғажар есімі соның бір

түрі. Солар, венгерлер, мадиярлардың ағайыны. Сондықтан да, венгер тарихшылары Торғайға қазіргі күнге дейін келіп-кетіп, этнографиялық, интропологиялық зерттеулер жасайды.

Еділден кейін Европаға жорық жасаушы — монгол Шыңғыс ханың немересі (Жошының баласы) Батый хан. Ол да Шыңғыс Европаға терең сұнгіп, Дунай өзеніне дейінгі және Дунай жағасын мекендейген мемлекеттерді түтел дерлік бағындырган. Еділден кейін батыска шабуыл жасаған Батый армиясында да қазақтың кейбір рулары болса керек. Оған қазақ арасында әлі күнге дейін сақталған “барар жерің Балқан тау, ол да біздің көрген тау” деген мақалы күэ.

Батый армиясы кейін шегінген кезде, оның құрамында болғанына қарамай, құмық, балқар тағы бірнеше руладар Кавказда қалып қойған. Қазіргі Әзербайжанда “Қазак” атты қала және аудан бар. Атақты совет ақыны Самед Вургунның туып өсken жері осы аудан. Менімен бір кенесіп отырғанда, езі сол аудан тұрғындарының “керей” аталатын руынан болып шықты. “Мен де кереймін” дегенде, “бауырым екенсің гой” деп құшақтасты.

Орыстың атақты эпосы “Игорь полкы туралы сөзде” сипатталынын “половцы” халқы қәдімгі қыпшактар екені мәлім. Орыстың оларды “половцы” (“поля-вец”) деп атауы “далалықтар” деген сөзі. IX—X ғасырларда Қара теңіз бен Каспий теңізінің жағалауын мекендейген бұл көшпелілер де Еділ жорғынан қалып қойғандар. Оларды европалықтар тіпті ерте заманда “Хазар” деп, ирандықтар “дашіт-қыпшак” (далалық қыпшак) деп атаған. 1960 жылы Ніл өзенінің бойынан Хазар елін кездестірдім. Олар Орта Азиядан Ескендер Зұлқарнайын (біздің жыл сан-ауымыздан дейін 356—323 жылдары жасаған) әскеріне еріп барған. Қостанайлық ақын Нұржан Наушабаевтың (1857—1919) жазған шежіресінде:

*Мәкке — и Мүккәррәмә, Шам жағында
Бір тайпа ел — түгән қыпшак, “Хазар” деген,—*

деуі содан. Бұған қарағанда, “Хазар” қыпшактың көне замандағы аты болуы мүмкін. Тарихтағы “Хазар” біздің заманың V ғасырынан мәлім. А. С. Пушкиннің “Сөуегей Олег туралы жыр” аталатын өлеңіндегі “хазары” осы. Европалықтар қыпшакты “коман” деп те атаған. Біздің дәуірдің XI ғасырында жасаған атақты Махмуд Қашқаридың “Диван лұғат ата-турік” аталатын ғажайып еңбегін европалықтардың “Кодекс Комани-кус” деп атауы сондықтан. Бірак “Кодекс Комани-кустың” шығуы мүлдем.

басқаша. Шыңғыс хан басқыншыларынан қорықкан европалықтар олардың артынан тыныш жіберерде “Словарь” жасатқан. Оны монголдардан батыска қашқан командирдің тілінде жасаған. Оны тыңшылардың нан сұрап жеуіне қажет еткен. “С. К.”-тың оригиналдық түп нұсқасы Ленинградта, оның фотокопиясы бізде Қазак Ғылым Академиясында сактаулы, ол нағыз “Қыпшақ сөздігі”. Бүгінгі казак тілінің бірден-бір қайнары.

Гүннен кейін казак құрамына қосылған: үйсін (усуни), дулат (дулу), қанлы (кангюй), найман, керей рулары болды.

“Қыпшақ” бір кезде рудың емес, мемлекеттің (хандықтың) аты болғанға үқсайды. Оған өзбек, түрікмен, карақалпак, қыргыз, башқұрт, авар (Дагыстанда), алан (қазіргі осетиндер) елдерінің өздерін қыпшақпаз деуі дәлел болады.

Қазақтар Қыпشاқты Жан-Арыстан туатын алты қожа аталағындардан туғызады, одан: Бұлтың, Торы, Көлденен, Ұзын, Қарабалық деген бес бала өрбітеді. Солай дей отыра, кейінгі шежірешілер “Токсан екі баулы Қыпшақ” деп те атайды.

Ескі шежіреде “рудан” басқа “бау”, “сан”, “тұқым”, “тек”, “арыс” деген атаулар бар; қазак “тұқым” деп аргы тегін айтады. “Тек” те “тұқым” мағынасында. “Тегі жаман”, “тегі жақсы” деген сөздер бар. Онтүстіктің қазақтары күні бүгінге дейін күс жұмыртқасын тұқым дейді. Онысы “ұрық” деген мағына береді. “Тұқым” деп астықтың дәндөрін де айтады. Осыдан барып түрік тілдес басқа халықтардың: тауды — тағ, бауды — бағ, сауды — сағ деуі сияқты, “ұрығтан”—“ұрық”, одан “ру” келіп шыққан сияқты. Бертінгі қазақтар “ру” орнына “бір тайпа ел” деп “тайпа” деген сөзді де қолданған. Бірақ “тайпа” арабтың “тайфа” “жүйе” деген сөзінен алынған.

“Бау”, “сан”, “арыс” деген сөздердің кайдан пайда болғанын анықтаған адам әзірге жоқ. Дегенмен: “токсан екі баулы қыпшақ”, “он екі баулы өзбек...” деген сияқты терминдерді қазақ әлі күнге қолданылады. “Он сан оймайыт, тоғыз сан торғауыт”, “он сан ногай” деген үғымдар да бар; ал “арысқа” келгенде: ұлы жұз — Ақарыс, орта жұз — Жанаарыс, кіші жұз — Бекарыс болуына қарап, әр ел өз руын “арысқа” санаған сияқты. “Арыс”— арбаның донғалактарын тұтастыратын белі. Ру “арыстары” содан шығуы да мүмкін.

Ақындардың айтысында (әсіреле, Ыбырай мен Доскейде) “Ендеше, кел салыстар арасындағы” деуі, руларын салыстыру мағынасында қолданылады. Біздің жыл сан-

ауымызға дейінгі дәуірлерде мәлім болып, кейін “қазак” құрамында кірген рулар бірталай. Мысалға қанлы руын алайық. Біздің мың жылдықтың алғашқы ғасырларында, Сырдария бойында құрылған хорезм хандығы, түгелге жақын қанлылар. Сол көне замандарда Сыр бойын саяхаттаған грек ғалымы Геродот осы хандықка біраз аялдап, бұлардың тұрмыс жайын сипаттаған. Соңдағы Геродот де-ректеріне қарағанда олардың кейібір әдет-ғұрыптары, әсіресе тамақ (ет пен қымыз) әзірлеу салттары революцияға дейінгі қазак ауылдарының тіршілігіне аса үқсас.

Тарихта аты біздің жыл санауымыздан бұрын мәлім болған Үйсін мен Дулаттардың (Дулу) да, соңғы мың жылда ез алдына жеке ел болған — Албан, Жалайыр, Найман, Керей, Алшын сияқты рулардың да қытайлық, гректік, римдік, ирандық, арабтық саяхатшылардың Орта Азиядағы көшпелілер тұрмысын суреттеулері кейінгі қазак ауылдарының тұрмысына үқсас.

Міне, осылардан келіп “қазак” аталатын халықтың өзі және аты қашан, қалай шыққан деген сұрау туады. Бұл мәселе жайында пікір айту үшін алдымен шежіресінің қашан, қалай жасалуына аздал тоқтала кетейік.

Жоғарыда айтылғандай, таптық қогамның пайда болуына байланысты алғашқы қауымдық қоғам енді қанаушы азшылық пен қаналушы көшілік болып бөлініп, қанаудың формасы да өзгерді. Соған сәйкес қанаушы мен қаналушылардың аралары алшактап, олардың арасында ымыраға келмелестей таптық құрестін алуан түрлі формалары пайда болды. Сол себепті дінді бетке ұстаган қанаушылар өздерін құдайдың сүйген құлы — ақ сүйектерміз, деп жариялад, өздерінің — Гун, Айса, Мұхаммед, Шыңғыс тагы басқалар сияқты белді өкілдерін адам тегінен емес, тәңірінің нұрынан (сәулесінен) жааралды деген аныз-ертең түріндегі лақаптар таратты.

Мұнда көзделіп отырған негізгі мақсат — құдай атымен езілүші бұқара халыққа езуші үstem тапты дәріптеп, оларды құдай үstemдік құру үшін артық етіп жаратты деп көрсету. Алғашқы шежірені құрастыруышылар да осы ақ сүйектер болды. Бұлардың, өздерінің шығу тегін Нұқ пайғамбарға апарып тіреуі де осыдан.

Осыдан баоып, ақ сүйектердің ел басқару, соғыс кезінде оған басшылық ету ісіне де үлкен мән беріледі. Бұлардың осы ел басқарушылық “қасиеті” атадан балаға мирас болып қалатыны да осыған байланысты. Мысалы, Европа елдерінің королдігі мен патшалығы да тұқым қуалап отырды. Азияда монгол Шыңғыс хан да, одан кейін, ол жаулар бағындырған елдерде, тек сол Шыңғыстың ғана үрпактары хан болған. Бірақ ұл жағынан

болмаса қыз жағынан тарағандар хандық атакқа ие болмаган. Мысалға Ақсак Темірді (1336—1405) алайық. Ол Шыңғыска шеше жағынан ғана туыстығы бар екен. Сондыктан өзі қашама күшті болса да, қашама елдерді жаулап алса да “хан” атағына ие бола алмай “Әмір” (арабша — билеуші) болып қана өткен. Соғысқұмар ол, “нагашым” демей, Орта Азияда, Еділ бойында, қазақ даласында хандық құрған Шыңғыс үрпактарының барлығына қыргидай тиіп, быт-шытын шығарған.

Ақ сүйектердің жағдайы соғыс кезінде де басқаша. Олар ең алдымен әскери қолбасшылар болып саналады. Сол көне замандардағы соғыста, жекпе-жек, яғни әскер басылардың бірме-бірге шығып сайысулары орын алған. Көне гректері “Трояна” соғысында, екі елдің қолбасшылары: Гектор мен Минолай, арабтардың дін үшін соғысында Хазірет-Фали мен ирак патшасы Зарқом да, Ақсак Темір мен Бағдат халифы Баязит және басқалар да осылай жекпе-жекке шықкан. Қазактың жекпе-жек аталатын күйі бар. Осы жекпе-жектерде екі жақ бір-біріне ата тектерін сұрасып алып, тек ата-тегі тенденс болса ғана оны куәлендіретін дәлелі болған жағдайда ғана сайысатын болған.

Зарқом соғысында Фалиға Заркомның:

“Жарқыным кім болады затың” деді,
“Куәлік бар ма қолда хатың” деді,—

деуі содан. Ақсүйектер қарапайым халық өкілдерімен еш уақытта жекпе-жекке шыққан емес. Міне, шежірелердің басталуы да осы тәрізді үстемдік құрған ақ сүйектердің ататегінен басталады.

Барлық елдердегі сиякты қазақ шежіресі де осылай басталады да кейінгі шежірелер солардан өрбиді.

II. ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ

Жоғарыда айттылғандай, қазақ халқының көне замандардан советтік дәүірге дейін басым көпшілігі сауатсыз болып келген халық. Олай болса мұндай хат білмейтін елде жазба шежіре, әрине, болмайды. Сондыктан шежіре тек ауызша тарап келді.

Қазақ арасында алғашқы жазба шежірені екі топ адамдар ғана таратты. Олар: “төрелер” аталатын хан үрпактары және “қожалар” аталатын, өздерін Мұхаммед пайғамбар әулетіне жатқызатындар.

Орта Азияда хан тұқымдарынан алғашқы шежірені жазба түрінде таратқан адам Хива хандығының бас

әкімі — Әбілгазы Баһадұр хан (1603—1663). Оның “Түрікмен шежіресі” аталатын көлемді еңбегі Азияда, әсіресе Орта Азияда өмір сүрген ақ сүйектердің ата-тегін талдауға арналған. Бұл кітапта қазак даласында болған хаандардың шежіресі жоқ. Түркі халықтар сөз болғанда, мұнда тек түрікпендер жайында немесе түркі руларынан қыпшактар жайы ғана аздап сөз болады.

Кітаптың пайдасы: біріншіден, автор өзінен бұрынғы иран және араб тарихшыларының еңбектерін кең пайдаланады; екіншіден, түрікпен елінің өзімен тұстас беделділерін жинап алып, ақылдасып, солар берген мәліметтерге кең сүйенеді. Осындай жақсы жақтармен қатар, “шежіреде” кайшылық та аз емес. Мысалы, VI ғасырда жасаған Оғыз (Оғыз) хан емшектегі кезінен ислам дінін жақсы көріп, шешесіне: “Ана, мұсылман бол! Сен, егер мұсылман болмасан, емшегінді сормаймын” депті-мыс дейді. Бұл, әрине, біз жоғарыда айтты кеткен, құдай ақ сүйектерді ерекше етіп жаратты дегенге сендіру мақсатымен жасалған дәріптеу екені мәлім.

Осы сиякты шындыққа жанаспайтын мәліметтер Әбілгазы шежіресінде бірталай. Дегенмен, пайдалы мәліметтер де аз емес.

Енді кожалар жайына келейік. Олар өздерін Мұхаммед пайғамбардың әuletіне санайды. Өткен ғасыр мен біздің ғасырдың аralығында жасаған ақын Жұсіпбек-қожа Шайхисламұлы өзінің Шекей қызын айттысқан өлеңінде (айтыс кітапша болып басылған) “пайғамбардың әuletі, нәсілім Қожа” дейді. Біржанмен айттысқан Сара да осы айтысты жазып алуға барған Жұсіпбек-қожага:

*Әулие, пайғамбардың тұқымы деп,
Сөзімді тыңдатуға келдім саған,—*

деп мұнын шағады.

Мұхаммед пайғамбардың көп әйелі болған. Сол әйелдерінен Қасым және Ибраһим аты екі ұл көріп, олар кішкене шағында өлген. Зейнеп, Рақия, Мұгұлсім, Фатима дейтін төрт қызы болып, Мұгұлсімі бала шағында өлген. Алғашқы екеуін төрт шаһарярының бірі Гұсманға (Оспан) әз қолынан берген. Қазактың діншіл ақындары:

*Біреуі шадиярдың (шахаряр) Хазірет Оспан,
Пайғамбар екі қызын бірдей қосқан —*

деуі содан. Фатиманы шадиярдың (үәзір, министр магынасында) кішісі және исламның әскер басы Фали алған. Бұл әйелді мұсылман әйелдері әулиеге санап сиы-

натын болған. Қазақ әйелдері де солай көріп, атына тілі келмегендер “Бибатима” қойған да, босанатын әйелдер жаны қиналғанда, “Бибатима пірім жәрдем бер” деп жалбарынған. Өлген ерін жоқтаған әйелдер:

*Кордың қызы Бибатта,
Бибаттаға тіл қатпа,
Бибаттаға тіл қатсан,
Кадірің кетер көп жатпа,—*

деп Фатиманы “жұмақтағы” хор қызына айналдырыған.

Орталық және Орта Азия қожалары өздерін осы Фатимадан тарадық деседі. Сондықтан Мұхаммедтің қанымыз деп өздерін қасиетті қан — Сейіт-задага санайды.

Мұхаммед біздің жыл санауымыздан бергі 570 жылы туып, 632 жылы өлген. Оның Әубәкір (Әбу-Бәкір), Омар (“Fұмар”), Оспан (Fұсман), Әлі (Фали) дейтін төрт шади-яры болған. Көзі тірісінде Мұхаммед оларды уәзір (министр) есебінде үстап, өлер алдында: “Менен кейін мемлекетті Әубәкір, одан соң Омар, Омардан кейін Оспан билесін” деген өсиет айтыпты. Әліге келгенде кідіріп қалған. Соған алғашқы үшеуінің халиф (әмірші) болуына қарсылық білдірмеген арабтар, такқа күшпен отырган Әлінің тез арада өлтіріп, Мұхаммедпен шеше жағынан туыс Үммия нәсілі Мағауия халиф болған.

Мұхаммед заманында араб түбегіне және оған көршілес Батыс Африканың бірталай еліне ислам дінін соғыс арқылы күшпен таратқан. Мұхаммед өлгеннен кейін бұл соғысты оның орнына келген халифтер жүргізіп, жетінші ғасыр бастала, арабтар әуелі Иранға, одан кейін Сыр мен Амудария арасындағы “Мауро — Әннәшар” өлкесіне қанат жайып, сол ғасырдың аяғында Туркістанға жетіп, Соғдан мемлекетінің қалдығы мен Хорезм хандығын талқандады.

Барлық тарихшылардың баяндауынша, арабтар, әсіресе — әскерді Құтайба бастаған шакта, Орта Азияны отарлау соғыстан аса қаталдықпен жүргізген. Арабтарға ең алғаш күрбандық болғандар — Иран нәсілдес мемлекеттер, олардың ішінде — парсылар. Ол кездегі парсылардың экономикасы мен мәдениті арабтардан әлде қайда жоғары еді. Діні зораст және буддизм, яғни пүтқа табыну. Иранды жаулаған арабтар, оның мәдени мұліктерін бүлдіре, қирата, қарсыласқандарын қырып-жойып отырган.

Бірақ ирандықтар әлсін-әлсін көтеріліс жасап, араб басқыншыларына маза бермеді. Сол көтерілістерді бастаған батырлардың бір қатарының аты тарихта сакталған. Мысалы, біздің заманымыздың 747 жылты болған көтеріліс

колбасшысы отырықшы ирандықтар арасынан шықкан Әбу-Мұслім болған.

Орта Азияға осылай ентелеп кірген арабтардың тұмсығы Қаратаяға, одан әрі “Ұлы” және “Кіші” аталатын тауларға тірелген көрінеді. Қазіргі қазак даласын мекендейген кешпелі түркілер (көбі “казақ” құрамына кірген рулад болу керек) арабтарды аталған таулардан әрі асырмай, тойтарып тастай берген сияқты. Сондықтан да ислам діні ол руларға отырықшылардан әлдекайда кейін тараған.

Жергілікті халықтар көтеріліске жиі шығып, беріспейтін болған соң араб басқыншылары оларды азғыру арқылы бағындырмақшы болды. Сол мақсатта пайдаланғандары кожалар болды.

Өздерін пайғамбар әuletіне санайтын кожалар мен ислам дінін хабары барлардың барлығы дерлік “қожа” қатарына қосылып, ислам дінін уағыздауға жапа-тармағай қызмет атқарады. Солардың бірталайы қазак даласына да тарайды. Бұл кожалар көшпелілерге (олардың ішінде — қазак құрамына кіретін руларға): “сендердің түпкі аталарың арабтан шыққан — Әнес сахаба” деген үтимді таратады. (“Сахаба — Мұхаммед пайғамбардың “гвардия” санатына қосылатын тандамалы әскері. Жалпы саны отыз үш мың деседі).

Әнесті ойлап шыгарған кожалар, оның немере-шеберелерін оның баласы Жабалдан бастап, Мағаз, Саһир, Ақшолпан, Ақкурай, Аламан, Алаш деп тізіп келеді де, Алаштан қазакты тудырып, қазактар атамыз — Алаш, керегеміз — ағаш, деп айтып жүретін шежіреле бір-ақ тіреледі. Бұл жайға кейіннен толығырақ ораламыз. Әзірге “коҗалар шежіресі” дегенді аяқтайық.

Кожалар қазактың арғы атасын арабқа, яғни Әнеске апарып тіреумен қоймай, бергі аталарының да біразын “коҗа” дейді. Мысалы, “Орта жұздегі” Жан Арыс балалары саналатын: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уак дейтін алты атанды кожалар: Қара коҗа, Ахтам коҗа, Дара коҗа, Момын коҗа, Ысмагұл коҗа, Қосым коҗа дейтін алты кожадан таратады. Осындай кожалар “Ұлы” және “Кіші” жұздерде де бар.

Ал, қожалардың өз шежіресі бөлек болған. Арғы тегін пайғамбар қызы — Фатимадан тарататын олар, бергі жағында кімдер болғанын тізімдеп отырған. Өздерін “ақ сүйекпіз”, “пайғамбардың тұқымымыз” деп, “қара халыққа”, яғни жергілікті бұқара халықтарға қандарын ара-ластырмай үшін олардан қыз алғанмен, өз қыздарын оларға бермей, шет жерден қыз алуға қолы жетпегендері кейде немерелеріне үйлөне берген. Қандарын осылайша “корғаған” қожалардың, хандардың тұқымына қан аралас-пауының салдарынан биологиялық жағынан біржола азуга

айналған. Сонда да ата дағдысын доғармай, немерелер бір-біріне үйленуді советтік дәуірге дейін қоймай келді.

Орта Азияда, әсіресе қазак арасында “әулие” саналатын қожалар бертінде қожырап, қайыр-садақа жинау, үшкіру, дем салу, баланы сұндетке отырғызу сияқты ұсақ “кәсіптермен” айналысты. Өздерінің мұндай халін кейінгі қожалар да түсінді. Оған Шортанбай қожа мен Серәлі-қожаның айтысындағы Шортанбайдың Серәліге:

*Сенің атаң сарт еді,
Мениң атам қызылбас,
Екеуімізді “пір” тұтқан,
Сірә, мына ел онбас!—*

деуі күә.

“Сарт” дегені иран мен туранның қаны араласудан пайда болған ұрпактар, “қызылбас” дегені — парсылар.

Қожалар шежіресін зерттеген Шоқан Үәлиханов Бекей ордасындағы Жәңгір ханының әрі қайнагасы, әрі молдасы, әрі қарапайым халықты қанауда қолшокпary болған, негізінде башқұрттан шыққан Карапайым қожа Бабажановты сықақ етіп, “Пайғамбардың әuletі” депті.

XVIII және XIX гасырларда қожалар арасынан дарынды ақындар да шықкан. Мысалы, Арқада — Шортанбай, Торгайда — Серәлі, Жетісуга — Жарылғасын мен Жұсіпбек, Сырдария бойында Мәделі мен Майлы. Бұлар да негізінде ислам дінін үтіттеушілер болғанымен, қазактың халықтық өмірінен талай шындықты актарып, арттарына толып жатқан елеулі мұралар қалдырған.

III. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

Қазакта:

*Жеті атасын білген үл
Жеті жұрттың қамын жер,
Өзін ғана білген үл,
Күлағы мен жағын жер,—*

деген мәтөл бар. Ескі руышын ауылда, әрбір үл жеті атасын білуге міндетті сияқты да, соны үйрететін ұстаздары әр ауылдың немесе рудың “ескі құлакты” аталатын карттары. Сондықтан да қазак:

*Есік алды төбө болса,
Ертептеп қойған атапен теч,
Ауылыңда қарт болса,
Жазып қойған хатпен тен,—*

дейді.

Сондай бір қарт мен туған ауылда да болды. Ол, менің “Өмір мектебі” аталатын еңбегімде сипатталатын, әкемнің

немере інісі — Оспанның Нұртазасы. Хат танымайтын бұл гажайып адам таң қаларлық түрде зерек еді де, казак шежіресі туралы білетіні ете көп болатын.

Осындай зерек адамдар қазақ халкы арасында болған және қазірде бар. Олардың ішінде өз руларының бергі аталарынға айыратын тайыздары да, тар ерістілері де, әрі салғанға бүкіл “казак” атауыны башайладап кететін кең ерістілері де бар. Кейбірі тарихшылдыққа да бейім, мысалы, Мәшіһүр-Жұсіп Қебеев (1857—1931). Қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туып-өскен ол, аздала сауатты болған да Бұқардагы “Кеклән” медіресесінде оқыған, араб, парсы тілдерін жақсы білген адам. Оның өз аты — Жұсіп, “Мәшіһүр” арабтың “белгілі” деген сөзі. Ол өз жазғандарының кейбірі жарияланып, елге атағы жайылған шақта, Жұсіп өз атына “мәшіһүрді” қосып алған да, “Мәшіһүр Жұсіп” лақабымен кеткен. Табиғатында зирек Мәшіһүр, дарынды ақын болудың үстіне, жас шағынан қазактың ауыз әдебиетін, шежіресін көп жинаған.

Мәшіһүр шежіресінің өзге шежірелерден бір өзгешелігі, ол әрбір аталарды баяндағанда, сол аталардың өз тұсында болған оқиғалар туралы ел аузында қалған ертегі-аныздарды қоса айтады. Сондыктан Мәшіһүр жазған шежіре окуға ете қызықты.

Сондай өзгешеліктері бола тұра, Мәшіһүр де қожалар шежіресінің ауқымынан шыға алмай, қазактың түбін Әнес сахабага, бергі аталарын қожаларға қосақтайды. Мәшіһүр “Орта жүздің аталары алты қожа” дей тұра, неге олай аталуын мына тәмемделгідей баяндайды: “қазактың бір баласы Жан Арыстың үйіне мейман болып тәшкенттік алты қожа келе қалады. Олардың ”әдейі іздең келдік дегенине Жан Арыс қуанып, зор құрмет көрсетеді. Соған риза болған қожалар “алты ұлың болсын” деп бата береді де, артынан алты ұлын көрген Жан Арыс бәріне де: “Қара, Ақтамберді, Дара, Момын, Ысмайыл, Қосым”, деп, ат кояды, бертін келе Қарадан — Аргын, Ақтамбердіден — Қыпшак, Дарадан — Қоңырат, Момыннан — Найман, Ысмайылдан — Керей, Қосымнан — Уақ туады” деп баяндайды.

Мәшіһүр шежіресінің тағы бір қызық жері, Орта жүз руларының ең көбі Аргын “ага баласы” саналып, жолжұлдені өзгелерінен бүрын алады. Аргынның кіші рулары өзара бас қосқандай “Нокта ағасы”¹ деп жолды Тарактыға береді. Сөйтеп тұра “шешелерінің ішінде келіпті-міс” деп,

¹ Ол заманда, көшті экесінің үлкен баласы бастаған. Көш алдында нокталған түйе жүреді. Ноктасының жетегінде болғандықтан жетектеуші “нокта ағасы” аталған.

“ел жаманы — Таракты, ит жаманы — баракты” деп кемітетіні де бар.

Ұлы жүздің “Нокта ағасы”— Жалайыр. Оның аты Жансақал езі батыр адам екен. Аңшылыққа шықкан бір сапарында құланның үйіріне кезігіп, оны қуып жеткен ол айғырын кекілінен үстап токтатпак болғанда, ілгері тартқан айғырдың жалы сыдырылып шоқтығына жетеді. Осыдан кейін Жансақал “жал айырған”, яғни “Жалайыр” аталып кетеді.

Жалайыр башқұрт құрамында да бар. Ол революциядан бұрын “Залаир контоны” аталған бір ояздық халық болған, қазір бірнеше аудан. Бізден Башқұрт жалайырның қашан бөлінгені белгісіз.

Қазакта Мәшһүрден басқа шежіре жинаушылар да аз емес. Олар қазір де бірталай. Мысалы, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында тұратын қарапайым еңбекші Құсайының Бекісі, Нұртазаның Шардамбайы, бұрынғы заң қызметкері, қазір пенсиянер Әүелбектің Мәлғаждары, көп жыл мұғалім болған, қазір пенсиянер Бекмағамбет Серкебаев (атақты әншіміз — Ермек Серкебаевтың әкесі), Жамбыл ауданынан мархұм Нұргали Ақбасов, Булаев ауданының тұрғыны мархұм Доскеі Жоламанов тағы сондайлар Қазақстаның кең өлкесінің әр жерінен-ақ табылады. Солардан жиналған көптеген шежірелер Қазақстан Фылым академиясының қолжаға қорында сақталады. Олар әзірge қорытылған жок. Бұл іс алдағы құндердің міндеті.

Шежіре соншалық көп болғанмен, өрісі оншалық кең болмайды. Мысалы, Нұртаза маган: “Сенің әкен — Мұқан, оның әкесі — Шүкей, оның әкесі — Бектемір, ол — Байбарақтан, Байбарақ — Сырымбеттен, Сырымбет — Қосайдан, Қосай — Отарбайдан, ол — Шимойыннан, Шимойын — Сибаннан, ол Керейден туған” деп сегізінші атамнан мені қазақтың ең көне руының бірі Керейге апарып тірей салады.

Мұндай шежіренің бергі жағы дұрыс болғанымен, ағы ескілікті жағы жаңылыс сияқты. Өйткені, Керей тарихта сонғы мың жылдықтың аржағынан мәлім. “Ашамайлы”, “Абақ” болып бөлінетін Керей мың жылдан астам (мүмкін одан да көп болар) жасаған өмірінде, егер жұз жылда орта есеппен үш ата жасайды деп мөлшерлесек, кемінде отыз ата болып бүтакталады. “Абақ” негізінде Қытай мен Монголияда, “Ашамайлы”— Совет Одағында, Октябрь революциясына дейінгі әкімшіліктे 50 болыстар астам ел болған. Бұл Нұртаза айтатын есептен әлдеқайда көп.

Керей жайлы осылай болса, оның бергі бір бұтағы Сибан, көне кездегі Италияның белгілі саяхатшысы Плано

Карпинидің¹ (1182—1252) Орта Азия көшпелілері жайында жазған еңбегінде аталады. Сонда бір ғасырда үш ата жасайды деп жорамалдасақ, тарихта мәлім кезінен бастағанда, Сибан мен мениң арам 20—22 атага созылады. Одан аргы сибандар қайда?

Ауызша айтатын шежірелердің бәрі де осындай. Қандай шежіреші қазак болмасын (хат танымайтындары) жеті атасына дейін жақсы біледі де, одан аргысын бұлдыратып жібереді.

Кейде аталаардың бұрынғы-соңғылары алмасып та кетеді. Мысалы, қазак шежіресінде “Күрлеуі” (Костанай мен Баянауылда) қазақтың қыпшақтың бергі бір атасына саналса, біздің мың жылдықтың басында жасаған тарихшы Рашид-әд-дин² жазған “Жамғу-әт-тауарихта” Алшын бар, оны біз Кіші Жұздің бір бұтағына санаймыз. Рашид-ад-дин кезінде “жұздер” болмаған.

Жалпы алғанда “қазақ” аталаатын шежірелердің нұскалары көп және өзара қайшылықтары да аз емес. Қазактар бергі аталаары мен аргы (түпкі) аталаарын бір келкі айырады да, ортадағыларын шатастырады.

Кейбір рулар ауысып та келеді. Мысалы, “Қаракесек” немесе “Бике” аталаатын, тағы сондай рулар Орта жүзде де, Кіші жүзде де бар. Бір жорамалда: Кіші жүзде “Керейт” аталаатын румен Орта жүзегі “Керей” бір тұқым. Тіпті Сібірдегі “корея” аталаатын ұлтты да осыларға қосып кояды. Мәшінүр Жұсіп, бұл жайда: “аржағын алла біледі” деп тұнғылыққа тіреледі.

Жоғарыда айтқандай, қазак шежірелері екі жанрда жазылады: проза және өлең түрінде.

Шежірені өлеңмен жазуды костанайлық ақын Нұржан Наушабаев (1857—1919) бастайды. Ол өз тұсындағы да-рынды ақындардың бірі, руы — қыпшак. Нұржанның әкесі Наушабай кедей болғандықтан, Троицк қаласы тұрғындарының малын баккан; шешесі қазақтың он тоғызыныш гасырдағы күшті ақындарының бірі — Шалданы қызы.

Нұржан жасынан пысық, әрі ақын, шешен, әнші, күйші, балуан жігіт болып өседі де, Троицк медресесінен

¹ Карпини Джованно де Плано (1182—1252) италиялық саяхатшы, 1245 жылы Лион қаласынан шығып, Киев қаласы, Еділ, Сыр-Дария, Жетісу өзендері арқылы, Монгол империясының астанасы — Қарақұрымға барып кайткан. Ол осы сапарында көрген-білгенін жазған. Оның қолжазбаларында болашақ қазак халқының құрамына кірген рулардың елі, жері туралы көп мәлімет бар.

² Рашид-әд-дин Хамадани (1247—1318) “Жамғо-аттаварих” (“Жалпы тарих”) деп аталаатын кітабында Шыңғыс империясының Кавказды, Иранды қалай жауалап алуды сипатталады.

жақсы білім алып, ер жете “орта” аталатын дәулет құрады. Содан кейін “игі жақсы” дейтіндермен, әсіресе, Ыбырай Алтынсаринмен жақындастып, құндерінің көбін солармен бірге еткізеді. Ыбырай Нұржанды жоғары бағалайды. Ол өзінің құдасы Қауменниң үйіне Нұржанды ертіп барғанда: “Құда, кеп кісімен неге келмеді?” десе керек, соңда Ыбырай Нұржанның өнерлерін айта келіп, “осыдан артық кеп бола ма?” деп жауап берген екен.

Нұржанның әйелі Бибізара да ақын болып, екеуі хат арқылы айтысумен қосылған. Олардан туган жалғыз үл Султанғазы 1911 жылы өліп, артында үрпак қалмады.

Нұржан өлеңді кеп, және шығыс ақындарының, әсіресе, Алдаяр сияқты соғылардың ықпалымен жазған. 1903 жылы оның “Манзумат қазақия”, 1908 жылы “Сапарғали мен Нұржанның жұмбак айтысы” 1910 жылы “Алаш” деген кітаптары жарияланған. Жарияланбағандары да толып жатыр.

Нұржан өлеңмен шежіре жазып, оны “Манзумат қазақияға” қосқан. Өлеңмен жазған басқа шығармалары да тиімді келетін дарынды ақынның бұл “шежіресі” де шебер тілмен жазылған.

Нұржанға еліктеп шежірені өлеңмен жазатындар көбейген. Ондайлардың ішінде тәуірлері де, нашарлары да аз емес.

Мысалы, Атығай Байғамбет Түшке руынан шыққан Қожақмет Ордабайұлының баспада жарияланбаған қолжазба шежіресінің өлеңі:

*Адамға бірнеше үл беріпті.
Хауага бірнеше қызы беріпті,
Тұқымы сол Адамның сегіз мың бол,
Бірнеше шаһар болып, ел болыпты.*

*Сол кезде халықтың бәрі батыл болыты.
Жер жүзі көде шықпай тақыр болыты.
Тіл алмаған халқына дұға қылып,
Топан қаптап дүние ақыр болып,—*

деген сияқты болып келеді. Тірі шежірешілерден өлеңмен жазатындардың бірі — Кекшетау облысының Рузай ауданында тұратын, руы — Жансары-Уақ, жасы сексеннен асқан Мәлік Рамазанұлы дейтін карт. Ол Уақ руының шежіресін жазады. Өлеңдері Қожақметке үқсас.

Енді қазақтың “жеті ата” дегенінің мән-жайында тоқталайық. Бұл жерде ең алдымен жеті атадан қосылатындар, ешуақытта бір-бірінен қызы алыспайтының айта кету қажет. Мысалы, советтік дәуірге дейін Қостанай мен Қызылжар (Петропавл) ояздарының бірнеше болыска жететін Сибандары өзара қызы алыспайтын еді. Дарвинизм

ғылымының табиғи сұрыптау теориясында дәлелденген қан араластырудың кейінгі үрпактарға тигізетін игі әсерін сол кездің өзінде халық аңғарғанға ұксайды. Өйткені ғылымының кейіннен ашылған мұндай жаңалықтарын сол замандардағы сауатсыз қазактар білді деуден аулақпзыз. Сейтсе тұра, тұқым куалаудағы көптеген табиғи ерекшеліктер сол өркендеу заңына бағыну болса керек.

Қазактың ауызша шежіресінің жайы осылай болғанымен, мұндай шежірелдерden ғылыми негізделген шежіре немесе тарих жасаудың да мәні зор екендігі жоғарыда айтылды. Қайталап айтқанда, дүние жүзілік фольклор мен тарихтың тууына шежіреге айналған ертеғілер мен аныз әңгімелер де себеп болды. Бұл жайында “түрікмен шежіресін” жазған Эбілғазы Баһадүр-хан былай дейді: “Түрікмениң молдалары шайхылары, бектері менің тарихты жақсы білетінімді естіп, бір күні барлығы жиылып келді де, ”біздің арамызда “Оғыз-нама” (Оғыз-ханның шежіресі) кеп те, біріне-бірі қайши келіп, бір арнаға құяры жоқ. Соларды қорытып, бір жүйеге келтірсе жақсы болар еді” деді. Мен, бұл өтінішті қабыл алғып, осы шежірені жазуга кірістім”.

Жазылуы он жеті жылға созылған бұл кітапта, Эбілғазының түркімен елінің ауызша әдебиетін өте кең көлемде пайдаланғаны бет сайын көрініп тұр.

Қожалардықін санамағанда, қазакта мұндай жазба шежіре он сегізінші ғасырға дейін болмаған. Тек бертінде, араб әрпімен хат таныған қазактар ғана шежіре жаза бастады. Бұл, әсіресе он тоғызыныш ғасыр мен жиырмасыныш ғасырдың алғашқы ширегінде басталды.

Қазактар шежірені карасөзбен де, өлеңмен де жазғаны жоғарыда айтылды. Осында, әр кезде, әр руда жасалған, бірақ баспада жарияланбаған жазба шежірелер қазакта толып жатыр. Олардың бірсынырасы, жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Ғылым академиясының қолжазбалар қорына да түсті. Осы шежірелердің бәрі де қожалардың ізімен қазактың аргы түбін Әнеске апарады да, одан бергі руларды бір-бір атаның үрпағы қып жүйелейді. Бұлай ету шындыққа жатпайды. Мысалға Қыпшақ руын алайық. Осы есімді рулар совет еліндегі басқа халықтар (өзбекте, түркменде, қырғызда, башқұртта, кавказдық кей елдерде) арасында да барын қожалар да, казак шежірелері де білмейді. Сондыктан жазбайды да.

Қазақ шежірелері оқыған және оқымаған болып екіге бөлінеді: оқығаны — хат танымайтындар. Бұлардың ішінде қожалардың ізімен кеткендері қазактың аргы түбін

Әнеске тіресе, бергі жағына келгенде екеуі де, “ұранымыз — Алаш, керегеміз — Ағаш” деседі.

“Алаш” деген сөзге, бұрынғы бір азында былайша түсінік беріледі: Аламан деген ханың бір ұлы анасынан алапес болып туыпты. Соның үнатпаган хан, атын “Алаша” қояды да, касына жұз жігіт косып, шешесі мен Алашаны Ұлытаудан асырап тастайды. Сонда ержеткен Алаша өз бетімен хандық құрып, ел болып кетеді. Алаша өлгендеге Ұлытаудан ағатын “Қара кенгір” өзенінің бойына көміліп, қабірінің үстіне мазар салынады. Сол “Алаша-хан” атты әдемі жасалған мазар, Ұлы таудағы Кенгір бойында әлі күнге дейін қаз-қалпында сақтаулы.

Қазақта “Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда” деген де сөз бар. Соның мағынасы ғылым жүзінде бертінде ашылып, Қазақстан ғылым академиясының баспасы, “Қазақстан эпиграфикасы” деген атпен шыгарған кітапта белгілі тіл ғалымы Гайнетден Мұсабаев “Кеген жазуы” деген еңбегінде тастан жасалған мұсінге және көне жазуға сүйене отырып, “алаш” және “алаша” деген сөздерге талдау жасайды. Гайнетденнің баяндауынша қазактың “алты алаш”— деген сөзі “алты ел” деген ұғымды береді, деуі шыныдыққа жатады. Демек, қазақ сол алтаудың бірі гана, Өзге бесеуі: қыргыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ және башқұрт. Бұлардың қазіргі аттары мен халық болып бөлінуі соңғы мың жылдың орта тұсынан басталады. Сондықтан қазақта бар руладың көпшілігі оларда да бар. Кей халық өздері бағынған хандардың есімдерімен аталып кеткен. Мысалы, өзбек, ногай, т. б.

Гайнетденнің жорамалынша “алаш” хандығы құрылып, “Алаша” ханың билеуі, шамасы бұдан екі жарым мың жылдай бұрын болса керек.

Қазақтар “алаш” деген сөзді “жақын” және “жат” мағынасында да қолданады: тәуір көргенін “алаштың азamatы” деп сыйластық мағынасында қолданылады, ал Атығай руының шыққан Арыстанбай ақынның Кенесары Қасымовқа (1801—1847) айтқан өлеңінде бұл сөзді андықсан жау ретінде де қолданады:

Кенеке жақын көрсөн қарашиңмын,
Алыс көрсөн аңдысқан алашыңмын.
Атана алты қатын алып берген,
Атығай, Карауылдың баласымен.

¹ “Барымташы”— мағынасында.

Алайда “алаш” деген сөзді қолданудың тарихи жағынан теріс үгым беретін мәні де бар. Сондыктан “алаш” атауынан қашқақтап та жүрміз. Ол — 1917 жылғы Ұлы Октябрь революциясына қарсы “алаш” партиясының құрылуы және оның өз ұранын “алаш” деп алуына байланысты. Әрине, “Алаш-орда” партиясы 1918 жылдары “Абай” атты журнал да шығарды. Оның да бағыты социализмге қарсы еді. Осыған орай Абайдан безуге бола ма? Әрине, болмайды. Ендеше “алаш” деген сөзге саяси астар бермей-ак, жай атау ретінде карауымыз керек.

Қазақ шежіресінде Алаштан Сейілхан, Жайылхан деген екі ұл туады. Сейілханнан сегіз арыс түрікмен тарайды. Сондыктан казақтың түрікменмен көршілес руы Адай, күні бүгінгі дейін түрікмендерді “Сейілхан” деседі.

Жайылханнан қазақ шежіресі Майқыны туғызады. Қазақтың “түгел сөздің түбі бар, түп атасы Майқы би” деп, Майқыны қазақтардың тұңғыш биіне санайтын себебі сол. Майқы моңғол Шыңғыс ханның ақылдасып отыратын бінің бірі болып, Шыңғыс жорыкта жүрген кезінде хандық міндеттерді де атқарған. Майқыдан “Сабиян” (бұл не Керейдегі Сибан, не Наймандағы Сыбан емес пе екен?), одан — Айырқалпак (қыргыздардың түп атасы емес пе екен?) жалғыз туады, одан — Қазақ, Созақ, Ұзак туады. Нұржан Наушабаев өлеңмен жазған шежіреде:

*Созақтан Қарақалпақ өвлінеді,
Осылай шежіреден көрінеді,—*

деп келеді де, қазақтан: Ақ Арыс, Жан Арыс, Бек Арыс деген үшеу туғызып: Ақ Арыстан Ұлы жүзді, Жан Арыстан Орта жүзді, Бек арыстан Кіші жүзді таратады. Ұзақтан қыргыз бен Хакас.

Осы арада “қазақ” және “жұз” деген үгымдар жайына келейік. Негізінде “қазақ” халқының қай заманнан бастап құралып, ел болып келе жатқаны жайындағы деректер гылым жүзінде әзірге анықталған жоқ. “Айқап” деген атпен қазақ тілінде 1911—1916 жылдар арасында Троицк қаласында шықкан журналында, бір автор “қазақ” деген сөзге екі мағына береді: бірінші “қашак”, олай дейтіні қазақ даласын айнала мекендейтін отырықшы елдердің әкімдеріне барғысы келмегендер, иен жатқан қазақтың қазіргі кең даласына қашып шыға берген. Міне, осы “қашақтардың” (қашқындардың) кейінгі үрпактары осы “қазақ” деп аталса керек. Ал ондағы екінші түспалда:

“қазақ есімі ”ак қаз“ деген сөзден тууы да мүмкін делинеді. Ерте кездің көшпелілері, жауға қарсы аттанғанда, салт мініп, ак түсті киім киген. Бұлай деуге шындықта жақын сиякты. Өйткені, ертеде үұрыста қирата тойтарыс беретін салт атты түркілерді арабтардың “ак киімділер” атаяу тарихта бар. Соңан болу керек — он сегізінші ғасырда, қытай басқыншыларына қарсы шыққан үйғыр салтаттыларының бір тобы “ак таулық” аталып, ак киімдер киген.

Кейінгі тарихшылар соның ішінде тарих ғылымының докторы Мұсатай Ақынжанов “қазақ деген сез” “қас” және “сақ” аталатын екі сөзден құралды, деседі. “Қас” деген: шын, нағыз деген мағынада. Қазақ халқының нағыз сұлу, нағыз батыр, нағыз жақсы, кас жау... деуі осыдан.

“Сақ” дегені Орта Азияда қазақ аталған елден әлдеқайда бұрын жасаған көшпелілер. М. Ақынжановтың айтуынша “қазақ” деген атая “қас” деген сөз бен “сақ” аталатын көшпелі елдің атынан құралған. Бұл нағыз “сақ”, “шын сақ” деген мағына береді, өйткені қазақтар бұрынғы сақтардың мекенінде қалған, соны иемденген ел. Мен осы пікірге қосыламын. Сондагы тағы бір келтірер дәлелім: қазақты көршілес қыргыздар, алтайлық түркілер, күні бүтінге дейін “қазақ” демейді, “қассак” дейді. Орыстар да солай атап, он сегізінші ғасырға дейін “Кайсак” деп келген. Пугачев көтерілісіне (1742—1775) кейіннен қарапайым қазақтар белсене қатысып, содан қазақтарды жек көрген орыс патшасы Екатерина II Кіші жұз мекендейтін Жайық өзенін “Орал” деп атап, қайсақ атын да біртінеп жойған. “Қайсақты” “киргиз” деп атап кеткен. Қазақтар өзінің халықтық атын тек совет заманында ғана қайта алды.

Кейбір тарихшылардың болжауынша, “сақ” “түрік” деген мағынада қолданылады. Бірақ бұл жаңылыс. Сақтар түркілерден әлде қайда бұрын аталағы. Кейбір европалықтар “сақ” деген сезді “скиф” мағынасында қолданды. Бұл да дұрыс емес. “Скифтерге славян тұқымдары, олардың ішінде орыс аталары қосылады. Олар сак сиякты көшпелі болған емес. Мениңше, сактар көне заманда қазақ даласында даурен сүрген көшпелілер сиякты.

“Жұз” туралы аз сез: орыс казактарында (казачество) “сотый” (“жұздік”) бір жұз салттыдан құралатын әскерлік қосын. Жалпы “қазақ” деген атая “қазақ” деген сөзден шығуы ықтимал. Онтүстік орыстары қыпшақ руларымен ғасырлар бойы көршілес болып, тату да, араз да болып, тілті соғысып қалған кездері де көп болған. Оныңың ғасырдың ортасында жасаған орыстың ұлы князі Игорь соғысқан половцылар осы қыпшақтар. Ирандықтардың

“дәшті-қыпшак” дегені де “далалық қыпшақтар” мағынасында. Негізінде қырғыздар бұрынғы барлық халқын “оң” және “сол” деп екіге бөледі; ал қазақтар үшке болініп: “оң бет”, “орта бет”, “сол бет” деген. Кейін сол беттердің оны ұлыға, орталығы ортаға, солы кіші жұздерге айналып кеткен.

“Жұз” жайында тағы бір деректі келтіруге болады, ол орыстың шығысты, әсіресе Орталық Азияны, қазақ дала-сын зерттеген ғалымы Бичуриннің айтуыша, біздің дәүіріміздің 635 жылында, қазіргі қазақ даласында түркі тілдес көшпелі сактар, өздеріне шабуыл жасап тыныштық бермейтін қытайларға қарсы үш орда: үйсін жерінде Үлкен Орда, Есіл, Ертіс бойында Солтүстік Орда, Балқаштан Каспийге дейін — Кіші Орда болып топтасқан. Бичуриннің ойынша қазақ жұздері осы үш ордадан басталады. Мен бұл пікірді қолдауға бейіммін.

“Жұз” қазақта “сан” мағынасында айтылады. Соңдықтан “Жұз— жұз басы үгымында, яғни бір жұз адамнан құралған әскери қосын ретінде қолданылуы мүмкін. Бірақ қазақта “жұз” “қосыннан” көп, бүтін бір аймақты ел, соңдықтан “қосыннан” ғөрі “құла жұз” “дала” мағынасына жақынырақ сияқты.

Тегінде үш жұзге бөлінген көшпелілердің әрқайсысы өз жағын жаудан қорғауға міндетті болған сияқты. Ұлы жұздегі руладан көбі көршілес басқа халықтарда да барын қазақ шежіресі айтпайды. Орта жұз де сондай. Оның құрамына кіретін алты рудың ішіндегі Керей монголға жатады деген сөз бар. Кіші жұз Бек Арыстан туды дегенмен, одан кімдер туганы белгісіз. Бір шежіреде Ақ Арыстан Абак пен Тарак, Абактан Жалайыр, Тарактан Үйсін тарайды десе енді біреуінде, Абак пен Тарак Үйсіннің баласы, дейді. Меніңше, алғашқысы жобага келетін сияқты, өйткені Ұлы жұз бас қосқанда ерте заманда елі қүнге дейін “нокта ағасы” болып жолды Жалайыр алады. Егер Абак Үйсіннің баласы болса, неге Жалайырга жол береді? Ұлы жұз елдерінің жайын жақсы біледі деп саналатын М. Тынышбаев, орыс тілінде жазған шежіресінде Ақ Арыстан Жалайыр Үйсін және Қанлы үшеуін таратып, Абак, Тарак дегендерді атамайды. Дегенмен, одан кімдер туганы мәлімсіз... Қожалар шежіресінде Кіші жұздің арғы аталары Қыдыр, Сиық, Ыссық, Сұлтан болып бөлінеді. Олардың түсінігінде сиықтар Мекеден келген әулие арабтар, яғни қожалар өздерінің арғы аталарын сиықтардан өрбітеді.

Сонымен, “Арыстарға” бөлінетін жұздердің түпкі атасы кім екендігі әлі анық емес. Анық болуы мүмкін де емес. Себебі, ғылыми зерттеулердің деректеріне қарағанда, дүние

жүзіндегі қай үлтты, қай тілдегі халықтарды алатын болсақ, олардың әрқайсының ата-тегі басқа болып, бір әке, бір шешеден тарамағандығы, әр қайсының өз тарихы, өз ата-тегі болғандығы дәйекті дәлелденген.

Қазақ та сондай. Оған дәлел: Үйсін, Қаңлы, Қыпшак, Найман, Керей аталатын рулар аргы көне замандарға қандас болған халықтар емес, әкімшілік құрған хандықтардың аты. Олардың қарамағында әлденеше рулар болған. Сол патриархалдық негізде жасалған хандықтар, феодализм құрылышына аяқ басқан шакта, ондағы рулар: өзбек, қазақ, түрікмен, қырғыз, башқұрт сияқты халықтарға бөлініп кеткен.

Тарих халықтар өмірін теренірек зерттейді де, рулар өмірінің бетін ғана қалқиды.

Қазақ халқы толып жатқан рулардан қуралатының жоғарыда айттық. Бұл арада қазақ руларының әрқайсының өзіне тән ұраны және таңбасы болатындығы туралы қысқаша тоқтала кеткіміз келеді.

Қазақтың ең көне руларының ұрандары: Үйсіндікі — Абак, Дулаттікі — Бактияр, немесе Домалак ене, Наймандікі — Қаптағай, Керейдікі — Ошыбай, Ұактікі — Жаубасар, Арғындыкі — Ақжол, Қыпшақтікі — Ойбас, Коңырттікі — Алатау. Олардан тараган бергі рулардың да аталық ұрандары бар. Мысалы, Шапыраштыда — Қарасай, Ыстынікі — Жауатар, Беріштікі — Ағатай, Жапастікі — Баймұрат, хан тұқымы, төрелердікі — Арқар, қожалардікі — Құл Қожахмет, тағы тағылар...

Есімі ұранға айналған адамдарды қазақ, әдетте, аргы аталарына санайды. Мысалы, Қыпшақтар — Ойбасты, Керейлер — Ошыбайды, Ұактар — Жаубасарды атайды. Ұранға шықкан әйелдер де бар: “Қырық болыс ел болдық” деген Дулат руларының ұраны — Домалақ ана. Бұл жайында айтылатын азыз бойынша ол осы рулардың түпкі шешесі. Арғынның бір руы (Сәкен Сейфуллиннің елі) “Енен” аталып, шешесін ұран тұтады. Керейдің бір руы “Бике” де солай етеді, тағы тағылар...

Осы аталғандардың біразының қалайша аталғаны, кім екені белгісіз. Мысалы, Қыпшак ұраны “Ойбас” қайдан шыққан? Ондай ата қазақтық қыпшақтарда жоқ сияқты. Бір шежіреде Ойбасты Қыпшақтың, Ақжолды Арғынның, Жаубасарды Ұактың, тағысын тағылардың тұңғышы екен деп те айтады. Ұрандардың бірталайы солай болғанымен бергі ұрандарға келсек, ол елдің атасы ретінде емес, байы, биі, батыры сияқты адамдарына арналатыны байқалады. Мысалы, Найманның “Қара керей” аталатын руы, ұранын бертіндегі Қабанбай батыр ғып, Кіші жүздің адайлары —

Бекет батыр қып алған. Біздің Сибанның ұраны — Естемес, ол бертінде жасаған адам.

Рулық ұрандар әр рудың елдік дәстүрін, әдет-гүрпін сактаудың үлкен құралы болған. Мысалы, жиындарда жанжал, төбелес шыға қалса, не барымта болса, ру ұраны шақырылғанда, әр ру өз ұранымен топталып, карсы руга төтеп берген. Жауға, барымтага аттанғанда ру ұранын атаса, ермейтін ерек қалмаған. Жер дауы, жесір дауы сияқты жанжалдарда да руына ұран шақырган.

Тіпті ауыл арасының ұсақ жанжалында да сан жағынан басым ата үрпактары аз аталау ауылдастарына өктемдік жасайтын еді. Осы әдет қазақ ауылдарында советтік заманға дейін созылды.

Біраз ру ұрандарын өлеңге де қосқан.

Енді “таңба” салу туралы айта кетейік. Бұл қызған темірмен қарып, малдың жамбасына басылатын, өзге малға емес, тек жылқыға ғана басылатын белгі. Ол таңба тек үлкен рулардың жылқыларына басылады.

Жолаушылап келе жатқан адам қай рудан екендігі мінген атының таңбасынан белгілі болады. Мысалы, Қыпшақтың рулық таңбасы, жоғарыдан төмен қарай қатар тартқан қос сызық. Оның аты “әліп”. Нұржан Наушабаевтың — “руым Қыпшак болғанда таңbam “әліп”” деуі сөдан. Осы қай “әліп”?

Араб алфавитінде “а” орнына қолданатын бас әріп “алиф” аталады. Біз оны қазақшалап “әліп” дейміз. Қыпшактардың “әліп” аталатын рулық таңбасы осы араб әлібі десек (солай деушілер бар да), онда Қыпшак руы Орта Азияға арабтардың, олармен бірге ислам дінінің келуінен әлде қайда бұрын құралған ел болып шығады. Олай болса, қыпшак “әлібін” арабтан алынды деудің кисыны жоқ. Ендеше, Қыпшактікі қай “әліп”?

Көне түркілерде “әліп” “дак”, “жеке” мәғынасында да айтылған. Мысалы, бал ашатын құмалақтың саны 41 болады. Сонда, қырқын “жұпқа”, біреуін “даққа” санайды. Балды (болжауды) “жұп” емес, “дак” шешеді. Құмалақшы қырық бір құмалақты үшке бөледі де, төрт-төрттен бөлшектеп, соңғы бөлшектен “мандай” аталатын үстіңгі қатарын, ортасынан “белдеу” аталатын орта қатарын, төмөннен “аяқ” аталатын соңғы қатарын шығарады. Солай бөлшектегендеге “әліп” қай қатарда тұрса, құмалақшы балды соған қарап айтады. Қазақтың “әр істің ақырын күт” деудің орнына “әліптің артына бақ” деуі осыдан. Қыпшактардың әлібі осы болуы мүмкін.

Жалпы алғанда қазақтың рулық таңбалары, көне замандағы әріптер белгісі болу керек деген жорамал бар. Олардың әріптік немесе үғымдық (иероглиф) таңба екені

әлі анықталған жок. Көніл бөлетін бір нәрсе, мұндай таңбалар қазақпен қатарлас басқа халықтар құрамына кіретін руларда кездеспейді.

Таңбамен қатар, қазақта “ен” деген де белгі бар. Ол төрт түлік малдың бәрінің де құлагына салынады. Эке балаға енші берсе, енін де бөлектейді. “Жеке шаруа болдың” деудін орнына, қазақтың “еншің басқа, енің бөлек” деуі содан. Еннің: опық, тілік, сырға, сытық, тесік... сияқты толып жатқан аттары бар. Ен рулық емес, үйлік немесе отбасылық белгі. Әкеден бала бөлектенгенде “енші алды” деулері де содан.

IV. ҚАЗАҚ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ

Тарих жазу жүйесіне түскен деректер екенін білеміз. Қазақ туралы ондай жазу, әсіресе, ел басынан өткен оқиғаларды тіркестіре өрбітегін тарихтық жазу он тоғызынши ғасырга дейін болған жок. Оnan бұрынғыларының барлығы шетелден келген жеке саяхатшылардың жазып қалдырган естеліктері, алған әсерлері түрінде қалған. Бұлардың көшілігі көне замандағы Грецияның, Римнің, Қытайдың, Иранның, Румының (Византия), арабтың және орыстың Орта және Орталық Азияға келіп кеткен саяхатшыларының көрген-білгенін қағазға түсіргендегі. Олар негізінде қазак халқының құрамына кірген көшпелі рулардың тұрмыстарын сипаттайды. Мысалы, біздің жыл санауымыздан төрт жарым ғасыр бұрын Сырдария бойына келіп, Қанлы хандығына қонақ болған грек саяхатшысы Геродот, Орта Азияның географиясын жасаған Страбон, біздің дәуіріміздің төртінші ғасырында Римнен келген Марцелли, алтынши ғасырда Румнан (Византия) келген проректор Марко Поло, Рубрукс, Плано Карини; біздің жыл санауымыздан бір жарым ғасыр бұрын келген қытай саяхатшысы Чжан Цяню, біздің дәуірдің әр кезеңінде келген араб саяхатшылары: Магсуди, Ибну-Хаукаль, Мұқаддәси, Ибну-Батута, тағы тағылар; Орта Азияның езіне шыққан, атакты “Жамғо-ат-тауарихты” (жалпы тарихты) жазған Рашид-ад-дин Хамадани, “Тарихи Рашидиді” жазған Дулат руынан шыққан ғалым Мұхаммед-Хайдар Дулати, хивалық Әбілғазы Баһадүр хан, орыс тарихшылары Бичурин, Рычков тағы баскалар...

Бұлар жазып қалдырган деректердің көбінде Орта және Орталық Азиядагы көшпелілерге “татар” деген ат тағылады. Аргыларын былай қойып, кеше ғана жасаған Петр Иванович Рычков та (1712—1777) қазақты татарларға қосады. Көне монголоидтар ішінде “тат”, “татыра”, “татар” аталаған жүрген рулары бары рас. Бірақ бұлар

Бек
мес

сак
жал
шаш
тет
ата
сия

бас
жас
мағ

тем
мал
тек

мін
Қы
тар
евт
дан

“ај
Қы
әлі
Ор
кеј
Ол
қис

айт
лај
Ба.
қы
бөл
қат
төм
бөл
ды
деу
Қы

ма
Ол
30

туркілерге де, Орта Азия көшпелілеріне де, қазақ рула-
рына да жатпайды. Монгол Шыңғыс хан батысқа шабуыл
жасағанда, оның әскерінің бірталайы татарлар болған.
Шыңғыс жаулап алған өлкелер: “Алтын”, “Кек”, “Ақ”
аталып уш ордага бөлінгенде, Еділ бойындағы “Алтын
орданын” көпшілігі татар болды. Сондыктан, ол орданың
орыстарға көрсеткен жәбірін орыс тарихы — “татарлар
қысымы” деп атайды.

Қазақ тарихын зерттеп, ең алғаш рет жазба түрінде
жариялаган адам, орыс ғалымы Алексей Ираклиевич Лев-
шин (1799—1879). “Оның “Қыргыз-қайсақ ордасының си-
патты” аталатын үш томдық енбегі 1832 жылы жарық
көрді: бірінші томы қазақтың жер суын, екінші томы —
тарихын, үшінші томы — әдет-ғұрпын сипаттауға ар-
налған. Бұл еңбек күні бүтінге дейін құнды саналады.

Сол ғалымдар мен шежірелердің айтуынша сол заман-
дардағы көптеген ірлі-ұсақты руладардың “қазақ” атымен
бірігіп, тұтас бір мемлекет болуы жоғарыда айтылған
“Алаша” аталатын хан тұсында болса керек.

Алаша хан туралы қазақ арасында аныз көп.

Менің өз ойым “қазақ” деген халықтың құралуы, оған
қарасты жер-су шегінің белгіленуі, сондай-ақ әдет-ғұрпы,
тіл, өнердің қалыптасуы да осы кезеңде басталуы мүмкін.
Әсіресе, әдет-ғұрпы пен тіл. Бұлар кең өлкені мекендеген
қазақ руладарында елі құнғе дейін азғантай ғана айырмамен
өзгеріссіз келе жатыр. “Киіз туырықты қазақ” аталатын
был елдің өмір тарихы, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мінезд-
құлқы айна-қатесіз бірдей. Тіл жағынан келгенде Согды
Ираннан, халифат заманында араб-парсы және орыс
тілдерінен кірген жеке сөздер (онда да біздің тілдің сингармониясына бағынған), жұрнак, жалғаулар болмаса,
қазақ тілінің ұлттық сипаты, тұтастығы ешуақытта өзгер-
ген емес. Осыншама тұрақтылық, тұтастық Октябрь рево-
люциясына дейін тұтас мемлекет болмаган елде сақталуы
таңғаларлық құбылыс.

Алашадан кейін, бұл тұтастық XVI ғасырдағы
Қасымхан мен XVII ғасырдағы Есімхан тұсында болып,
олар “Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы”
аталатын зандарын қалдырыды деседі. Бұл зандар қазақ
халқының елдігін күштейте түсken тәрізді.

“Қазақ” аталатын халықтың елдік тарихы осы тұстан
XVI ғасырдан басталады деген жорамал дұрыс сияқты. Ал
жүздік, хандықтан кейіннен құралған болуға тиіс.

Қазақтың “Кіші жұз” аталатын бөлігі Россияға өзге
жүздерден бұрын 1731 жылы өз еркімен қосылған. Содан
бері орыс ғалымдары: Н. А. Рожков, А. И. Левшин, В.
В. Радлов, В. И. Даль тағы басқалар қазақ еліне жиі

шығып, тарихын, тұрмысын зерттеп, көптеген еңбектер жазған.

Әрине, олардың бұрын-соңды жазба тарихы болмаған елдің тұрмысын сипаттағанда, артық-кем кететін жерлері болады. Ондайлар Левшинде де бар. Бірақ ғалым сипаттап отырған елінің тарихы мен тұрмысына шүкшія зерттеп, барынша тиянкәты етіп жазған. Ол “қазакты” “қайсақ” дей тұра, бұл атадың дұрыс еместігін, елдің өзі “қазақпұзы” дейтінін түсіндіріп отырады. Левшин, әрине, материалист емес. Қазактың қоғамдық тұрмысын сипаттағанда, ол өз дәуірінің әлеуметтік саяси көзқарасы шенберінен аса алмайды.

Левшиннен кейін де қазак туралы тиіп-қашты зерттеулер болған. Олардың ішіндегі ең салмақтысы Шоқан Уәлихановтың (1835—1865) еңбектері. Оның взге ориенталистерден (шығысты зерттеушілерден) айырмасы: бірінші — өзі қазак болып, қазак арасында туып-өскендіктен бұл елдің шежіресін де, тілін де айтартықтай жақсы біледі; екіншіден, ғалым адам болғандықтан, орыс және түркі тілдерінде әр кезде жазылған еңбектердің бәрімен жете таныса отырып, қазак тарихына катысты материалдарды салыстыру арқылы, көптеген мәселелердің шындығына жетеді. Әдебиеттік материалдарға ол сын көзімен қарап, кемшиліктерін де жасырмайды. Мысалы, басқа діндегі шығыс халықтарына христиан дінін таратуды мақсат еткен ғалым Никита Васильевич Бичуриннің (оны “Якинф ата” деп те атаған) шығыс, есіресе монгол рулары туралы үстірт жазғандарының біразына қосылмай, өзіне тән терең ойлау қабілетінің арқасында “Якинф атасың” жаңылыс жерлерін түзеп отырады.

Шоқанның өз шығармаларында, зерттеулерінде аталағын “Қазактың ата тегі” деген еңбегі XIX ғасырда бұл тақырыпта жазылған шығармалардың ең тереңі, ең бай-салдысы. Өмірінің алғашқы кезеңдеріндегі еңбектерінде идеалистік бағытта болған Шоқан, кейін орыс демократтарының ықпалымен қазак қауымының тіршілігіне материалистік тұрғыдан қарай бастаған.

Абай да қазак шежіресіне көніл бөліп “Қазактың тұбі қайдан шыққаны туралы” дейтін мақаласын арнады.

Абайдан кейін де бұл тақырыпта әркімдер әр кезде азды-көпті еңбектер жазғанымен, олардың кейбіреулері баспада жарияланса да, ғылымдық негізгі құрылған шын мағынасындағы қазак тарихы тек советтік дәуірде ғана жазыла бастады. Олар мақала, монография, диссертация, дипломдық жұмыстар мен жинақтар түрінде қазак тарихының жеке мәселелерін талдаудан басталады. Толып жатқан осы материалдардың ішінен екеуін ерекше атауға

болады: біріншісі, Сәкен Сейфуллиннің 1934 жылы “Әдебиет нұскалары” деген атпен қалың кітап болып жарайланған енбекі; екіншісі, 1935 жылы орыс тілінде “Прощлое Казахстана в источниках и материалах” деген атпен профессор Санжар Асфандияров құрастырган қалың жинақ. Сәкеннің енбекі көркем әдебиеттік мұраларды талдауға арналып, казақ тарихына байланысты біраз мәселелерді қарастырады да, онда бұрын сөз болмаған тың және байсалды пікір айтады.

Асфандияровтың жинағы көне заманнан бергі Орта Азия көшпелілері туралы. Солардан қазақ аталатын халықтың қашан, қалай құралуы туралы жазылған енбектерді шебер үштастырады. Бірақ оған өз пікірін қоспайды.

Осындай бай материалдардың негізінде Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары “Қазақ СССР-інің тарихы” аталған қалың екі томдық кітап жазуға мүмкіндік туды. 1957 жылы жарияланған бірінші томы қазақ халқының көне заманнан бастап, Ұлы Октябрь революциясына дейінгі өмірін, 1959 жылы жарияланған екінші томы қазақтың советтік дәуірдегі өмірін сипаттайтыды. Бұл екі томды жазуға бір топ совет тарихшылары қатынасты. Қазақ өміріндегі әрбір құбылышқа марксизм тұргысынан қарайтын бұл енбек, осыған дейін айтылған пікірлердің бәрінен де мазмұн жағынан әлдеқайда терең, идеялық жағынан әлдеқайда биік.

Қазақ тарихы туралы қай кезде кімдер жазса да, бір мәселеғе талас жоқ сияқты. Ол қазақ халқының көне замандардағы көшпелі рулардан құралуы. Солардың арғылары: “сак”, “массагат”, “сармат”, “үйсін”, “қанлы”, бергілері: қыпшақ, наиман, керей тағы басқаларын айтса да бәрібір, өйткені қазақтың басын құраған сол рулар екені ақиқат. Бұл бір. *Екіншіден*, сол рулардың кейбіреулері казақпен көршілес қырғыз, өзбек, түркмен, карақалпак, башқұрт сияқты халықтар құрамына кіргенмен, қай рудың болса да басым көпшілігі қазақ құрамында; *үшіншіден*, Орта Азияда көшпелі өмір сүрген рулардың мекендеген жерлерінің басым көпшілігі қазақ халқының еншісіне тиғен; *төртіншіден*, бұрынғы көшпелілердің салт-санасы, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы сияқты өзгешеліктерінің көбі қазақта молырак. Сондыктан көне көшпелілердің тұрмысын түсінуінде қазақ өмірі әлгідей материалды көбірек береді.

“Қазақ” деп аталатын халықтың дәл қай кезден құралғанын тап басып айтатын тарих әзірге жоқ. Қазақ халқының алғаш пайда болуы, қалыптасуы жайындағы, жогарыда айтылған жорамалдардың, пікірлердің біразы

сенімді болып көрінгенімен әлі де болса дәлелдеуді қажет ететін талас мәселе екені мәлім. Халқымыздың, тарихта мәлім болуы XVI ғасырдан басталды деушілердің дәлелі көбірек және сенімдірек.

Қазақ халқының қоғамдық тарихы қай кезде басталса да, бұл халықтың көптеген ғасырлар бойы өмір сүрген өзіндік мекені, өзіне тән қалыптасқан тілі, салты болғандығы және болып келе жатқаны даусыз.

Сол себепті енді осы халықтың қоғамдық түрмисы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салты және т. б. туралы көрген-білгенімізді баяндауға тиістіміз.

ҚАЗАК ЖАЛҚЫНЫҢ ЕРТЕДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРІ

I. ДУНИЕТАНЫМЫ

Біз жоғарыда діни түсініктердің қалай пайда болғандығы жайында айтып кеттік. Ендеше алғашқы адамдардың дүние танымы, айналаны қоршаған табиғат құбылыстарын түсіндіру талаптары да осыған үқсас. Еңбек етудің арқасында алғашқы адамдардың сана-сезімі оянып, табиғатқа саналы түрде әсер ете бастаған кезде, айналаны қоршаған алуан түрлі құбылыстарға назар аударып, оларды өздерінше түсіндіре бастаған. Мысалы, күн мен түннің алмасуы, тунде ай мен жүлдіздың көрінуі, күндіз көрінбеуі, қыс пен жаздың алмасуы, аспанды бұлттың торлауы, оның жазда жаңбыр, қыста қар болып жаууы, бұлттан “күн” күркіреп, наизағай жарқылдауы т. б. осы сияқты құбылыстардың бәрі алғашқы адамдарды таң қалдырган. Олар бұл құбылыстардың нақтылы себебін білмегендіктен бұлардан үрейленіп, жәрдем сурап сиынган.

Жер шарының қай түкпіріндегі адамдар болсын дамузың осы тәмемгі сатысында аспанды, күнді, айды, жүлдіздарды тәңірі көріп сиынбағаны жоқ. “Тәңірі” дегеннің өзі ескі қанжұт (Тибет) тілінде “аспан” деген магына береді. Аспанның түсі көгілдір болғандықтан қазақтар оны “кек” деп атады, “кек соққыр” деген қарғыс күні бүгінге дейін сол үғымнан келе жатыр.

Табиғаттың осы сияқты түсініксіз дүлей құбылыстарының бәрін тәңірі санаған адамзат, бертінде олардың санын кебейтіп алған. Ғылымда олардың бәрін “миф” дейді. 1961 жылы Ленинградта басылған “Мифология сөздігі” деген кітаптағы деректер бойынша, көне замандағы мифтердің саны мындан астам.

Мифологиялық құдайлардың ішінде үлкендері де, кішілері де бар. Мысалы, грек мифологиясында ең күшті, құдіретті құдай — Зевс. Өзгелері содан өрбиді. Солардың ішінде: аспандікі — Уран; күндікі (оттықі) — Гефест; айдықі — Ио; жер мен көкті тұтас билейтін — Крон, желдікі — Евр, теңіздікі — Посейдон. Жыл тәулігінің мезгілдерін ауыстыратын — Оры, жаздықі — Латона, жер анасы — Талле, таңдықі — Эос, өнердікі — Аполлон, сұлуулықтікі — Гера, соғысты бастаушы — Арей, бейбітшілік құдайы — Эйрена, махабbat корғанышы — Эрот, жануарлар мен өсімдіктердің үрпагын өрбітуші —

Дионис, ергежейлілер қорғаны — Пигмеи, қыздардың панауы — Хаос, тағы тағылар...

Бұлардың бәрінің де негізгі тұрағы — аспан әлемі, немесе биік таулардың басы. Сол сияқты аспан әлемін “тәңіріге” санаған қазак, Құнді, Айды, кейбір жұлдыздарды мифке айналдырган.

Мысалы, Құн — қазакта қасиетті зат. Бұлттың күркіреуін қазак “құн күркірейді” деп, оны құн тәңірінің даусына балаған. “Құн астында Құңсұлу” ертеғісіне қарағанда, күннің де бақылаудан босатпайтын қызы бар. “Ай астында Айсұлу” да сондай. Шығыс елдерінде, оның ішінде, араб пен түркілерде, ай қызының аты Зұhra. Ол, Жер қорлығын көріп, айға қашқан қызы. “Үркөр” аталатын шоғыр жұлдыздың қызын, “Жеті қарақыш” аталатын жұлдыздар қоршай айдып, олардан қашқан Үркөр аспан бойында жылжып қашып жүреді-міс. “Шолпан” да қыз. Ол да қашып жүріп, жылына бір рет айдың бауырына паналайды. Мұны қазактар “Шолпанның айға тоғысы” дейді. Шолпанның сенімді сақ күзетшісі —“Темір қазық”. Ол бір орыннан жылжымайтын жұлдыз. Түнде жолаушылаған немесе көшкен қазактар, жүрер жолын, уақытын Темір қазықка қарап немесе Үркөрге қарап айырады. Өз басымнан мына төмендегідей бір оқиға өткені есімді: 1928 жылы Ленинградта оқып жүргенімді, қыскы каникулда туған аулыма беттеп шықтым да, “Денгей корған” мен Қызылжар қалаларының арасындағы Лебяжье станциясына кешке келіп түстім. Ауылдан келіп жатқан керуеншілермен бірге жолға ерте шығуды көздел, таңың атуын сағатқа қарап білмек болдым. Сонда Әбілжан деген карт туысым “тәйірі сағат не білуші еді, үркөрге қарап тұруымыз керек” деп, түн бойы Үркөрдің жылжуын бақылағаны бар. Жұлдызға қарап бағыт-бағдар ажырату әдеті малшылардың құнделікті тіршілігінде әлі күнге дейін сақталған.

Құн-тұні далада жүретін көшпелі ел, бақташылар, аңшылар аспан әлемін зер сала бақылап, ондағы әрбір көріністерге ерекше мән береді. Олардың үгымында әр жұлдыз бір адамның жаны. Егер жұлдыз акса, бір адамның өлгені, ал бұрын байқалмаган жаңа жұлдыз көрінсе, бір адамның туғаны.

“Метеор” дегенді қазак бұрын білмеген. Оны “Ақкан жұлдызға” санайды. Жерге жақын үшқан метеор, жаңасқан тұсын жарқыратып жібереді. Оны қазактар “қадір тұні” дейді. Ислам дінінің тұсіндіруінше, сондай түнде жұмактың есірі ашылады да, адам не тілесе сонысы қабыл болады.

“Дауыл” ескі үгымда жел тәнірісі. Ол бүкіл желді құдыққа қамап, бүрген аузын өзі үстайды да, ашулы кезінде елтеп шығарып қояды. Түгел босатса “акыр заман” болып, тауларды доптай үшырады-мыс, сондықтан да бертінде қазактар дауыл атын “сұрапыл” қойған. Кейде қатты дауыл соққанда, “сұрапыл” соқты” дейді. Бұл ислам дініндегі жел періштесі “Исрафил” болуы мүмкін. Ондай желді ұнатпайтын көшпелі қазактар “жел тұргызасың” деп адамды, әсіресе балаларды ыскыртпайды. Э. Тэйлордың айтуынша, осындаи әдет, қазіргі Шотландияда бар екен.

Әрине, мұндаи түсініктердің бәрі көне замандардағы алғашқы адамдардың өздерінің айналасын коршаған табиғаттың бәрін де “жанды” деп санаудын туған қиял екені мәлім. Сондықтан алғашқы адамдар Айды, Құнді, жұлдыздарды немесе табиғат құбылыстарын жанды зат есебінде санап, өздерінің тағдыры, болашағы, істеген ісінің сәтті немесе сәтсіз болуы солардың мейірбандылығында деп үққан. Бұған мысал дінге сенуші қарттардың жаңа Ай туғанда: “Ай көрдім аман көрдім, баяғыдай заман көрдім. Ескі айда есіркедін, жаңа айда жарылқа”— дейтіні дәлел бола алады.

Осындаи түсініктерді ғылым тілінде “анимизм” деп атайды. “Анима” латын сөзі, ол “рух”, “жан” деген үгым береді. Анимистік түсініктер, адам үйқытаганда тұс көру ерекшелігіне байланысты пайда болғанға үксайды. Бұл туралы Ф. Энгельс былай дейді: “Адам баласы өзінің дене құрылышы жайында ешқандай түсінігі болмаған және тұс көру себептерін түсіне алмаған сонау өте ертедегі кезден бастап-ақ, өздерінің ойлауы мен түйсіктеп өз денелерінің қызметі емес, осы денеде болатын, өлгеннен кейін ол денеден кететін ерекше бір негіздің — жанның қызметі деген түсінікке келген,— міне, сол кезден бастап-ақ олар осы жанның сыртқы дүниеге катысы бары туралы ойланған бастауға тиіс болған”¹.

Демек, алғашқы адамдардың түсінде көргендерінің бәрін шындық деп санаудына таңдануға болмайды. Міне, осыдан барып, адамның денесінен шығып, өз алдына жеке өмір сүре алатын “жан” болады деген жалған үгым орын алған. Олардың ойынша “жан” үйқытаган кезде, денені тастап, әлемді шарлап кезіп жүреді де, оянғанда қайта оралады деп саналады. Ал осыдан мәнгі өлмейтін “жан” бар да, өлтеп “дене”, “тән” бар деген түсінік туады. Мұның өзі “О дүние” бар деген үгымға әкеліп тірепті.

¹ К. Маркс, Ф. Энгельс. Таңдамалы шығарлар. II том, Алматы, 1956, 377-бет.

Сол сиякты дінге сенуші қазақтардың да үғымында “жан” деген шыбын тәрізді бірдеме. Ол үйкетаған шакта ауыздан ұшып кетеді. Сондыктан да ұшқан ауызға қайта кіріп ұлгермес деп қорқып, үйқыдағы адамды кенеттеп оятпайды. Есінеген шакта шыбын-жанның біреуі ауыздан ұшып, адам шалажансар боп қалар деген қауіппен, аузын алаканымен басады. Э. Тэйлордың айтуынша, Батыс Европада сондай әдет соңғы кезге дейін бар. Жанына ауру баткан шакта, қазак “шыбын жаным-ай!” деп сарнайды, баласын жақсы көргенде де “шыбыным” дейді.

Жоғарыда айтылғандай, табиғат құбылыстарын тәсірі санаған ертедегі қазақтар отты да касиетті санаған. Мысалы, қазакта жаңа түсken келіншек, қайыннатасының үйіне алғаш кіргенде, “от ана, жарылқай гөр!” деп отына май құяды; ал мал тұліктеріне, әсіресе, жылқыға індеп тигенде, олардың табындарын лаулата жаққан екі оттың арасынан айдал өткізеді; наизағай жарқылдаған кезде, есік алдындағы жерге балта, шот сиякты темірлерді жауып, “сүт көп, көмір аз” дейтін бата оқиды, онысы ошағында оттың көп болуын тілеу сиякты.

Осы айтылғандардан қазақтың дүние танымы, басқа да ұлттар сиякты, діни сенімдер мен нағымдарға негізделгенін көріп отырмыз. Олай болса, қазақ халқының діни нағымдары жайында біраз тоқтала кетейік.

Қазақ халқының исламға дейін ғасырлар бойы сеніп келген діні — шаманизм. Оның қашан шығып, қай заманнан бері тарағаны белгісіз. Бірақ басқа діндер сиякты, шаманизмнің негізі де құдайға, кереметке сену екені даусыз. Ал бұл дінге сенушілердің өзіне тән ерекшелігі алуан-турлі “айлалы”, “сикырлы” әрекеттер жасау арқылы табиғаттан тыс “кереметті күштердің” мейірімін түсіру, “көнілін табу”, “багындыру”, сол үшін олармен қарым-қатынас жасап, тілдесуді арман ету, киялдау болып табылады.

Біздің қазақ жерінде шаманизмнің қалдығы бақсылық, балгерлік, тәуіптік ретінде ислам діні тарағаннан кейін де бірнеше ғасырлар бойы, тіпті Октябрь революциясына дейін орын алып келді. Қазақтар арасында бақсылар, жер бетіндегі жын-шайтандармен тілдесе алатын, олардың адамға жасайтын зиянды, қастандық әрекеттеріне тиым салатын кішкентай құдайсымақтар ретінде танылды.

Мұны зерттеген ғалымдардың пікірінше бақсы болу әркімнің қолынан келмейтін сиякты. Бақсы болуға нервісі бұзылған мінезі жеңіл, тез ашуланатын, нервісі жылдам қозатын адамдар икемді болатын көрінеді.

Дінге сенуші ақсақалдардың кейбіреулери “бақсылық түкім қуалайды” дегенге сенеді. Осыдан барып, олар

пәленші дегеннің аргы аталарында бақсы болған біреу бар еді, соның бақсылығы немересіне не шебересіне “дарыпты”, десіп отырады.

Жалпы шаманизм біздің елімізде Сібірде, Орта Азия мен Қазақстанда кең тараған. Қазақ бақсылығының Сібір шамандарынан біrsыпра елеулі айырмашилығы бар. Қазақ бақсыларының “оыйны” көбінесе бақсылық өлең-са-рын ретінде айтылады. Олар өздерінің “жынын” кейде “жеңісіз берен киінген, лашын құстай түйілген” деп, қалың жауға қарсы шауып, қамал бұзған батыр бейнесінде, кейде “қара шұбар айдаһар”, “жез тырнақты жолбарыс”, “азу тісі балғадай қара бура”, “бір мүйізі жер тіреп, бір мүйізі көк тіреген көк бұқа” болмаса, әлем дүниесін бұрк-сарқ еткізген қара бұлт, қарлы дауыл бейнесінде келтіреді. Кейбір ұзак айтылатын сарындарда бақсының бір емес, бірнеше “жыны” суреттеледі, оларды адам үғымындағы ең күшті нәрселерге теңеп, салыстыра отырып, жырга қосады, тындаушының көз алдына елестетпек болады¹— деп жазды профессор М. Фабдуллин.

Қазақ бақсылары, Сібір шамандарындей, арнайы киім кимейді. Дін жайын зерттеуші ғалымдардың пікіріне қарағанда бақсы, шамандар өз практикасында халықтық өнерді де пайдаланатын сияқты. Онымен бірге олар зікірлекен кезде ит болып үреді, жылқы болып кісінеді, қой болып маңырайды, т. б.

Бақсылардың да өзіне тән мифологиясы бар. Халық арасында олардың қызған темірді жалауы, семсердің жүзімен жүру, тасты, жуан темірлерді тізеге салып сындыру, тіпті адамды бауыздап, қайта тірілтуі сияқты аныздарды, өз көзімізбен көрдік дейтіндері бар. Бұл тегі гипнозға байланысты әрекеттер болса керек.

Тіпті қазіргі уақытта да мұндай кереметтер жасайтын, көреген, білгір, жоқты тапқыр киелі, әулие адамдар бар деген сенушілер бірлі-жарымды болса да табылып қалады.

Ислам дінінің қазақ арасына тарауы жайында бірер сөз. Рас, бұл жайында орысша, қазақша және басқа да тілдерде жарияланған исламды зерттеуші ғалымдардың енбегі аз емес. Әйтседе, қазақ халқының дүние танымына байланысты азды-көпті әңгімелей кеткеніміз дұрыс сияқты.

Ғалымдардың айтуынша ислам дінін таратушы Мұхаммед тарихта болған адам. Ол біздің жыл санаудымыздан кейінгі 570 жылы, Арабстанның Мекке қаласында туады. Руы Курайш, әкесі — Фабдолла, шешесі — Әмина. Жас

¹ M. Fабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, Алматы, 1964, 59-бет.

кезінде әке-шешеден жетім қалған ол әр түрлі кәсіптерге (әсіресе саудагерлік сапарларда) үйренеді. 40 жасында пайғамбарлық атакқа ие болып, жалғыз аллаға табынатын ислам дінін насиҳаттауға кіріседі.

Бұрын көп құдайшыл — мәжусилік үғымда болған араб тайпаларының көпшілігі исламға карсы болып, Мұхаммедтің немере ағасы Әбужаһілдің бастауымен жана дінді насиҳаттаушы пайғамбарға қастандық жасап, оны өлтірмекші болады. Осы бопсаға шыдай алмаған Мұхаммед 622 жылы Меккеден Мәдинаға қашады. Тарих тілінде бұл қашудың аты *нижырат*. Мұсылман дініндегілердің жыл санауы осыдан басталады. 1973 жыл — *нижыраттың 1351 жылы*.

Ислам дінін Мәдинадан таратқан Мұхаммед ол үшін “ғазауат” деген атпен соғыс жүргізіп, *нижыраттан* екі жыл кейін Шам (Дамаск) өлкесін басып алады; келесі жылы “ұхыт” тауының төңірегіндегі көшпелі арабтарға шабуыл жасап, одан жеңіліп қалады. Бесінші жылы Ұхыт елінің басшысы Әбусафиян Мәдинаға шабуыл жасап, жеңілгеннен кейін, әскерімен тұтас ислам дініне кіреді.

Ислам дінін осылайша соғыс күшімен таратқан Мұхаммед сегізінші жылы он екі мың әскермен Меккені алуға аттанады. Оған дейін Габбас есімді бір туысы, ислам дінін Меккеде жасырын таратып жүреді. Ол Мұхаммедке бұл шаһардың тұрғындары да жана дінді қабылдауға бейім екенін айтады.

Мекке алынғаннан кейін, Мұхаммедпен соғысуға күші жетпейтін ұсак рулар, Мәдинаға елшілерін жіберіп, исламды жанжалсыз қабылдауға көнетіндегін хабарлайды.

Ислам діні қызу тарағ жатқан шақта, *нижыраттың* онының жылында Мұхаммед науқасқа шалдығып өлер алдында билікті “шаһаряр” аталағын сенімді серіктеріне тапсырады. Бірінші әкім Әубәкір сайланып, *нижыраттың* 12-жылында, алпыс уш жасында қайтыс болады. Оның тірі кезінде орталығы Мәдина болып, араб халифатына (патшалығынан) Бағдад және Басыра өлкелері қосылады.

Әубәкірден кейін халиф болған Омар Құддұска (Иерусалимге) дейін жауап алды, халифат аумагын кеңіте түседі. Сол жорықтан Мәдинаға аман қайтқан Омарды, *нижыраттың* 28 жылы, бір дүшпаны өлтіреді.

Негізінде Мұхаммедтің өзі де, одан кейін халиф болған Әубәкір де, Омар да, Әлі де сауатсыз болған адамдар. Бұлардың ішіндегі сауаттысы тек Оспанғана болса керек. Ол “Араб алфавиті” аталағын әріп таңбаларын, яғни Құранның “ғаламат” таңбаларын жасаған осы Оспан екен деседі. Африканың біраз өлкесін, әсіресе Мысырды (Еги-

пет) жаулап алған да осы Оспан екен. Бірақ һижыраттың 35 жылында, дүшпандары оны да өлтіреді.

Оспаннан кейін, “Мұхаммед пайғамбар атын кідіріп атады” дегенді сұлтау еткен Магауия басқарған қарсыластар тобы Фалидың халифтығын біраз уақыт та-нымай, өзара соғысып, қатты қырғынға ұшырайды. Ақыры Магауия халифатты бөліп әкетумен тынады. Фалидың кезінде араб мемлекеті кеңіп, Иран елдері де бағынады. Сондықтан олар Мұхамедтен ғөрі Фалиды ұлық санайды. Һижыраттың 40 жылында 63 жастағы Фалиды да өлтіреді. Орнына оның әйелі Фатимадан (Мұхамедтің қызынан) туған Хасен отырады. Бірақ ол тақта ұзақ отыра алмай, алты айдан кейін құші басым Магауияға бағынады. Осымен Мұхаммед әuletі басқарған әкімшілік бітіп, билік Магауия тұқымына көшеді.

Арабша Үммәя (шеше мағынасында) аталған халифат 92 жыл өмір сүріп, арабияның шығыс жақ қанатын Орта Азия арқылы Үндістанға, батысын Испанияға жайып, өз тұсында дүние жүзіндегі ең зор империяның бірі болады.

Соншама қанатын кең жайған Үммәя мемлекеттің, һижыраттың 132 жылында Магауия үрпагынан Мұхамедпен аталас Фаббас алып, астанасын Багдатқа көшіреді де, һижыралық IV ғасырға дейін дәурен жүреді, арабтар жаулап алған өлкелерде әкімшілігін кеңіте, нығайта түседі.

Нижыралық IV ғасырдың басында түріктер көтеріліп, Каспий төнірегінде Сельжук аталатын мемлекет құрады да, арабтар ықпалынан біртіндеп босанып, ірі мемлекетке айналады. Күшеген сельжук һижыраттың 831 жылы (біздін жылы санауымыздың 1453 жылы) Қара теңіздің жағасында ғасырлар бойы күшті мемлекет болып дәурен сүрген Византия (шығыстық Рим, қазақша Рум, “ұлың ұрымға, қызың Қырымға кетсін” деген қарғыс осыдан шыққан) мемлекетін құлатып, астанасы Константинопольды (Стамбулды) басып алады. Сол соғыста ақылды қолбасшылық көрсеткен Сейіт-Батталды түркі елдері аңыздағы батырга айналдырып, есімін тарихқа қосты.

Стамбулда (түріктерше Ислампол, қазақтың “сен есіме түскенде беу карагым, кемесіндей Ислампол бұраңдаймын” деген өлеңі осыдан туған) түріктер патшасын “сұлтан” деп атады. Бертінде хан үрпактары да өздерін “сұлтан” дескен. Қазақ даласына хан тұқымынан қойған әкімдерін Россия патшалығы да “сұлтан” деп атаған. Қазақтың “кісі’елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол” деген мақалы осыдан шыққан. Мемлекеттік құрган түріктер күшіне келіп, һижыраттың 699 жылы сұлтан болған Ғұсманбектен кейін, бұл мемлекет “Оспандық түркия” аталды. Ғұсман

726 жылы өледі. Бірақ ол басқарған мемлекет кеңейіп, кейін “Анатолий” аталатын империяға айналады. Оның жүрнегі қазіргі Түркия.

Исламның туу және дәүірлеу тарихы осындай.

Ислам қазақ арасына кешігіп тараған сияқты. Оған бір дәлел, XIV ғасырдың аяғында Арабстаннан Орта Азияға саяхат жасаған Ибну-Хаукель, “Үлгілі хабарлар” аталатын кітабында мұсылмандар мен түркілер арасында XVI ғасырда болған соғысты сипаттайды. Бұл жерді оның “мұсылман” дегендегі Орта Азияның исламды қабылдаған казақ рулары болса керек.

Өзбек ханы Шайбани (1451—1510) заманында, оның қарамағындағы ғұламалар (дін идеологтары) қазақты мұсылман емес деген пікір қалдырган.

Шоқанның айтуыша XIX ғасырдың ортасына дейін, ислам қазақтың қанына сіңген дін болмаса керек. Сондай шала дінді орыс патшалары татар молдалары арқылы таратып сіңірді.

Қазақтың ислам дініне оншама беріле сенбейтініне мына төмөндегі фактілер күә бола алады.

Тендік бермейтін қиянатшыл, жауыз біреу туралы наzzalanғанда, қазақ оған “көктे құдайдың, жерде құмайдың әлі келмейді” дейді. Құдайы — алла, құмайы — аң атаулының бәрін де жейтін, мифологиялық ит. Құдайды құмайға теңеуі қазақтың дінге сенушілерінің оған қандай кезқараста екенін көрсетеді.

Исламның қасиетті санайтын кітабы — Құран. Ол “құдай сезі” ретінде саналады. Алайда қазақ құраннан нанды жоғары бағалайды. Мысалы, “кол жетпейтін биіктеке наң тұрса, құранға шығып, оны алуға болады” дейді.

Ислам дінінде бүкіл аят атаулының алдында “ағуз” деген сөз тұрады. Ол —“шайтанның шерінен (азғыруынан) сақта” деп тәніріден тілеуі. Қазақтар бұл сөзді де келелеп: “ала байтал-құнажын, ағу-белла-һи, міне, шайтан рәжім” дейді. Мұсылмандарда әрбір әрекетіке (кимылдарға) кірісер алдында “Бисмилләні”, яғни — алланың есімін атайды. Оны аз қолданатын қазақтар “байғұстың асын пісімлдә тауысады” деп мазактайды.

Білгішсінген баланың әкесіне ақыл үйретуін ұнатпаған қазақ “әкесіне баласы кәлкәусәр (аят аты) үйретті” деп келекелейді. Құранда көп оқылатын бір сүренің аты “Я-син”. Қазақтар ол жайда “жасын, әкел койдың басын, әкелмесен басын, оқылмайды жасын” дейді. Сондай-ақ “Ұра берсе құдай да өледі” деп қазақ Құранда айтылған құдайдың өлмейтін мәнгілік екенине сенімсіздік білдіріп, әжуда етеді.

Ислам дінінде жақсылықтан басқаны ойламайтын адалдықтың нышаны ретінде саналатын ең әділ, ең турашыл мифтік бейне перштені де қазақ “алтын көрсө періште жолдан таяды” деп, оның да адалдығына күмән келтіреді.

Сол сияқты қазақ халқы ислам дінін уағыздаушы молдаларды, қожаларды да еткір сыйнайды. Олардың елдің есебінен күн көретін арам тамактар екенін, алдамшы, опасызың өрескел әрекеттерін әшкерелейді. Мұның бәрі мазмұн жағынан етімді мақал-мәтел түрінде айтылады. Оған “Ескі мешітке көкек азаншы, есі кеткен ауылта есек азаншы” деп молданы есекке теңеу, немесе “анқау елге арамза молда”, “дүміше молда ел бұзар”, “сопы сүмнан шығады”, “өләнді жерде өгіз семірер, өлімді жерде молда семірер”, “Қожа, молда елді аздырады, қурай, құмай жерді аздырады”, т. б. осы сияқты мақал-мәтелдер күә болады.

Алланы тану, ислам дініне сену жайындағы қазақтың ұғымы осындай.

Н а м а з. Әрбір мұсылманның құдайға “құл” екендігін таныту нышаны бас июі. Мұны, құлшылық ету деп атайды. Намаз күн сайын бес уақытта етеледі: тан сәріде, түсте, күн батарда, іңірде, жатар алдында. Намазды өтеу алдында адам сүмен тазаланады, оның аты — дәрет алу. Су жоқ жерде құммен тазаланған болады. Оны аты арабша — тәярмим, қазақша — дембі. Намаз жайында қызық әңгіме бар. Қазақтың көп руларының бірі — Уақ. Одан кара қасқа атты Қамбар, Еркекше, Еркосай, Сары, Баян сияқты халыққа, тарихқа аты белгілі батырлар шыққан. Уақ, Орта жүзге жатады. Мекені, Семей, бұрынғы Ақмола аталған өлкелерде.

Уақтың бір атасы Ергене. Анызда осы Ергене намаз окуды білмей (исламға кешірек кірген болу керек), ел арапал жүрген қожадан “ол не?—деп сұрапты-мыс. Қожаның құлығы ма, мыскылы ма?— “Бал арасын ұясымен үйіңе жинап алсан, намаз үйретеді” депті. Соған наңған Ергене ебін тауып, бал арасының бір ұясын қапшыққа салып үйіне әкеліпті де, өзі сияқтыларды жинап, намаз үйретер деген үмітпен арапарды үядан шығарыпты. Босанған араптар жабыла талаған кезде, шыдай алмаған Ергене де, басқалары да сасқалактап үйден қаша жөнелгенде Ергене кигіз үй есігінін “ергенек” атаптатын жақтауын мойнына іле кетіпті. Ергенені бір туысы іздел сұрау салса, көрген біреу “ергенегі мойнында, нағаздары койнында” депті-міс. Сондыктан Қалды атын жүрт өзгерпіп Ергене атап кеткен екен, деседі.

Үлкендерден естүіміз: қазақтар ертеректе (шамасы XVIII ғасырға дейін болса керек) намаздың шартын,

дүғалықтарын білмеген шақта, намазға “ак қойдың келдесі (басы), қара қойдың келдесі, мен құдайдың пендесі” деп жығыла берген.

Намаздан кейін әрбір мұсылман орындауға міндетті “ораза” бар. Ол жыл сайын арабша “рамазан” аталатын айда болады. “Аузын бекіткен” адам таң сәріден күн батқанға дейін, дәм таттай аш жүрге мәжбүр болады.

Қазакта “ораза, намаз тоқтықта, қарны ашқан молданың сәлдесі қалағ боктықта” деген де мақал бар.

Оразаны мадақтайтын арабша “иә, шәһри рамазан”, қазақша “жарапазан” аталатын жыр бар. Оны ел актап айтатындарды қазақ “жарапазаншы” дейді. Жырдың арабша, иә шағатайша, немесе татарша сөздерін білмейтін қазақ жарапазаншылары:

*Мінгени пайғамбардың жириен дейді,
Бес намаз шамаң келсе үйрен дейді.
Бес намаз шамаң келмей үйренбесен,
Тілінді темір істікпен түйрер дейді,—*

деп қазақ фольклорына айналдырып жіберіді. Қазакта жарапазаншылық, қайыр сұраудың дінге негізделген бір түрі.

Қазакта да “Ораза” және “Құрман” аталатын екі аят бар. Қазактар “Айт” — аттынікі, той — тондынікі” деп, олардың кедейге қуаныш еместігін білдіреді.

Ислам дінін өзге көршілерінен кешігіп қабылдаған қазақтар мал салығы “зекет” пен астық салығы “ғұшырды” бір бөлшегі Қоқан хандығына бағынғандығына дейін төлемеген.

Қоқан 1732 жылдан бастап қазіргі Өзбекстанның Фергана өлкесінде, құрылған хандық. Оның астанасы “Қоқан” (Қоқанд) аталатын қыстакқа орналасқан. XV ғасырдағы араб саясатшысы Ибн-Хаукальдің айтуынша, Қоқан сол кезде бар қыстак. Бертінгі тарихшылардың айтуынша, қыстак орнағанға дейін ол орында қопалы қөл болады екен, сонда жабайы шошқа көп екен. Хук,— ескі өзбекше — шошқа, Хоханд — жабайы шошқалар мекені.

1732 жылы Бұхара хандығынан белініп, өз хандығын құрған Әбдірайым ордасын Қоқан қыстағына орнатқаннан кейін, ол билеген өлке Қоқан хандығы аталып кеткен.

Бұл хандық кени келе алғаш — Сыр бойында, одан кейін Шашта (Ташкент) құрылды, оған дейін екі жүз жылдай жасаған қазақ хандығын 1798 жылы жауап жояды да, елін қарамағына алады. Содан кейін 1875 жылы Қоқан хандығы жойылып, әлі Ресейге бағынғанша, қазіргі Қазақстанның оңтүстігіндегі облыстары: Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Өнтүстік Қазақстан, Қызылорда — бес облыс — Қоқан хандығының қарамағында болады.

Дін салығын сұлтау қып, қазактардан да зекет пен ғұшыр жинау осы кезде жүреді. “Бір кісі таққа мінсе, қырық кісі атқа мінеді” деп қазақ мақалы айтқандай ханның датқалары (әкімдері) қазақ ауылдарынан зекет пен ғұшырды зорлап жинаиды. Бұл салықтың ауыр салмагы қарапайым халыққа түседі. Қоқан хандығы жойылса, онтүстік облыстардан да зекет жойылып, қожа-молдалар егіші елдерден, арбалап емес, дорбалап, тек ғұшыр ғана алатын болған.

Хажылық — күші жеткен адамның Меккеге барып, Байтоллаға (құдай үйіне) тауаф етуі (құлшылық ұруы) Бұл міндетті өтеген адам “хажы” аталады.

Қазақтың ескі жылдарында “қырымнан келген қырық әжі (хажы), қырық әжіге бір қазы” (дін әкімі) деген сөздер кездеседі. Сол кезде қазақтан ондай хажылар болмаған сияқты.

Біз білетін мәліметтер Орта жүзде “Арқа” аталатын өлкенің қазақтарынан қажылыққа барғандар XIX ғасырдың ортасында Құнанбай (Абайдың әкесі), Сибан руынан — Өтемістің Аққозысы, Ұлытаудағы Бағаналы руынан Жүзеннің (атакты Сандыбайдың Ерденің туған ағасы) Бимендісі деседі. Бұлардың сапары туралы Омбының архивінде сакталған материал бар. Хажылыққа аттану үшін, оған барушыларға жергілікті әкім — губернатордың рұқсаты керек. Сондай адамдардың бірі Құнанбай Омбыға барып, жол жайын біледі-ау деген Шоқан Уәлихановпен ақылласады. Шоқан оған:

— Тура жолы: Одесса қаласына поезбен барып, одан әрі Қара және Орта теңіздер арқылы кемемен кету,— дейді. Бірақ бұл жолмен қазір жүре алмайсыздар, өйткені жақын арада Россия мен Туркия соғысқалы жатыр. Соғыс кезінде теңізден кемемен жүру мүмкін емес.

— Енді қалай жүреміз?

— Тек, Каспий және Қара теңіздерінің күнгей жағасы арқылы атпен кетуге болады, ол ауыр да үзак жол.

Құнанбай да, Аққозы мен Бименді де қызындыққа көнеді. Олар қарулы жас жігіттерден 25 нөкер алып, бір түйеге құрт, ірімшік, сүр, жент сияқты бұзылмайтын азықтарын артып, екінші түйеге керекті киімдерін артып, жолға шығады.

“Сол сапардан,— дейді білетіндей — Меккеге кеткендер еліне бір жыл, үш айда оралыпты-мыс.

Шоқанның ислам діні туралы жазғандары бойынша қазақтан да хажылыққа барушылар көбейген. Сонда олардың көбі дін құмарлықтан емес, хажылық атағын жаю мақсатымен барған, себебі, қазақ елінде “хажы” дегендер сыйлы адамдар болған. Осы дақпыртпен ислам дінінен

хабары жок кейбір байлар ла Меккеге бара берген. Бұл жайында XX ғасырдың басында өзім тұған өлкедегі болған бір оқиғаны мысал ретінде айта кетейік.

Керей руында Айдостың Андамасы деген бай өткен. Малы көптігінін үстіне ол маңайдағы ел ішінде бірінші болып ақша жинаған көрінеді. Соның қол астында арабша және орысша сауаты бар әрі ақылды, әрі пысық, жасы Андамастан кіші Рамазанның Абылайы деген кісі болған. Сол Абылай Андамастың көп ақшасын пайдаланып, жер көріп, ел араламақ болады да, оны Меккеге, хажылыққа баруға азғырады. Хажылықтың не екенин білмейтін Андамас Абылайдан түсінеді де, “өзім адасып өлемрін, сен бастасан барайын” дейді. Абылайға керегі де сол.

Ол кезде Меккеге барушылар жол шығынына көп дегендеге бірер мың сомды әзер табады екен. Ал Андамасқа Абылай жиырма мың сом алдырып, екеуі сапар шегеді. Бірақ, бұлар басқа хажылар сияқты шөл даламен емес, поезбен, Ламанышқа жетіп, одан әрі Атлантика мұхиты арқылы бүкіл Еуропаны жағалай, қажетті қалаларына тоқтай отырып, Жер Орта теңізіне шығады. Мысырга, одан Суэц каналының Жидда портына барып, ар жағында жақын тұратын Меккеге дік ете түседі. “Сонда,— дейді айтушылар,— құрбан шалатын күнге әрекет жеткен екен... Ол күнге ілікпесе қажылығы өледі екен”. Бірақ, оған Андамас қайғырмай: “Ақшаның қызығын көрдім-ау!” депті.

Өзге де қызықтарды құмартса көрген Андамастың Мекке жеріне көңлі толмаса керек. Қажылықтан еліне келгенде, одан әркімдер: “Меккеде не көрдін? Қалай екен?” десе, Андамас: “ит байласа тұрғысыз жер екен. Атағы сондай бола тұра, жарықтық пайғамбар, жаман жерге неге қоныстаған?!” депті де, барған жерінің атын білмекші болып:

— Осы, біз іздел барғанның аты кім еді?— депті Абылайға.

— Біздің арғы атамыз Мәмбет бар фой. Соны бурмалап айтсаңыз “Мұхаммед” болып шығады — депті Абылай.

— Оның бағынатын ешкімі бар ма?

— Құдайдан басқа ешкімі жок,— депті Абылай.

— Қай құдай,— депті Андамас,— біз бағынатын ба, басқа ма?

— Әрине, сол! Сонда, санын бір-ақ соқкан Андамас:

— Ол да біз бағынатын құдайга бағынса, осы жолға жұмсаған шығынымды Керей-Уақтың қаріп-қасерлеріне үйде отырып-ақ үlestіре бермей, мықтының өзіне жалбaryнбай, біреу арқылы жалынып, оған неге бардым?” депті.

Медресесі, мешіті жоқ сауатсыз ауылдағы ислам дініне сенетін қазақтардың тәнірі туралы, оған етейтін міндеттері туралы түсінігі де, атқару түрі де осындай тұрліше.

*Мен жасымнан көп көрдім,
Мұсылманы, кәпірді.
Абыралыдай көрмедім,
Намаз білмес пакырды,
Кира-әлтіні оқытып,
Көріп едім, шатырды,
Ниет қыла білмейді,
Не қылады нәпілді —*

деп мазақтайды. Сұндеттегі намаз азаның айта алмаған біреу,—“Әшхәдү-ән-лә иллалла”— деген сез орнына “ашаны айнала бер” десе керек, осы сез кең жайылып, тәкбір (2) азанының атын “ашаны айнала бер” койған елдердің көрдік.

Сұндеттің бір шарты ер баланы сұндеттеу болса, өйтүге әлі келмеген (қаражаты жоқ) адамдарда сұндетtelмей кеткен адамдар кездесе берген. Мысалы, Атақты Үбірай ақын Сандыбай ұлы жатақтан байыған Көшке деген кісіні кеміткенде:

*Тұрдығұл сенің әкен өзеген кісі,
Боқтығын әр қаланың қезген кісі,
Сұрасаң нағашыңды шәмпі бөрік,
Ол дағы ұстарадан безген кісі.—*

деген. Мұстахабты орындағандар кемде кем. Ондайлар қазақ ақша жинаған соңғы ғасырлардаға ұшырасады. Мысалы, Құнанбай Меккеге барғанда “Тәқия” аталған “құдай үйі”— мейманхана салдырыған. Одан кейін хажылыққа барған адамдар соны мекендей жүрген. Мұсылман арасында Құнанабайдың атын таратқан осы ісі деседі.

“Харам” (казақша — арам) деген сезді қазақтар арабтан басқаша түсінеді. Арабта “харам” тыйым салынған нәрсе, мысалы, Меккеде Мұхаммедке құлшылық ететін мешітті “харам” дейді. Оған мұсылмандардан басқалардың кіруіне әлі күнге дейін тыйым салынған. Мұсылман әкімдері немесе имамдары көп әйел алған. Соларды жүртқа көрсетпей ұстайтын мекенді де арабтар “харам” (орынша — гарема) деген.

Бұхара хандығының 1921 жылы “тағынан тайған” әмірінің гаремасында 45 әйелі болған дейді, солардың төртеуі — шаригат қосатындар, калғаны “канизактар” (күндер дәрежесінде). Қоканның соңғы ханы — Худаярдың гаремасында жастары тоғыз берін төрттің араңындағы 85 әйелі болған. Орта жүздің соңғы ханы Абылайда 23 әйел болған.

Қазактар “харамды” өз мағынасында емес, жолауға болмайтын жаман, “арам” нәрсе мағынасында үгады. Ислам дініндегі елдер тек бауыздалған малдың етін ғана жейтін мәлім. Ал исламға дейінгі қазактар малды: “сениң өлгенің жаңа, менің көргенім жаңа” деп наизамен шапшып өлтіреді екен де, етін жейді екен.

Қазақ үшін қан ішетін, яғни, басқа бір жәндікті өлтіріп жейтін аңдар мен құстардың бәрі де арам. Ескі салт есіртетін ішімдіктерді, адам өлтіруді, некесіз әйелмен жүруді, кісі ақысын жеуді, әке-шешесін, үлкенді ренжітуді тыяды. Қазактар да солай түсінеді.

Әр діннің өзінше зарамы (арамы) бар. Мысалы, христиан дініндегілер түгелімен жылқы етін арам санайды. Ислам дініндегілердің ішінде де жылқы етін арам деп жемейтін халықтар аз емес, мысалы, арабтар, парсылар, түрікмендер, азербайжандар жылқы малын аз өсіргендіктен, оны соғыста және шаруашылықты көлік күшіне ғана санаған. Осыған байланысты болу керек, жылқы етін арам деп оны жемейтін болған. Ал көшпелі елдердің, бұлардың ішінде қазактардың көп есіретін малы жылқы болғандықтан, оның сүтін, етін пайдаланбай отыра алмаса керек. Ал оның есесіне бүкіл ислам дініне сенуші халықтардың барлығы дерлік шошқа етін арам деп санаиды.

Сол сияқты араб тілінде, некесіз әйел — нә-махрам. XIX ғасырда жасаған атакты Орынбай ақын Көртагыұлы бір жиында әйелдер отырган тұсқа қарай берсе керек. Соны көрген Акан сері әзіл тастап:

*Ореке, біз бір қайық, сіз біз кеме,
Сөзімде қате болса, сөзге көрме,
Пайғамбардың жасына келген шақта,
Нә-махрамең көз салған бұның жөн бе?*

депті. Сонда Орынбай:

*Ежелде жақсы ат пен тон малдыда,
Ақыл-айла болмайды жоқ жарлыда,
Фаріз, уәжін, сүндепті түгелден бол,
Жалғыз-ақ, “нә-махрам” деген сөз қалды ма?—*

деп жауап қайырган.

Қысқасы, қазактың ислам дініне багынуына бірталай уақыт болғанымен, жогарыда айттылғандай, қазак арасында ол тамырын терең жібере қойған жоқ.

Мындаған жылдар бойына жәрдемді мифологиядан, яғни ойдан жасаған тәңіріні таппак болған адамзат, біраздан кейін ондай тәңіріні өз болмысынан, яғни деңесінен іздеғен. Сондай тапқаны аруақ.

Ойдан шыгарылған мифологиялық құдайлар мен аруактарға сиынған адамзат өзінің тіршілік үшін күресінде, дәрменсіз болған кезінде “жәрдемші” күшке сенген еді. Сондыктан да, ондай “жәрдемшілерді” олар ойдан шыгарып, ақырын тәніріге айналдырган.

Алайда, адам баласы тіршілігіне қажетті еңбек құралдарын жасап, оларды үнемі жетілдірудің нәтижесінде табиғатқа белсенді “әсер етіп, бертін келе, ғылым мен техниканың өрістеуіне байланысты адамдардың табиғаттан, тыс ешқандай “жәрдемші” күштің жоғына көзі жете бастайды. Сейтіп, өз бақыты өздерінің қолында, тек өз ақылы мен еңбегіне ғана қатысты екенін түсінеді.

Ал дінге келетін болсақ, олардың қайсысы болсын ғылымға, ғалымдарға қарсы ғасырлар бойы күрес жүргізіп, ертедегі көрнекті ғалымдарды қудалап, оларды тәнірі та-нымайтындар, құдайсыздар, яғни еретиктер деп жарияладап, орта ғасырлардағы инквизиция сотымен соттап, дарға асып, тірідей отқа жағуға дейін барды. Сол құрбандардың ішінде Италияның атакты ғалымы Джордано Бруно (1548—1600) т. б. болды. Бірақ, олар инквизиция сотынан, өлім жазасынан қорықластан ғұмырының актық минутына дейін өздерінің ғылми идеясының дұрыс екендігінен бастартпай, оны ақырына дейін қорғады. Сол сияқты француздық қолбасшы батыр қызы Жанна д, Аркты да бұл елді жаулап алған ағылшындар құдайсыз деп айыптаپ, тірідей өртеген. Француздардың сол орынға қойған ескерткішін және сөнбейтін от (факел) жаққанын 1961 жылы өзіміз де көрдік. Сол ескерткіш тұрган жерге барушылардың лек-легі күн үзын арылмайды.

Ой-сана өркендеу жолында ең алғаш дінге диалектикалық материализм тұрғысынан нағыз ғылми түсінік берген марксизм. Маркстің айтудынша, “дін халықтың басын айналдыратын апиын”.

В. И. Ленин өзінің “Социализм және дін” деген еңбегінде “Дін дегеніміз өмір бойы басқа біреулерге жұмыс істеумен, мұқтаждықпен, жалғыздықпен жанышылған халық бұкарасын барлық жерде бірдей басқан рухани езгінің бір түрі. Жабайы адамдардың жаратылыс пен күрестегі әлсіздігінің құдайға, жын-шайтандарға, кереметке, т. б. нануды туғызатыны сияқты, қаналуши таптардың қанаушылармен күрестегі әлсіздігі де — ол дүниедегі жақсы тұрмыска нануды сөзсіз туғызады. Бүкіл өмірін жұмыс істеп, мұқтаждықпен өткізіп жүрген адамды дін бұл дүниеде шүкіршілік етуге, шыдамдылыққа үйретеді, құдай ол дүниеде жарылқайды деп жұбатады... Дін... адамға лайық азды-көпті тұрмыс жөніндегі өздерінің та-

латын тұншықтыратын рухани удың бір түрі”¹ деп діннің реакциялық мәнін терең талдайды.

Мінеки, қанаушы тап ұstemдігі кезіндегі діни сенім жайы осындаиды.

Тек Октябрь революциясынан кейін ғана Ұлы Ленин үйымдастырган Коммунистік партияның басшылығымен бұрын қараңғы халық дін шырмауынан боса-нып, жаппай білім алуға, сан алуан ғылым жүйлерін игеріп, оны дамытуға ат салыса кірісті. Қазақ елі өзінің Советтік дәуірдегі жарты гасырдан астам өмірінде, экономикасы, мәдениеті еселең дамыған ең ірі республиканың бірі болды.

Бұдан елу жыл бұрын көрмек түгіл атын естімеген радио, телевизор, көгілдір от (газ), су құбыры, электр жарығы қазір әр ауылда әр үйде бар. Бұрынғы шаңы аспанға шығатын жауын-шашын болғанда ми батпақ болып кететін жолдардың орнына асфальтті және темір жолдары салынды. Қазіргі жолаушы поезд бен автомашинаны міссе тұттай, барап жеріне самолетпен кететін болды. Телефон, телеграф сымдары кең даланың өн бойын торлап жатыр.

Мәдениетті, отырықшы ауылдар, қалалар, салтанатты сарайлар көбейді. Бастауыш орта мектепті жүзден, мыңдап, жогары оку орындарын ондап санаймыз. Оқымысты, мамандар да толып жатыр.

Советтік дәуірге дейін “батыр” немесе “ер” атағы тек соғыста ғана еркектер қатарынан шығатын еді. Адамзаттың мыңдаған жылдық тарихында адам еңбегін бағалап, оны құрмет тұту тек советтік дәуірде ғана пайда болды. Қазір бір Қазақстанның өзінде мыннан аса Еңбек ерлері бар, олардың екі жүзден астамы әйелдер. Ал солардың ішінде мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, мамандармен қатар сауынши, малши, егінши, теміржолши, тракторши, комбайнши, жұмысши, мұғалім сияқты қарапайым еңбеккерлер де көп.

Сондыктан, қазіргі азат еңбек иелері, тіршілігіне жәрдемді мифологиялық күштерден емес, өзінің қажырлы еңбегінен күтеді. Ұлы ақынымыз Абайдың,—

*Еңбек етсөң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей,—*

дейтін өнегелі сезі советтік социалистік дәуірде ғана өзінің шыны мәнінде ие болды.

¹ В. И. Ленин. Шығармалар, 10-том, 71—72-беттер.

Кейінгі есеп бойынша дүние жүзінде мындаған тіл бар. Қазақ тілі соның ішіндегі түрік текстес тілдер тобына кіреді.

Сөздерінің көпшілігі түбір алдынан қосымша, артынан жұрнақ жалғану арқылы жаңа туынды сөздерден құралатын тілдер бар. Оларға араб, орыс тілдерін жатқызуға болады. Ал қазақ тілі түбірге тек сонынан ғана жұрнақ жалғану арқылы жасалады. Қазақ тіліне түбірге алдынан жалғанатын сөздер иран арқылы келген. Мысалы, баксыз — бейбак, тараңсыз — битарап, қамсыз — бейғам, тағы тағылар.

Түркі тілдес халықтардың сөздерінің басында кейде “я” немесе “ж” әріптері алмасып келіп отырады. Мысалы, кей тілдегі яхшы қазакта — жақсы, яш — жас, яман — жаман... ямғур — жаңбыр, яхия — жақия, тағы-тағылар.

Біраз тілдермен салыстырығанда қазактың көшпелі тұрмысы көрші елдердің тіл ықпалына аз ұшыраған. Мысалы, азербайжандар мен өзбектерге иран мен араб сөздері, үйғырларға қытай, монгол сөздері, Еділ бойының түркілеріне — орыс сөздері көбірек кірген. Татарлар “тазарту” деудің орнына “чистарту” дейді.

Дегенмен, қазақ тілінде де көрші тілдердің әсері жоқ емес. Мысалы, соғда заманынан қалған иран сөздерінің, Шыңғыс ордалары кезінен қалған монгол сөздерінің, ислам діні тарағаннан бері кірген араб сөздерінің элементтері қазакта да бар. Бірақ, қазактар ол сөздерді өз тілінің үндестік (сингармонизм) заңына бағындырып: иранның “пешене” (мандай) деген сөзін “бесене”, “ромаль” (бет сұрткіш) деген сөзін “бәтуа”, “құрбан” сөзін “құрмалдық”, “рузаны” “ораза” дег айтты, “қатын-қалаш”, “тоқты-тоғым”, “бала-шаға” дегендегі қос сөздердің екінші қосағы: қалаш, тоғым, шаға дегендер монголша атаулар. Мен “Орынша-монголша сөздік” аталатын кітапты құрастырығанымда мағынасы қазақ пен монголға ортақ мынға жақын сөздерді ұшыраттым.

Иран тілінен келген “кар” “гар”, “шы” жұрнағы қазақ тілінде өте көп сөздер, жасауға себеп болған. Мысалы, саудагер, қаламгер, зергер, дәрігер, сайыпкер, мұрагер, айлакер, тағы тағылар. Бұл жұрнақтардың біразы қазактың “сауда”, “мұра” сияқты байыргы сөздеріне жалғасады. Біразы араб иә иран сөздеріне жалғасады. Мысалы, “зер” иран тілінде “алтын”. Зергер алтыншы; арабша “һұна”— гүнәһ, қазақша — күнәкар, айыпты тағы тағылар..

Орыстан келіп қазаққа сіністі болып кеткен сөздер де аз емес. Мысалы, жоғарыда айтылғандай, ер-тұрмандарынан, ыдыс-аяктардан: самовар — самауырын, кровать — кереует, хомут-қамыт, дуга — дога, т. б . сияқты сөздер аз емес.

Осылай көрші тілдермен аудыс-түйісі болмаған тіл дүниесінде жок. Қай халықтың тілі неғұрлым бай болса, өзге тілдермен араласуы ла соғұрлым басымырақ келеді.

Тілдің тілшіліктең мәніне, қазақ ежелден ерекше көніл болғен. Сондықтан да “өнер алды қызыл тіл” дейді.

Қазақтың тіл өнерінің бай екендігін, оның фольклоры (аудыс әдебиеті) растайтын дәлелдерді мақал-мәтелдерден алған мысалдардан айқын көрдік. Оларға “шешендік” сөздерді, әрқылы жырларды коссак, тіліміз тіпті молайып, көркейіп кетеді. Осы жерде айта кететін бір жағдай: жер көлемі бес Франциядай жайылып жатқан, оның үстінен Октябрь революциясына дейін тұтас мемлекеті, мектебі, баспасөзі болмаған қазақ халқының өзіндік тілін гасырлар бойына таза сақтап келуі — қайран қаларлық іс. Қазақтың кең даласының түкпір-түкпірінде бытырап жүрген қазақ руларының тілдерінде аздаған жұрнақтың өзгешелігі болғанмен, түбір сөзінде түк айырма жок.

Жұрнақта, мысалы Орта жұздің: барған, жүрген, келген сияқты сөздерін кіші жұз елі: барулы, жүрүлі, келулі ... дейді. Орта жұздің: барайық, жүреік, келейік ... дегендерін Ұлы жұз: баралы, жүрелі, келелі ... дейді. Орта жұздің бар, жұр, кел сияқты бүйіру райларын, Ұлы жұз: барғын, келгін дейді. Семей жағы “ашы” деудің орнына “ашты” дейді, соган қарамай өз шығармаларында Абай “тілі ашты” демей “тілі ашы” деп жазады. Арқа жағында “әшәдду”— деген сөзді колданады. Онысы арабтың ““тәшиш”—“қатты” деген сөзінің үгымын береді. Қостанай, Жамбыл, Алматы қазақтары “көрім” дегенді “жаман”, “сұмырай” магынасында колданады. Қызылжар, Семей, Өскемен жағында ол “жақсы” дегенді білдіреді.

Осылар сияқты мәрдымсыз айырмашылықтар болмаса, қазақ тілі қазақтың қай жүзіне, қай руына болса да ортак: аралары тым алшақ Каспий түбегі мен Алтай тауын, Сырдария мен Ертісті мекендейтін қазақтардың тілінде де, әдет-ғұрпында да, салт-санасында да, мінез-құлқында да кезге түсерліктең айырмашылық жок. Неге бұлай екендігіне дәлелді жауап берген ғалым әзірге жоқ. Біз де бұл сұрауға нактылы жауап бере алмаймыз. Тіл туралы корытынды ретінде әзірге айтарымыз, халық тілінің мол байлығын, жазба әдебиетімізде бірінші рет, мазмұнын байыта отырып, молынан пайдаланған адам Абай Құнанбаев.

Ол ез шығармаларын “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”, деп бастап, “Максатым тіл ұстартып, өнер шашпақ” деп қорытындылайды. Абай қазақ тілін мәдениеттің биік сатысына шығарып кеткен. Оның бұтағын жемісті мол дараққа (агашқа) баласақ, қазактың одан бергі әдебиетшілері соның өн-бойынан өрбіген жемісті бұтақтар.

Абайдан бергі қазақ тілі тек советтік дәуірде ғана жогары оқу орындарында оқытылып, баспасөзде жанжакты өрістеуге мүмкіндік алды. Ол ғылым мен техника жетістігін еркін сипаттап, ез оқырмандарына баяндап бере алатын дәрежеге көтеріледі. 14 томдық “Қазақ энциклопедиясы” шыға бастауы да қазақ тілі дамуының биік шыңы болып отыр. Тіл байлығы туралы ендігі сез, “Жан азығы” аталатын арнаулы белімде толығырақ айтылады.

III. МЕКЕНІ ЖӘНЕ ЕЛДІГІ

Қазақ халқының көне замандардан қалыптасқан жер көлемінің батыс жағы Каспийге, шығысы мен терістігі — Сібірге және Алтай тауларына, құнгейі — қазіргі Қыргызстан, Өзбекстан, Түркменстан және Қарақалпақ автономиялы республикасын шектеледі.

Көлемі бес Францияға, тоқсан екі Бельгияға пара-пар келетін бөл өткені қазақ халқы шетел басқыншыларынан қорғап, Октябрь революциясынан соң Советтік Қазақстан өлкесіне айналды. Қазақстан жері алуан түрлі көндерге, өсімдіктер мен жан-жануарларға аса бай екені социалистік құрылым жылдары анықталды.

Бұл такырыпта 1971 жылы орыс тілінде, “Көшпелі қазақтардың шаруашылығы” деген атпен замандас ғалымымыз Серғали Толыбековтің кітабы шықты. Осы кітапта қазақ халқының өртедегі түрмисы, шаруашылығы да едәуір қамтылады.

Химияғыныңда көрнекті тұлға саналатын Дмитрий Иванович Менделеев (1834—1907) ашқан химиялық элементтер кестесінде көрсетілгендердің бәрі қазақ даласынан Совет өкіметі жылдары табылып, мұнда дүние жүзіндегі ең ірі металдарға еті бай, Ұлы Отан соғысы жылдары жауға атылған оқтарды жасауға жұмсалған түсті металдың көпшілігін Қазақстан берді.

Қазақ жерінің көн байлығы осындаі бай болса, алтын астығы да мұнан кем түспейді. 1953 жылы партия мен үкіметтің қазақ жерінің тыңын кетеру туралы қаулысы шықты. Осы қаулыға сәйкес 1954 жылдың қоңыртасынан бастап, жаралғалы соқаның түрлені тимеген көн өлкенің миллиондаған гектар тың жері көтерілді. Сейтіп Қазақстан

жыл сайын миллиард пүттән астық жинай алатын болды. Мысалы, ол 1972 жылы Отан қоймасына бір миллиард пүттән артық астық құйды.

Сөйтіп, қазақтың тасырлар бойы құлазып жатқан кең даласы қойнын кең ашып, еліміздің мол байлығына орасан зор үлес қосты.

Қазакта “ел”, “жұрт”, “халық”, “отан”, “агайын” деген сөздер бар. Бұлардың бәрі де ру магынасынан әлдеқайда кең, олардың әр қайсысының тұтас бір ел, халықтар сыйып кетерлік магынасы бар.

Ең алдымен “ел” туралы. Бұл орыстың “страна” деген сөзімен пара-пар. Қазақ мұны үлкен сөзге санап: “елдің елдігін білмеген, құдайдың бірлігін білмейді”, “ел іші — алтын бесік” дейді.

“Ел” кейде: орыс елі казак елі, үнді елі... деген сияқты мемлекет магынасында да айтылады. Бір мемлекеттен екінші мемлекетке өкіл болып баратындарды “елші” деп атаяу сондыктан.

“Жұрт” та, “жұртшылық” та ел магынасында колданылады. Ал “жұрттың жұртында қал” деген мақал да жұртты жеке адамнан жоғары қояды. Көшкен елдің орны да “жұрт” деп аталады. Болмашы бірдемелерге жанжалдасатындарды: “бір байдың жұртына екі тышқан таласады” деп мысқылдайды. Қоныс ауыстыруды казак “жұрт жаңарту” дейді. Орыстың кигіз үйді “юрта” деуі осы “жұрттан” шығуы мүмкін. “Ел” мен “жұрт” түркі сөздер.

Қазакта “агайын” деген сөз: туыс, рулас, кейде тұқымдас магынасында айтылады. Қазақ “агайын — ашы, мал — тұшы”, артқы айылдың батқанын иесі білмес, ат білер, агайының азғанын жақыны білмес, жат білер” дегенді де осы магынада айтады.

“Агайын” деген сөздің аргы тегі “ага — іні” деген сөздерден шықкан сияқты. Қазакта: “Бар болсаң агайының кере алмайды, жоқ болсаң ”мә, саған” деп бере алмайды”, деген де сөздер бар. “Торқалы — той, топыракты өлім” аталатын шақтарда немесе бір іске “ұме” яғни “асар” (жәрдем) жасағанда агайындардың бірлесіп кететін дәстүрі бар.

“Отан” да арабтың “ватан”, яғни “өлке” деген сөзінен шыққан. Бұл советтік дәуірге дейін өте сирек колданылатын сөз. Ал, “ұлт” деген сөзді қазақ советтік дәуірge дейін “отанға” тіркемей айтпаған.

Кейін казак құрамына кірген руладың бәрі де бастарынан хандық дәуірді өткізген. Хандар “үлкен” иә “кіші” бола берген. Көп руды бағындыратын хандар “ха-қан” (“қаган”), яғни “хандардың ханы” аталған. Біздің жыл

санауымыздан бергі заманда түркілерден “шығыстық” және “батыстық” болып аталатын каганнатор осылар.

“Қазақ хандығы” аталатын өлке 15 ғасырда өмір сүрген өзбек Әбілқайыр ханның (1465 жылы елген) тұсынан мәлім болған. Сол кезде Жәнібек пен Керей аталатын кіші хандар Әбілқайырга екпелеп көшіп кетеді де, Жәнібек Еділ сағасына қазіргі Астрахань қаласын салып хандық құрган. Керей Ертісті сағалаған. “Әр ханның тұсында бір сұрқылтайды” (сөзуар) болады дегендей, Жәнібек ханмен тұстас Жиренше атты шешен болғаны туралы, оның тапқырлығы туралы қазақ арасында толып жатқан ақыздар, әңгімелер бар. Халық тапқырлық иесі Жиренше емес, әйелі Қараашаш деп көрсетеді. Мысалы, бір кезде Жәнібек Жиреншеге бір өгіз беріп: “келер жылға дейін бұзаулат” деп бұйырады. Мезгілді уақыт өткеннен кейін хан өгізінің жайын білгені Жиреншениң үйіне барса, әйелі Қараашаш кездесіп қалады. Одан хан:—“Шешен қайда?”— деп сұрайды. Қараашаш:—“Босанып жатыр еді”, депті. Хан:—“Ереке те босана ма екен?”— десе, Қараашаш:—“Онда өгіз де бұзауламайды гой” депті. Хан: “Ә, солай екен гой!”— деп жеңіліп қалыпты деседі. Ханның Жиреншеге осындай қисынсыз тапсырмалар немесе сұраулар берудегі себебі — ол Қараашашқа құмар болған. Егер Шешен сөзден жығылса, сылтауратып әйелін тартып алмақ екен дейді жүрт.

Алайда “Қазақ хандығы” деп аталғанымен, Жәнібек пен Керей тұсында қазақ атаулының бәрі басын құрамаган. Олар Жәнібек баласы Қасым ханның кезінде біріккен деседі. “Қасым ханның қасқа жолы” деген сол кезде пайда болған.

Бірақ Қасым кезінде де қазақ елі түгел бірікпей, хандарға наразы шағында Орта Азияға, Сібірге, Еділ бойына, Кавказға... дегендей ауытқып кете берген.

Қазақтар “хан — қазық, би — токпак” деп, ханды халықтың тірері — қазығы көргенмен, отырықшы елдердегі хан жарлығына мойын ұсына бермеген; араздаса не ханнан қаша көшетін, немесе ордасын шабатын болған.

Осындай көтерілістер әр кезде, әр хандықта үнемі болып отырды. Қазақта “хан — талау, тон — тонау” деген мәтел содан қалған.

Көшпелі қазақтар арасындағы хан елдің бас әкімі саналып, жалпы басшылыққа ие болғанымен ел ішінің даудамайын бітіріп, екі жақты татуластырып, төрелік, билік айтатындар билер болған. Өйткені бір үйдің ішіндегі “әрі отыр, бері отырдан” басталып, туысқандардың, ағайынның, ауылдың, ұлылы-кішілі аталардың арасынан шыккан даужанжалды бітістіріп, төрелік айтып отыратын төрешілер,

яғни “от ағасы, көс ағасы, ауыл ағасы, ел ағасы” дейтіндер. Осылардың ішінде үкімінің занда күші бар, кесіп айтатындары билер саналды.

Билердің қолданатын зандары көбінесе ата ғұрыптары, яғни көне заманнан бертінге дейін атадан балаға ауысып келе жатқан жол-жобалар. “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы”, “Әз Тәуекенің жеті жарғысы” аталатын зандар қазакта да болыпты дегенмен, қағазға түстей, ел ішінде ауызша айтылып жүрген. Бұл зандауды билетін адамдар сирек болған, білетіндері де жорамалмен ғана қолданған.

Солайша, ғасырлар бойы “ата занын”, яғни “әдет занын” қолданып келген казақ халқы XVII ғасырдан ба-стап Ұлы, Орта, Кіші жүздерге бөлініп, өз хандықтарын құрды. Кіші жүзде Әбілхайыр, Орта жүзде Әлмембет пен Барак хандық құрып, Ұлы жүз түгелдей дерлік Қоқан хандығына бағынды.

Қазақ халқы Россияға түгел бағынғаннан кейін, ауыл арасындағы қазақ әкімдері “ага” және “кіші” сұлтандар деп аталады. Алайда қазақтар соңғы кезге дейін әкімшілік бүйіркітан басқа, бұрынғы ата дағдысынан, яғни әдептік зандан айрылған жоқ. Патша әкіметі де бұл занды бұзбай, дау-шарды шешуді “третейский суд” деп аталатынға тапсырды. Ол сотты жүргізетіндер: сайланған болыс, би, старшын немесе — “ауыл ағалары” болды. Бұлардың бәріне қазақ халқы “билер” деп та қойды.

Қазақтар ислам дінін түгел қабылдағаннан кейін, әдет занына “шарифат ұқімі” араласты. Мұндай екі зандылық арабтардан бастап, мұсылман елдерінің көбінде бар. Арабтар: әдет занын “тариқат”, дін занын “шаригат” деп атайды. Өзге мұсылмандар да солай атайды. Қазақта шарифаттан тариқат басым болған. Бұл занды қолданушылар билер.

Шоқанның айтуынша, Россияға қосылғанға дейін қазақ билері сайланбаған, тек қосылғаннан кейінгілері ғана сайланатын болған. Оның пікірінше қазақ билері өздерінің шешендік, тапқырлықтарымен беделге ие болып билік алатын көрінеді. Онымен қатар би болу, шешен болу тұқым қуалайды деп саналған. Шоқан мұны дәлелдеу үшін Қаракесек руынан XVIII ғасырда шығып, “каз дауысты” Қазыбек аталған адамды мысалға келтіреді. Одан — Бекболат Бекболаттан — Тіленші, Тіленшіден — Алшымбай туып, бәрі де атакты би болған дейді Шоқан. Бірақ “тұқым қуалау”барлық биге шарт емес, өйткені би, шешен болу әркімнің жеке басына қатысты қасиет екені мәлім.

Би қалай сайланды?

Ұсак-түйек дау-шарларды бидің өзі де шешкен, кейде дауласқан екі жақ та сол дауды шешуге өз ортасынан би таңдайды. Онда екеуі де тапқырлық, шешендік танытып, қай жеңгені үстем болады. Қазақтың “істің ағы білмейді, жігіттің бағы біледі” деуі содан. Бұл “қай жағының біи алғыр болса, сол жағының дау иесі де үстем боп, жеңіп шығады” деген мағынада айтылады.

Қазақта билер айтысының бір түрі Мұхтар Әуезовтің “Еңлік-Кебек” аталатын пьесасында өрістеп, билер айтысының сахнасы да, тілі де өте қызығылышты берілген. Осындағы бір оқиганы бала шағымда туған аулымда да көрдім. Біздің Сибанды Тишибай деген байдың Рәзия есімді қызы Уак-Жамантымқа руындағы Көрібай дейтін кедей шаруа-ның баласында атастырылып, үзатылған қыз кедей үйді менсінбей, төркініне кайтып келді. Осыдан Керей мен Уак арасында дау-жанжал шығып, билер шешіміне жүгінетін болды. Оның алдында билер айтысына қай жақтан кімдер шығатыны талқыға түсті. Ен шешен адамды табу үшін екі жақ та белгілі билерін өзара айтыска түсіріп, олардың ішіндегі сыннан өткен ең таңдаулы шешендерін, қарасөз майталмандарын іріктелді. Керей жағынан Оспанұлы Нұртаза, Үактан Қалжанұлы Қостанкелді айтыска түсті. Жұрт “Нұргаза женді” десті. Бірақ олардың қалай жеңгеніне бала кезімізде мән бермеген едік.

Шешендерді немесе билерді бұлай іріктеу әр халықта да бар және көне заманнан келе жатқан әдет. Солардың ішінде тарихта қалып, бізге жеткені көне Римде жыл сайын шешендер айтысын үйымдастыру салты болғандығы, оның тыңдаушысы халық бұқарасы болғандығы мәлім. Соңда тіл өнері ақсандарының атағы шығып, солардың өздерінен, біздің “жеті жарғы” сияқты “он екі жүйе” (кесте) аталған заң құралған. Кейін бұл заң мемлекеттік правога, ресми заңға негіз болып “Римское право” аталып кеткен.

Дау, әрине, әр түрлі болады. Ұсағы үй-ішінің, ағайын арасының ренішінен туады. Мысалы, әке-балага, немесе бала әкеге ренжісе бұл түсінбеушіліктің акыры “еншісін” бөлүмен тынады. Мұндай ұсак істер ауыл ағасының катынасуымен шешіледі.

Ағайын арасының (рулар арасының) алалығы (араздығы) кейде асқынып, бір бірінен бөліне көшіп жат болып кетеді. Мысалы, біздің жыл санауымыздан бұрын өмір сүрген Қаңлы хандығының заманында, одан жапа шеккен Уак руынан қалды деген мынадай өлең бар:

*Қаңлыдан алтау келді деп,
Уаққа зорлық қылмаңыз,*

Уаққа зорлық қылсаныз,
Бурылға көшсө жат болар,
Кылыш шапса мерт қылар.—

осы сөзді айтқан Уақ, Арал теңізінің маңайынан көтеріле көшіп, Арқадагы Обаған, Ертіс өзендеріне кеткен. Арал бойында өзбек ханы Әбілқайырга өкпелеген Жәнібек хан Аргын руын ертіп, Кавказға қөшкен, Керей хан да сейтіп, өзіне бағынышты елін ертіп, Саян тауларына ауған. Мұндай ру ішіндегі ағайындардың ауа көшіп, жат болып кетуі қазактың көп жерінде кездеседі.

Ертедегі қазақ дауларының ең үлкені жер мен жесірге байланысты болды.

Қонысқа таласу көшпелі елдердің арасында көне заманнан келе жатқан салт. Мысалы, қазақ руладарының жерге таласуы советтік заманға дейін созылып, онын алғашқы жылдарында Ақмола (Аргындар) мен Семей (Найман) арасында ушықкан барымта өршіген кезде көп мал, көп адам шығын болғаны мәлім. Осы мәселені 1922—1923 жылдары Қазақ автономиялы республикасы қолына алып, екі жақты бітістіруге мемлекеттік Комиссия жібергенін өз көзімізben көрдік. Жер дауының революциядан бұрын қандай халде болғанын Мұхтар Әуезовтің “Абай” романынан де көреміз. Эр руладар арасында болып келген мұндай жер дауы тек ауыл шаруашылығын колхоздастырыған кезде ғана тыйылды.

Жесір дауы жайлы төменде толығырақ тоқтайды. Бірақ көне заманда мұндай даулар көп елде болғанға үксайды. Мысалы, көне гректің “Илиада” аталағын жиырма мыңнан астам өлең жолымен жазылған халықтық эпосы жесір дауы туралы жыр. Осындай жырлар көптеген халықта бар. Қазақтың “Қозы Қөрпеш — Баянның” да сюжеті сондай.

Қазақтың жесір дауы, барымтаға соқтырыған. Барымта жәбірлік көрген елдің (рудың, атанаң) жәбірлеген елден (рудан, атадан) зорлықпен мал, әсіресе жылқы айдан алуы. Әдетте, бұл әрекет түн мезгілінде жасалады. Жәбірленушілерден бір топ салт атты жәбірлеушілер еліне түн жамылып барады. “Барымта” ру нағызына жататын ұғым. Ол нағызка шаптайтын ағайын қалмаган. Олар өздеріне қарсылас елдің кез келген жылқысын айдан әкете берген. Оны білдірмей сіңіруге тырысқан. Қазақтың “білсе барымта, білмесе сыйрымта” деуі содан.

Жылқысын жогалтқан ел, әрине, білмей қоймайды және мазасызданады. Өйткені егер мал иесі тез хабарланса, барымташылар айдан әкелген малдарын сойын, сатып... деген сияқты шығынға үшыратады. Малын іздеп барушыларға, әдетте, ру, немесе ауыл басылары, араға түсуші

ағайындардың алдында барымтасылардың айып шарттарын орындауға уәде береді де, құғыншылар майдарын алып қайтады. Қазақтың “барымта” қайтыс болмай, сөз айтыс болмайды” деуі содан.

Кепіл болған аралық ағайын, екі жақтың басын тез қосып, өзара татуластырады. Сонда екі жақтың да дауын арқалаушылар билер болады.

Шоканның ойынша, билер ел алдында өзінің шешендік таланттымен танылады. Осындай “таланттар” патша үкіметінің 1868 жылғы шыгарған закыншынан кейін, бір болыс елде төрт-терттен сайланатын болды. Жалпы билер үстем тап екілдері болғандықтан “штаттан” кейін тіпті күшейіп, әр елдің (рудың) қанауушылары, байлары, болыстары билерді өз ырқына қөнетіндерден ғана тағайыннатқан. Мысалы, мен туып-ескең елдің “Аққұсқ” аталатын болысындағы ең күшті әкім Торсан Тілемісов карамағындағы болыстың төрт биін (Мұсірептің Ботбайы, Сағындықтың Жусібі, Қайқының Ережебі, Дүйсекейдің Мырзаканы) өз ауылдастарынан бекіткен. Осындай жәйт бір талай елде ауылды советтендіру жұмысы күшейгенге дейін сақталды.

Қазақтың үғымында “би істің турасын айтатын, жақынына тартпайтын әділ болуға тиіс. Ал әділетсіздік байқалғанда: “тура биде туган жок, туганда биде иман жок” дейді. Мұндағы “туган жок” дегені; жақынына тартпай, “жұз пара”, “қол пара” дегендеге бұрылмай, істі әділдікпен шешеді дегені. Бірақ осындай билер мен әкімдердің көбі “жұз параға”, яғни жақынына тартпай қоймаган. “Қол пара” дегені, алым. Қарсы жақты алым беру арқылы тарту ерте заманнан келе жатқан салт. Мысалы, атақты Ақсақ Темір Хорезмді соғыссыз қарату үшін оның ханына үш мың кой пара берген. Өзге жаууларына да сейткені бар. Монгол Шыңғыс хан да осы әдісті колданып, Хорезм хандығын жаулаудан бұрын, оның саудагерлеріне пара беру арқылы ішкі сырын түгел біліп алған. Сібірдегі Көшім хандығы Ермак басқарған орыс әскерімен соғысып женілгеннен кейін, патша әкімдері колға түсken Маметқұлды Москва абақтысына қамаған. Исті қуып бағран інісі сол кездегі орыс патшасы төртінші Иванға мың бүлғынның терісін парага өткізіп, ағасын аман алып қайтқан деседі.

Патша әкіметінің “шен-шекпен” деген сұлтаумен казақтың хандарына, сұлтандарына, билеріне берілетін атақтар, оның керісінше олардың патша әкімдеріне жіберетін “сыйлықтары” түгелімен парага жатады. XIX ғасырдың орта кезінде Көкшетау дуанының аға сұltаны болған Зілқараның Әлібек есімді баласы қылмысты болып

абактыға түссе, ағасы Тұрлыбек Петербургқа барады да, “ак патшага” жолығып, сұлулығы сұліктей, менсіз қырық кара атты парага өткізіп, інісін ит-жеккенге айдаудан күткәріп алады.

Параның ашығы да, жабығы да бар. Ашығы жоғарыда аталғандай болса, жабығын қазак “бармақ басты, көз қысты” деп атайды. Параның бүл түрін алмайтын әкім ол кезде болмаған сияқты Қазактың “жақсыға (әкімге) бара берме, пара бер” деуі осыдан шыққан. Ең аяғы “ас-су” аталатын тамақ та сатулы. “Пысық” деп атаған ауылдың атқамінерлерін сынаганда, Абай оларға:—

*Өз үйінен тоюға қолық қысқа,
Каңғырып тамақ ақдып жүрсің босқа.
Бір асым ет, бір аяқ қымызыз берген,
Дереу сени жұмсайды бір жұмысқа,—*

деп үрсады. Бізбен замандағы Сұлтанмахмұт Торайғыров атақты Шорман¹ байдың үйінен алтын кесеге құйған қымызды ішп отыргандағы халін суреттегендеге:

*Төңкеріп тоңірегін қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жас бар ма? деп,—*

дейді.

“Әділ” деген билердің өзі жұз парага бұрылмай қоймаган. Оған қазактың “қарына (тұғанына) тарт-пағаның қары (қолы) сынын” дейтін мәтелі куә. Кей би бейтарап болғансығанмен, жөппелдемеге келгенде өз қыртысына (руына, атасына, тұғанына) тартады. Жалпы алғанда қандай да болсын зан қызметкери үстемдік құрушы таптың құралы екені мәлім.

Қазактың ежелгі рушылдық ынтымағының тамырына шабылған балта — патша әкіметінің отаршылдық саясаты. Үлт пен үлтты, халық пен халықты, ру мен руды, ағайын мен ағайынды араздастыру әдісін қолданған бүл саясат, сайлауға, яғни ауыл арасының әкімшілігіне талаусаға түртпек салды да, оған катынасатындар елді араздастырып быт-шыт қылды. Таласушылар, ел билігін қолына алғысы келген малдылар, Абай тілімен айтқанда: “арам болыс, аш билер”. Олар араздақсан елде “әкені бала аңдитын, ағаны — іні” дейтін халге жеткізді. Осы халді көзімен көрген Абай сияқты халық қамын ойлаған адамдар: “партия, ел іші жарылды” деп, елді ынтымаққа келтіруге келтіруге тырысты. Бірақ, мемлекеттік саясат

¹ Шорман Күшікұлы XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Баяндауыл төңірегінде әкім болған, руы Каржас.

олардан әлдекайда күшті шығып, бүлінген жайға ие бола алмады. Сондықтан Абай онымен тынбай қоғам өміріндегі бұл сияқты жағымсыз жайларды поэзиялық еткір тілмен түйреді:

Бай алады кезінде, "көп берем" деп,
"Жетпей түрган жерінде тек берем" деп,
Би мен болыс алады күшін сатып,
"Мен қазақтан" кегінді етерем" деп.

Жарлы алады "қызыметпен өткөрем" деп.
Елубасы²—"шар салып", леп берем" деп
Жалаңқа⁴ жат мінез жау алады,
"Бермей жүрсөң мен сені жек көрем" деп.

Дос алады, "бермесең бұлт берем деп,
"Жауыңа қосылуға сырт берем деп.
"Бұзылған соң мен онай табылмасын,
Не қылып онайлықпен ырқ берем" деп.

Сүм-сүркія —"сүмдықпен еп берем" деп,
Сүйер жансып, "сүйкімді бет берем" деп.
Жұз қараға екі жұз алармен бер.
Бас қатар "бас-аяғын тексерем" деп.

Атана бала аңдибы, ағаны іні,
Ит қорлық немене екен сүйткен күні?
Арын сатқан мал үшін антүрганның
Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні.

Тағы бір өлеңінде Абай —

Алыс, жақын қазақтың бәрі қаңғып,
Аямай бірін-бірі жүр гой аңдып,
Мал мен бақтың кеселін үя бұзар,
Паруардигер³ жаратқан шемін жан қып
Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тіленген малы құрсын.
Қысқа кунде қырық жерге қойма қойып,
Кү тілмен құлық сауған тілі құрсын.
Бір апқа жұз құбылған, жұзі қүйір,
Өз үйінде шертінген паңы құрсын,—

дейді.

Жақсылық әрекетінен нәтиже шығара алмаган Абай, ақырында "Көнілім қайтты достан да, дүшпаннан да" дейді

¹ Дауласуши мағынасында.

² Елу үйдін атынан белініп, болысты сайлауға қатынасқандар.

³ Шар салу — Елубасылары домалақ кішкене тасты (шарды) екіге белінген жәшікке салу арқылы болысты сайлауға дауыстарын беретін болған. Оны жүрт сол кезде "шар салу" деп атаған.

⁴ Жалаңқа — жаландап жүрген паракор-пысықтар.

⁵ Паруардигер

де, “Моласындаі баксының, жалғыз қалдым нақ шыным” деп торығады.

Советтік дәуірде еліміздің басқа халықтары тәрізді қазақ халқы да марксизм-ленинизм негізінде өзінің үлттық конституциясын, үлттық заң кодекстерін жасап, билік жайындағы ата мұраларымен қоштасты. Сонымен қатар, жасы үлкенді, әйелді, досты, қонақты сыйлау, бірлік, береке іздеуі сияқты біраз ізгі салттарын әлгі күнге дейін тұтынып келеді. Бұлар, адамдар арасындағы социалистік қоғамдық қарым-қатынас негізіне құрайтын салттар болып табылады.

Береке, бірлік жайында қазақтың халықтық қағидасы (мәтелі) былай дейді.

*Бақыт, дәүлет келерде ырыс қонады
Бінтымағы елінің дұрыс болады.
Ағайын қояд болады,
Бірі “өған” болса, бірі “бұған” болады.
Көп болып, қонақ аттандырады,
Көбейіп жауға аттанаады.
Үл үқыпты болады,
Кыз қылықты болады,
Катын қамқор, келін көңілді болады,
Жарши жалагер болады,
Иті үрреген,
Жетекте малы жүреген болады.*

Берекелі ел осылай сипатталса, берекесіз ел туралы айтары:

*Бақыт, дәүлет кептерде, ырыс қашады,
Біреуіне біреуі әүле жасайды.
Ағайын араз болады,
Ел толғап өкпе, наз болады.
Ат мінсе — жалақ,
Катыны салақ болады,
Ұлы үқыпсыз,
Кыз қылықсыз,
Келін керенау,
Жарши жан күткіш болады,
Иті үрмейді,
Жетекте малы жүрмейді.*

Осы қағидаларды есінде берік сақтаған қарапайым халық, үнемі береке, бірлікке тырысады. Әр кезде халықтың шырқын бұзатындар қанауышы тап өкілдері.

Қазақтың елдігі жайлы әңгімені жинақтағанда айтарымыз: үлкен рулар, кіші руларға бөлінеді. Мысалы, Керей Ашамайлы, Абакқа: Абактың көпшілігі Қытай мен Монголияда, Ашамайлының көпшілігі Совет Одағында; “кепшілігі”— дейтініміз, азшылығының аралас отыра беретіндері де болады.

Кейде үлкен рулар миң аталастардың қоныстары бірге болады. Ал, кіші рулардың, әсіресе, аталастардың қонысы міндettі түрде тұтас келеді.

Әр ауыл негізінде бір атаның баласы бола тұра, ішінде өзге, кейде алыстағы аталар мен рулардан келетін “кірме” дайтіндер де болады. Оларды “қоныс” деп те атады. Мысалы, Жарылғас ауылында Арғының Темеш руынан келген (жиен екен) уш үй болушы еді. Ауылдың негізгі үйлері “Аталақ”. Аталақ пен Қоныс арасы үрыс-жанжалда көрінеді. Аталақтар — басым, Қоныслар — қорғаланшак. Дегенмен, аталақтар “Керші, ақысы, тәнірі ақысы” деп қонысны сыйлайды.

“Ауыл” дегенде оның көп үйлісі де, аз үйлісі де болады. Әдеттегі ауылдар бес-он үйден аспаса, “хан ауылы”, “бай ауылы” дайтіндерде үй саны жиyrмады жетті. Одан артық үйлі ауыл болмады.

Хан ауылы: тәре, қара болып екіге бөлінеді. Төрелер хан тұқымдары, қаралар немесе қарашалар — қаранайым қазактар. Қарашалар төрелерге тәуелді — теленгіттерден, яғни соғыс кезінде жау жақтан қолға түскен “тұтқын құлдардан” және тыныштық кезінде қожасының шаруасын тегін бағатын жалшылардан күралады. Оларды төрелер советтік дәуірге дейін құл сияқты жұмсады.

Қоныслар қазактың хан тұқымынан басқа, бай немесе би ауылдарында да болған. Мысалы, XIX ғасырдың орта тұсында, “Құсмұрын” аталған дуаның аға сұлтаны болған Еstemістің Есенейінің бай аталған ауылында отыздан астам үй болатын еді. Солардың көпшілігі Сибан руынан бола тұра ішінде қалмак, түрікмен, аргын, алшын тағы басқа кірмелер де болған. Дау — жанжал кезінде аталағаны болмаса, олар да түпкілікті атага қосылып жүре беретін. Жанжал кезінде түпкілікті ата басым болатын. Қазактың “ауыл итінің құйрығы қайқы” дегуі осыдан.

“Отты үйпаласаң өшеді, қонысны қуаласаң қөшеді” деп, көрші хақысы — тәнірі хақысы — деп, жергілікті аталар қонысларын сыйлайды.— Аталастың аты озғанша; ауылдастың тайы озынын” деген мәтел осыдан шықкан. Жалпы алғанда, “кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде үлтан бол” деп, қазактар өз руынан басқаға қоныс болмауга тырысады. “Аздың атасы бір” деп бытыранқы қоныслар, дау-жанжалда өзара бірігіп кетеді.

Қазактың советтік дәуірге дейінгі елдік құрылышы осындағы. Советтік дәуірде, әсіресе, ауыл шаруашылығы колхозданған кезде, ру, ата ұраны дегендегер қалып, рулар мен рулар, халықтар мен халықтар ара-ласып кетті; рулық дәуір бітіп, социалистік бірліктің дәуірі басталды.

Т

де

ақ

—

бөл

бој

62

64

Адам баласының дамуына байланысты таптық қоғам дәурен сүре бастағанынан кейін қазақ қауымы да “бай” және “кедей” атандып, яғни қанаушылар мен қаналушылар болып екі топқа бөлінді. Мысалы, малы аз кедейлер өзінің шағын шарасымен күн көре алмайтындықтан малы көп байлардың шарасын бағуға жалданады. Олардың аты — “жалышылар” орыс терминімен айтқанда — батрак. Оның кедейден айырмасы, көпшілігі жыл бойы байлардың есігінде жүргеді. Ауылда бай аз да, кедей көп. Сондықтан ауылдан шыға алмайтын кедейлер айлап, жылдан бай есігінде жүрген ақысына тоқты-торым сияқты ұсақ малдар алып, байларға ете арзан ақыға жалданады. Мұндайдардың тамак пен киімі байдың мойнында болады. Бай оларға өзі кимейтін ескі-құқыларын кигізіп, өздерінен қалған ас-су қалдықтарын ішкізетін. Осындай халді “Қараша жел тоқсан мен сол бір-екі ай” деген өлеңінде Абай шындықпен, керкем тілде суреттеп, кедейлерге:

Жалғыз жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса сыйламай тұра алмас ел,—
Есек артын жусаң да мал тауып кел,
Колға жүқпас еш адам кеміте алмас,—

деп кәсілті бай есігінен емес, ауылдан шыға іздеуді ұсынады. Сол ақылды алған қазақ кедейлері, жалышылары революциядан бұрынғы ауылдардан кетіп, кәсіп іздең қалаларға, заводтарға, фабрикаларға, темір жолдарға, мұнайшыларға, балықшылыққа, тағы сондай жұмыстарға кететіндер ондал, жүздел, кейде мындан саналатын болған. Осылардан қазақтың алғашқы жұмысшы табы топталға бастаған.

ХХ ғасырдың басында біріккен қазақ жұмышшылары біртіндеп революциялық жұмыстарға араласа бастады. Мысалы, 1905 жылы, бұрынғы Ақмола үйеziне қарасты Нілді заводының жұмышшылары көтерліс жасағанда, оған сон-дағы қазақ жұмышшылары да катынасып, патша өкіметі көтерлісті қан жоса қылып басты. Тірілерін каторгаға айдағанда, бұлардың ішінде қазақ жұмышшылары да болды. Тарихта аты мағім Угар (Мұқатай) Жәнібеков 1912 жылы Сібірдегі Лена оқиғасына катынасып, көтерлістен кейін атылу жазасына бүйірылғандардың ішінде болады. Бірақ кейіннен бұл үкім өмірлік қамау жазасымен ауыстырылады да, оны тек Октябрь революциясы ғана түтқыннан азат етеді.

Қазақтар Россияға бағынғаннан кейін, қазақ байлары сауда-саттық істерімен де айналысып, бірер ғасырдың ішінде қазақ байларының арасынан ақшалылар, завод пен фабрика иелері шыға бастады. Мысалы, бұрынғы Петро-

павл уйезінде Әлти Кәкенов, Қостанай уйезінде Мінайдар дейтін миллионерлер болған.

Кейбір бай қазақтар егіншілікпен де шұғылданып, жүздеген десятина егін еккен. Мысалы, Қостанай уйезінде Сымайыл Жаманшалов деген поместьщик болды. Қазак арасынан шыққан мұндай поместьщиктер аз болмаған. Патша өкіметіне жаққан кей қазақ байларына дворян атағы, кең және құнарлы егістік жерлер берілген.

Мысалы: Жайық пен Еділ өзендерінің арасын мекендейген Бекей ханың үрпактарына, Ор өзенін сағалаған Дербісалиндерге, Есіл бойында аға сұлтан болған Зілғара нәсілдеріне, Ақсуда (Жетісу өлкесі) Маман Тұрысбек тұқымдарына, тағы тағыларға. Дербісалин тұқымынан шыққан Ылайық дейтін әкімді бір ақын:

*Ардақты дворянин Ылайыққа,
Мадақтап саған влен шығарамын*

— деп келіп, өлеңін:

*Ылайық Дербісалин, Беркімбаев,
Суретін үйінде тұр ақ патшаның —*

деген жолдармен бітіреді. Осындағы мадақтар (мактаулар) көп.

Таптық сезім қазақ арасында да ерте күннен байқала бастайды. Осыдан барып, ауылда таптық жіктелулер күшіне түсті. Онымен бірге қазақ жеріне жер аударылып келген революционерлер арқылы марксистік идеялар қазақ кедейлері арасында кеңінен тарай бастайды. Осының арқасында революциялық сана-сезімі ояна бастаған қазақ еңбекшілері тек завод, фабрикалардаған емес, сонымен қатар ауылдық жерлерде де байлардың озбырлығына, зорлық-зомбылығына қарсы ереуілге шыға бастайды.

Осы сияқты таптық күрес үлғая келіп, 1916 жылы Аманкелді Иманов басқарған халықтың көтеріліске айналды да, ақыры Октябрь революциясымен астасып, қазақ даласына советтік ту тігілді.

1920 жылдың август айында Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасын құру туралы Ленин мен Калинин қол қойған декрет жарияланды. Бұл декрет қазақ халқының көп ғасырлық тарихында бірінші рет өз алдына отау тігіп, ерікті мемлекет болғанын әлемге паш етті. Бірақ, онымен тап-тартысы дөғарылған жоқ. Советтік дәуірдің алғашқы жылдарында ауыл байлары мен феодалдары өкімет билігін өз қолында ұстаса мақсатымен, ауылдық ревкомдарға өз адамдарын кіргізуге жанталаса тырысты. Тап жауларының бұл әрекетіне қарсы Совет өкіметі де тиісті шаралар жүргізді. Совет өкіметі орнаған алғашқы

жылдардан бастап, ауылды советтендіру шарасы қолға алынды да, ревкомдарға кірген қанаушылар өкілдерін аз жылда бұқара халық өкілдерімен ауыстырды. Саяси басшылық жүргізу үшін ауылдарда, болыстарда, аудандарда Коммунист партиясының үлгілері, комитеттері күрілді. Олар Түркістан жағында “Косшылар одагы”, Казақстанның солтүстігі жағында “Кедейлер комитеті” деген атпен үйімдестерілді. Бұл кезде жалшылар байларға шартпен қызмет атқаратын. Сәкен Сейфулиннің “Еңбек шарты — жалшылар қорғаны” деген поэмасы осы кезде шықты. Оған ілесе Бейімбет Майлиниң, Қалмақан Әбдіқадыровтың, Орынбек Бековтің, Елжас Бекеновтің, Рахымжан Малабаевтың, тағы басқалардың жалшыларды тап тартысна шақыратын шығармалары туды.

1927 жылы жер белісі туралы декрет шығып, байлар иемденіп келген егіндік, шабындық жерлер кедейлер мен батырактарға үлестірілді. Келесі 1928 жыл, арнайы декретпен қазақтың бес жұз байының мал-мұлкі кәмпескеленді.

Сөйтіп, үкімет пен партияның 1929 жылдан бастап жүргізілген, ауылды колхоздандыру шараларының арқасында казақ елі жаңа социалистік құрылыш жолына белсене кірісті.

V. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАЙЫ

Біздің археолог және этнограф ғалымдарымыз кейінгі кездерде: Еділ, Жайық, Амудария, Сырдария, Шу, Талас өзендері мен Жетісу жеріндегі өзендер төнірегінен көне заманда қазылған арықтардың, егістік танаптардың іздерін тауып жүр. Соларға қарап, көшпелілер де олардың ішінде казак та ерте заманнан егіншілікті көсіп еткен деген жорамал жасайды. Бұл рас та болар. Өйткені көршилес Орта және Орталық Азияның, Сібірдің, Қыыр Шығыстың отырықшы елдерімен қарым-қатынас жасаған кейір қазақ руулары соларға елікten вездері де егіншілікпен шұғылдануы мүмкін. Бұған келтіреп дәлеліміз Керей руының құрамында “Тарышы” деп аталатын бір тармагының болуы. Бұларды сол көне заманды тары егуді көсіп еткендіктен “тарышы” деп кетсе керек. Тарышыдан: Ысмайыл, одан Аксары, Кұрсары туып, бертінде бірнеше болыс ел болған деседі. Атақты Біржан сал Аксарының алты баласының бірі — Нұралының үрпағы. Бір жорамалда “Тарышы”—“таранышы” аталатын үйғырлардан шықлады ма екен?— деген жорамал да бар. Өйткені “таранышы” да тары егушілер деген үғымнан шықкан. Жалпы жорамал болмаса казақ халқының көне замандарда егіншілікпен шұғылданғандығын дәлелдейтін тиянкты деректер аз. Бертінгі кезде Сырдария және

Жетісу бойын мекендеғен қазактардың егіншілікпен шұғылданғаны рас. Бірақ мұны бүкіл қазаққа тән қасиет деп айту қызы.

Көшпелілердің, олардың ішінде, қазақтың көне заманнан бергі ең көп өсірген малы және төрт түлік малдың ішіндегі қастерлеп, пір тұтатыны жылқы. Қазақ өлкесіне қай кезде, қай жақтан саяхатшылар келмесін, бәрінің де айтарты осы.

Жылқы ең алдымен, сол жауынгершілік көне заманын талабына сай өте құнды мал ретінде саналды. Себебі ол кезде жауды қуып жетуге немесе одан қашып құтылуға жылқыдан қолайлы мал болмаған.

Атты әскер жаяудан басым болған. Біздін жыл сандауымызға дейінгі Сібірде болған бір соғыста, Қытайдың солтүстік батысына құрылған Шұршіт (Джурджи) мемлекетінің отыз мың жаяу әскеріне, гундардың бір мың салтатты әскері төтеп беріп, әкырында оларың быт-шытын шығарған. Ал бүкіл Орта және Орталық Азияны, Европа-ның тен жартысына жуығын басып алған монгол Шыңғыс ханының күші де, салтатты әскері де көп болған; сондыктан да жер көлемі бес Франциядай кен далада қазактар атты әскердің жеткілікіздігінен жауды бөгеп тұра алмаса керек. Қазактардың Шыңғыс жорығына төтеп бере алмаган екінші бір себебі, Шыңғыс жаулап алған елдерінде өз қол астында соғысатын әскер қосынын жасайтын болған. Осындағы қосындар казақ даласын мекендеғен көшпелі руладардан да жасалса керек. Соған бір дәлел, қазақтың кейінгі ұсақ руладарында “үән”, “түмен” және “шеру” деген есімдердің болуы: Уән (ван) — дивизия, түмені — корпус, шеру — фронт (майдан) мағынасында.

Бұл жерде ескерте кететін бір жай, отырықшылар атқа он жағынан, көшпелілер сол жағынан мінеді. Оның себебін кәрі құлакты Құртайдың Мұқышы деген кісіден сұрағанымда:

— Енді қалай? — деді маған — Бұл жаугершіліктен қалған салт. Ол кезде атқа конған адамның он қолы бос болу керек. Себебі, ол барлық қаруды осы қолымен үстайды ғой. Ал сол жақтан мінгенде, он қол бос болады. Он жақты мінгенді, қаруды тез жұмсауға ыңғайсыз, он қол бос болмайды.

Сол сияқты, көне замандарда жылқы малын әскери қарасын (санын) көбейту ретінде де жиі пайдаланып келді. Мысалы, шабуылшылар жауға қарасын көбейтіп көрсету үшін алдарына жылқы малын салып айдаған да, шаң көтерген; қорғанғандар бұл шаңды қалың қолға жорып, одан қашқан; осы тәсілді сактар, қыпшақтар сияқты көшпелілер де, монгол Шыңғыс хан да, Ақсак Темір де

қолданған; аргы жағын былай қойғанда, Торғай даласында, 1916 жылдың көтерілісін басқарған Аманкелді Иманов та кейде осындай әскери айла-тәсілдерді колданған. Жылқы көшіп-қонуға де төзімді, әрі ыңғайлы, қысы — жазы аяғынан жайылады, оның азығы (жемі, шебі) өзге хайуандардан әлдекайда асыл. Сол себепті оның еті де, сүті де денсаулыққа шипалы екені ерте кезден-ақ белгілі. Жылқы баққан халық оның осы қасиетін іс жүзінде анғарып, үйінде жылқы еті жоқ сырқат адамдар жылқы сойған үйлерден емге сұрағанын көзіміз көрді; қазактың үғымына, “жылқы еті жақпаган ауру адам өледі”. Кекірек аурулардың (өкле туберкулезі) көбі қымыз ішіп сауығып кеткен. Мысалы, сондай ауруға шалдыққан орыстың атақты жазушысы Лев Толстой кезінде Башқұртстандағы Шафрановка қымыз курортына барып, дертінен айыққан. Осындай мысалдар толып жатыр. Қазір Совет Одағында кекірек ауруын қымызбен емдейтін әлденеше курорт бар.

Қай малдың қай жерде есетінің қазақ фольклоры ба-яндал береді. Мысалы, қазақ өлең-жырларында “Жылқымды айдал салдым қалың қауға” дегені бекер айтылмаған. Жылқы бетегелі, көделі, селеулі, қауданды жерде еседі. Қазақ даласының батысында Мұғажар тауынан басталып, Сары Арқаны куалай отыратын, аяғы Батыс Сібірге тірелетін кең өлкеде жылқы малы көп өсірілген.

*Аққошқар Сайдалының заманында
Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты.*

деген өлендер сол кезде туған. Шоқан Үәлиханов қазіргі Караганды облысының Шет ауданында тұрған Азына дейтін бір байда он алты мың жылқы барын көрдім дейді. Бір мыңнан он мыңға дейін өретін жылқылар Арқадагы байларда көп болған.

Жылқы етінің өзіне тән бір ерекшелігі сол, оны қанша жесен де күпті болмайсының, тез сінеді; сорпасының бетіне шыққан майы қанша сүйк болса да қатпай, тек тобарсып қана тұрады, қымызын қанша ішсек де сіне береді: тұа сала шешесі өлген сәбіді жылқының ашымаған сүтімен асырайды, қазақ үғымында ол “адамның сүтімен бірдей”. Қымыз өз бетімен ашиды, сондыктан да ислам дінінің шартымен ораза ұстаган адам ауыз ашу үшін ең алдымен отқа тимеген: тұз, кепкен жеміс сияқтылардың дәм татады, немесе аздап қымыз ішеді.

Жылқы тамағының мундай ерекше болуы қазақ үғымында жылқының оты мен сұына байланысты. Жылқы кез-келген шепті жемейді, иіскеп, таңдап жейді. Басқа мал түлігі жайылған жерге, басқа малдың аузы тиғен

шөпке жылқы жоламайды, өзге мал сораптай беретін ылай суды ол татпайды, жылқы судың тұнық, таза жерінен ішеді. XIX ғасырда ақын Сарамен айтысқан Біржан салдың:

*Белгілі қазмойынды қаракөкпін,
Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын,—*

деуі, жылқы малының сол бір ерекшелігін көрсетеді.

Жылқы терісінен жасалған ыдыс та төзімді келеді. Оның қылышан ширатқан жіп пен арқан да берік, Қазактың “ер мойнында қыл арқан шірімейді” деуі содан.

Ал жылқы малының денесіне жара түскенде, ол жері құрттаса, сол құрттар теріден өтіп, етіне жеткенде бірден өледі де, домалап түседі. Өзге хайуанның жарасы өйтпейді, мысалы, “басқа ”айыр тұяқты“ майдардың құрт түскен жерін дер кезінде емдемесе, құрт ішіне түсіп, өліп кететіні болады.

Жылқы малын денесіне қарап, қазақ “қазанат” және “қара етті” деп екіге бөледі. Қазанаты майды сыртына жинаитындар, ал қара еттісі оның керісінше майды ішіне жинаиды, қазанат жүріске шыдамды, еті тез арымайды, қайта тез семіреді, еті дәмді, қазысы қалың, іші майлыш келеді. Сондықтан мүмкіндігі бар қазақ жылқының қазанатты тұқымын майдануга тырысады.

Жылқыны қазақ “арғымак” және жабы деп екіге бөледі. Қазакта аргымакты жоғары бағалайды. Өлендерінде жақсы атты “арғымактан туған қазанат” деп, “арғымак аттың белгісі — арыған сайын тың жортар, артымда жүгім қалар деп”, “қара аргымак арыса — қарға адым жер мүн болар” деп аргымак жылқыны мақтауы содан.

Бірақ арғымак көшпелі елдің пайдалануына қолайсыз, сондықтан қазактың атамзаманнан есіретін жылқысы “қазақы” аталатын — жабы. Қазактың тәжірибесінде, қазакы жылқы көшпелі тұрмыстың бар жағдайына да төзімді, көліктік жағынан да шыдамды, еті де, сүті де асыл.

Арғы түбі “моңғолдық” аталатын бойы аласалау келетін қазакы жылқылар, бертін келе асылдандырылып, денесі iрі, төзімді, мыкты бола бастады. Қазақы жылқылардың ен мақтаулы түрлері: жүйрік пен жорға.

Салт мінуге жорғадан жәйлі көлік жок. Бұған: “Жорға мінген жолдасынан айрылады, көп жасаган құрдасынан айрылады” деген мақал дәлел бола алады. Сөзге шебер, айтыста алдырмайтын кісіні де “жорға” деседі.

Жүйрік — жүрісі үшкір, жеңіл, сидам жылқылардың таңдаулысы. Ол қуса жететін, қашса құтылатын, соғыс

және басқадай жағдайларда керек. Сондықтан да қазак “ер қанаты ат” деп тегін айтпаған. Көшпелі елдерден, оның ішінде қазақтан шыққан атақты батырлардың жан серігі “тұлпары” (ұшқыр, жүйрік, ең шыдамды мағынасында), яғни бір-бір аты болған. Мысалы, ертеді греңтерде — пегас, орыстарда конек-горбунок, арабта Фалидін дүлдүлі, азербайжанда Көр-үглының Гиараты, қазақта Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, тағы басқалар болған. Бұлар ертегі, аныздарда, батырлар жырында құстан да ұшқыр болып (Тайбурыл) сипатталады.

Көшпелі елдердің батырлары мінетін тұлпарларда бей-нелегендей бейне, отырықшы елдерде кездеспейді. Мысалы, атақты “Илиада” жырында батырды “ат үйреткіш”, “ат балтауышы” деген сияқты жалпылама сипаттаумен ете шығады. Ал Қобыландының Тайбурылын, Алпамыстың Байшұбарын, Қамбардың Қарақасқасын сипаттаудай тенеу отырықшы елдердің қолбасшылары ғана мінген де, езгелері жаяу соғысқан. Салтаттылар оларды жеңе берген. Мысалы, Сырдарияға дейін токтаусыз келген Александр Македонскийдің жау әскерінің бетін ең алғаш Орта Азияның (сактар мен массағаттардың) салтатты әскери тойтарған.

Жылқы үйір-үйір болып жайылатын мал. Бір үйірде бестен жиырмаға дейін бие не байтал болады. Құлындағайтын биені “бедеу” дейді. Бедеу — мініске төзімді келеді.

Бір үйір жылқыға бір айғыр жібереді. Үйірге жаңа жіберілген жас айғырды сәуірік дейді.

Сөүірікті көбейтпес үшін, қазак еркек жылқылардың көбін тай, күнан кезінде кестіреді. Кестірілген жылқыны “акта ат” дейді. Қызғаншақ айғырлар, аттарды да үйіріне жолатпайды. Қазақта “жаксы айғырдың үйірін ат жақтайды” деген мақал бар, онысы “жаксы адамның манына үзгелер үйірлімпаз келеді” деген мағынада айтылады. “Кісінеген айғырдың үйірін көр, шіренген жігіттің үйін көр” деу өзі мен ісі дәл келу мағнасындағы мақал. Ат болатын тай саяққа¹ үйір, адам болатын бала қонаққа үйір² дейді қазак. “Саяқ жүрсөң таяқ жейсін” деген мақал, “елден бөлек жүрсөң” деген мағынада айтылады.

Жылқының өзге мал тұлігінен артық көріп, қастерлейтін қазақ адамға тән қылыктардың бір талайын жылқының жүріс — тұрысымен, тұр-сипатымен, т. б. салыстырады. Мысалы, “Аттыға ерем деп жаяудың тақы² жыртылады” деген мақал күш келмейтін іске жармасатын

¹ Өзге жылқыларға жоламай, бөлек жайылатын аттар.

² Сан мен сүбенің түйіскен тұсы.

адамдар жайында айтылады.—“Тай — атқа, ат мұратқа жеткізеді” деу, “орнында бар оңалар, орнында жок жоғалар” мағынасында айтылады. “Тайдай тебісу”— тату есу мағынасында.

Жылқы құлын күнінде “сақау” дейтін ауруға жи үшінрайды. Бұдан ол тамағының безі ісініп, енесін емем алмайтын халға жетеді; күнан күнінде “сұт” тістері түсіп, берік тістер шығады; мұны “тісеу” деп атайды. Ал ескі дауларын ұмытпай, қайталайтын адамдар жайында: “құлындағы сақауын, құнандағы тісеуін қопарды” деген осыдан шыққан болу керек. Қазақ кегін қумайтын, енжар, дәрменсіз адамды “жауырды жаба тоқиды” дейді, “жауыр”— аттың арқасына ер-тоқымынан түсетін жара. Осындай тенеулер қазақтың ауыз әдебиетінде ете көп кездеседі.

Жылқы туралы тармақты қорыта келе айтарымыз: ру таңбаларына қарағанда, әртінгі заманда, жылқы жалпы рудың мүлкі болған да, жекелердің меншіктенуі бертінірек шыққан. Ол кезде жылқы “ысқырса — желдікі, айдаса — жаудікі”. Қазақтың “үйқұтаган үйқы алады, үйқұтамаған жылқы алады” деген мақалы шыққан. Бертінгі барымта заманында да солай болуына, он тоғызынышы ғасырда жасаған Ұлы жұз ақыны — Сүйінбай ақынның тұстасы Тезек төреге, жалғыз баласы өлгенде өлеңмен айтқан көңілінің төмендігі жолдары күэ —

*Катын өлсे, бір түнгі жылқы емес не?
Балаң өлсе, бір түнгі үйқы емес не?*

Олай дейтіні, тағы да сол Сүйінбайдың сипаттауында, Тезек “елден жылқы қоймайтын кезеп төре”. Тезек көңіліне жақпайтын жандардан “білсе — барымта, білмесе — сыдырмта” деп жылқысын айдал алады екен де, тендік бермейді екен. Осындай барымташылар қазақтың көп жерінде, көп руында болған.

Қазақтың жылқымен қатар ұстаган малы — түйе. Көне заманнан бергі саясатшылар мұны да көп айтады. Қазақта “түйелі бай қонады сортанды алып” деп басталатын өлең бар. Бұлай деудің себебі, ертедегі түйелі байлар суы тұзды көлдердің, теңіздердің, өзендердің бойларына, есімдігі абын сортаны жерлерге қонады. Мысалы, қазіргі Ақтөбе облысының сортанды, шақатты жерінде, өткен ғасырда Қара есімді бай болып, оған “отыз соқыр” аталған түйе табыны біткен. “Соқыр” дейтіні есебінен жаңылмау үшін, әрбір жүзінші түйенің сол жақ көзін шығарады екен. Сондай соқырлар, Қарада отыз болған, яғни үш мың түйесі болған.

Түйе — жүк қалғі. Көшпенділердің, олардың ішінде қазақтың ғасырлар бойы қебінесе жүгін көтерген мал осы түйе. Оның ішінде ең тәзімдісі, әрі мықтысы жалғыз еркешті — нар. Қазақтың “нар жолында жүк қалмайды” деуі содан.

Атакты ақын Ыбырай Сандыбайұлы өзінің картайған кезінде шығарған әні деп айттылатын өлеңде: “қара бура картайып жар басына шеккен күн” деп сипаттайды. “Қара нар жүк көтермес бел кеткен сон” деген өлең де нар-түйенің күштілігін көрсетеді. Түйе жолға да шыдамды. Оның жейтін ашыларының ішінде тұз да бар. Шөлге жолаушыларға қазақ түйесіне бір қоржын тұз артса, түйе оны бір айдай азық қып, содан басқа тұк татпауға шыдайды деседі.

Ашы шөптен түйенің ең тәуір көретіні сасыр мен жантак. Сасыр коймалжың тұз сиякты удай ашы өсімдік, соны аузымен орып ап, көбігін бүркүрата шайнағанда, қалайша ашырқанбайтын хайуан екеніне қайран қаласың. Жантак одан да бетер. Ол да удай ашы шөп. Тұбірі жуан, бұтақтары көп, әр бұтағына жұздеген тікен бітетін бұл өсімдікті, түйе тұбірімен жұлып ап, аузын толтыра шайнағанда, өткірлігі инедей мындаған тікеннің үртyna, тіліне қадалмауы, қадалса түйенің ауырсынбауына еріксіз таңданасың, қорегі осындаи болған түйенің сүті де асыл. Одан ашытатын қышқылтым ішімдікті, Батыс Қазақстан жағында “шұбат”, Түркістан жағында “қымыран” деп атайды. “Қырыққанда қымыран іриді” деген мақал осыдан алынса керек. Ғылымның дәлелдеуінше шұбаттың дәрілік қасиеті қымыздан да артық саналады.

Түйенің етін, бұл тұлікті бақпайтын ел жөнді жемейді, бағатындары оған құмар. Түйенің түбіті мен шудалары қымбат саналады: түбіттен иіріп тоқыған киім, ең жылы, ең тезімді болады; шудадан жіп, арқан еседі.

*Шуда жіппен бау таққан жейдең құрсын,
Сары майдан дәметкен кеудең құрсын,
Калыңдықпен ойнауга барғаныңда,
Карсы алмайтын алдынан жеңгөң құрсын,—*

дейтін қалжың өлеңдегі шуда осы.

Көшпелілердің, олардың ішінде қазақтың мындаған жылдар бойына берік, сенімді көлігі болып келген түйе, советтік дәуірде қазақ даласына алғаш орнаған заводтардың, фабрикалар мен шахталардың бөлшектерін тасыды. Соның бір эпизоды — “Түйемен тасылған завод” деген атпен “Өмір мектебінің”¹ екінші кітабына кірді. “Түрксіб” темір жолының шпалдары мен рельстерін, басқа да сай-

¹ Эңгіме автордың “Өмір мектебі” деген шығармасы жайлы болып отыр.— Ред.

мандарын құрылыш бойынша алғаш түйе жеткізді. Сол түйе әлі де шаруашылықтың архивіне тапсырылмай, құмайтты, шөлейтті өлкелердің сенімді көлігі болып келеді.

Қой да көшпелі елдердің ерте заманнан малданған тұлғінің бірі. Ол әрі киім, әрі тамақ. Киім дегенде, оның жүгінен ертедегі көшпелі халыққа терісі қымбат болады. Өйткені қыс, күз айларында жылы киім керек. Оған иlegen кой терісінен тігілген тоннан қолайлы киім табылмайды. Сондықтан да “Тоғызы қабат торқадан тоқтышактың терісі артық” деген мақал тегін айтылмаған. Негізінде қойдың азықтық және киімдік пайдасы, жылқы және түйе тұліктерінен артық. Онымен бірге қой малы көшіп-қону кездерінде үзақ жол жүрістеріне шыдамды келеді. Жемшепті оншама талғамайды. Тіпті ащылы өсімдігі көп құмдар мен шөлдерде де қойдың теріп жейтін азығы көп.

Ешкі де сондай. Қой мен ешкі көне заманнан бері бірге жайылып, бірге жусап келеді. Қойды отты-сулы жерге ешкінің серкесі бастайды. “Айшық мүйіз ақ серке қойды бастар, қыпша белді жігіттер тойды бастар” деген өлендегі ел басқаратын еркекті “серке” деп атау да осыдан шыққан. Мұздақты жылы болмаса, ешкі көрінген бұтаның басын шалып, қыстан аман шыға береді. “Ешкі өлмес” аталатын таулар мен адырлар қазақтың кен даласының қай жерінен болса да кездесе береді.

Ешкі мен қойдың сүтінен үйтқан айран да, қайнатқан құрт пен ірімшік те қазақтың сүйікті асы. Жалпы қазак халқы ірі қара мен қой, ешкі сүтінен алуан түрлі дәмді тагамдар жасай білген.

“Еті жеңіл, сорпасы асыл, тез торалтады” деп сырқатынан айыға бастаған адамды қазақ ешкі етімен тамақтандырады. От шарпыған адамның денесіндегі күлдіреген жара тез жазылу үшін оны ешкінің еріген тоң майына малынған шуберекпен орайды. Бұл күйген жердің сусын тез сорып, жаралы жерге тез өң береді. Ешкінің түбітінен ең жақсы шәлі тоқылады, оның қылышығынан есілген жіп пен арқан, жылқы қылышынан соңғы ең берігі саналады. “Ангор ешкісі” деп аталатын асыл тұқымды ешкілердің жүні өте құнды болғандықтан, біздің советтік Қазақстанда олар мындаған өсіріледі.

Мал шаруашылығындағы тағы бір тұлік — сиыр. Ертедегі көшпелі қазақтар сиырды өте аз малданған сияқты. Қобызда тартылып ойналатын “Тарғыл бұқа” атты ертеден келе жатқан тамаша күй барын білеміз. Оның қысқаша мазмұны мынадай: бір кезде қазақ елін жау шауып, малжанын түгел айдал кеткенде, әлдебір сайдада үйкітаған бұқа қалып қояды. Ояна сала ауылды іздеген бұқаны үялышты

қасқырлар камайды. Соларға алдырмай алыскан бұқаның үнін көз алдына елестеткен біреу күй шығарған. Ертеде естіген бұл күйді, өкінішке орай, кейінгі кездері ешбір репертуардан есітпей жүрміз. Тегі жоғалып кеткен сияқты. Алайда, erte заманда белгісіз бір күйшінің осы бір шығармасының қараганда сиыр малы да қазак арасында erte заманнан келе жатқан төрт тұліктің бірі болғанға үқсайды.

Бірақ, сиыр малы көшіп-қонудың талабына сай келмей, отырықшылық жағдайға бейім болғандықтан, қазактар қоныстанып, етіншілікпен шұғылдана бастаган кезде ғана орыс базарының ықпалымен жылдан-жылға көбейе берген. Қазактарды бейбіт жолмен бағындырысы келген Россия әкімдері қазак даласының орыстармен шектескен шекаралық "елді мекендерінде "меневой двор" ("айырбас корасы") деген атпен сауда орындарын ашқан. Олар, мысалы, Орынбор, Троицк, Қызылжар (Петропавл), Омбы, Семей, Өскемен, кейінірек Ақтөбе, Ыргыз, Атбасар, Тайынша, Қоянды, Шу бойында ашылған, "Айырбас корасы" дейтіндерде алғашқы кезде қазак ауылдарынан сатуға әкелінген малдар, патшалық Россияның жеңіл өнеркәсібінің бүйымдарына айырбасталған. Мысалы, бір көллектік шыттың құны бір қой болған. Алғашында мал атаулының бәрі де осылай айырбасталып, ақша саудасы кейінірек шықты. Сейтіп, қазактың да ақшалы саудагерлері пайда болды. 1912 жылдың базар қорытындысы жасалғанда, Ақмола уезінің қазак саудагерлері малдан және малдың шикі заттарын сатудан 63 миллион сомның, Орынбор базарында жұн-жүркапының өзінен 1 миллион 778 мың сомның саудасын жүргізген. Осы сауданың ең кебі — сиыр.

Сиыр малының сондай пүл болуына қарамай, қазак бұл тұлікке менсінбеген, кемсінген көзбен қарап келді. Оған: қылғы оғаш адамды "сиырмысың!" деуі, қонаққа сиыр етін асып беруді корлау деп түсінуі, тағы тағыларды жатқызуға болады.

Шаруасына сиыр малы қосылып, оны малданған қазактар "жартылай көшпелі" аталатын тұрмысқа қарай ойыса бастады, яғни қыс айларында қора-қопсылары бар қолайлы мекендерге қыстаپ, жаз айларында қыстаудан үзамай көшетін болады. Күз айларында малдың қысқы азығына шеп даярлады. Мұндай тұрмыс құруышылар Қазақстанның барлық жерлерінде де орын алды. Олар негізінен мал азығына қолайлы шебі шүйгіп, суы мол, өзен көлдердің жағасында, әсіресе "өлең" қаулап өсетін жерді қоныстанады. Қазактың "өленді жерде өгіз семіреді,

өлімді жерде молда семіреді” деген макалды осыған байланысты айтылса керек.

Ал, төрт түлік майдың қайсысы қай жерлерде басым өседі дегенге келсек, қазақтың жер жағдайына, ауа райына байланысты қойдың көп өсетін аймағы қазіргі Талдыкорған, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстары. Бұл жерлерде революциядан бұрын жеке шаруа үстемдік құрған кезде 20—25 мың қойы бар байлар жиі кездескен. Жылқы —“Арқа” аталағын қыраттың теріскей жағында Мұгажардан Алтайға дейін, мұнда да жылқылары бір мыңнан жиырма, отыз мыңға жететін байлар көп болды. Сауда жасау мақсатында болмаса, өз шаруашылығы үшін сиыр малын табындаپ өсіретін байлар болған емес, өйткені сиырды қыста асырау киын. Түйесі екі-үш мыңнан асқан байлар бірен-сараңдаپ сортан жерлерде кездеспесе, жалпы қазақ түйе малын көшіп-қонуға ғана шағындаپ ұстағанымен көптеп өсірген емес. Сортаңызы жердегілер “ескінің көзі” деп түйені бес-оннан артық өсірмейтін.

Қай түлік болса да қыс күндері қарды сусын қылады. Жаз айларында өзенді, бұлақ, тау сағаларын немесе сирек кездесетін тұңы қөлдерді жайлайды.

Бұрынғы көшпелі қазақтар “мыңғырған бай” аталағыны келіп мал түліктерін асылдандыруға, сапасын жақсартуға салақ қарап, тек санын ғана көбейте берген. Сондықтан да бертін келе отырықшы елдердің асыл тұқымды малдарына қызыға қарап, енді малды асылдандыруға да назар аударатын болды.

Енді осы төрт түлік майды бағып-күтушілер жайында қыскаша тоқтала кетейік. Қазакта ең қадірлі бакташы — жылқышы. Олар бірнеше адамнан құралады. Жылқышылардың бастығы байдын не інісі, не боласы дегендей, ет жақындарының бірі болады. Жылқышылардың қазақ үгымында “мырза бакташылар” деп аталуы сондықтан болса керек. Олар таңдаған атқа мініп, таңдаған семізді сойып жейді.

Жылқышының қосы “Мырза қосы”, аталаып, мал иелері одан барып ет жеп жүреді. Қысы-жазы өмірін кос маңында өткізетін жылқышылар ара-тұра кір-қоңымызды жуғызып, ер-тоқым кептіреміз дегенді сұлтауратып жылқысын баккан ауылдарға қонып қайтады. Кедейлер бірен-сараң жылқысын байлардың үйіріне қосады да, жалшы жылқышылар көбінесе оларды тегін бағады.

Жылқышылар жыл бойы дерлік, әсіреле, қыс айларында кос маңында болады. Кос ауылдан қашық, шөбі шүйгін, отты, сулы жерге тігіледі. Қазақстаның жылқыны көбірек үстайтын солтустігінде қыс айларында боран-шашын жиі

болып тұрады. Аяз қатты, кейде 40—50 градусқа дейін барады.

Жылқы тебіндеп, яғни қалың қарды түяғымен қазып, астыңғы шебін теріп жейді. Ол аяз бен боранға да төзімді келеді. Кейде қыстығуні жаңбыр жауып, көктайғақ болғанда ғана жылқы түяғы тебінге батпай қалады. Мұндай кезде буаз биелердің “іш тастауы”, яғни құлын тастауы жи кездеседі. Жем-шөптің тапшылығынан мал аштан қырыла бастайды. Қыс ұзакқа созылып, көктемгі шөп жай шығады. Мұндай апattyң атын “жұт” деп атайды. Жұт болған жылдарда байлар малынан ада болып қалады. Қазақтың “бай бір жұттық, батыр бір оқтық” деуі осыдан. Жалшылық тарихында жұтау көп болған. Мысалы, соңғы жұз жылда “Тақыр қоян”, “доңыз”, “үлу” атанған үлкен жұттар бүкіл қазақ даласына жайылған.

Қой да жыл тәулігіне өз аяғымен жайылатын мал. Сондықтан койды көп өсіретін байлар құмайтты, таулы жерді мекендейтін еді. Олар жаз бұлакты, қарлы тауларды жайлап, қыска қарай қар аз түсетін құмдарға кетеді. Осылай үдерे көшуден жазы-қысы тынбайды. Байдың койын койшылар, жалшылар бақсан. Олар әдетте, туған-туысқандардан емес, жат-жарадан болады. Қойшы еңбегінің ете ауыр екендігін ақын Кенен Әзербаев өзінің койшыларға арналған өлеңінде:

*Койшыга құзеттегі таң атпайды,
Баққанда үзап кетіп күн батпайды,
Танитын еңбегіңді бір адам жоқ,
Бел шешіп күні-түні бір жатпайды —*

деп сырпаттайды.

Қойы аз кедейлер қолдарындағы азын-аулақ қойларын косып, оларды кезектесіп бағатын болған. Мұны “кезек” деп атаған. Мұндай кезектен қандай да болсын себептермен қалу корлықпен тең деп саналатын. Мұның XIX ғасырдың екінші жартысында Орталық Қазақстанда болған Сандыбайдың Ыбырайы (1851—1932) мен Әлімбайдың Доскейі (1850—1946) дейтін ақындардың арасында болған айтыстан байқауға болады. Мәселең, Ыбырай:

*Әр кезде жүрген жерім жиын болды,
Койым өлтір көніліме түйін болды,
Елу қойдан бес саулық қалмаган соң
Кезектен қалу ақынға қиын болды —*

дейді.

Қазақта “кезекке кірмей, есепке кірмейсің” деу осыдан туған.

Егінсіз жерде сиыр бағуды тілемейді, өріске өзі кетіп, мезгілінде ауылға өзі қайтады. Бір ғажабы қасқырга сиыр малы беріспейді. Бірмек-бірге келгенде бір сиыр, бір қасқырга алдырмайды. Ұялас қасқырлар келсе, сиырлар ұсақ төлдерін ортаға алады да, үлкендері мүйіздерін төсей айнала қорған жасап, қасқырларды жолатпайды. Қыс айларында сиыр тек корада ғана күтіледі. Сондықтан басқа малдарға қарағанда ол күтімді кебірек керек етеді.

Дінге сенетін қазақтар әр түлік малдың мифологиялық киесі бар дегенге нацады. Мысалы: жылқыда Камбар ата, түйеде Ойсыл қара, койда Шопан ата, сиырда Зенгі баба. Малдардың осындай құдай сымактарының әр қайсысы өз түлігіне әрдайым қамқорлық жасайды-мыс делінеді. Малшылардың қазақша жалпы аты бақташы, жеке түліктерді бағатындар жылқышы, түйеші, сиырши, койши деп бөлінеді. “Қойшыны” “шопан” деп атав бертінде шықкан тәрізді.

Ендігі жерде қазақ халқының төрт түлік малды жасына, еркек-үргашыларына қарай оларды қалай атайдынына тоқталайық. Мысалы, жылқы малының төлі құлын деп аталады. Бір және бір жарым жастағы жұні түлейтін құлынды — жабағы, екі жасқа шыққанда — тай, үшінші жаста — құнан, төртінші жаста — дөңен, одан әрі бесті делінеді. Ал бестілердің еркегін — сәуірік, үргашысын байтал дейді. Одан әрі байтал биеге айналады да, құлын-дамайтын байтал бедеу делінеді. Құлындан жүріп тоқтап қалған бие қысырақ аталады. Қазақ байталдарға қосып қысырыктан бөлек үйір жасайды. Жылқысы көп ірі байлар сән көріп қысырақ үйірін қара, көк, торы т. б. бір түстен құрастырады. Мұндай жылқы үйірлерін өлеңге қосып та айтады. Мысалы, “үйірі қысырақтың мақпал қара” деп басталатын өлең бар. Ал кестірілген сәуірік ат, есейіп кестірілген айғырды “азбан” дейді.

Алғаш құлындаған байталды құлық (“кулық құлын жанды” деген мәтел сонан болар”) деп атайды. Қазақ әдетте, жылқының үргашыларына тән кейбір жайларды әйелдерге тән қасиеттермен салыстырып отырады. Мысалы, жанағы мәтелді жас босанған бала жанды әйелге катысты айтса: “құлындаған биеден, құдықтағы су артылмайды” деп жана босанған әйелдің сүйық асқа (сорпа-су, шай т. б.) құмар болатындығы жайында айтады. Сондай-ак, әйелге кемсітіп қарайтын кертартпа заманда “байтал шауып бәйге алмайды” деген де мақал қалдырган. Бұған қарама-қарсы кейіннен: “байтал неге бәйге алмас жүйрік болса” деген өлең де шықкан. XVIII ғасырда Абылай ханының “қанатты қара байтал” атанған түлпary болған. Төңірегі 150 шақырымдық Бурабай тауын сол ғана айна-

лып шығыты-мыс деген қауесет бар. Үстіміздегі ғасырда Жетісү елінде де бәйге бермейтін “көк байтал” аталған жүйрік болды.

Солтүстік Қазақстанда, түйені майданатын байлар бірен-саранғана болғандығын жоғарыда айтып кеттік. Қазір ол елде түйе малы тіпті жок, сондықтан түйе тұлігінің атауларын аз білем. Дегенмен, естуімше, бұл тұліктің: бір өркештің: “нар”, екі өркештің “айыр” түйе, солардың арасынан (буданнан) шыққан тұтас өркештің “коспак” деп үшке белінеді. Бір жастагы төлі — бота, екі жастагысы — тайлақ, үш жасарының еркегі — буыршын, одан әрі үргашылары — інген, еркегі — бура, наредың үргашысы — үлек.

Қойдың төлі — қозы. Қойлар көктемсіз төлдемес үшін, кошқарға күз айларында күйек байлайды. Кыс туатан қозылар “арамза” аталады. Ол жүдеубас болады. “Арамзаның қүйрығы бір-ак тұтам” (кішкене мағынасында) деген макал содан. Тоқты болған арамза — кебдік. Мезгілінен кешірек тұганы көрпеш немесе көпей. Балага ат қойғанда “Қозы”, “Көрпеш”, немесе Қозы-көрпеш қоятыны содан. Жарты жастагы қозы — марқа (“марқайған”, яғни есіп-жетілген деген үгым осыдан тұган), бір жаста “тоқты” делинеді. Әдегте, қазақ сойымдықка піштірілген ерекек тоқтыны ұстайды, “ерекек тоқты құрмалдық” деуі содан. Ал ерекек тоқтылардың таңдаулысын тұқымға сақтайды, үргашы тоқтыны соймайды. Екі жасқа келген ерекек қойдың аты — ісек. Жасына жетпей қартайған адамға “жаман қой ісегінде қартаяды” деп күлетіні осыдан. Үргашы қой — тұсак, қоздағаны саулық, қоздамағаны “ту қой” деп аталады. Тұқымдыққа жіберген ерекек қой — қошқар, оның да кестірілгені — азбан.

Қошқар қазақтың жақсы көретін малы, сондықтан да оны адам атына қосады: Қошқар, Қошқарбай, Байқошқар, Аққошқар т. б. деген есім қазақта көп. Атакты ақын Нартай Бекежанов Қызылорда облысындағы данқты күрішші Ыбырай Жақаев жайында:

*Агасын ала тауда аскардаі-ақ,
Төбесін сан білкітің басқандай-ақ,*

дей келіп өлең аяғын:

*Көзіме сонадайдан шалынасың,
Мың қойдың ішіндегі қошқардаі-ақ,*

деп бітіреді. Саулықты кемітіп, қошқарды көтермелеп сөйлегенде, қазақ “саулықтың жасы үлкен, қошқардың басы үлкен” дейді.

Ешкінің тәлі — лақ, бір жаска толған, кестірілген еркегінің аты — серке, ұргашысы — туша, кестірілген еркегі — серке, кестірілмегені — теке, ұргашысы — ешкі.

Мал түліктерінің түр-түсіне қарап, қазақ толып жатқан атаулар айтады. Бір өлеңде “болмайды сиыр жирен, жылқы тарғыл” дейді. Сиырдың жирен тұстісін қызыл сиыр дейді. Ақ жылқыны “боз” дейді. Сиырдың “коңыр” түс, жылқыда “қарагер”, жылқының “коңыр” аталатыны қаракек түс. Қазақ малдың үстіне мініп келе жатқан құлағанда: “түйе — шудасын, жылқы — жалын, сиыр — мүйізін тесейді” дейді. Ол “түйе мен жылқыдан денесі ауырмай құлайды, сиырдан ауырады” дегені.

Енді қазактың малды емдеу жайына қысқаша токтала кетейік: советтік дәуірге дейін қазақ елінде мал дәрігері болған жоқ. Бірақ, ауырган малды қазақ емсіз калдырган емес. Пышакпен қан алу арқылы емдейтін адамды қазақ “оташы” дейді. Мұндай оташылар жамандат ісігін пышакпен тіліп, жара ішіне сақар (сілтілі шөп) мен бүйірген (жусанның тырбиған ағы түкімьы) шебінің үгіндісін себетін еді де, ауырган жылқы елмей, ісігі ойылып түсіп қалатын. 1932 жылы Солтүстік Қазақстанға осы індет келіп, кейбіреулер ауырган жылқыны атып тастап жатқанда, ескі оташы Оразакұлы Бықас жаңағы аталған емді қолдану арқылы жылқыны аман сактап қалғанын көзіміз көрді.

“Манқа” аталатын ауру тиген жылқыны да оташылар жамандат емін қолданып, танауына ыстық су құйып, аман алып қалады.

“Түйнек” ауруынан малдың шегі түйіледі. Қазақ емшілері көрікпен үрлеу арқылы осы түйінді де түзеп жіберетін.

“Аяғына қан тұсті” (аксау) деп аталатын ауру байқалғанда жылқының таңдайынан қан алады, ал аксау тұралаудан болса, оның тұрасын жонады. Тұра табанға өсетін мүйізгек. Қазактың әлсіреген малды “тұралап қалды” деуі осыдан.

“Шытыр” дейтін жапыракты шөп болады. Оны түйе мен сиыр малы жесе, іші кеүіп, еліп қалады. Өлтірмеу шарасы онай: төрт аяғын таңып тастап, кепкен қарынның сыртынан жуан бізбен піскілесе, іштегі газ шығады да, мал оналып кетеді. Иші кепкен түйені жетектеп желдіреді, сонда жел шығып, іші басылады.

Сиыр “сап” (аусылдың аяқтан болатын ауыр түрі) ауруына шалдыққанда қозғала алмай қалады. Қазақ емшілері сортаң сазды қайнатып, оны ыстық қүйіндегі аяғына орайды немесе ыстық қарамай қүйған.

“Қатпа” (іштен болатын ауру) болған түйенің аузына кергіш салады да, көмейіне ыстық сары май, немесе мұнай сүйінін күяды. Одан да жазылып кетеді.

Қойда “топалаң” дейтін індеп бар. Оған халық емі конбайды. Бұл дерт ертеде қой малына қыргидай тиіп, қырып кететін де халықты құйзеліске ұшыратып отыратын. Қазақтың “топалаң тигір” деген қарғысы осыдан қалған.

Қазақтың союға ең қолайлы тұлігі — қой. Ең алдымен “малды жисаң қойды жый, майы кетпес шарадан”; “көйдің сүті қорғасын, қойды сөккен оңбасын” деген мақал-мәттедер осыған байланысты айттылады. Қойдың сүті де жұғымды болады. Қойды, әдетте, көгендер, не қосақтап саудады. Көген әр қойдың басына ілетін тұзак. Қозылар да көгенделеді. Қосақ деп қойлардың мойындағыны үзын арқаның күрмелген, тұзак сияқты жіп шеңберін кигізуі айтады. Арқан жінтердің көбісі қой жүнінен есіледі. Киіз үйлердің түнілігін қазақ катыл жүннен басады. Биязы жұн киіз басуға қолайсыз. Сол сияқты, жүннен киімдік және төсөніштік өрмектер тоқылады. Тери-терсегі де жылы киім болады.

Сынырдың жас төлінде (бұзау, тана, баспақ) “айналышқ” деген дерт бар. Олай ауырған мал сенделіп оттамай, тұрган жерінде айнала береді. Қазақ оны жұдырықпен құлакқа қатты соғу арқылы жазады, сонда есенгіреп қалған төл, аздан кейін шөп жеп, су іше бастайды. Қазақтың тылтиш бір халді “құлакқа үрган танадай” деуі содан.

Малды емдеудің бұдан басқа да халықтық сан түрі бар. Олардың бәрін бұл арада түгел атаудың қажеті жок. Жалпы алғанда көшпелі ауылдар малды ерекше қадірлекен. Сондықтан да, амандақсан адамдар “мал-жан аман ба?” деп, малды жанның “(адамның) алдына сала сейлейді.

Су мәселесі. Қазақ даласының табиғаты отқа мол, кейбір жері суға тапши. “От” дегені — “шөп”. Малдың шөп жеуін қазақ “оттау” дейді. Бос немесе теріс сез айтатын адамды адамға емес, хайуандың тәңегені. Ал сусыз жерлерде қыстығуні жауған қардың ізін қуалайтындар әлі де бар. Мысалы, жерлері отты, сулы келетін Жетісу аймағындағы елдер жазғытуры қары кеткен, әрі ауасы қоңыр жай, шыбын-шіркей жок тау жоталарын жайлайды да, қысқа қарай қар түсे бастағанда, одан қашқалактап, тәменге жылжи береді. Ал шөлді, шөлейтті жерлердегі малышлар қыс бойы қар сүн барынша пайдаланып, жазғытуры қар кете бастағанда қары бар жерлерді қуалай көшеді де, жазғы жайлалауына шығады. Олардың қыс түсे

бастағаннан қар кеткенге дейінгі малдарының да, өздерінің де сусындары қардың суы болады.

Кіші жүзге қарасты қазақ ауылдары XVIII ғасырдың басында Жайық пен Еділдің арасын паналады. Сонда, жаудан ғана емес, жұт пен шөлейттен де қашты. “Ақтабан шұбырынды” жылдары Сыр бойы қазактарының Арқага, одан әрі Батыс Сібірге ауғанына Жонғар хандығының шапқыншылығынан ығысқандығынан ғана емес, Солтүстіктің мол сұына жетуге тырысқандығы себеп болды.

Суды қазақ көл, өзен, бұлактардан пайдаланумен ғана шектелмей құдықтар қазу арқылы да алып отырды.

Қазақ жерінің шөлді және шөлейтті жерлерінде құдық қазу ерекше шеберлікті қажет етеді. Мұндай құдықтар өте көп. Әсіресе, бұлар Сары, Қара, Қызыл құм белестерінің ен бойларында көп кездеседі. Бірақ судың шығу тереңдігі, бәрінде бірдей емес. Мысалы, Батыс Қазақстандағы Нарында құм астының суы терең болмайды. Тіпті құлан сияқты андар құмды ойпатты жерлердің сұын туяғымен тарпып шыгарған деген сөз бар.

Әдette, қазылған құдықтар көміліп (опырылып) қалмас үшін олардың ішін сексеуіл сияқты тез шірімейтін қатқыл ағашпен өреді. Оның атын “шегендеу” дейді. Кейібір деректерге қарағанда, мұндай шегендеген құдық жүзденген жылдарға шыдайтын көрінеді. Шөлдің кай жерінде қандай құдық барын жақсы білетін жол көрсетуші адамдар болады. Елдің көшін солар бастап, сұы бар құдықты айна қатесіз табады. Ағы жағын былай қойғанда, 1918 жылы ол Колчактан Түркістандағы қызылдарға қашқан Сәкен Сейфуллинді Сапалай дейтін жол көрсетуші бастап, Бетпақ даланың кең шөліндегі құдықтарды табу арқылы аман өткізген.

Қазақтың шөл далаларында көшпелілер, қазақ рулары мыңдаған жылдар бойы қазған құдықтар, жүзден, мыңдал саналады. Солардың арасында өте шебер шегенделгендері және терең қазылғандығы Каспий теңізінің күнгей-шығысын алып жатқан Манқыстау жарты аралында.

Манқыстау —“Мынқыстау” сезінен шықкан екен деп те атайды. Олай дейтіні XVII—XVIII ғасырда Алатау мен Сыр бойынан босап барған Кіші жұз рулары, әсіресе адайлар Манқыстау жарты аралында мекендейтін отырықшы түрікмендерді ығыстырып, “Мынқыстау” мекенін басып қалған екен деседі.

Адайлар мен түрікмендердің қонысқа таласу жанжалдары советтік дәуірдің алғашқы жылдарына дейін созылған. Бұл жөнінде айтылатын толып жатқан жырлар, әңгімелер солардың күәсі сияқты. Устірт жайлауының

солтүстігіндегі терең сайдың¹ жағасында “Шопан-ата” дейтін мындаған адамдардың қабірі бар. “Осылар тұрікпен мен Адай соғысқанда өлгендер екен”, — деседі жергілікті кариялар.

Мазарлары, гимараттары көп Маңқыстау түбегінде көп айтылатын ертегі, жыр, әңгіме аңыздардың бірі құдықтар жайында. Маңқыстау бойында уш мыңға тарта құдық бар деседі. Солардың біразы күні бүгінге дейін пайдага асып келеді.

Маңқыстаудағы Сам, Үстірт, Бозашы жайлauларында құдық өте көп кездеседі. Бұлардағы терең құдықтардың аты —“шымырау” (оны басқа жерлерде шынырау деп те атайды).

Шыныраудың тереңдігі жұз, жұз елу құлашқа дейін барады. “Құлаш”— өлшем аты, бұл адамның екі жаққа созған қолдарының ұзындық мөлшері. Бұл шамасы бір жарым метрдей, сонда 150 құлаш екі жұз метрдей тереңдік болғаны.

Құдықты мұншама терең қазуга мүмкіндік беретін сол құдық қазылатын жердін бет жағынан басталып, тереңіне дейін баратын ракушечник дейтін қыртыстың болуы. Мұның негізі бор мен теніз хайуандарының жентектелген сүйектерінен құралады. Бұл “бор тасын” арамен де, күрекпен де немесе басқа темір саймандармен кесіп алуға болады. Сонымен қатар отқа да, суға да, желге де өте шыдамды. Кейінгі кезде бор тас кірпіштерінен зәулім үйлер, сарайлар қаланып тұр. Құдық қазушылар бор тастаны осы сипаттарын пайдалана білген.

Көне заманда, әрбір шеберліктің өзіне тән “киесі” бар деп түсінген халық құдық қазушылардың да сондай қасиеті бар деп ойлаган. Олар әдетте саяң жердің бетіне өскен шебіне, не бұтасына қарап, жер астындағы судың қаншалықты тереңдікте жатқанын, оның азы не тұышы екенін, кебінесе мұлтіксіз болжайды.

Одан да кереметі, бір сайдың бойындағы бірнеше жерден қазылатын шыныраулардың астын үнгірлеп, өзара жалғастырып, су мөлшерлерінің деңгейін бірдей етіп қояды.

Бұл, әрине, кайран қаларлық іс. Қазіргі ғылым жүзінде мұндай үнгірлерді инженерлік есеппен алдын ала жобалап, соナン кейін қазар еді. Құдық қазушыларда ондай білім жоқ. Олардың сүйенетін қара дүрсін тәжірибе. Сондай мөлшермен бір емес бірнеше шыныраудың астын тұтастырады!

¹ Осы сай, бір заманда “Каспий мен Аral теніздерін жалғастыратын өзен арнасы екен” деседі.

Маңғыстау түбегіндегі шебер құдық қазушылардың әрбір құлашқа алатын ақылары бір-бір тұсак. Сонымен терен шыныраулар казу үшін олар жүзге такау, немесе жүзден астам тұсак алулары мүмкін. Мұндай ақыны бүкіл ел беліп төлейді. Сондықтан мұндай шыныраулар баршага ортақ мүлік.

Шыныраудың сұларын тарту қызық: құдықтың ернеуіне екі жерден айналып тұратын шығар (донғалак) орнатады. Ал су тартатын “қауға” кең ыдысты көбінесе түйенің мойнағынан (мойын терісінен) жасайды. Оған шамасы бір тоннадай су еркін сияды. Кейде түйенің, жылқының, сиырдың тұтас терілерінен тігілген қауғаларға одан да мол су сияды.

Қауғаның аузына майысқақ ағаштан, иә, темірден шеңбер салады. Екі жағынан мықты “құлак” орнатады. Соларға құдықтың терендігіне қарай, қыл арқан тағады да, шығыр арқылы шынырауга түсіреді. Қауға толды-ау деген шакта кос арканиң үстінгі жақ үшін екі түйенің мойнына байлап, екі жакқа қарай айдайды. Қауға судан шыға ауырлад, кейде түйелердің күші жетпей де қалады. Сол кезде иелері бақырта айдан, таяқ баткан түйелер алдыңғы аяқтарын бүгіп жіберіп тартады. Екі түйенің әлі келмегенде кейде арканға оларды екі-екіден парлап жегеді.

Тыска шығарылған қауғаның сүйн, сол арада бортастан жасалған “науа” деп аталағын үлкен астауға қотарады. Кей науалардан жүздеген жылқы, мындаған қойдың сусыны қанып шығады.

Сонғы сөз “керіз” туралы. Бұл Иранның “караз” деген сөзінен алынған. Оның мәні төмөндеғідей: жазық жерге жетпейтін тау басындағы бұлактың сүйн сарку үшін сол арадан құдық қазады да, оған жиналған сұларды жыра арқылы төмөнге түсіреді. Осы әдіспен құдықтардың сүймен мал жайлымын, егістік жерлерді сугарып отырады. Ал кейде мұндай тау бұлактарының сүйн жер астынан қазылған үңгірлер арқылы құлатады. Бұл әдістерді де көшпелі қазақтар ертеде пайдаланғанға ұксайды. Өйткені осы сияқты су ағызы жүйелерінің сілемдерін Қаратай, Үлытау сияқты таулардан әлі де көргө болады. Отрықшы шығыс елдері (Иран, Үндістан, тағы басқалары). “Қараз” әдісімен бізден жиырма-отыз ғасыр бүрін шүгілданған. Қазақ халқының көшпелі кезінде су табу тәсілі де осылай жүзеге асырылған.

* * *

Бүкіл Совет Одағының оның ішінде Қазақстанда сұ мәселесін ретке, тәртіпке келтіруді советтік дәуір шешті. Өзендерді бөгеу арқылы сонғы жылдары Қазақстанда

Бұқтырма, Қапшағай, Есіл, Шардара сиякты теніздер жа-
салды. Суы тапшы саналатын Есіл өзенінің “Аютас” ата-
латын тұсынан соңғы жылдар бөгелген су, қазір Солтүстік
Қазақстан, Қекшетау, Омбы, Қорған облыстарының суға
тапшы бірнеше колхоздары мен совхоздарын суға мо-
лықтырып, “Жаманшұбар” сиякты шелейт жерлеріне су
құбырларын жүргізу арқылы сумен қамтамасыз етуде.

Соңғы біраз жылда Сібірдің атақты өзені Ертіс Семей
мен Павлодар арасынан бөгеліп, көтерілген су, қазір
Карагандыға жетті. Енді аз жыл ішінде ол канал
Жезқазғанға жетеді де, осы аймақтардағы аудандардың
өндіріс орындарын сумен қамтамасыз етеді.

Қазіргі күндерде одан әлдекайда зор іс жоспарланып,
Сібірдің ең зор өзенінің бірі Обытың суы “Торғай ойпа-
ты” аталатын саймен Арал теңізіне құламақ. Аралға бет
бұрған Обь суы жолшыбай Қазақстанның екі облысы —
Торғай мен Ақтөбе облыстарының бірнеше шелейт
аудандарын суландырады. Сейтіп, суға қанған бұл аудан-
дардың мал жайылымы да, егістік танаптары да
мейлінше кеңі түседі.

VI. АҢШЫЛЫҒЫ

Көшпелі елдердің тіршілігіне көз салсаң, малшылық
пен аңшылық егіз туганға үқсайды. Әйтсе де ең алдымен
аңшылық пайда болған. Себебі үй хайуандарының өздері,
алғашында тағы хайуандар болғаны мәлім. Адамзат ең
алғаш рет соларды аулап, тірідей ұстағандарын қолға
үйреткен де, үйренбегендерін аулап, пайдалануын
доғармаган. Мылтық шықсанға дейін аңшылардың
колданатын тәсілі қапысын тауып ұстau: көне заманының
осындағы бір әдісі — аран.

Аран. Андарды ұстau үшін тау арасынан ені тар
коршау жасап олардың жан-жағына аң кіргеннен кейін
шегініп шыға алмайтындаі өткір істік қадалар орнатады.
Мұнан кейін андар, хайуандар кейін шегіне бере әлгі
істікке түйреліп, козгала алмай тұрып қалады. Осы кезде
аңшылар оларды оңай соғып алады. Тасқа қашалып жа-
зылған осындаі аңшылықтан қалған таңба-суреттердің
көне замандардан бізге жеткені аз емес.

Андарды аулаудың тағы бір әдісі — қыс кезінде
камыстың басын қырқып, мұз бетінде сояуын қалдыру.
Мұндай әдіске коян арандағыш келетін сиякты. Қазақтың
“ерді намыс, коянды камыс өлтіреді” деуі содан. Бұл әдіс
казірге дейін колданылады.

Тағы бір көне әдіс. Андар жүретін жерлерге тор, ау,
кақпан құру. Мәселен, балық аулау үшін оның жүретін

жолына ау құрылады. Сонымен қатар балықты сүзіп аулау әдісі де бар. Ол үшін аудың бір шетіне, яғни төменгі жағына тас, темір немесе сол сияқты ауыр нәрселер байланады да, екі жақ қанатын қайықпен ілгері сүйрейді. Аудың қанаттарына қақтықкан балыктар ошарылып барайп, оның орта тұсындағы “абак” дейтін тарлау куысына кіреді. Оған кіру оңай да, шығу мүлде мүмкін емес. Қазіргі абақтарға тонналаған балық сияды.

Аумен ұстаган балыктарды уақытша қамайтын қамыс қоршауды “сузек” дейді. Осыған байланысты айтылған Қошқарбайұлы Шашубайдың “Қасқырмен айтыс” деген өлеңінде жалғыз атын жарып жеген қасқырды ақын қакпанға түсіріп алады да, екеуі кінәласады. Сонда Шашубай қасқырға:

*Күнде сүзекіден балық жейсің,
Кайдағы семіздерін алып жейсің.
Балықтың өне бойы толған қылттан,
Ант ұрган-ау, қақалмай не ғып жейсің?!*...

дейді.

Қазақтың аңшылық өнерінде көне заманнан күні бүгінге дейін ең көп қолданылатын әдісі — ит жүгіртіп, құс салу.

Ең алдымен ит туралы. Қазақ ұғымында: “ит жеті ырыстың біреуі”. “Итті тепкен ырысты тебеді”, Иесін сыйлағаның итіне сүйек сал”, яғни тамактандыр, т. б. айттылады. Итті бұлай қадірлеу мал шаруашылығымен шұғылданған көшпелі елде қажет-ақ. Өйткені ит — адамның үйде де, түзде де сенімді серігі. Сондықтан “итті иесімен қинасын” деген. Ал “Ауыл итінің құйрығы қайқы” деген мақал әр ит өз ауылында күшті деген және басқа да астарлы ұғымды білдірген.

Иттің еркегі — тәбет немесе арлан, ұргашысы — қаншық, бірге туғаны — үялас. Кішкенесін күшік дейді.

Қазақтар асырайтын иттер тұқым жағынан “дүрегей”, “тазы” болып екіге бөлінеді: дүрегейі үй күзетеді, тазысы аңға қосатын жүйріктер. Дүрегейдің еркегін “барак” дейді. Олардың кейбірі қасқырга котанин қой бермейтін, алыса кетсе, жеңетін мықты болады. Сондықтан “Барак” есімді хандар да, батырлар да болған.

Мен көрген ауылдарда: Әшімнің “Сарықасқасы”, Терсінің “Кекшолағы”, Сакқұлактың “Сүркігі” дейтін қасқыр алатын иттер болды. Ондай иттер Қазақстанның әр жерінен кездеседі. Мен, Солтүстік Қазақстанның қазіргі Преснов ауданында Тайкеттің Сүлеймені дейтін аңшының сексен қасқыр алған “Сарықасқасын” көрдім. Осы жолба-

рыс тұлғалы ит, кейде аңсары ауып кетіп, қасқырды өз бетімен де алатын еді.

Тазылар құшті болмайды, бірақ денелері сидам, арық, женіл, жүйрік әрі өжет келеді. Олар куса жетеді де, қашса құтылады. Қоян, тұлкі сияқты ұсак андарды олар құтқармайды. Ақтөбенің Ұрғызы ауданында “жұз тұлкі алды” деген тазыны көргенім бар. Қасқыр алатын тазы кемде кем, бірақ сирек те болса кездеседі. Шығыс Қазақстанның Марқакөл ауданында бір қойшының үлас тазысы аюлар жататын үңгірлерге барып, қуалаған аюды тістей қашып, қақлақылдай кезекпе-кезек тістелеп, жасырынған мылтықты исіне қарай алып баратын болған. Біз, бір топ жазушы 1959 жылы барғанға дейін сол аңшы осы әдіспен жетпіске жақын аю атып алған. Ал менің көзімшे атқан біреуінің терісін ол маган сыйлады.

Жақсы иттер туралы қазакта ертегі, аңыздар көп. Қазақтың үғымында ең жақсы ит — құмай. Халық аңызында оны иттен емес, “ат-ала-қаз” дейтін қара-ала құстың жұмыртқасынан шығыпты-мыс, дейді. Ол құс қасқыр мен аюдың ескі апандарын немесе таудың үңгірлерін мекендейді. Жұмыртқаларын да сонда салады-мыс және көп емес, екеу-ақ. Соның біреуінен күшік шығады екен. Қайсысынан шығарын білсе, енесі оны уыз күйінде жарып тастайды. Егер жара алмаса, қабыршақтан шықкан күшік көзін аша салысымен-ақ аңға ұмытлады. Әрі жүйрік, әрі құшті болғандықтан арыстан, жолбарыстан бастап алмайтын азы калмайды-мыс. Осындай аңыз, ертегі түрінде киялдан туған “иттің” атын “Құмай” деп атайды.

Иттің жақсыларын қадірлей отырып, үруден басқа пайдасы жоктарына: “ит үреді, керуен жүреді” десе, қылығы, мінезі жаман кісіні “ит” деп, немесе “итті қүшігім десең — аузынды жалайды”, “ит құтырса — иесін қабады”, яғни өшіккен, жауласқан біреүге “өлсе ит терісі, өлмесе қой терісі”, тұрмыс ауыртпалығына шыдамды, көмпіс адамды “ит жанды адам” деп түрліше астарлы мағынада да мақал-мәтеддер айтады.

Қазактар барлық хайуанаттарды “адал” және “арам” деп екіге бөледі. Адалы — шөппен, жеммен коректенетіндері, яғни басқа тірі жәндіктерді жемейтіндері, ал арамы — тірі жәндіктерді өлтіріп, етпен коректенетіндері, яғни “қан ішерлер”. Бұларды, әдетте “жыртқыш андар” “жыртқыш құстар” деп атайды.

Сол сияқты әрбір халықтың өздерінің пір тұтатын, аңыз ететін жыртқыш құстары болады. Біздің қазақтардың мұнданың аңыз ететін құстарының бірі — бидайық. Ертегі, аңыз бойынша беденеден бастап акқуга дейін бидайықтың

ілмейтін құсы болмайды. Бірақ, шын мәнінде бұл құс табиғатта болған емес.

Осылай анызга айналған құстардың ең зоры да, ең күштісі де екі басты самұрық. Дүниеде мұның күші жетпейтін ешбір жан-жануар жоқ деп саналады. Сондықтан патшалар, корольдер оны таж-тагының қорғаушысы көріп, оның суретін “герб” аталатын мемлекеттік белгілеріне салған. Россияның соңғы патшасы II Николайдың де гербі — екі басты самұрық. Арғы тегі Иран елінен шыққан Самұрық туралы ертеғілер қазакта да көп.

Енді табиғатта бар, өзіміз білетін қыран құстарға көлейік.

Құстардың ішнінде қазақ халқы қадірлелітіні бүркіт. Қазактардың айтуынша, азулы анда арыстан ғана екі күшіктен артық таппайды. Сондай-ақ, қасиетті аталатын құс акку мен жыртқыш құс бүркіт қана екіден артық жұмыртқаламайды. Бүркіт ұясын, ең биік ағаштың басына, тау шындарының ең биік төбесіне, жел мен аяздың ең күшті өтіне салады. Сондықтан да, бүркіттің балапандары жұмыртқа қүйінде де, жұмыртқаны жарып шықаннан кейінгі балапан қүйінде де желге, ыстық пен суықша шынығып, сомдалып өседі. Орман мен таудағы үядан алынған “Бала бүркіт тұлкіге түсуге тайынбайды” деп қазақ құсбегілері әдетте бүркіттің ересегін емес, үшар шақта балапаның үядан алуды дұрыс көреді. Тау бүркіті қазақ үшін бағалырақ. Ол қыраты да, өжет те, алғыр да. Сондықтан, ең алғыр бүркіттің қазақ “таудың ақыны” деп атайды. “Қарақұс” текстес бүркіттің түсі қарасүр келеді. Халық оны “Қарақұс қайырғанмен бүркіт болmas” деп, әжуалайды. Бүркіттің кебі коян, қарсак, борсық, тұлкі сияқты ұсак андарға түседі. Ал қасқыр, аю, бұғы сияқты ірі андарға түсетіндері де болады деген әнгіме бар. Сонда оларды тоқтатуға әлі келмей бара жатса, бір аяғымен кез келген затқа, ағашқа жармасады еken. Мұндайда мықты андар бүркіттің денесін бөліп әкететін жайлары да кездесетін көрінеді. Әдетте, алар анын көрген бүркіт әуелі аспанға шырқай, көтеріледі де, алатын жеміне жоғарыдан төмен қарай түйіледі. Құйылып түскен бүркіт анды бір аяғымен бастан, екінші аяқпен сауырынан қайқайта бүріп, тыптыр еткізбейді. Кейде, қапылыста тегеуіріні (түяқтары) қасқырдың не месе тұлкінің аузына түсіп, шайналып қалатын шақтары да болады.

Қазактар ондай аяқты металлмен, әсіресе жезбен жалғастырады. Сарамен айтысқан Біржанның:

*Тұлқінің жүгірісін қыран байқар,
Ойласақ сөзің емес мәған айттар.
Жел-қабаз, жез тағалы еніреумін,
Сен түгіл қасқыр көрсем бірақ шайнар —*

деуі содан.

Аң да бүркітке оңайлықпен алдыра қоймайды. Олар орманын, таудың қуысы сияқты тасаға панаалауга тырысады. Қазақтың ғашықтық өлеңінде, жігіттің:

*Аспанда мен бір бүркіт қыран-дағы,
Кыздар-ау, сендер тұлқи сырандағы,
Киялап, қия шында жүрсек-дағы,
Киегаштан қанатымды бұрам-дағы,—*

деп өздерін қыран бүркітке теңейтіні сондықтан.

Осы арада біздің советтік баспасөзде жарияланған қайран қаларлықтай бүркіттің екі ерлігін еске түсіре кеткен жөн.

Біріншісі, “Известия” газетіне шамамен отызынышы жылдардың ішінде төмендеғідей қызық хабар жарияланды. Еділ бойында балық аулап жүрген балықшылар, аспанда қалықтаған әлдеқандай үлкен құстың шанышла су бетіне түсіп қалқи бастиғанын көреді. “Бұл не?!”— деп таңданған олар жан-жақтан анталап жетсе, су бетінде қанатын жая қалқыған бүркітті көреді. Бүркіттің астында үлкен құртпа су бетінде қалқып тұр. Сөйтсе бүркіт оны аспанда жүріп көреді де, құйылып түсіп, бұлтартпай үстайды. Бірақ құртпаны көтеріп әкету мүмкін емес. Оның ең үлкенінің салмағы тоннадан асады. Мұндай салмақты бүркіт көтере алмайды. Бүркіттің тұяғы денесіне батқан құртпа теренге сұнғиін десе, бүркіт қанатын су бетіне жайып, жібермейді... Балықшылар осындай тартыста тұрған тағыларды айырады да, ерлігіне сүйсінген бүркітті ұшырып жіберіп, құртпаны олжалаңып, үйлеріне қайтады.

Екінші бір оқиға елуінші жылдарда газеттер бетінде жарияланды, ол ұшын келе жатқан самолетке бүркіттің жасаған шабуылы жайында еді. Сонда бүркіт самолеттің пропеллеріне соққанда самолет аударылып кете жаздағанын хабарлаған еді.

Бұл екі мысал бүркіттің батыл құс екенін дәлелдейді. Бүркіт те өзге құстардай, жыл сайын ескі жүнін тастап түлейді. Жақсы тұлету үшін, қазактар оған “ак жем”, қанынан арылтқан, шикі етті береді. Сонда бүркіт тез арықтайды, арықтаса тез түлейді, семіз бүркіт нашар түлейді. Иесі бүркітке алған аңының жүрегін жұтқызады. Оның аты “тоят”. “Тоят” алған бүркіт көнілді ұшады. Бүркіт кейде өзі алған аңының етін терісімен, жүнімен тұтас жұтып, содан “қоя” немесе “қояба” деген ентікпе

ауруға үшіншілдік. Бұркіт жаз түлеген кезінде тышқандармен қоректенеді де, олардың кейбір кішігірім тұтас күйінде қылғудан да кояба болады. Одан жазу онай: адамның несебіне араластыра жентектеген қарды асатып жіберсе, бұркіт құсады, сонда томалақтанған кояба түсे калады. Кейде сөзден шатаскан біреулерді “қоябасын шығарды” деп реніш білдіру осыдан қалған.

Бұркіттің қас жауы — түтін. Қеудесін түтін шалса табанда өлеңді. Сол себепті оны түтінсіз жерде үстайды. Қыста қора мен сарайда, жаз ашық далада үсталады. Оны ашық жерде үстағанда жемін көріп үшіп кетпеу үшін басы, көзін жауып тұратын “томага” кигізеді. Өзге қыран құстарға да сөйтеді...

Картайған бұркіт еріншектеніп, ірі андарға жөнді түспей, ұсағына үмтүлады. “Бұркіт картайса тышқаншы болады” дегу сондыктан. Тым картайған бұркітті еркіне жіберу салты бар. Адамға үйренген бұркіт ел маңынан үзамай үшіп-қонағы. Ондай бұркітті бүкіл ел болып сый-лап, әрдайым жем (шикі ет) тастайды, иттен, қустан қорғайды, тасаға паналатады. Біздің елде “Есенейдің Та-накезі” дейтін бұркітті сойткенин өз көзімен көрдім.

Бұркіттің және басқа алғыр құстардың бабын білетін адамды “құсбегі”, немесе “саятшы” деп атайды. Қазактың әр жерінде атақты саятшылар болған, мысалы,— біздің Сибанда, Қатаниң Оразы. Оның саятшылық жайы “Өмір мектебінің” бірінші кітабында біраз суреттелген. Бұл үзіндін осы арада келтірудің артықшылығы жоқ сияқты.

...Күрілдектің күтірінде жеген таяқтан кейін, ауыр енбекке құші келмейтін болған Мұқан, көшіп, Зәуре атты үзатқан қызының ауылына келеді. Зәуренің күйеуі оқушыға белгілі Есенейдің інісі Еменалының кенже баласы — Сүлеймен. Зәурені ол тоқалдыққа алған. Бұл ауылда біздің үй бір қыс болған деседі. Ол жылы мен алты жаста болсам керек.

Бірак, со жылы кездескен адамдардың ішінде, менің есімде апам да, жездем де, басқалар да сакталмаған, тек қана саятшы Ораздың бейнесі қалған.

Орта бойлы, кең жауырынды, төстек қеуделі, мұрынның екі сайынан басқа бетін түгел жапқан үзындығы кіндігіне түсетін қалың ақ сақалды, кішірек келген дөңестеу мұрынды, ойнақылау келген дөңгелек кара көзді, желкілдеген үзын ақ касты, кең мандайлы, ажімсіз қызыл— құрең кескінді, ықшам сыртқы киімдерін шалбарланып алатаң, кең шалбарының балағын ішине сала, қонышын тізеден асыра етік киетін, беліне казақша кісе буынатын, кісесінің төңірегінде: мылтықтың оғын, дәрісін,

тазалайтын саймандарын салатын салпыншақ қалталары көп, кіші-гірім тебінгідей оқшантайлы, сол жақ бүйірінде қыңды ұзын кездегі салбырап жүретін, арқасынан асқан шіті мұлтығы түспейтін адам... міне, қазір де менің көз алдында сол түр.

Менің есімде бұл кісі соншама сакталмас па еді, қайтер еді,— егер, сол қыста біздің үйдің күн көруіне көп жәрдемі тимесе...

Осы жәрдем туралы аздаған көп шертейік.

Біз көшіп барған ауылдың қыстауы,— ұзынтурқы Батыстан Шығысқа қарай біткен дөнің қырқа жотасында. Жотаның ұзынтурқы төрт-бес шақырымдай, қапталының кендірі екі-үш шақырымдай. Осы жотаның Батыс пен Шығыс жағын және екі жақ қапталдарын қаптай өсken қалың ну ағаш. Ағаштары түп-түгел қайың мен терек қана. Ауыл осы қалың ағаштың қырқа жолдағы аралында отырады. Төбеден жауған қар болмаса, қысты күні қалың ағаштан бұл ауылға боран беттей алмайды. Қырқа жонның нақ биігінде сай бар, көктем кезінде бұл сайды аттың бауырлығынан келерлік су жатады. Сайды да төніректей қалың ағаш өсken. Ауыл осы сайды дөңгелене орналасқан.

Кейін танысқанда білдім,— жездем Сүлеймен орта дәулетті кісі болғанмен, сараң қолды адам екен. Сондықтан ба, болмаса Оразбен бұрыннан көңілдестігі бар ма,— менің әкем ол ауылға көшіп келгенде қыскы үйін күйеуінің қасынан емес, Ораз үйінің қасынан салыпты.

Шала-шарпы есімде: Ораз бен біздің үй су жататын сайдың күнгей жағындағы қалың ағаштың қойнауында, өзге үйлерден оқшау отырды. Біздің үйде ол жылы жалғыз-ақ сиыр болу керек. Оразда да бір ат, бір сиырдан басқа мал жок еді деседі. Сондықтан, оның да шымнан салынған үйі, қамыспен қоршаган қорасы, біздің де шымнан салған үй мен қамыстан салған кора шап-шағын, кіп-кішкене болатын. Біздің үйде: әкем шешем, екі апам, мен — бес жанбыз; Ораздың үйінде: өзі, әйелі (атын ұмыттым), менен екі жас үлкен ұлы Мағас, екі жас кіші қызы Жанкуміс — төрт жан бар.

“Ораз” әңгімесіне мұнан кейін оралмайтын болғандықтан, оның кәсібі, мінезі, қылғы туралы естігенімізді қысқаша айтып өтейік.

Ол ең алдымен мұлтықшы болды деседі және өзі үнемі жалғыз оқты шитімен ғана атады екен. Бертініректе, аспанда зырлап үшып бара жатқан үйректі шитімен атып түсіргенін көзіммен көрдім. Ес біліп, қасына ерген кездерімде Ораздың ұсынған оғы тимегенін көрген емеспін. Өзгелер де солай деседі.

Оның үш жолғы мергендігі елдің есінде ерекше сакталған.

Бірінің оқиғасы былай: Ораздың жігіт кезі болса керек, ел жайлауға шыққанда, сол араға адасып жалғыз шошқа келеді. Кәдімгі асыранды шошқа. Шошқадан үрейленген жұрт молдаға барса: “Бұл тәнірдің елге жіберген пәлесі” дейді молда. “Сендердің кездеріне шошқа көрініп тұрганмен, бұл кәдімгі шайтан”. “Енді не істейміз?” деп сасқан жұртқа, молда “Үй басы мал сойып, тасаттық беру керек, сонда ғана бұл пәле үшады” дейді.

Жұрт жиналышп тасаттық берудің қамын сөйлесіп жатқанда. Ораз тұрып: “Ау, жұрт, мен білсем, осы жын да емес, шайтан да емес, кәдімгі шошқа. Нанбасандар мен осыны атып көрейін, шошқа болса өледі де, шайтан болса жоғалады” дейді.

Жұрт ақылдаса кеп: “Ораздың сөзін сынап көрсек қайтеді” деген пәтуага келеді.

“Сен енді ат,— дейді жұрт Оразға,— сенің де ақынды жемейік, егер өлтіре алсан, бір жақсы ат міңгізейік”.

Осыған олар уәдеселеді. Шошқа қорысында жатқанда, көлдің жағасына жұрт жиналады. Сонда білгішсінген біреу: “Ораз, сен бұл шошқаны қай жерінен атасың?”— деп сұрайды. “Мылтықшы мүшесін таңдал ата ма аның, ти-ген жеріне соқтай ма?” дейді Ораз. “Сен білмедің,— дейді анау,— оқты шошқаның не жүрегінен, не миынан тигізбесен, өлмейді дейтін. Сен бұл шошқаны өлтірем десен, не жүрегінен, не көзінен тигіз”.

“Жүрегінен қалай тигізеді?”— деседі жұрт. “Оның жарты денесі сазға кіріп жатқан жок па?”. “Онда миынан тигізу керек” дейді білгішсінген біреу. Сонда Ораз тұрып: “Оқты бергі құлагының тесігінен тигізіп, аргы құлагының тесігінен шыгарсам, миын қамти ма?” дейді. “Әрине” деседі оған. “Ендеше атам” деп Ораз әзірленгенде, біреу тұрып: “Шошқаны жұз адым жерден жақын атқан шаригатта обал болады дейтін” дейді. Сонда Ораз: “Мен жұз емес, екі жұз адымнан атайын”— деп, бір жерді мөлшерлеп: “Осы арадан екі жұз бола ма?” деп сұраса, “Одан артық болмаса, кем болмайды” деседі басқалары.

Ораз шиті мылтықтың аяғын жерге құрып жіберіп, шошқаның өзі жағындағы құлағын нысанага алып тартып кеп қалғанда, шошқа шортан етіп атып тұрады да, қылжиып барып құлайды. Жұрт жүгіріп барып караса — Ораздың оғы бергі құлактан тиіп, аргы құлактан шыққан екен дейді. Шошқа өліп қалыпты...

Ораздың енді бір мергендігін былайша сипаттасады жұрт: тағы бір жазда, ел жайлауда отырғандай той болады. Тойға жиналған жұрт қөлдің жағасындағы көк майсаға

отырып, алдарына табак тартылған кезде, аспанның биігіне шығып ап, бір бозторгайды қып жүрген тұрымтайды көреді. Тұрымтай бозторгайды алденеше рет шалып, іле алмайды, тұрымтай шалған сайын бозторгай биіктеп ұша береді.

Бозторгайды аяған жұрт: “Бұй бейшара неге тәмен қарай үмтұлмайды, неге жоғарылай береді” десе, біреу: “Тәмендесе-ақ қағып тұспей ме тұрымтай, соны біліп жоғарылада барады ғой”— дейді.

Аздан кейін бозторгайдың екпіні бәсендей, тұрымтайдың екпіні қүшіе бастағаны білінеді. “Апыр-ай, енді шалады-ау” деп аяғын жұрт шуласа бастаған кезде, жиынның арасынан мылтықтың даусы тарс ете қалады. Со кезде торгайды ілгелі жүрген тұрымтай қаңқебелек ойнап, тәмен қарай құлдырай құлайды.

Жұрт: “не болды бұған?” деп таңданса, жаңағы мылтықты атуши Ораз еken. Тұрымтай соның оғынан ұшып түскен еken.

Үшінші: Ораздың бір күрбісі “Сені мерген дейді, соныңды маган қалай көрсетесін?” деп сұрапты. Сонда Ораз ойланып тұрып: “Екі жұз адым жерден атынның құлағының ұшына окпен ен сап берсем қайтеді?” дейді. Егер Ораз осыны істей алса, күрбісі оған бір құнан бермек болады. Сонда Ораз екі жұз адым жерден шитімен атып, аттың он жақ құлағының дәл үшін ойып түсірген еken дейді...

Ораздың мылтықшылығы осындаі болса, құсбегілігі одан да асқан болған. Есін белгілі қыс бүркіт салудан, жаз қаршыға мен түйғын салудан қол үзбеген. Алғыр құстардың ішінде ілуде біреуі ғана болмаса, бабын тауып, қайыра алмайтын құс — ителгі деседі. Ораз осы ителгіні де қайырып салған кісі.

— Менің малым көп,— деп қалжындаиды еken Ораз.
— Қайдағы мал ол?— дегендеге:
— Көктің құсы, жердің аны түгелімен менікі, ол аз мал ма?— дейді еken Ораз.

Оның қайырып салатын құстарды ұстауына да қайран қалады жұрт.

— Аспанда не бір тағы қаршыға, нә бір тағы бүркіт, немесе сол сияқты алғыр құстар ұшып бара жатса — деседі Оразды білетіндер,— Ораз құлімсіреп карап тұрады да: “бара бер, қонар жерінді өзім білем, барам да алып қайтам” дейді екеп. Расында да сөйтеді ол. Ұшып кеткен құстың сонынан кете барады да, қайда, қалай ұстайтынын кім білсін, біраз уақытта алып қайтады. Бірақ, ол құс атаулының сонынан күа бермейді, “қай құстың алғыр боларын, қайсысының алғыр емесін көкте ұшып ба-

ратқанда айырам” дейді. Сол сөзі рас па, немесе ұстаған құстың бабын таба біле ме, әйтеуір, Ораз ұстаған құс алғыр болмай қоймайды.

Жазы, қысы құс салатын Ораз әр күні қоржының толтыра құс, қанжығасын толтыра аң әкелмей қоймайды. Соның бәрін өз пайдасына жұмысаса, ол байып та кетер ме ед, қайтер ед. Бірақ, ейтгейді Ораз, ол “сауға” бергіш. Оның қанжығасы қанды екенін білетін жүрт Ораз аң мен құсқа мылтықпен шықын, қайырған құсымен шықын, қасына топталып еріп жүреді. Ораз атқанын да, ілдіргенін де соларға үлестіреді де, өзі үйіне бірер күнге азық бولарлығын ғана алып келеді.

— Бұның не? Олжанды жүртқа бергенің?— деп қамқорсығандарға:

— Мені сен аямай-ак кой,— дейді Ораз,— кектің қусы, жердің аны аман тұрганда, он көзім, екі қолым аман тұрганда мені қарны ашып, өзегі талады деп ойла-маңдар.

Ораз күзді күні күзен, актышқан, тұлкі, қасқыр сияқты аңдарды да кеп аулайды. Бірақ, солардың да терісін сатып пайда таппайды ол. Кім көрінгенге сауғага беріп қоя береді.

— Бір жылы Оразға: “Қасқыр ішігім тозып кетті, маган ішіктік қасқыр жинап берші” деп ем,— дейтін еді Мұстафа дейтін кісі,— Ораз “Жарайды” деді де, сол жылы қысты күні у салып үш қасқыр, қақпан сап бір қасқыр, бүркітіне алдырып бір қасқыр, атып бір қасқыр — барлығы алты қасқыр әкеп береді. Содан етегі жер сыйған мол ішік кидім.

Өмірін аңшылықпен, табиғатты кезіп кешірген Ораз, аса жарқын мінезді, үрыс-талаң дейтінді білмейтін, өзі ешкімге соқтықпайтын, өзіне ешкім соқтықпайтын, кісіре телімретін, сұраган адамның қолын қақпайтын, үлкенмен де, кішімен де құрдас, ойынши әзілқой, қалжыңшыл, аса жайдары адам болған.

Оның аса дос көрінетін тобы балалар болушы еді, Жазда, қыс та аңға шықса, қасында балалар қаптап жүретін. Ол сауғасын балалардан да аямай кіндік олжасын олармен бөлісетін, бүгін құр қалған баланы ертең риза қылатын.

Әлі күнге есімде, Ораздың аңға ерте шығарын білетін балалар, таңертең ерте оның үйінің маңына жиналады. Оразда жалғыз-ақ ат болды дедік кой. Қардың жұка және жұмсақ кезінде ғана Ораз аңға атпен шығады да, кар калындаған, қатқан кезде көбінесе жаяу шығады.

Жасы со кезде алпыстарды орталған Ораздың денесі тіп-тік, жүрісі шашаң. Ол ит терісінен істеген үлкен

қолғабын оң қолына киеді де, томагалы бүркітін жұдырығына қондырып алып;

— Ал, кәне, жүріндер, балалар — деп жөнеле береді.

Қаптаған бала Ораздың сонынан ере тартады...

“Сағындық жалы” аталатын жотадағы ағаштан біз шығып кетеміз. Бұл жотаның оң жақ қабыргасын ала жарыса біткен “Сәдір шоғы” аталатын бір жал бар, сол жағында жарыса біткен “Елтін жалы” аталатын бір жал бар. Осы жалдардың арасындағы сайлардың әр жеріне өзектене талдар, шіліктер өседі...

— Ал, балалар,— дейді Ораз, сайга түсе бере,— мен сонау талдың ығына барып отырайын, сендер жел жағына шығындар да, ішіндегі аңды бері қарай айдандар.

— Айдағанға көне ме ол, ата?

— Неге көнбейді?— дейді Ораз,— айғайдан қашпайтын аң бола ма, аржагынан дыбыс шықса, бері қарай өздері де жөнкиді.

— Сіз неге жел жағына шықпайсыз?

— Аң деген іісшіл болар, балалар,— дейді Ораз,— мен жел жағына шықсам, бүркіттін іісін сезіп, тығылған жерінен шықпай қояды олар... Ықта отырсам сезбейді...

Ораз жұмсаған жакқа балалар жұғіріп кетеді де, шулласа кеп үмтұлады. Талдардың, не шіліктердің арасындағы бар аң қоянғана ма, болмаса ең корқағы соларға ғана ма,— қаптаған шудан қашан да үркіп, шыға қашатын сол қоян болады...

Ораз ол кезде, бүркіттін томагасын алып, әзірленіп отырады. Аң аулап дағдыланып қалған бүркіт бұл кезде қанатын қомданқырап, жан-жағына қылқындаپ қарайды да, қашып шыққан қоянды көргенде, бірер рет шаңқылдан шақырып жіберіп, талпына бастайды. Со кезде Ораз бүркітті қоя береді... және өзі берер қоянды мылтықпен де қағып тастайды... Шарықтап, биікке шығып барып төмен сорғаламай, аң алмайтын бүркіттің дағдысы. Сол дағдысымен ол қашып баратқан қоянға тұра үмтұлмай, әуелі қанатын жазып, биіктеп алады да, содан кейін қоян қашып баратқан жакқа қарай құлдырай кеп құйылады...

Бүркіт атаяулының бәрі сондай ма, немесе, Ораздың баулыған бүркіті сондай ма,— иесі жұғіріп жеткенше үстаган қоянын тірі қалпында басады да отырады.

Жасының қартандығына қарамай, Ораз со кезде балалардан жүйрік. Балалар қарға батпайды, ол батады. Солай бола тұра, жүгіргендे ол балалардан озып кетеді... Егер, қар тіпті қалың боп, жүгіруге мұрша бермесе, Ораз аяғына шаңғы киіп алады. Шаңғы кигенде ол “шапқан атқа қатарласам” деп серпеді. Атпен жарыса ала ма, жоқ па, ол арасы бізге мәлімсіз, бірак, шаңғы кигенде ол

қардың бетінде аккан жұлдыздай зымырайды... Со кезде оның кескіні тіпті күрең тартып, беті — ақ сақал жамап алған жас жігітке үқсайды.

Менің байқауымша, Ораз бір сапарында, көп аң әкеле алмайды. Бір күнде көп болса бес-алты қоян ғана алады. Олардың да көбін серіктеріне үлестіріп жібереді. Сөйтеп тұра, қай уақытта аулап үлгергенін білмейсін, Ораздың қорасының бір түкпірінде аппак боп қояндар үйледі де жатады.

Ораздың қыскы соғымы — қоян ғана. Оның үйі — қоянды көбінесе сорпағып емес, бәліш қып жейді. Сол үйде үлкен бір қара таба болады. Ораздың әйелі бәлішті қара табага толтыра жасайды....

Осы бәліштен мен де, менің әке-шешем де, апаларым да талай рет тойып жедік...

Күрілдек күтірінен күз көшіп келген менің әкем, қыс сол ауылдың малын бағуга жалданады. Бірак бұл қызметте ол үзак тұра алмай, денсаулығы жарамаған соң босайды.

Үйге келген әкем төсек тартып жатып алды. Үйде жалышылыққа тұратын басқа адам жоқ. Сатар мал жоқ, бай жездеміз бізге қараспайды.

Қалай күн көру керек?

Ораз болмаса со жылы біздің үй аштан өлер еді деп ойлаймын.

Әлі есімде: біз таңертең әкемнің сарнаған дауысымен оянамыз. О кісінің сарнағанда үздіксіз айтатын үш-ақ ауыз сөзі бар: “Опыр-ай, алла-ай, жаным-ай”. Үйқыдан ояу үақыттарының бәрінде осы үш сөзді үздіксіз айтып, сарнаудан аузын жаппайды.

Шешем со қыста орыс поселкелерінен тон алып тікті. Жәрдемшісі ержетіп қалған Бағила ғана. Бірак, оң қолы баяғы өртке күйдіргеннен тырысып, қисайып біткендіктен, ол ине сабактап беруден басқага жарамайды. Тонды шешем тебен инемен, жуан көндірмен тігеді.

Неге екенін кім білсін,— тіккен тонның ақысына біздің үйдің алатыны кәртоп қана. Осы кәртоптен басқа адал ас біздің үйде болмайды.

Сондай таршылықта тұрған күндерде, бір күн таңертең Ораз келіп, әкемнің көнілін сұрап отырады.

— Ay, Мұқан,— дейді үй-ішінің хал-жайын көргеннен кейін,— шариғатта айтады екен, “ен ауыр ақы — көрші ақысы” деп. Маган биыл көрші қондың сен. Бәрібір, иттің құлы итакайға үлестіріп жатқан дүние, сен оны намыс көрме, мен оны борыш көрмеймін,— биыл қыс мылтықтың қарауылына, бүркіттің тыrnaғына іліккен олжаға екеуміз ортақ болайық.

Осы кеңестен кейін біздің екі үйдің дастарқаны қосылып кетті. Ораздың бәлішіне біздің үй де ортақ болды. Бірақ, бұл бәлішті екі үй кезектесіп жейді: бір күні Ораздікі, бір күні біздікі.

Улкендігіне кісінің құлашы әрен жетерліктеі зор бәліштің ішінде қояның етіне араласа картоп та пісіріледі (әрине,— біздікі). Молдығы ма, берекелілігі ме,— бәліш екі үйдің жаңын лықа тойғызыады. Әуелі олар бәлішті айнала отырып, қасықпен, ішіндегі етті тұздығын араластыра соғып алады...

Аурулы Мұқанның көңілін аулағысы келе ме, немесе кеңескор адам ба,— асқа тойғаннан кейін Ораз әңгімені соғады кеп.

Оның бар әңгімесі аңшылық туралы ғана. Бұл әңгіме әдеттінше тұндерге созылады. Және бір әңгімеге бір әңгіме жанаспай, әр түннің әңгімелері тыңынан басталып отырады.

Орта Азияда бүркіт салатын қазақ пен қыргыз. Өзге халықтардың аздаپ ұстайтындары: түйғын, лашын, қаршыға, ителгі, тұрымтай, қырги, жагалтай сияқты ұсақ құстар. Ондай саятшылар осындай ұсақ құстарды баулыған. Мысалы, Орта Азияның, Қырмынның, Еділ бойының хандары бірінші уәзірін “құсбегі” деп атаған.

Ұсақ қырандардан саятшылардың сирек колданатыны ителгі. Қазактар оның қайыруы (үйретуі) қын деседі. Ал үйрене қалса, өте өжет және алғыр болатын көрінеді. Ителгінің мөлдіреген қап-қара көзі өте сүйкімді. Сондықтан жігіт қызды мактаганда:

*Алдырған томағасын ителгідей,
Көзіңен айналайын жаутаңдаған,*

дейді.

Түйғынның (сұңқардың) өзге қырандардан айырмасы оның акқуга түсүі. Өзгелерінің түсуге батылы жетпейді, әлі де келмейді. “Құстың төресі” акқуға сұңқардың түсүі батырлық деп есептеледі. Ол жүректі де, намысты да құс. Атақты Максим Горькийдің “Сұңқар туралы жыры” дейтін прозамен жазған поэмасында сұңқардың сондай касиетін де суреттейді.

“Лашын — ең алғыр құс. Лашын жайлы ”Өмір мектебінің“ екінші кітабында біраз айтылғандықтан бұл арага үзінді қоса кеткенді мақұл көреміз.

Балғабайдың Ахметі дейтін атақты құсбегі жаз айлаұнда үнемі лашын салатын. Өзі жұдырықтай ғана бірақ, қанат, құйрығымен тұтас алғанда сұнгуір қайықтай үп-ұзын көрінетін, мандағы жайпақтау келген, тұмсығы жол-

барыстың тырнағындағы иілген, сарғылттау, қияғының өткірлігі ұстарадай. Каракаттай мөлдіреген көздері бадырайып, бөтегесі жүйрік аттың омырауындағы, сирактары жінішке, сарғылт саусактарының басына имие біткен сұргылт түқтартарының ұштары егелген біздей өткір, қанатының топшысынан аргы жагы карлығаштың қанатындағы ойыңқы біткен. Құйрықтары сауысқандікінде ұзынша, қанатының түсі құлпырып, кейде қара сұр, кейде қара қоңыр болып көрінеді. Бұл құстарың қоркемдігіне қанша қызықсан да, дәл сол отырған түріне қарап оны “құс алады-ау” дегенге, әсіресе “каз бен дуадақ” алады дегенге сенгің келмейді... Сол сөздердің растығына, Ахметтің қасына ерген күндерге ғана көзім жетті.

Ахмет лашын салуға екі-ақ мезгілде шыгады: бірі таңың атуы мен күннің кетерілуінің арасы, екінші мезгілі күннің енкеюі мен батуының арасы. Осы екі мезгілдің біреуінде оның қасына салт атпен еріп шыға қалсаң, бұл кездерде қандай құстардың қайда жайылатынын жақсы билетін Ахмет: “казір үйректер пәлен жерде, қаздар түтег жерде...” деп болжалын айтады да, саған қызық қөрсеткісі келген кескінмен, “кәне, қайсынына барамыз солардың?” — деп сұрайды.

Үйрек алу лашынға қын емес. Шалшықты қөлдерде тасада отырған үйректерді ол ала алмайды. Сондыктан оларды тасадан шығару үшін әрбір құс салатын адамың қолында дабылы болады. Ол шенберлеп иген ағашқа керілген кепкен тери. Оны қамшының сабымен қакқыласан, құнғылған дауысы маңайды жанғыртып жібереді. Ыбырай ақынның “Гәккуінде” “құс салып, айдын қөлді дабылдаттым” деп, осыған байланысты айтса керек. Дабылды каксан, тығызып жүрген үйрек атаулының бәрі де ду кетеріле үшады. Осы кезде Ахмет оң қолына қондырған лашынның көзіндегі томаганы сыптырады да, астындағы жарап атты шокыта, бытырай үшіп бара жатқан үйректерге қарай лашынды сілтеп жібереді...

Қазақтың халықтық өлеңінде “қыран құсқы үшып, түзу ілер” деген сөз бар. Мұның өмір шындығынан алынғанын Ахмет салған лашыннан көзімізді жеткіздік. Алғаш сілтеп жібергенге лашынды құлап бара жатыр екен деп ойлайсың. Өйткені ол жоғары емес, төмен қарай құлдырайды... Жерге жақындал барып бауырлай үшқанда, ол акқан жұлдыздай зымырайды. Сол зымыраган қалпында қашқан үйректерді тұра кумай қигаштай тартады. Сол бетімен біраз қарқындал алғаннан кейін ойысып үшіп бара жатқан үйректердің астына қалай жеткеніне көз ілеспей қалады. Лашынның бір гажабы — ілу үшін нысанға алған үйрегінің дәл астына жетпей аспанға

көтерілмейді. Ол жерден атылған оқтай тік шашылып барып көтеріледі. Сонда қуған үйрекімен қалай айқасқанын шамалап та үлгірмейсің...

Лашын әр түрлі болады. Біреулері ілген үйрекін жерге ала түседі де, енді біреулері үйректің не желкесін, не топшысын аспанда қызып жіберіп құлатып, одан әрі екінші, үшінші... үйректерді бірінен соң бірін түсіріп, өз бетімен кете барады...

— Қыран құстың,— дейді Ахмет,— ең алғыр кезі екі және үш тұлектің арасы. Оған дейін аланғасарлау болады да, одан кейін қайраты қайтпағанмен, тақыстанып, жалқау келеді.

Лашынмен қаз алу үйректен әлдекайда қызын екен: лашын адамнан алысырақ жерде қазды іліп түссе, қалғандары сол араға қона қалып, лашынды қанаттарымен үрып, не талдырып, не өлтіріп кетеді. Бірақ тәжірибелі лашын алған қазының қанатының астына тығылып қалады да, қаздар оны қанатымен сабаймын деп жүріп, сол ілінген қазды сабап өлтіреді...

Ілуде біреуі ғана болмаса, лашынға алдырмайтын құс дуадақ. Ол үшқырлығымен қашып та құтылмайды, қаздардай төбелеспейді де. Оның көрсететін қайраты, лашын дәл үстіне келгенше бүгүп отырып, ілуге жақындағ берген кезде басына саңғып жібереді және көбінесе лашынның көзіне саңғиды. Мұндай жағдайға душар болған лашын қайтып дуадаққа жоламайды.

Құс салудың ең қызықты кезі көктемде емес, шілде өткен соң болады. Ахметтің де құс аулауга шығатын уақыты — олар семірген күз мезгілі. Бұл кезде оның жарғақ құлағы жастыққа тимей, ертелі-кешті уақытын құс қонатын жерлердің маңында өткізеді. Саятқа оның құмарлығы сондай: қай кезде үйықтап, қай кезде ас ішетінін білмейсің. Құс салатын мезгіл түгіл, күндіз, күн ысыған кездің өзінде де ол саятшылықтың әлде не ермегін тауып дамыл көрмейді. Кейбір күндері ол далада қонып қалады. “Шаруана неге қарамайсың” дегенге:

— Баяғыда мен сияқты аңшы біреу далада аң аулап жүрсө,— дейді ол қуланып,— үйдегі кәрі атасы және бір атана өлеңді. Сонда аңшы:

*Атап өлсे сойылар,
Атап өлсे қойылар,
Бұл сияқты қан-сонар,
Маған қашан табылар —*

деп қайтпаған екен дейді. Сол айтқаңдай, басқара алмай жатқан не шаруа бар менде? Шағын шаруаны інім Ал-пысбай да атқара алады ғой?

Балтабай ауылында мұғалім боп қызмет атқарған жазда, менің аса бір қызығылтықты еткен уақыттарым,— лашын салған Ахметтің касына ерген кездерім еді...

Мынадай бір саят құндері бүгінге дейін көз алдында елестейді де тұрады: ішіне Балтабай ауылын қоса, “Антагұл” атанатын рудың он шакты ауылы айнала қонып жайлайтын “Алуа” атты шалқар кел бар (оган кейін ораламыз), көлдің әр түсінан су аған жырақалар кеп косылады. Көктемде ғана су жатып, жаз құргап қалатын бұл жырақалардың өнбойы әлдеқайда алыска кетіп, қайдағы бір баттауық саздарға барып үштасады. Ол ара, құстардың құмарлана оттайтын жұмсақ шебінің мырығы... Ахмет лашынды сондай жерлерге апарып салады...

Құстың отқа шығар мезгілі таңын сібірлеуінен басталады. Со кезде у-шу боп көлден көтерілген құстар отты жерге жапа-тармағай қонады да, әр тайпа құс өз күзетшісін қарауылға қойып, оттауга кіріседі. Өзі құс болсын да, өзі қарауыл болсын... Кәне, көзін алдал көр оның... Эрине, алдай алмайсың... Ендеше, олардың оттап отырған жеріне, көздеріне шалынбай жету керек...

Білетіндердің айтуынша, аңың өзге сезім мүшелерінен мұрынның сактығы өткір, құстың құлағының сактығы өткір, сондықтан, жел жақтан келе жатқан жауды аң көзімен көрмей-ак, құлағымен естімей-ак, иісін алыстан сезеді де, корғану қамына кіріседі: құстың мұрны — ең топас сезім мүшесі, сондықтан, көзі көрмейтін жағдайда оның алыстан сездіретін мүшесі — құлак. Осындай жайын жақсы билетін Ахмет жайылымға шықкан құстардың көзі мен құлағын алдастыру жабдығын қарастырады.

Не істейді ол? Құс салар күні ол таң караңғысынан тұрады. Лашының колына алған ол, күні бұрын болжалға алған жеріне көбінесе жаяу тартады, ондағы ойы — атпен кокиып құстардың көзіне түспеу. Олардың көзіне жаяу да түспеу керек. Ендеше не істейу керек?..

Ауылдың Балтабай ауылы отыратын батыс жақ ернеуі биік жар. Ахмет екеуміз сол жардың астына түсеміз де, етегін жағалап отырып ойға алған жыраққа жетеміз. Құргак, терен жырақаны бойлап, құс жайылымына жақындаған кезде, екеуміз ауыр киімді шешеміз, етікті тастап, балакты түрінеміз, сөйтіп, еппен ғана қымылдан, құстың жайылымына жетеміз... Бойымызды көрсетпей, еппен ғана басып барған бізді, құстардың қарауылы қанша сақ болғанымен ангара алмайды...

Ес білгелі құс салуды кәсіп еткен Ахмет, жайылымға шықкан құстың құмартса оттайтын кезіне дәл барады. Бұл таңын жаңа ғана бозамықтана бастаған кезі... тегі, құс деген аланғасар “халық” қой деймін, өйткені, сактануда

олар бар қаруы құлағы бола тұра, құлағына сендеріп қарауылды коя тұра, сол қарауылның келер жаудың дыбысын тыйыштықпен тыңдаудың орнына, құлағын өздері керен гып, өздері азан-қазан, у-шу болады да, жатады, сондактан ба, немесе, жасырынып барған саятшыны, көбінесе нақ қасына жеткенше сезбейді...

Нак қасына жақындал, Ахмет дабылын қағып кеп жібергенде, құстар у-шу бол көтеріле кеп үшады, со кезде, Ахметтің қолынан лашын да үшады...

Неге екенін кім білген, дабыл даусынан үрке кетерілген құстар, со қалпымен лағып кете бермей, сазды айнала жүйткіп, қонып-ұша береді... Лашын сондайда талайын іліп қалады...

Өте бір әдемі көріністер де болушы еді: таң сібірлеп келе жатқанда, жер бауырлап құска үмтүлған лашының денесі оның өзі емес, көлеңкесі ғана сияқтанады... Жердің бетін ала зымыраған көлеңке, жоғары көтерілген қаз не үйректердің астынан жарқ етіп жоғары шапшыганда, жерден жоғары атқан тас сияқтанып, домалана үшады... Лашын жармаса кеткен құс, аспанда канаты талып құлаған сияқтанып, далбаңдал төмен құдия жөнеледі. Со кезде, Ахметте де, менде де ес қалмай, екеуміз өкпемізді қолға ала үшамыз... “Бұркітші” деген өлеңінде “бір қызық ісім екен сүм жалғанда” деп Абай айтқанда, со бір сәт мениң өмірімнің де аса бір рахаты еді-ау...

Бұл айттылғандарға қосылатын сез; алғырлығының үстіне, лашын тепкіш және қиғыш құс. Топталған құрбандарына жолықканда, ол, жеткенінің желкесін қиып, теуіп жерге түсіре береді дейді. Атақты Махамбет ақынның:

Оу, қызыши құс, қызыши құс.
Көл қорыған сен едім,
Ел қорыған мен едім,
Сені көлден айырган,
Лашын құстың текпіні,
Мени елден айырган,
Хан Жәңгірдің екпіні —

деуі содан. Ең көп үсталатын алғыр құс — қаршыға.

Қыран құстардың көпшілігі алғаш үмтүлғанда жемін ілмесе, оны қайтып кумайды. Ал қаршыға болса, керісінше, қашан ілгенше тепендей куа береді.

Қаршыға да қазак саятшыларының көп үстайтын құсы. Кейбіреулер “жігіт сұлу көрінбес қаршыға алмай” деген ақылға сүйеніп, оны сән үшін де үстайтын болған.

Қырги — тым ұсақ құс. Алатыны да бөдене, торғай сиякты өте кішкентай құстар. Бөдене қалың шөптің арасында бұғып отырады, не жорғалап жүреді. Сондықтан

қыргиды көбінесе пішеншілер үстап, шебі шабылған жердегі бөденелерге салады. Өйткені күзге қарай бөденелер семіз болады. Оны көбінесе ер балалар ермек етеді. Үлкендердің құс салуын көрген олар еліктейді де, торғайларды, әсіресе бозторғайларды аулайды.

Бүркіт, әрине, аң атаулының адалына да, арамына да түсे береді. Ал, ұсақ андардан қоян, киік, елік сияқты адалдарына, карсақ, борсық сияқты арамдарға түсे беретіні болады. Мысалы, қаршыға, лашын, ителті сияқтылар, киік, елік сияқтыларға тұсу үшін, оларға осы андардың мүйіздерінің арасынан жем беріп, үйретеді. Соган қажігі болған құстар, дала андарына да ұмытылып, мүйіздерінің арасына қонады да, жем ізделп далбаңдайды. Содан жасқанған аң (киік, елік тағы басқалар) жүгіре алмай қалады. Сондай халінде жеткен аңшы соғын алады. Осы әдісті қолданатын біреулер жайында, газете хабарлар да болды.

Мерген аталатын мылтықшылар жайында қысқашағана: аңды садақпейн ату көне заманнан бар. Қошпелілер арасына мылтық, отырықшы елдермен араласа кірген.

Қазакта “сүр перен” деген сөз бар. “Перен” немесе “берен” ирандықтардан тараған жалғыз оқты мылтық. Оның ақыры қазақтың “шиті” аталатын, бауырында екі аяғы (tіreui) бар мылтығына соққан. Шитіні қазақ үсталары да бүрай (жасай) береді. Ол да жалғыз оқты, ол да тигіш. Қосауыз, винтовка аталатындар қазаққа орыспен араласа бастағаннан тараған. “Құралайды көзден атады” дейтін аса мергендер, казақ арасында көп болған. Олар туралы қызық әңгімелер, “Құламерген”, “Жүйемерген” деген сияқты қиссалар жасалған.

Барлық елдің де, олардың ішінде қазақтың да үтімымында — “аңшылар өтірікші”. Онысы рас та сияқты. Арғыларын қоя түрғанда, артист, аңшы — Әубекір Смайылов бір окпен екі үйректі атып алады... Ұша берген екі үйректің соңғысын атқанда, одан өтіп кеткен ок, екіншісіне тиіп, екеуі біржола құлайды...

Өзге қарудың бәрінен қазақтың мылтық оғын күшті көруіне — “батыр бір оқтық, бай бір жұттық” деген мақаласы куә. Және, қазақ, “мылтықшы атамын деп қорқытады, құл қашамын деп қорқытады” дейді. Азамат соғысы кезінде, Торғай елінде революцияға қарсы шыққан бай — Әбдігапар оққа үшқанда жоқтаған әйелі:

Ажальна жетті өй,
Күмалактай қорғасын — деген.

Аңшылық, ең алдымен тамақ үшін керек. Қоян етінен жасаған бәліш — қазақтың ең тандаулы тамағы. Азықтық аң қазақ жерінде көп.

Әдетте, қаз бен үйрек ілдіргендер етіне, сорпа-суына карық болып қалады. Адал аңдардың бәрі де азық. Олардың ең онай және ең көп ауланатыны — қоян. Оның етімен қатар терісі де іске асып, онан киім жасалады.

Аңшылардың үйымдаса аулайтыны — қасқыр. Мал шаруашылығымен шұғылданатын елдің олай етпеуді мүмкін емес. Кейбіреулер оның атын “қас” (дүшпан) және “қыр” (дала), яғни “дала дүшпаны” деген екі сөздің мағынасын береді деп жорамалдайды. Онысы рас та болар. Негізінде, қасқырдың жемейтін малы жок: ол түйенің алдында аунап жата қалады, мұны көрген түйе жақындаған иіскегенде тұмсығынан тістеп шегереді де, содан кейін қарынан жарады. Жылқыға да сол әдісті колданады, егер жылқы үркіп қашса, қуалап жүріп шабынан тістеп жарады. Кейбір жүректі айғырлар болмаса, жылқы да қасқырга қайрат көрсете алмайды... Түйе тіпті жуас. Есек байғұс қасқыр санын далдалап жеп жатқанда, аузын малжандата берген-нен басқа кимыл көрсетпейді. Сиырлар қасқырга мүйізін тосын жолатпауын жоғарыда айттық. Ал, қой ығыса үркуді ғана біледі. Оның тобына кіріп алған қасқыр, шетінен тамактап өлтіре береді де, сол топтағы қойдың бірін қалдырып түгел қырып бітіргенше тоқтамайды: сондықтан да қасқырды қазак “қасқунем” дейді.

Бакташы жөнінде қасқыр “қатынды қөрсем қарқылдай күліп жеймін, қызды қөрсем қызыл өнешеме салам, үлды қөрсем үяға қашам” дейді-мыс. Шынында, қасқыр әйел бакташының алдынан қой-ешкіні тартып жейді. Еркектен, әсіресе — үлкендерінен қорқатыны рас.

Қасқырды қазақ бүркіт, ит, мылтық және жүйрік атпен қыс айларында аулайды. Қасқыр қақпанының серіппесі өте қатты болғандықтан, оны жігіттің жігіті ғана құра алады. Әдетте, қақпан иен далаға апарылып тасталған мал өлек-сессінің қасына құрылады да, үсті жапырак, шөп сияқтылармен бүркеледі, қар жауып тұрса тіпті жақсы. Кейде қақпанға аяғынан, құйрығынан түсken қасқыр, ол мүшесін шайнап, үзіп, босанып кетеді.

“Қамба” дейтініміз — омыбы қардан ойып жасалатын ор. Қайсыбір орманды, таулы өлкелерге қар мол жауып, боран соққаннан кейін кейбір ойпатты, шұнқырлы жерлерге үйілген қардың биіктігі 4—5 метрге дейін жетеді. Басқа аңдар сияқты қасқырдың да “жым” аталатын шұбырынды іздері болады. Қамба сол жым бойындағы қары қалың шұнқырларда қазылады да, қабыргаларына тайғанақ мұз тұрғызу үшін ішіне ку шөп жағады, сонда қамба қабыргасындағы еріген қар от сөнісімен аяздың әсерімен лезде мұз болып қатады. Мұнан кейін оның үстін бүркеп жауып тастайды.

Ал қамбаға андаусызда түскен аңдар сыртқа қарғын десе, мұздакқа таяды да қамбаның ішіне қайта құлайды. Соナン аңшы келіп, соғып алғанша қамбаның ішінде отыруға мәжбүр болады.

“Балуан-Шолақ” әңгімесінде, қасқырдың қамбаға түсін шындықтан алған бір оқиға былай баяндалады:

Камбадағы қасқыр

Күн батып барады... Кундізгі қардың бүркасыны басылып, жел тынды. Ақшыл бұлттан аспан аршылып, қыстың қызыл шұнақ аязы бүркеусіз бетті шымшылай бастады. Малдарын корага жайғастырган ауылды аяз қорғалатып, үйді-үйіне қуып тықты.

Қалын қарагайлы орманның ашық алаңына қыстаган аз ауылдың адамында қарашиңдай қалтиып далада тұрған жалғыз Баймырза. Оның кішірек қой көзі, орманның арасына қараған сайын қадала түседі.

— Негып тұрсың әй, үйге кірмей? — деді далага үшкыны шашыраған күлді төге шыққан Қалампир.

— Баланы қарап тұрмын.

— Қай бала?

— Нұрмагамбет ше?

— Бетім-ау, сол бала таңтертең кеткеннен әлі жоқ па?

Мен ауылда ойнап жүр екен десем.

— Төлебайды жіберіп іздетіп ем, барлық үйді қарап келді, балалары үйлерінде — дейді. Нұрмагамбет жоқ — дейді.

— Бар болғыр, сол бала ма! Ылғи осылай іздетеді де жүреді. Сол, бар болғыр, қамбаға түсіп кетіп жүрмесін. “Қой” десем, бір қоймайды, бар болғыр. Қоян аулай ма, күр аулау ма. Үйде отыруы жоқ.

— Мен қарап келейін, сен асынды істе. Бала тоңған шығар. Үйге кеп ыстық ас ішсін. Жолына жөргем ілесспесе, үйге келмейтін әдеті емес пе, оның.

Қалампир үйге кірді. Баймырза қамбаға жөнелді.

Оқиға былай еді: сол жылы боран көп бол, қарагайлы орманның жел жақ бетіне, ағаш бойына жақын күртік үйіледі. Сол күртіктің қоян жүретін жерінен Нұрмагамбет, кісі бойынан биік қып қамба қазды. Қамбаның аузын тар, түбін кең қазып, ішіне сабан тастап өртеді. Қамбаның қабыргасының қары еріп, мұздак бол қатты. Содан кейін бетін шырпымен жуып, үстіне шөп тастандайты. Жыммен жүрген қояндардың талайы бұл қамбаға құлады.

Нұрмагамбет қайыңнан өзінше құрық істеп оның басына бау такты да, қамбаға құлағын қоянды құрық үстап, қамбадан сурып, бауыздап үйіне әкеледі.

Бүгін таңертең дағдылы қалыптен Нұрмәғамбет күрықшасын ап қамбасына жөнелді. Қамбага жақындаса, жапқан бұтқақ жок. “Қанды басын бері тарт” — дейтін еді ол, қамбага коян түсkenін сезсе; сол сөзін айтып қамбаның жиегіне келсе, ішінде құлагы ербіген үп-үлкен бірдеме отыр. “Мынау не?” деп төне түсіп еді: желкесінің қара қылышқа жұні жылқының жалындаі желкілдеген, тұмсығы жарты кез, үлкендігі тайыншадай, қара құлак қасқыр.

Тәнген Нұрмәғамбетті қорқытқысы келгендей, қасқыр азу тісін сақылдатып, ырсып ырылдады.

Не істеу керек?

Ол ауыл арасында —“балуан бала” атанған еді. Маңайдағы елде онымен күресетін бір де бала жок. Бәрін де ол, жығып бітірген, “батыл бала” деп атанған. Сол маңайдағы елдің баласы — тай, құнан үретер болса, алғашқы қарқының басуды Нұрмәғамбеттен күтетін. Қаршадайынан ол асau таудың құлагына жармаса кетіп, тырмысып айырмайтын, үстінен мінген соң тай, құнан мөнкіп туласа да үстінен түспейтін.

“Балуан бала”, “батыл бала” деген сөздер оны масат-тандырып, күштілігін көрсетуге тырысатын.

Қамбаның қасында қасқырга қарап тұрып Нұрмәғамбеттің менмендігі қозып кетті. “Өзім өлтірмей, біреуге өлтіртсем — менің мықтылығым қайда?” — деп ойлады ол, “ертең басқа балалар мені мазактамай ма? Қой, тәуекелге бел байлап, өзім-ақ жәүкемдеп көрейін”.

Тұбі шоқпарлы қайын құрықшамен ыржып, шоқып отырған қасқырды Нұрмәғамбет түртіп кеп қап еді, қасқыр, “арс” етіп құрықты тістеп алды. Нұрмәғамбет құрықшасын бері тартып сұрыра алмаған соң, көмейіне тығайын деп әрі итеріп еді, құрықша ортасынан имиіп, сынуға айналды.

Ол ызаланып кетті де, “ауп” деп жүлқып кеп қалып еді, екпінімен шалқасынан құлады. Құлап жатып құрығына қараса, сынған жоқ екен. Жалма жан түрегеліп, қамбага қайта төнді. Бұл жолы, баланың жұлқыған қайратынан сескенгендей, қасқыр манағыдай шоқып отырып, бедіріп карамады, жансауга іздегендей қамбаны шыркебелек айналды да, жоғары қарғыды.

Жан үшырды ма, немене, қарғыған қасқырдың алдыңғы екі табаны қамбаның ернеуіне жақындалап қалды. Сол кезде, нақ қара тұмсықтан бала құрықшаның тұбімен салып кеп жібереді. Қамбаның мұзын сырылдатып тырнап із салған қасқырдың артқы аяғы тайды ма, денесінің екпіні ме, әлде тұмсығына соққы қатты тиді ме? — шалқасынан жығылды.

Бала қасқырды жұқа шаптан құрықтың түбімен шанша қойып еді, қасқыр ытып тұрып құрыққа ұмтыла бергенде, бала тістетпей жұлып алды.

Қасқыр енді қарғымады. Бексесін қамбаның қуысынан тығып, балага көзін тесірейте қарап, жоғарғы ернін шүйіріп, бірақ дыбыс бермей тым-тырыс жатты. Тек бала тұрткенде гана арсыладап, құрыққа жармасты.

Не істей керек?

Қасқыр дем алған кезде, баланың көзі тыржитқан мұрнынан тамшылап үшқан қанға түсті.

— Эп бәлем, жара салдым ба? — деді ол, — құтылмассын енді менен... Элде, жаздықуні жалғыз бұзаумызыда жеген антүрганның өзі сенбісің?

“Мен болғанда не қыласың?” — дегендей қасқыр тыржындағанда қойды.

Баланың белбеуінде қынды мүйіз сапты кездігі болушы еді. Кездік үнемі шаш алғандай қылпылдан тұратын. Ауылдағы ұста осы кездікті оған: “тіл алғышсың” деп, көрігін басқандығы үшін, шым болаттан сұрып, сыйға соғып берген.

Кездігі есіне түскен бала, қынынан сұрып алды да, қалтасынан тастамайтын, жалпақтығы алақандай, ұзындығы кездей қайыстан тіліп, кездікті құрықшаның ұшына тас қып байллады.

— Енді тістесен тісте, — деп ол қасқырга құрықшасының түбін ұсынып еді, ызалы қасқыр шап етіп тістей алды да, тартқанда бөгеусіз босатты.

“Тілінді ме, таңдайынды ма, әлде үртүнды ма, әйттеуір бір жерінді кескен шығар, — деп ойлады бала, — әйтпесе неғып тез босаттын?”.

Сынайын деп құрығын тағы ұсынып көріп еді, қасқыр ұмтылды да, тіstemеді. Қасқырдың аузынан қан шұбырды.

— Э, солай ма, батырым? — деді бала масаттанып, — жарагаландың ба?

Құрығын сұырган бала, “бұлкілдегенің тұсы осы шығар”, — деп қасқырдың бүйірінен наизасын сұғып кеп калды. Қасқыр ышқынып, ыршып түсті де, құрық тиғен бүйіріне қарай дөңгеленді. Қасқырдың қалың түбітін тесіп шықкан қан ку шөпке тұтандын оттай қызарапад жарқ етті де, сұрғылт жұнғе жіңішке қызыл жолақ салып, бауырын орап төмен тамшылады.

Бала піскілеуді жиілетті. Қасқыр бірде құрыққа ұмтылып, бірде жоғары шапшып жанталасты. Сондай арпалыстың біреуінде қалжырағандай болған қасқыр, секіре беріп, шалқасынан тағы бір құлап еді, нақ кіндігінің түбінен бала пышакты қадай қойды. Қасқыр жан әрмен аунап түсіп,

созылып тұра беріп, сүйретіле құлады да, он жағына жантая кетті.

— Жұмысың біткен шығар,— деді бала,— енді шашышқылап терінді бұлдірмейін.

Бала үңіліп қарап тұр. Қасқырдың денесі дірілдеп, құйрығы шошандап, арандай ашқан аузын малжандата берді. Сейтіп аз жатты да, қасқыр сұп-сұлық бола қалды.

Өлді ме, жок па?— деген оймен, бала, енді құрықшасының басындағы пышакты шешіп алып, мұқылымен ғана тұртқілеп еді, денесі былқ-сылқ етеді, қасқырда қимыл жок.

Қасқырдың өлгенин көрген баланың ойы, оның терісін сойып үйіне апаруға кетті. Осы оймен күні бойы әурелеп, құрықшасының бауына қасқырдың мойнын іліктіріп тартып көріп еді, зілдей бірдеме.

— Мынау қайтеді,— деп күш алғалы еңкейе беріп тартам дегенде, қеудесін тіреген ернеудің қары опырылып кетіп, бала қамбага тоңкай құлады.

Құлаудан гөрі қасқырдан сессенген бала, жалма-жан денесін оңалтып, пышағына жармаса турегеп еді, қасқырда қимыл жок. Аяғымен тұртіп еді, қозғалмайды.

— Өлген екенсің, бәлем,— деп аударып керсе,— бұл жалғаның арланы... Тілті құнан өтіздей десе де сиятын.

Бала қасқырдың сирактарын ірей бастады. Қанша уақыт алданғанын ол шамалаган да жок, біраз мықшындаң терісін сыптырып, енді шығайын десе, айнала көк муз. Пышақпен мұзды тесіп, қарды опырып еді, онда да малтығып тез шыға қоятын емес.

Баланың киімі жамаулы болғанмен, жылы еді. Оның үстіне қимылдаған дene тез тонази ма, денесі жылы. Бірақ мана қасқырды өлтіру қызығында жүргендеге, биялайын шешіп тастап еді, қамбага құлағанда сол биялай сыртта қалыпты.

Құрықпен де, қолмен де қарды опырып, қамбаның ішіне құлатып, өзі біртіндеп оппа қармен жоғарылаған баланың бір кездे екі қолының басы ашуға айналды. Бала қолына қараса, қанданған саусақтары бозарып қалған екен. “Үсіген екен” деген оймен ол жалма-жан қасқырдың терісін тастай беріп, саусақтарын қармен ықсылады.

Ауаның рапы үскірік аяз екені сол кезде білінді, қолына ұстаған қар ерімей, құм сиякты сықыр-сықыр етті. Сол қолы ғана дұылдады, үсіген осы қолым екен, деп бала он қолын қатты үйкеді.

Қолын уқалай, қарға малтыға қамбаның аузына жақындаған берген баланың құлағына атын атаған дауыс сап ете түсті, жалт қараса — әкесі. Әкесі қасқыр терісін сүйрекен баласын лезде тартып алды.

Көңілі көтеріңкі бала, қолым үсіді деуге арланып, әкесіне қылығын айтып мактанды. Екеуі үйіне келді.

Қалампырың қуанышы қасқыр емес, баласы. Ол ұлын — “тоңды-ау, қалқам”, — деп, жалма-жан шешіндіріп, аязда ғулдей жайнап қызарған ыстық бетін сүйіп: “қолың да тонған шығар”, — деп үстап еді, оң жақ қолының саусактары қансыз — сөлсіз, әрі мұздай сұпсызы.

— Қалқам-ау... Ойбай-ау... Еңді қайтейін,— деді Қалампыр сасқалактап,— үсіген екен ғой.. Анау қолынды әкелші.

Сол қолының қаны қайнап, ып-ыстық бол долырып түр екен.

— Бәсе, міне, мына қол аман. Ана қолынды әкелші... Үстаса оң саусактарында жан жоқтай, сап-салқын тобарсып түр.

— Үсіпті,— деген Қалампырдың көзінен жас ыршып кетті.

Қақпаннан, қамбадан қолға тірі түскен қасқырга қазақ мейлінше мейірімсіз. Бала шагымда, осылай ұсталған қасқырдың аузына темір кергіш салып қойып, терісін тірідей сойғанын, жалаңаш денесін, үскірік аязда коя бергенін, қасқыр біраз жер шауып барып құлағанын көргенім бар.

Әдетте, аңшылар қасқырды жекелеп емес, топталып аулауға тырысады. Жерге алғаш жауған қарды олар “кан сонар” дейді, себебі ондай қарға түскен ізге қарап аңшылар қашқан аңың қашан жүріп өткенин, қайда беттегенін, қайда тасалатынын анғарады. Аңды сондай қолайлы жағдайда аулау сәтті болады да, аңшылар олжала болып қайтады, сондыктan “кан сонарға” шығар алдында аңшылар оған мұқият әзірленеді.

Бүндай жағдайда тығылған қасқырды ит тіміскілеп табуға, бүркіт алыстаған анға аспанин түсуге, мылтық жақын аңды атуға қажет.

Орыстардың да қасқырды көп болып аулауы жайында, өткен жылдардың бірінде, “Сельская жизнь” газетінде мынадай хабар шықты: қасқырлардың орман ішінде тынығатын жерін біліп алған село тұрындары, сол тұсты төніректей, жалауы қызыл лентадан коршаша жасайды. Содан кейін қасқырларды үркітсе, жалау бар тұска жоламай, шығар қакпа іздейді, мергендер сондай қакпа аузында тығылып отырады да, келген қасқырды атып ала береді. Хабардың айтудынша мылтықшылар сол қуні 13 қасқыр атып алған.

Қасқыр — казактың үғымында қайраттылық пен шыдамдылықтың бейнесі. Сондыктан да олар, осындай адам-

дарды “қасқыр” немесе “көкжал” (арланы) деп атайды. Біздің елде Торсан есімді қатал бай және әкім болған. Сол кісіні сыйлайтындар немесе қорқатындар — Төке” дегей “Қақа” дейтін еді, онысы “қасқыр”-дан үлкейттіп атағаны.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде құлан жайында көп айтылады. Қоңа кездерде қазақ даласында құлан үйір-үйір болып жүрген. Қөшпелі халықтар оларды аралға, орға қамап, бұғалықпен де, құрықпен де ұстаған. Садақпен де атып, сойылмен соғып та алған.

Құланды қебінесе су жағасында соққан. Кейбір қарлы, жаңбырлы жылдарда, даладағы тақыларға қақ тұрып, іркіледі де, шілде, жаз айларында жаңбыр көбейе тагы жиналады. Құландар, қебінесе иен даладағы осындей қактардан су ішкен.

*Казақтың “қатты жерге қақ тұрады,
қайратты ерге мал тұрады”—*

деуі, осыдан.

Сондықтан қазақ: “Қағынан құлан жерісе, су таба алмай шөлде өлер”, — деуі, осыдан. Аңшылар құланның какқа немесе суға келер мезгілін аңдыған. Содан запы болған құлан қаққа сақтықпен жақындаған. Кейбір батырды мақтағанда, ақындардың:

*“Құланды қақтан қайырған;
Ханды тақтап тайдырған”—*

деуі, осыдан.

Су таба алмай, шөлдеген құландар шөл жерде қазылған “соқыр” (ескі) құдыққа барып, су иісіне енкейгенде, ішіне құлап кететін кездер де болған. “Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайды”, деген мақал да содан шыққан. Сол сияқты “құлан басына күн туса, кодығына (құлынына) қарамас” деген мақал басына қыныңдық туғанда ешбір хайуан ең аяулысы баласына да қарамайды деген мағынада қолданылады.

Атакты Махамбет ақын серігі Истатайды жоқтағанда, “құландай ащи дауыстым” деуі құлан үйінің күштілігін көрсетеді. “Құлан кісінесе үйір жиналады” деуге қарғанда, құланның айғыры бекерге кісінемей, не үйірін жинарда, не қауіп төнгенде үйіріне белгі беру ретінде кісінейтін сияқты.

Құлан жайында қазақта көптеген мақал-мәтеддер, өлеңдер, аныздар, музыкалық шығармалар бар. Сондай шығармалардың аса бір құрделісі — “Ақсак құлан, Жошы хан” деп аталағын оқиғалы күй. Мұның қысқаша мазмұны былай: Ұлытауды мекендереген Жошы ханының (1227 жылы

өлген) баласы нөкерлерімен аңға шығып, құланның үйіріне кездеседі. Үйірдің айғырын қуып жетіп, санына найза шашып аксатады да, құйрығынан ұстамақ болған ханзаданы айғыр теуіп мерт қылады. Жұрт бұл оқиганы ханға естірте алмайды. Жаман оқига болғанын сезген хан: “кім де кім естіртсе, құлагына қызған корғасын құямын”, дейді. Халық содан корқады. Бірак, ханға белгілеген мерзімге естіртпесе, некер атаулы жазаланады. Бұл бүйіркітан халық мұлде сасады. Біреу өлімді құймен естіртеді. Баласының өлгенін түсінген хан жазалау ниетінен кайтпай, ыстық корғасынды қобыздың шанағын жалған сіріге құйғызады. “Содан бері шанақ қаптамасының алдыңғы жартысы ойық болған”, — дейді халық аңызында.

Хан онымен де тынбай, құландың қолінің тұшы сұына жеткізбеку ниетімен, жолына терең ор қаздырады. Оған кейін су түсіп, “Құлан өтпес” деген өзен пайда болады. Қорғалжынға батыс жактан құятын бұл өзеннің сұы кері ағатындықтан оны “Теріс аққан”, — деп атайды.

Құлан кейінгі ғасырларда казак даласынан жойылып кеткен. Оның бірен-сараны, “Ұлы Отан соғысы” аталатын шайқастан соң пайда болды. Білемін деушілердің айтуыша: шығыста, батыста болған соғыстардағы қарулардың дүрслінен қашқан...

Алғыр құстарды ұстаяу, үйрету жайында: қақпанмен де ұстаяуға мүмкіндігі бола-тұра, оны ешуақытта баспайды. Қақпанға түскен аяққа закым келеді де, аң, құс алғанда тегеуіріні әлсіз болады.

Алғыр құстардың үшпәған кезінде үядан да ұстайды. Бірақ, бұл да сирек қолданатын әдіс, себебі, шешесі тірідей әкеп беретін жемтікті өзі өлтірмеген балапан алғыр да, өжет те болмайды. Өзі өлтіргенге өш келеді. Қазақ аңшыларының жақсы көретіні — үбасар. Олар шәуліден үлкенірек те, өжет те, кайратты да.

Балапанға жемтікті әкесі (шәулі) емес, шешесі (үбасары) тасиды да, қалай өлтірген “қызығына” қарап отырады. Қазақтың “үяда не көрсе, үшқанда соны іледі” деген мақалы осыдан шыққан. Бұл жыртқыш аңдар мен құстардың бәріне қолданатын әдіс.

Алғыр құстардың өзін де, балапандарын да қазақ кебінесе тормен ұстайды. Торды іірген жіптен өздері де тоқиды, сатып та алады. Жүннен қыл араластырып іірген жіп берілірек. Кендір жіптің торын, бүркіт сияқты қуатты құстар үзіп те кетеді. Тордың көздері (клетки) тар болады. Көздері тар керегені — “тор көз” деуі осыдан.

Тау саласына, немесе ағам арасына құрган торлардың ішіне тауық, қоян сияқты кішкене аңдарды тірідей бай-

лайды. Бүркіт, қаршыға, солар сияқты алғыр құстар көреді де, жемек бол түсегап, торға шырмалады.

Шың, ағаш басы сияқты биіктеге қонақтаған (үйықтаған) ірі алғырларды, шам, білте сияқты жарықпен де үстайтын әдіс бар: ішіне жарық койған кішкене торды үзын сырықтың басына іледі де, қонақтаған құска жақындалады. Жарықты қызық көрген құс, оянса да, одан қашпай, көздерін төңкере қарап отыра береді. Сол кезде торды үстіне кигізе қояды. Шырмалған құс талпынғанда, тор аузын бүре қоятын сабағы бар.

Балапандай, немесе үлкендей үсталған алғырдың баулынылуы (үйретілуі) қыны. Әсіресе, үлкенинің.

Қазақ оларды екі әдіспен үйретеді: бірі — ашықтыру, екіншісі — үйцқтатпау.

Қасына үнемі қүзет қойып, қалғын дёсе түрткі көріп үйықтай алмайтын құс, біраздан кейін қалжырап құлап қалады. Күзетші сонда да дамыл бермей қозгай береді. Сондай шакта аш құс, көрсеткен жемге үмтылады.

Осы әдіс кейде күндерге, апталарға созылып, адам еркіне амалсыз қонғен құс, жемтікке үмтылғыш болады. Үйретуші әуелі жемді жақыннан беріп, құстың аяғына жіп байлайды да, жемді біртіндегі алыстатады. “Баулу” деу де осындай “баудан” шыққан болу керек.

Жемге алыстан да келіп үйренген құс, тоят (тамақ) ізделеген шағында дыбыс та береді. Бірақ, күтуші оның тілегін орындаі бермей, бәйге атын жаратқан сияқты баптайтын. Бабы келген шағын аңшылар сынап, біліп отырады.

Ең соңында, алғыр құс тірі жемтігіне баусыз да бара-тын болады. Бұны “бауын ашу” дейді. Мысалы — буркітті үстаудагы қоянға, қаршығаны үстаудағы үйрек пен қазға жіберу.

Бауы ашылғаннан кейін, әлі келетіндеріне алғыр құстар бара береді. Алдырмайтын да құстар бар. Мысалы — дуадак. Тез үшіп кете алмайтын ол, үстіне төніп қалған алғыр құстың бетіне санғып жібереді. Және дәлдегендегі, көбінесе көзіне тигізеді. Аңы нәжістен бас болып қалған алғыр, енді қайтып дуадаққа жоламайды.

Қаздар да қызық, әсіресе “караша” аталатыны. Қуып жеткен алғыр біреуін іліп жерге түскенде, өзгелері жа-пырлап қона қалады да, иесі жеткенше қанаттарымен сабап әлсіретіп, кейде өлтіріп кетеді.

Дуадакты аңшы қазактар, жүгіре жөнеліп жерден көтерілгенше үшқыр атпен де соғып алады. Семірген қаздар құзге қарай мамырлап үша алмай қалады. Оларды да атпен, жасырынып жеткен балалар жаяу үрып ала береді.

Қай түрі болса да, аңшылық казактың ұлттық спортының бір түрі, сондыктан да ол жайда поэзиялық, өнерлік (искусство) толып жаткан шығармалар тұган.

Мысалы,— атақты “Гәкку” әнінің шығаруышы Ыбырай Сандыбай ұлының сөздері:

Құс салып айдын көлде дабыл қақтым,
Өлеңмен әрбір жердің дәмін таптым,
Ақ тамақ, сары бауыр қоңыр қаздай,
Гәккүді жиын тойда қаңқылдаттым,

деген сияқты болып келеді. Жалпы аңшылық туралы Ыбырай шығарыпты-мыс дейтін, ел ішіне кең тарап, халықтық болып кеткен өлең былай келеді:

Бір қызық им жүгіртпін ақ ауласа,
Мінген ат шабуылмен танауласа,
Кигенің іші қызыл орман тұлқи,
Күлшыртып жез сабаумен сабауласа.

Карғылы, тұрса тазың сылдыр қағып,
Керілін, бір сілкінсе, дұр-дұр қағып,
Бүгілтіп жылқыдагы жарау атты,
Таңгертең жылқышылтар келсе алып.

Калың төс, қаз мойынды, қамыс құлақ,
Кимастай бір досыңдан алсаң сұрап.
Белдеуге дәм алуға байлап қойып,
Кежімдеп кереуемтте жатсаң сұрап.

Сол күні келе қалса аңқұмарың,
Көңілің шауып тұрса ынтызарың.
Үстінде амандақтың күні тұрса,
Дегендей: “басың бүтін, аман малиң”.

Сол күні тұлқи құсан тауды айналып,
Салғыртсып күн кеш болса көз байланып,
Ауылың алыста ғап, деңгейлессен,
Конуга қызыды ауылға ыңғайланып.

Ақын содан кейін аңшылықты сипаттаудың орнына, көңілін қыз жағына аударып;

Сол күні қыз әкесі үйде жоқ бол,
Отырсақ әзілдесіп күліп-ойнап,
Самауыр ақ шайнекпен тұрса қайнап,
Отырса сұлу қыз көзі жайнап.

Шешесі жел өкпелегу, жастау келсе,
Сол қызға бір женгесі қастау келсе.
Бір жігіт тұлқи сойып, әзілдесіп,
Калжыңды айттар сөзін бастай берсе.

Сол жігіт бастай берсе қалжың сөзін,
Сүзілтіп қыз отырса екі көзін.
Хиуадан қыстырыар сөз таба алмай,
Унатып қыз отырса істің тезін.—

деп кетеді.

Жалпы аңшылықтың қай түрі болса да қазақтың ұлттық спортының бір түрі, ол жөнінде өлең, жыр, музыкалық шыгармалар да аз емес. Соның ішінде, аргы-бергі қазақ поэзиясында, аңшылық туралы ең әдемі жазылғаны Абайдың “Кан сонарда бүркітші шыгады аңға” деген өлеңі. Ол бұл өлеңінде:

Кан сонарда бүркітші шыгады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас — бір ганибет
Біңеайлы ықшам күім аңшы адамға
Сылаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Савадан сымның қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда.
Іздің бетін түзетіп аңдағанда
Томагасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самеганда.
Төмен үшисам түлкі өрлеп құтылар деп,
Канды көз қайқаң қағып шықса аспанға.
Көре, тұра қалады қашқан түлкі.
Құтылғасын білген соң құр қашқанға.
Аузың ашын, қоқақтап, тісін қайрап,
Ол да талас қылады шыбын жаңа.
Қызық көрер, қөңілді болса аңшылар,
Шабар жерін қарамас жығылғанға.
Қырық, пышақпен қыржыңдал түрган түлкі
О-дағы осал жау емес, қыран тоңға.
Сегіз наиза қолында, көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға.
Канат, қүйрек, сұылдан, ықсырағады,
Көктен қыран сорғалап құйылғанда.
Жарқ-жүрк, етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай — жер тағысы.
Адам ушин батысып қызыл қанға..
Құсы да, иесі де қоразданар,
Алпys екі айлалы түлкі алғанда
“Үйрімен үш тоғы”, — деп жыныңдал,
Жасы үлкені жаңына байланғанда..
Сілкे күіп тымақты, насыбайды
Бір атасың қөңілің жайланаңда.
Таудан жиде тергендей ала берсөн,
Бір жасаісын құмарын әр қанғанда.
Көкіректе жамандық еш ниет жок,
Аң болады кеңесің құс салғанда.
Ешкімге зияны жок, өзім көрген,
Бір қызық ісім екен сүм жалғанда.
Көкірекі сезімді, қөңілі ойлья
Бәрі де анық түрмай ма ойлағанда?
Үқпассын, үстірт қарап бүлгактасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң,
Көленкесі түседі қекейіңе,
Әр сөзін бір ойланып, салмақтасаң.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың құс салып дәм татпасаң —

деп, қазақтың аңшылық өнерін поэзия тілімен шебер су-реттейді.

МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

I. ТҰРАҚ ЖАЙЫ

Тарих және этнографияғының зерттеулеріне, дәлелдеріне қарағанда, “қазақ даласы” аталатын кең өлкенің өн бойында талай кенттер, отырықшы мекендер салынып та, жойылып та кеткен. Бұл жайында жазылған мақалалар да, кітаптар да, қалың томдар да толып жатыр. Солардың бірі К. М. Байпаков пән Л. Б. Ерзаковичтің Алматыдағы “Ғылым” баспасынан 1971 жылы орыс тіліндегі шыққан “Қазақстанның көне қалалары” деген көлемді енбекі. Мұнда ондаган қалалар мен кенттердің тізімі аталауды. Олардың көбі жаугершілік замандарда, әсіресе монгол Шынғыс ханның немесе ол құрган хандықтардың жорығы кезінде (XIII—XV ғасырларда) тып-типыл болып жойылып кеткен.

“Мәдениет” деп адамның тіршілік әрекетіндегі табыстарының өркендеуін, яғни алға басуын айтамыз.

Табыстардың үласа іске асуы — тәжірибе, нәтижесін қорыту — білім, білімдердің үштаса қағазда қорытылуы — ғылым. Мәдениет екі саладан өрбиді: материалдық және рухани.

Материалдық мәдениетті Абайдың тілінде — “тән азығы” деп, рухани мәдениетті — “жан азығы” деп те атайды. Олай атау дұрыс та, ейткені — материалдық мәдениет жеке немесе қоғамдық тіршіліктің қажетіне керек.

Біз әуелі материалдық мәдениеттің салаларын талдап көрейік. Марксизм қағидасы бойынша, “бірыңғай”, таза көшпелі өмір сүретін ел жок. Барлық шығыс елдерінде отырықшылары мен көшпелілері үнемі араласып келген.

Бертінгі заманда олардың да тау-тас, орман, көл мен өзен жағаларындағы қыстыарды, үнгірлерді (Пещера) мекендегені, соңғы кездегі зерттеулерден байқалып отыр.

Қазақ даласындағы жойылып кеткен үлкенді-кішілі кенттердің археологиялық зерттеулери әлі күнге дейін ойдағыдай болмай келеді. Европада бұл жұмыс ерте басталды. Мысалы, көне Грецияның — Акрополь, көне Римнің — Помпей аталатын қираган қалалары әлде-қашаннан зерттеліп, жан-жақты талданды. 1961 жылы Европаға саяхат жасаганымызда, әлгі аталған қалалардың бұдан мындаған жылдар бұрын да материалдық мәдениеттің ғажап ошақтары болғандығын аңгардык.

Россияның археологиялық қазба жұмыстары кешеуілдеп, өткен ғасырдың ортасынан көлға алынғанымен, аз уақытта атқарылған істің нәтижесі де едәүір. Алайда қазба жұмысы тек советтік дәүірде ғана ерекше өрістеді. Совет археологтары Еділ бойының, Орта Азияның, Кавказдың көптеген көне қалаларының орнын зерттеп, ғылымға пайда келтіретін қисапсыз материалдар тапты.

Қазак даласында бүліншілікке ұшырап, жер астында қалған көне қалалардан, соңғы жылдары қазу жұмысы басталғаны — Сырдария бойындағы көне Отырар қаласы. Iргесі біздің дәүірдің алғашқы мың жылның соңында қаланыпты делінетін бұл қаланы әуелі монгол Шыңғыс хан, одан кейін Ақсак Темір талқандаған. Заманында аса мәдениетті, көрікті қалалар қатарына жатқан бұл мекеннің қазба жұмысы әзірге аяқталған жок. Соңдықтан да осы тәрізді қалаларды қазу, зерттеу жұмыстары жеткіліксіз болғандықтан олардың мән-жайы туралы білеріміз алі де аз.

Қазак даласында көне заманнан бізге жеткен құрылыш істерінен көзтө түссеңі ғэ болса да осы кең өлкенің әр жерінен “күмбез”, “мазар”, “сағана”, “дін”, “қауым” деген аталатын ескерткіш тәрізді құрылыштарды жиі ұшыратамыз.

Көшпелілерге ең алдымен қажеті — баспана, яғни тұрақ жәй. Сондай қажеттікің бірі — киіз үй болған. Киіз үйден бұрын үнгірлерді мекендеген көшпелілер (қазактар да), ең алдымен “күрке” аталатын қоста тұра бастаған. Қабыргасы ағаш қадалармен бекітіліп жасалған күркелер қамыс, шөп сияқты жеңіл есімдіктермен бүркелген. Одан кейін балық терісі сияқты жамылтқыларды пайдаланған. Мұндай жамылтқылар Сібір және Солтүстік жағында күні бүгінге дейін қолданылады.

Қой есірумен шүгылданатын көшпелілерде жамылтқыға ең қолайлы материал киіз. Ол жұннен басылады. Өйткені ертеректе қой жұні өте арзан болған. Қой көп байлар, қой жұнін кедейлерге беру орнына, надандық пен қараниеттікің салдарынан оны отынға пайдаланған.

XVIII ғасырдың аяғында, қазіргі Ленин ауданының (Солтүстік Қазакстан) жерінде тұрган 25 мың қой бар Қосшүғұл деген қойларының жабағысымен құрт қайнатады екен. Соны көрген Қызылжарда тұратын Данияр Тастеміров дейтін өзбек жыл сайын бір жәшік қант, шай “сыйлап” маялаған жұнді байлардан тегін алған. Содан Тастеміровтер аз жылдың ішінде-ақ байып кетеді.

Қазак даласын Россия билей бастаған кезде саудагерлер жүнді, әсіресе киізді орыс базарларына ылаулас жөнелтіп, бағасын көтерген. XIX ғасырда жасаған ақын Шортанбай Қанайұлының:

деп басталатын өлеңі сол кезде шықкан. Киізге орыстын, татардын, т. б. үлттардың қалада тұратын байлары құштар болып, олар оны үйлерін жабдықтап, жылылау үшін пайдаланды. Ондай киіздерді қазақ жерінен орталық қалаларға жеткізу үшін жүкшілер ондаған, жүзденген ылау аттарын ұстаған. Сыртына киіз шегеленіп, сыланған сол кеңдердегі" үйлер Москва, Ленинград сияқты қалаларда қазір де кездеседі.

Қазақ киіздері Қазақстанның солтүстік шекарасындағы орыс қалалары: Ірбіт (Ирбит), Макаржа (қазіргі Горький) Омбы, Орынбор, Саратов, Астрахан қалаларында көп ететін болған.

Әдетте, койдың жүні көктемде бір рет, күзде бір рет қырқылады. Көктемгі қырқудан алынатын жүнді "жабагы", күзгі қырқудан алынатын жүнді "күзем" дейді.

Көктемгі жабагы жүн үйисып жататындықтан оны жылы киімнің астарына салады. Мұндай киімнің аты — күпі, Койдың іә түйенің жабағысынан жасалған күпі салқын кезде, қыскы аязда киетін ең жылы киімдердің қатарына жатады.

Күзем жүн жіп-шүға, өрмекке, киіз басуға пайдала-нылады.

Киіз жасайтын жүнді ыдырата тұтуді "сабау" дейді. Бұл "ұру" мағынасында қолданылатын сөз. Расында да солай: жентектелген, үйисқан жүнді ыдыратып тұту үшін шыбықпен сабайды. Онын аты "сабау".

Жүн сабайтындар, көбінесе жастар болады. Олар жүн сабайтын үйге жиналады да, сабалатын жүнді киіз үйдің ортасына төселген тулаққа (кепкен, иленбеген тері) үйеді де, айнала отыра қалып, екі қолына алған сабаумен ұра бастайды. Әдетте, жастар бұған ойын-сауық үшін де жиналған. Себебі жүн сабау үстінде жастар жарыса қимылдан, оны ойын-құлкіге, әзіл-оспактарға айналдырып әкеткен. Сабауды ұстай, ұра білмегендер көршілеріне құлқі болады, әрі алакандарын ойып алады.

Түтілген жүн, шидің үстінен бір тегіс етіп жайылғаннан кейін шиді жүнімен дөңгелете, жұмырлай бүктейді. Мұнан кейін үстінен ыстық су құйып байлайды да, 2—3 кісі жіппен домалата тартып, дөңгелетіп отырады, қалғандары артынан аяқтарымен кезек-кезек тепкілей береді. Ұзак уақыт қуалай тебілген жүн кіріге үйисып болды-ау деген шақта, оны шиден босатып ап, жас әйелдер білектерімен нығырлайды. Бұл нығырлауда, ең ынталы киіз иесі бола-

ды. Қазақ “киіз кімдікі болса, білек сонықі” деп соған қатыста айтады.

Киіз басуға ауыл жастары түгел және тегіс қатысады. Осындағы әдіспен басылған киіздің аты — кесек. Бір киіз үйді жабуға он кесек киіз керек. Оншалықты киіз табылмаса, кесектерді шаруалар жылдан жинап, үйдің тозған киізін жаңа киізбен бірендеп ауыстырады. Сондықтан орта шаруалардың киіз үйлері ақ, қоңыр, карасы араласып, ала-құла болып тұрады.

Шымқай ақ үйлер қойы көп ірі байларда ғана болады. Кедейдікі — көбінесе қаракұрым. Бірақ, қазақ халқы үйге жабылатын киіздің түсі ақ болғанын үннатады. Ондай түске келтіру үшін киіздің өнбайын ақ жұннен басудың қажеті жоқ. Оның сырты ақ болса да қанағат етеді. Әйтүге жұн табылады. Кейде сәндірек болсын деп ақ қозының жұннін өнддейді.

XIX ғасырдың орта кезінде жасаган. Дулат руынан шыққан Майкет ақының Сарыбай дегеннің асына келген жергілікті жүртка:

*Мен келдім Әулие-ата оязынан,
Кедейдік үй жыртық, қойы азынан.
Бай болсам мен де үйімде жатпас па едім,
Дәүлеттің келе қалдым саязынан,—*

деп киіз үйдің ала-құла болуында таптық мән, теңсіздік жатқанын аңғартады. Сол сияқты “Арық атқа қамшы ауыр, Жыртық үйге тамшы ауыр”, деген халық мақалы да таптық теңсіздікті көрсетеді.

Сырдария бойының елі “киіз үй” деудің орнына, қазірге дейін “қара үй” дейді. Мұны бір орыннан жылжы-майтын, қойы аз егіншілер шыгарған болу керек.

Киіз үйдің жамылтқысы: туырлық, үзік, тұндік деп үшке бөлінеді. Төрт бөлшектен құралатын туырлық киіз үйдің төменгі кереге жағып жауып тұрады да екі үзік уықтың үстінгі жағын тұндік шаңыракты жабады. Кий үйдің “сүйек” аталатын ішкі қанқасы: кереге (қабырга сүйегі), үйдің шаңырағын керегемен жалғастырып тұратын уық және шаңырактан құралады. Бұлардың бәрі “тез” деп аталатын сайман арқылы жасалады. Тезге салып қажетті түрге келтіретін ағашты коламтаға (шоғы аралас ыстық құл) сұнгітіп, балқытып алады, сонда ол июге жылдам қөнеді. Халықтың: “тез қасында қисық ағаш жатпайды”, деуі осыдан шыққан.

Кереге санына қарай киіз үй: төрт, алты, сегіз, он екі, он төрт қанаттардан құрастырылады. Жеке ағаштардан, талдан немесе теректен жонылған керегені бір-біріне біріктіріп, байлауды “көктеу” дейді. Тігілетін киімдердің

бөлшектерін алғаш сирек шанышп тігісін біріктіріп алуды “көктеу” дейтіні де, осы “көктеуден” шықкан. Көктеуге ең қолайлысы түйе мойнағының терісінен тілетін қайыс. Ол керегені жинағанда да, жайғанда да үзілмейді.

Керегенің көздері “желкөз” және “торкөз” болып екіге белінеді. “Желкөзі” кен де “тор көзі” тар болады. Дауылға желкөз шыдамды келеді де, жауынға торкөз шыдамды келеді.

Үық та тал мен теректің бұтағынан жасалады, ал шаңырақ кайынан және оның “сау” аталатын сыңғағынан емес, “қызыл” дейтін июге шыдамды бүйрасынан иледі.

Қазакта “кереге тоқсан басты, сексен уық” деп басталатын өлең бар. Сондағы “бас” дегені, керегелік екі соядың үстіңгі жағының үйқасуы. Ауылда көп ұшырайтын алты қанат үйдін әр керегесі он бес бастан, алтауы тоқсан бас болады. Керегенің косылатын тұсындағы қыска сояулар — “сағанақ” деп аталады. Белгілі ақынымыз Ілияс Жансүтіровтің алғашқы өлеңдер жинағы “Сағанақ” деген атпен шыққан еді. Үықтың “сексен” аталатын себебі, кереге басы байланы бермей, арасында бос бастар қалу керек, әйтпесе сүйектің желге шыдамдылығы ойдағыдай болмайды. Үықтың шаңырақ тесігіне сұғатын басы “қалам” деп аталады. Шаңырақ тесігі де сексен. Иген құрсаудың ортасын байланыстыратын қадалар “кулдіреуіш” деп аталады.

Киіз үйдің есігі көбінесе тұтас тақтайдан жасалады. Кейде оны селдір қадалардан құрайды. Есіктің “кәшегінің” жоғарғы жағы мандайша, асты табалдырық, екі жақтауы — босаға, жақтаулары “ергенек” деп аталады.

Есік алдынан жел соққанда пана болын деп есік сыртына киізben қапталған шиден қоршауыш жасайды да, оны “киіз есік” деп атайды. Мұның шиін тоқып іш жағынан өрнектеп, әшекейлеп астарлайды. Желсіз күнде киіз есік түрлі тұрады. Киіз үйдің ішін екіге бөлгенде, от жағатын ошақтан жоғары, болігі — “тер”, есік жақ белігі “босаға” аталады. Төр — қадірлі қонақтар үшін. Сондықтан да үйге кірген кісіге: “терге шық”, — дейді. “Есіктен кіріп, төрге озба” деген мақал отырар орнынды біл, деген мағынада айтылады. Есіктен кірген беттегі оң қол жақ яғни оң босаға қартандар мен балалардікі, сол жақ босаға жастардікі саналады. Қазак ғұрпында келін төрге шықпайды. Қыздың ең бақытты шағы оң жақта, яғни әкенін үйінде тұратын кезі. “Жұқ” аталатын төсек жабдықтары төрге “жұқаяқ” аталатын көтермеге жиналады. Оның алдына отыру үшін текемет, алаша, кілем, сырмак сияқты төсеніштер жайылады. Қазан, ошак, аяқ, табак сияқты ыдыстар, қымыз ыдыстары оң босағаға; көлік сай-

мандары сол босағаға қойылады. Қарттардың ағаш төсегі он жакқа, жастардікі сол жаққа қойылады. Азық сандығы кебеже де, он жақта. Қарттар төсегі мен жүк арасына киім іletін, бұтқаты ағаштан “адалбақан” тірейді. Үйдегі ағаш мұліктердің беті күміспен, сүйекпен әшекейленеді.

Тұндікті аштын немесе жауынды құні, үйдің бір бұрышын тіреп қоятын ұзын ағашты “сырық”, ал қатты жел, дауыл соққанда үйді ішінен тірейтін, үй тігіп немесе оны жыққанда шаңырақ көтеретін тіреуішті “бақан” деп атайды.

Киіз үй сүйегінің шаңырақ төбесінен бастап, іргесіне дейінгі formasы күмбезге үқсайды. Мұндай үй дауылды желге де, несерлі жауынға да жақсы төтеп бере алады. Киіз үй туырлықтарына тағылатын жілтер ең алдымен жылқы қылышан немесе түje шудасынан ораган жұннен есілді. Оған даярлаган жұнді “шүйке” дейді. Осындау қылдан есілген жіп ете берік болады.

Қазақ киіз үйдің керегелерінің арасын қосатын танғышты, кереге бастарын бекітетін басқұрды, шаңыраққа асатын желбауды өте әшекейлеп, кілем түсті өрнекпен құлпырта тоқиды. Әсіресе, мұның ішкі бауларға катысы бар. Үй ішін көріктенде тұсу үшін кілем әлпетті өрнектейтін, кереге мен туырлық арасына ұсталатын тоқымалар болған. Туырлықтың үзік жиектеріне киізден, шұғадан оюлар, дедегелер жасайды.

Киіз үйдің қанат санына қарай үлкенді-кішілі болып келетінін жоғарыда айттық. Хандар мен байлардың үйлері он екі — он төрт қанаттан жасалған. Олардың уық, керегелері, тал емес, теректен жонылады. Еңсесі биік болғандықтан шаңырағын көтеруге жаяу адамның бойы жетпей, қарулы екі жігіт ат үстінен көтергенін көзімізben көрдік. Жәңгір ханмен жауласқан Махамбеттің “еңсесі биік ак орда, еріксіз кірсем деп едім” дегендегі биік үй осы. Сүйегі талдан жасалғандықтан ба, әлде үнемі тауда, құмда кешіп жүргендіктен бе, Қазақстанның онтүстігіндегі ауылдарда казіргі кездердегі киіз үйдің еңсесі онша биік болмайды.

Киіз үйдің ең “қасиетті” саналатыны шаңырағы. Ағайынды кіслер енші алысканда, шаңырақ, яғни ата-атаның тұрған үйі кіші ұлына тиеді де, ол “үлкен үй” аталады. Ондай үйді өзге “отау” аталатын кіші үйлер ерекше қастерлеп, “аруақтың сыйбагасы” деп, жазғы, қысқы дәмінің алдын татырады; жаңа түскен келіншектер қадірлі мұлкін сыйлайды. “Үлкен үй”—“Қара шаңырақ” деген үгымдар күні бүгінге дейін сақталып келеді.

Киіз үй өзге көшпелі елдерде де болғанымен, шыдамдылығы, қолайлылығы жағынан қазақ киіз үйі олардың

бәрінен де сапалы сияқты. Соған қарамастан, кейбір ша-руашылық үйымдарының қырызыздығы салдарынан киіз үйлер даярлау ісі тым баяулап кетті немесе сапасыз жасалатын болды. Қөші-қоны көп малишларға киіз үйдің қолайлы екенін ескере отырып, Қазақстан үкіметі 1967 жылы киіз үй жасауды жаксарту туралы қаулы қабылдады.

Қорыта айтқанда, киіз үйлер қазақ халқының отырышыланып үлгермей, қөшпелі өмір сурген кезеңдеріндегі ең колайлы тұрақ жайлары болғандығы мәлім.

Алайда, Қазақстан Россияға қосылғанинан кейін кейбір елді пункттерде, қыстактарда әскери бекіністері орнатылып, сол жерлерге жаңа қалалар мен селолар орнады. Олардың көпшілігінің аты жергілікті тұрғындар қойған атаулармен аталды. Мысалы, Ыргыз, Торғай, Атбасар, Ақмола, Баян, Қарқаралы. Кекшетау, Кекпекті, Аяқең, Лепсі, Қапал, Әулиеата, Шымкент, Манкент, Ақмешіт, Орда, Қостанай, т. б. Сондай-ақ бұл күнде орысша аталып жүрген кейбір қалалардың да қазақша аттары болған. Мысалы, Гурьев — Үйшік, Уральск — Теке, Орск — Жаманқала, Петропавловск — Қызылжар, Павлодар — Кереку, Верный — Алматы, тағы тағылар.

Ерте кезде қазақтар отырықшы мекенинің бәрін де “қала” деп санап, олардың бәрін “кент” деп атаған. Шымкент, Таш-кент, Ман-кент, Құм-кент дегендер осыдан шыққан. Қала тұрғындарын қазақ “кент жұрты” деседі.

Қазақстанда қөшпелі ауылдарды жаппай қоныстандыру науқаны негізінен алғанда Октябрь революциясынан кейін, жиырмасынышы жылдардың орта тұсынан басталды. Қоныстанған елді пункттерде, ауылдарда ағаш үйлер, монаш, мектеп, дүкен (магазин), клуб, электр станциясы, шеберханалар салынды. Колхоздар мен совхоздар құрылғаннан кейін елдің де, жердің де ажары кірді. Өндіріс орындарына барған қазақтар сондай үйлерге орналасты. Бұрынғы өндірістік қалалар көркейіп, қазақ дала-сында: Балқаш, Қарағанды, Жезқазған, Қентау, Теміртау және тағы солардай жаңа, көркіті қалалар орнады. Сейтіп, қазақ халқының қонысы, тұрақ жайы советтік дәуірде түбірімен жаңарды. Кейінгі жылдары, жоғарыда айтылғандай киіз үй тек “шопандардың” еншісі ғана болып қалды.

II. ҮДЫСТАРЫ

Ертедегі қөшпелі қазақтар ас ішетін үдистардың біразын теріден жасаған. Ондай үдистың ең үлкені саба.

Саба молшылықтың, байлықтың белгісі. Жылқысы көп ірі байлар сабаның мөлшерін бәстесіп, бәсекелесіп жасаған. Біздің елде “бес мың жылқысы болыпты” деген Есеней сабаны алты айғырдың терісінен тіктіріп, атын “тай жұзген” қойған екен. Сол сабаны ысқа қойғанда, ауыз жағы курап кетіп, бұған ашуланған. Есеней ыс салған адамның үйірге түсіп тұрған айғырын соғызып, терісін сабаның құрғаған аузына жаматқан. Сабадан соңғы үлкен көн ыдым — сүйретпе. Ол — жұмырлау, әрі тікелеу келеді. Ешкі терісін бітеу сойып, пұшпақтарын байлайтын көн ыдым — мес (шанаш), жолаушыларданда қанжығаға байлайтын кішкентайын жанторсық деп атайды. Биенің сүтін сауатын ыдысты көнек, құдықтан су тартатын көңшелекті — “қауға”, шеберлік аспаптарын салатын сірі-көнді — талыс, т. б. дейді.

Әдетте, көн ыдысты төзімді болады деп, тек жылқы терісінен ғана жасатады. Терінің жұнін шикі күйінде қыргызды да, оң жағын ішіне келтіре, әр ыдыстың өзіне тән формаларына қарай тіктіреді. Оны түйенің шудасынан иірген жіппен тігеді. Ол тез үзілмейтін, шірімейтін ең төзімді жіп. Тігілген ыдыстардың ішіне топырақ немесе күм толтырып, терінің күн көзіне кептіреді. Содан кейін ысқа қояды.

Ыстау үшін ор қазылады да, күнге кепкен ыдыстардың ішіндегі құмын төгіп босатқаннан кейін ор түбіне орнатылған сырғауылдарға ілінеді. Оның тәбесін жабады да екінші жағынан от жағатын тесік шыгарып от жаққанға ілінген ыдыстарды куалай жүріп, аргы басынан шығады. Сондай халде ай жарым ысталған көн ыдым мейлінше кебеді де, тері түсі қара-сарғылт болады.

Қазақтардың үтімінда ең дәмді қымыз ысталған ыдысты жасалады. Кейін қымызды ағаш күбіге ашытатын кезде отқа үстап оның да ішін ыстайтын болды. Осыдан соң әр түрлі жөн-жоралғылар істеледі. Шамасы “қымыз мұрындық” аталатын кәде қазақ халқында содан қалса керек. Оның мәнісі, алғашқы қымызды жүртқа ішкізу (тарттыру). Ал күзгі соңғы қымызды (ауыл адамдарына) тарттыруды (ішкізу) “сірге мөлдіретер” деп атайды.

Саба “киелі” ыдым саналған. Ишінде қымызы тұрса да, немесе бос болса да оған аяқ тигізбеген.

Саба ішіндегі сүйиқты (қымыз, немесе іркіт) толғап (пісіп) тұратын құралды — піспек дейді. “Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі” дегендеге осы саба мен піспекке байланысты айтылады. “Тай жұзгеннің” піспегін арқанға кереді екен де, екі қарулы жігіт әрең көтеріп піседі екен. Піспектің жоғарғы жағын қазақ күміс және сүйекпен әшекейлеп жасаған.

Сабадан кейін сусынга арналып көннен жасалатын ыдыс — сүйретпе. Оның түбі бұрышыз жұмыр келеді. Сыллы қонаққа сүйретпен қымыз беру ерсі саналады. Сондыктан, оған тек сабаның қымызынан ғана береді.

Сүйретпен кейінгі ыдыс — мес. Оны бітеу сойылған ешкі терсінен жасайды. Бұл сөзді халық жағымды немесе жағымсыз мағынасында да қолдана береді. Мысалы, Ақын Мәшіүр Жүсіп Көпееев, өзінің колжазбаларын тіркеп отыратын жинағына “мес” деп ат қойған. Мес кәделі ыдыс емес. Сыллы кісіге одан да қымыз құймаған.

Қазакта: “көнегі керегеге іліну” деген сөз бар. Оның мәнісі — “жұтап қалу”, дегенді білдіреді. Сондай-ақ көннен ыдыстар салынатын “аяққап” аталатын қоржын жасалды. Ал иленбеген теріден жасалатын төсөнішті тулақ, иленгениң бөстек, деген. “Ас”, “той” сияқты үлкен жынын жасаса, малды иесі сояды да, қымызға “сауын” айтқан. “Сауынга” көптеген ыдыспен жан-жақтан қымыз әкелінеді. Жынынға қымыз әкелгендердің ыдысына сойылған малдың жіліктерін салып жіберу ырымы болған.

Ерте заманнан ас пісіруге арналған ыдыс — бақыр. Бұл тегі мыстан, ал кейіннен шойыннан құйылған болса керек. Ол қазан сияқты түбі шұнғыл болады. Бертінде заводта құйылатын қазан шыққаннан кейін, бақыр қазанды түздегі жылқышылар немесе жолаушылар ғана қолданған. Алғаш оны “жер ошак” аталатын қазылған шұнқырга орнатқан. Одан кейін қазан үш сиракты темір (мосыға) ошакқа асылды. Қазанды тұтатын, колгапты “тұтқыш”, ішін тазалайтынды темір “қырғыш” деп атаған.

Тіпті көне заманда су, сүт сияқты сүйық нәрсені “тас қорықпен” қайнатады екен. Ол тасты отқа қыздырып алып, сүйық құйылған ыдыска тастаса, біраздан кейін сүйық бұрқылдаپ қайнайды. Бұл тәсілді ауылдың қойшылары соңғы кезге дейін қолданып, далада “тас қорықпен” сүт қайнатып ішкен. Осындай тәсілмен пісірілген дәмді сүтті өзіміз де ішіп көрдік.

Ертедегі көшпелі ауылда кепкен ағаш ұнтағын шақпақ таспен тұтатқан.

Су қайнататын “тас құмған” ертеректе тастан ойылып жасалды да, кейіннен шойыннан құйылған базарда сатылған. Оның аты да “тасқұмған” деп аталады. Ал “самауыр” немесе “самауырын” аталаған кеткен орыс “самоварлары” казак арасына Россияға қосылғаннан кейін тарады. Біздің елде самауырды XIX ғасырдың алғашқы жартысында бірінші рет Ірбіт базарынан Есеней алдырған екен. Оны қайнатайын десе, суды қалай құйып, отты қалай жағуды елде ешкім білмейді. Содан көршілес казак-орыс станицасы Құтырлаганға (Екатериновка) кіci

жіберіп, біреуді алдырады да, самауырды қалай қайнатуды үйреткендігі үшін оған Есеней бір жылқы береді. Бірақ ырымшыл Есеней, “шұмегі төмен карап түр екен, елді төмен қаратпай коймас” деп самауырдың шайын ішуден безген екен деседі.

III. АЗЫФЫ

Революциядан бұрынғы ауылдардың азығы — майдың еті мен сүмесі (сүті) болды. Сондыктан да еттен түрлі тағамдар жасады. Оны суға пісіріп те, майға қуырып та жеді. Жаз айларында, бұзылып кетпес үшін, оны сүрлейді, яғни етті тұздал, тұз сіңген етті тұтінге немесе құнғе, желге қақтап кептірген. Жалпайта сүрленген майды әзет-қақпыш, бөлшектенгенін қақпыш-бортса деп атаган. Тұз сіңіп, сүрленген ет үзақ сақталады да, сапасын да жоймайды. Қазақ сүр етті сүйсіне жейді. Сондыктан да жігіттердің өлеңінде: “қыздар сүйіп жейтүгін тәтті сүрмін” дейтін жол кездеседі. Етті шашлық секілді отқа қақтап та жейді. Оны “кебеп” дейді. Ал жанашыр екі жақын араздасса, қайсысына болысарын білмей, “екі оттың ортасында кебеп болым-ау” деп кею осыдан шыққан.

Қазақ үйінде асар еті болып тұрса да, келген қонаққа (қадірлі қонаққа) арнап мал сояды. Ал қонаққа көп сойылатын мал — қой болған. Тіпті қадірлі қонақ болса құлыш немесе тай да сояды. Көп қонақ келсе бие сойылған.

Осы арада “мешкей” аталағындар туралы аз сөз. Жалпы алғанда, көшпелі елдердің, олардың ішінде қазақтың етті отырықшы елдерден көп жейтіні рас. Ал солардың ішінде мөлшерден көп жейтіндерді “мешкей” дейді. Тоқты-торым сияқты ұсақ қараны тауыса жейтіндер әр руда үшырасады. Ту қойды тұтасымен жеп кететіндер кездеседі. “Талабың тай жегендей бір бала едің” деген өлеңге қараганда кей кезде, тайдың да “жылы-жұмсағын” тауысып жегендер де болған сияқты.

Жылқының бүйрек майы, шарысы сияқты майды шикідей қылғытып қойғандарды көрдік.

Мешкейлер “сіңімді болады” деп тек жылқы майын гана көп жейді. “Кеңірдегіміз сасиды” деп сиырдың майын, әсіресе, аз жейді. “Күпті боламыз” деп қой майын да шамалап жейді.

Қойдың басын қадірлі қонакка, беделді ақсақалға тартады. Бірақ бұл салт әр жерде әр түрлі болған. Қыргыз елі қонаққа қой сойғанмен, басын жерошақ төңірегіндегі қатын-қалаш, бала-шагаға береді. Ұлы жұз бен Орта жүздің кейбір рулары басты қадірлегенмен, құлағын балага береді. Ал, Керей мен Үакта құлақты шал жейді. Қалай

да қазак ғүрпінде қадірлі қонаққа бас тартпау (арнап кой соймау) ұят санаған.

Ескі ауылдың қадірлі санайтын қонақтары: сыйлы, беделді ақсақалдар, әкімдер, құда-құдандалар, жек-жаттар болған. Оларға салынатын кой мүшелері төмендегідей: қойдың бастан кейінгі қадірлі мүшесі — жамбас. “Әкен жақсы кісі еді жамбас жеген” деген өлең сол жайды аңғартады. Бұл бүкіл қазакқа тән болмаса керек. Өйткені құдагига жамбас, қыз беретін де жағдайлар кездеседі. Жамбастан соң кәрі жілік, одан кейін асықты жілік. Өзге мүшелері осыларға қосалқы. Жылқының ең қадірлі мүшесі — жая, одан кейін: қазы, қарта, жал деп санаған: “Жақсының жейтін асы — жая мен жал” деп басталатын өлең де бар. Мұнымен қатар, халық арасында түрлі ырымдар мен дәстүрлер де болған. Мысалы: Әкен өледі” деп әкесі тірі балаға басты ұстатпайды, “былжыр” (жуас) боласын деп миды жегізбейді. Асырап алған үлға асықты жілік ұстатауды. Асқа, тойға қымыз апарған ыдысқа асықты не кәрі жіліктер салып қайтарады. Кәрі жілікті “қартайғанша отырады” деп қызға ұстатпайды. Қонаққа ақсан етке мойын аталатын мүшени салмайды. Жас босанған әйелге “баланын мойны тез бекиді” деп ыстық мойын тістеткен. Ал “төс” аталатын мүше күйеу мен ұзатылған қыздын сыбагасы. Табақтын ішіне төс салынбаса, күйеу өкпелеген. Сойған қойдың төсінен “төстік” алады. Оны тұздал отқа қақтайда да, “кұда” қонаққа өзге еттерден бұрын таттырады. Мұны қазақ аса қатты ұнатқан. Құдага беретін себебі, “төске төсті тақасқан жақын болдық” деген үғымды білдіргендіктен. Ұзатылған қызға сүрленген төс жіберу де міндетті болып есептелген. Бұл жөніндегі төмендегідей қалжың бар: келіншекке біреу “інің келе жатыр” десе, әлденеге інісіне өкпелеп жүрген келіншек “інім інгे кірсін” депті. Анау “інінің коржынында төсі бар” десе, риза болып кеткен келіншек: “інімнің менен басқа кімі бар” депті-міс.

Піскен еттен үй иесіне немесе құдага алдымен асататыны — бір тілім құйрық пен бауыр. Сондықтан құдаларды “құдай (уәде) дескен, құйрық-бауыр жескен” деп жақындастырады.

Сыйға тартылатын табақтар адамына қарай: бас, орта, аяқ болып үшке бөлінеді. Қой сойғанда бас табаққа қойдың басы, жамбасы, асықты жілігі, сүбесі, белдемесі, бір білем құйрық пен бауры салынады; орта табаққа бір жамбас, кәрі жілік, үзын омыртка, бір сүбе салынады; аяққы табаққа кәрі жіліктен бастап, катын омыртка, бұғана, бір жауырын салынады. Мұндай сыбаға бермеу

өкпеге апарып соққан. Қойдың ішкі жүйелерінен бауырдан басқасы табакқа тұспейді. Тек Жетісудағы Найман рулары ғана табаққа “жөргем” деп аталатын аңы және тұңы ішектердің ерілген бір бұмасын, қарын, өкпе, жүрек сияқтылардан бір-бір тілімін, алдыңғы және артқы үйітілген сирактардың бір-бірін табактың алды-артына кояды. Жалпы алғанда ішек-карны, өкпе-бауыр аталатын ішкі мүшелер үй иелерінің сыйбагасы.

Жылқы етінің сыйлы сыйбагалы мүшелері: жал, қазы, карта. Өзгелері соларға қойылады. Аса қадірлі саналатын қонаққа кой сойғанда үстіне жылқы етінің сүр жаясын, қазы-қартасын салады. Жылқының шекесін қазақ “наурыз” аталатын мейрам күндерінде ғана асқан. Қошпелі елдердің, мысалы, монгол халқының әдетінде, еттің бір қайнауын ішінде қалдырып, шала пісіретіні бар. Қазақ етті езілтіп, дәмді етіп пісіреді. Етті бұлай етіп пісіру ас қорыту органдарының жұмысын жеңілдететіні мәлім. Сол сияқты “ет етке, сорпа бетке” деп онын да ас қорытуға үлкен көмегі барын қазақ ертеде-ақ білген. Қазақтың тагы бір үлттық тамағы “кеспе” немесе “салма” деп аталады. Алғашқысын иленген қамырды жінішкелеп кесіп жасаса, “салманы” үннан, тарыдан, күріштен дән салып пісіреді. Жылқы етінің сорпасы сүйк болғандықтан, кеспеге жарамайды. Кеспеге қазақ “қара мал” аталатын “сорпасы бар қойыртпак” айыр-тұяқтылардың етін қолданады. Әсіресе, сиырдың “кима” аталатын, айналдырыған тұңы ішегін көбірек пайдаланады. Өйткені, ол ете майлы болады.

Жылқы сорпасына қазақ аңы құрт езеді. Ол — қазақтың “қыскы қымыз” деп атایтын ең жақсы тамағы. Ал жылқышылардың жаксы көретін тамағы езілген құрттың қалдығы — малта. Жолаушылаған не мал баққан адамдар малтаны қалтаға сала жүріп, сусаганда, қарны ашқанда қорек етеді. Қыстың күні жылқы сорпасын тезірек сұйтқысы келген қазақ оның ішіне мұз салып ішеді. Мұны — “томыртқа” деп атайды.

Қазақ халқы малды міндettі түрде бауыздайды. Корей, монгол сияқты кейбір ел, сойылатын малды бауыздамай, тұншықтырып та өлтіреді. Сондағы дәлелі, малдың ең пайдалысы — қаны. Тұншықтырса қан етке сініп, адамға пайдалырақ болады. Бауыздалмаған малдың еті қазақта — арам саналады.

Ертерек кезде ет асатын ыдыстың аз немесе жоқ шағында, қошпелі елдер олардың ішінде қазақ етті сол сойылған малдың өз қарына пісіріп жейтін болған. Қарынды бұзбай алады да, тазалап жуып, ішіне етті сыйғанынша толтырып, оған мөлшерлеп түз салады. Онымен бірге сорпа қайнағанда бу шығып тұру үшін қарынның

ауыз жағына күйс курай немесе малдың екі басы шабылған жілігін шығарып байлайды, сонан кейін ет салынған қарынды құмға көмеді де, үстіне от жағады. Солай пісірілген, “сілікпе” аталатын ет көшпелі елдердің дәмді асының бірі болған. Қазактың ұғымында, әр малдың еті өз қарнына сияды. Қазактар аскан еттің тұзын татып жейді. Ет салған табакқа тұзын ащылау ғып құттын сорпаның аты тұздық.

Көшпелі ауылдардагы ет тағамдарын әзірлеу түрлері осындай.

“Сұме” ертерек кезде “желін”, “емшек” магынасында айтылған. Бертінде “сүт” магынасында айтылады. Ет тауып жеуге мүмкіндігі жоқтар “малдың сүмесімен күн көріп отырмыз” дейтін. Өйткені қымыз жасауға әркімнің мүмкіндігі бола бермеген. Көшпелі қазақ халқының басым көпшілігі, айыр тұяқты қара малдың сүмесімен (сүтімен) күнін көрген. Олар түйені де, сиырды да, қой мен ешкіні де сауатын болған.

Сауылған сүттен айран үйытып, немесе сүтті ірітіп, ак қызылт түсті ірімшіктер мен уыз да қайнатқан. Жас балалар үшін сүтті қазанда қойылта қайнатып, дәмді балқаймақ та түргызған. Қайнамаған шикі сүттін бетіне түрганын “кілегей” деп атаған. “Кілегейді” жинап, әдетте, одан май алады. Қазанның түбіне түрган сүт қағын “қаспак” деп атайды. Ол, көбінесе қазан ұстайтын әйелдер мен ерке балалардың сыбағасы. Малдың сүті қайнатылмай көбірек тұрса, іріп кетіп, пайдага аспайды. Сүтті үйытқы құю арқылы үйытса, айран болады. Айран ашып кетсе, “іркіт” дейді. Іркіттен “ағы” және “тұшы” құрттар қайнатылады. Тұшы, немесе сықпа құрт нан орнына пайдаланылады. Ағы құрт сусынға немесе сорпаға езуге ғана қажет. Жолаушы шыққанда “жан торсық” аталатын ыдыска су құйып, ішіне ағы құрт тастаса, шайқалып езілген ол, әрі сусын, әрі тамақ болады.

Құрт пен ірімшік бұзылмас үшін жаз айларында “сөре” аталатын биікке жайылады да, күн көзіне кептіріледі. Кептірілген бұл тамақтар, әуе райының барлық жағдайына да бұзылмай шыдап, ұзақ уақытқа сақталады.

Ашыған айранды кенеп қапқа құйып сүзеді де, оған аздал тұз қосады. Оны “сүзбе” дейді. Сүзбеден де құрт жасап, сөреге кептіреді де, қыс айларында сорпаға қатып ішкен.

Қымыз “киелі” асқа саналады, биенің сүтінен қымыз жасау үшін оны торсық аталатын көн ыдыска жылы күйінде емес, салқындаған қалпында құяды. Жылы құйса, қымызы ағы болады. Торсыққа құйылған қымызды піспекпен әлсін-әлсін пісіп тұрады. Қымыз негұрлым көп

пісілсе, соғурлым тұщы, дәмі келеді. Аз пісілменеген қымызыда ірімтік көп болып, ішуге жағымсыз келеді.

Қымыз тез тұнады, тұнғанда жоғарғы жағы көгілдір сүйік, асты қоюланып тұрады, екеуін пісіп араластырганда ғана қымызды адам сүйсініп ішеді.

Үйіне кірген кісіге қазак ас татырмай жібермейді. Сондагы беретіні бар болса, қымыз, ол болмаса айран, ірімшік, құрт сияқты тағамдар болған.

Қымыздың шала ашығаны саумал. Ондай қымыздың дәмі бұзылатын шағы болады. Оны қазак “айнымал” немесе “татымал” дейді. Айныған қымызды байлар өздері ішпей, жалшыларына берген. Жалшылардан артылғанын жер ошаққа төгіп тастайтын.

Қазақтың қымыздан басқа сусыны — көже. Оны кайнатқан сұға бидай, тары не үн салып ашытады. Шамасы барлар оған сүт қатады. Сүт қоспаған қатықсыз “қара көже” кедейлердің сусыны саналған. Оны да иелері дәмге санап, қастерлеген,

Атақты Біржан сал жолаушылап келе жатқанда, орыс поселкесінде мал бағып отырган жатақтың қаракүрым үйіне кездеседі. Үйге жақындаған ол “сойлес” деп дыбыс берсе, үйден бой жеткен, қарапайым киінген қыз шығады. Біржан шөлдегенін айтса, қыз “түсініз, барымызды бөреміз”, дейді.

Жасаусыз үйдің төріне шыққан Біржанға қыз босағада тұрған күбіден (ағаш ыдыс) бір кеттік саптыаяққа орталу қүйіп көже ұсынады. Біржан қараса, быжылдан тұрған қатықсыз қара көже екен. Біржан оны менсінбей, көжеге ернін де тигізбей, қызға аяқты қайтара береді. Қыз аяқты алмай:

Жақсының жейтін асы жая мен жал,
Шығады нақ қырсықтан осындаи сал,
Дәмнен үлкен дүниеде ешіорсе жок,
Көжеге кекіреімей ерніңді мал!—

депті. Сонда Біржан ұялып қап:

Жетеді тоқсан жасқа ердің ери,
Аттанандық ақындықпен “Біржан сері”,
Карындаас айтқан сөзің етіп кемті,
Көженді басып-басып әпкел бері!—

деп, толтырып алған аяқты тубіне дейін қотара салған екен.

Арабша “дәм”, “тағам” деген сөздің қазақша мағынасы —“ас”, “тамак”. Дәмді жоғары тұтатын казак, “дәм-тұзымын тат, расынды айт” дейді. Қастандық қылған біреуді “дәм-тұзына тапсырады”, “татқан дәмге қас

қылған жігіт онбас” дегенді өлеңіне қосады. Мұндай мысалдар толып жатыр.

Үйіне алыстан келген адамға бірнеше күн тегін тамақ беру казактың ертеден келе жатқан ата дағдысы. Сол дағды күні бүгінге дейін бар. Қазактың әр үйі “тәттідәмді” дейтін асын өзі таттай, қонақ келсе “ұялып қаламыз” деп, көпкө дейін соған сақтайды.

Қонаққа беретін тамақ “қонағасы” деп аталады. Қонағасы келген кісісіне қарай әрқылы болады. Бірақ қазақ үйіне келген қонақтың қандайын болса да тойғызбай аттандырмайды. Қазақ жаз айларында қонаққа малды сирек сөяды. Байлар жаздай сүр жейді, кедейлер жаз айлары малдың сүтін қорек етіп, етті көп жемеген.

Қыскы азыққа, яғни соғымға ірі қара мал сойылған. Әсіресе соғымға жылқы малы көптеп сойылады. Орта дәулеттілер бірен-сарандап, ал тұтас жылқы союға әлі келмейтіндер бірігіп бір жылқының етін жартылап немесе сыйрактап бөліп алатын болған. Тұтас малдың етін жартыға бөлу онай да түсінікті, ал “сирактап” бөлу дегеніміз,— тұтас малдың етін төртке бөлу. Мұндай бөліске жататын мал етін алушыларды риза қылатын қасапшылар. Олар өз ісінің шебері саналады. Сондықтан қазақ шеберлік жайы сөз болғанда, немесе сөзін жөндең сөйлей білмейтіндерді кекесін ретінде “бүйректен сирак шығарады” деуі осыдан.

Түйе, жылқы, сиыр еттерінің бөлісі осындаі. Қой, ешкі, тай, тана сияқты ұсақ малдардың еттері бөліске түсken емес. Мұндай ұсақ малдар орта дәулеттілердің, көбінесе кедейлердің соғымы. Кедейлер әдетте, тоқты-торым, бұзау, тайынша деген сияқты ұсақ малды соғым қылған.

Көшпелі қазақ халқы егіншілікпен аз шұғылданса да нанын қадірін жаксы білген. Кейде астық шықпай жұтаган кезде “алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен” деген мақал шығарған. Ертеде негізінен ет пен сүт тағамдарымен тамақтанатын қазактар дәнді астықтан жасалатын тағамдарды таңсық көріп, сүйсіне жейтін-ді. Соңдықтан бір тамақты құмартып жеген адамды қазақ “арпадай асайды” дейді.

Овошты (сәбзені) мал баққан ауылдар сирек қолданған. Олар “тау жуа, қыр жуа” аталағын шөптері кеспеге турап та, шікі қүйінде де жеген. Сазды жерге өсетін картоп түқымдас жаужұмыры (буылтықты) қоламтага көміп, пісіріп жейтін болған. Қамыс тамырлы “сүйрік” пен “май қоғаны” да жеген. “Қарға тұяқ” аталағын шөл шөбінің тамырын да қазып жеген. Тауда өсетін, дәмі қышқылтым шөпті де сүйсініп жейді. “Базарда

бұл болады піскен қауын, Қызыл алма алады көздің жауын” немесе қарны ескен адамды “қарны қабактай” (“асқабактан алған”) деуіне, сондай-ақ өрік пен мейізге құмарлығына қарағанда онтүстікті мекендерген қазактардың егіншілікпен, бақшашилдықпен өртедегі замандардың өзінде шұғылданғаны байқалады.

Астық жайына тағы да оралайық.

Советтік дәүірге дейін наңға қазақ ауылдары жарымай “аш қарын”, “ток жарап” болып келген. Тек Совет өкіметі орнағаннан кейін ғана оған мұқтаждық жойылды. Үкімет пен партияның Қазақстан тынын игеру туралы 1953 жылғы қауалысынан 1956 жылы бірінші рет, 1972 жылы екінші рет бір миллиард пүтттан аса астық жиналды. Сөйтіп, советтік Қазақстан астық өндіру жөнінен Совет Одағы бойынша РСФСР-ден кейінгі орынга шықты. Астықтың молаюы, малдардың ерте сойымлай, семіруіне де жағдай жасады. Қазір малдың қайсысы болса да семіздікten “жонынан жарылады”. Қойдың сүбесі мен жылқының қазысын бұрынғыдай бірер елімен емес, сүйемдеп, қарыстал өлшейді. Себебі, қазір малды асылдандыру жұмыстарын кеңінен жүргізуін арқасында сиырдың сүттілігі, қойдың семіздігі, т. б. жылдан жылға арта түседе.

Бұрынғы қазактар молшылық тұрмысты “ит басына іркіт төгіледі”, “сайдан май агатын болады” деп, сондай заманды арман ететін еді. Сол молшылық қазір барлық совет халықтарымен бірге қазақ ауылына да орнап, бұрын “жемесе де май жақсы” деп май тартуды арман ететін енбекші шаруалар, өзге азықпен катар, майға да молыкты.

Социалистік құрылыш әл-ауқат, тұрмыс молшылығын жасайды.

IV. КИІМ-КЕШЕГІ

Адамға ауа райының қолайсыз жағдайынан қорғану үшін және көріктілік үшін де киім қажет. Ертедегі адамдардың киім-кешектері мал терісінен жасалатын еді. Әсіресе, теріні сырт киім үшін пайдаланатын-ды. Оның бірі — тон. Ол “қаптама”, “қамзолша” атанип екіге бөлінген. Қаптамасы сұыққа сырттан киетін тон. Махамбеттің “Қаптай сокқан боранда, қаптама киген тоңар ма?” — дейтіні осы. Қамзолшасы етегі тізеден жоғары келетін тон. Тон орнына қасқырдың, түлкінің, қарсақтың, күзеннің, басқа андардың терісімен астарлап, сыртын матамен тысталап тігетін киімнің аты ішік. Ишіктің толып жатқан түрлері болады. Мысалы, түлкі терісінен, оның жон, бауыр, аяқ терілерінен — қарайқ ішіктер жасалады.

Кейді, құндызы, бұлғынның қымбат терілерінен де ішік жасалады. Оған Абайдың Ақылбай деген баласы шығарған ән сөзіндегі “Бұлғын ішік мен кидім, құндызы жаға” деген жолы куә.

Құндызы қазакта аса бағалы аң санаған. Қазақтар оның сала-құлаш терілерін төрдегі кереге басына сән үшін ілген. Ертеде бұл аң қазақ даласында көп болғандығына “Құндызы” аталатын езен мен (Қостанайда), “Қамқа” (Құндызыдан бір түрі) атты қөлдің болуы куә. Кейін ел жиіление келе бұл сулардан құндызы бен қамқа ауып кеткен.

Құлынның терісінен астарсыз тігілетін тонды “жарғақ” дейді. Оның қара құлынның терісінен сәндең тігілетіні жоғары бағаланады. Қасқыр терісінен астарланатын ішік те қымбатқа саналады. Ішікті қазақтар тысталп киген.

Кедей адамдар ішікті қоян, тарак қүйрық (сарышұнак) сияқты арзан терілерден де жасаған. Бірақ, олардың сапасы оншама болмайды. Сондықтан “бір жылға қоян терісі де шыдайды” деуде де мән бар.

Ішіктің тысы, әдетте шұға, мәуіті сияқты қалың мatalардан тігіледі. Тері мен тыстың арасын қалыңдату үшін тозған маталардан, жұннен “бидай” салынады.

Тонның жағасы жоғары етіп жасалады да, боран-шашында оны көтөріп алса, басқа сұық тигізбейді. “Ел ағасыз, тон жағасыз болмайды” деу содан. Жағаға қымбат аң терісі, қозының, лактың бүйра елтірісі сияқты терілер салынады. Тонның белі тарылып тігілетіндері “қынамал”, қынамайтындары “қантал” деп аталауды.

Тыскы киімнің біреуі — күпі. Ол қойдың және түйенің жабагысынан жасалады да, жылыштың тери тоннан кем болмайды.

Жаздың сыртқы киімі, түйенің иә қойдың жұннен тоқылатын шекпен, түйе жұннен тоқылған шекпен дәулетті адамдардың қолына түсken. Шамасы келмеген кедейлер шекпенді қойдың жұннен жасайды.

Току әдісінің аты — өрмек. Ол көне заманнан келе жатқан қол өнері.

Өрмек току үзақ уақытка созылады. Өрмек тоқудан бұрын жұнді қылышқтап, түтеді. Оны шүйкелеген соң, үршықпен иіріп, иірілген жіпті төгеді (домалактайды). Домалақ жіпті үзындығын он құлаштай етіп керуге және тоқуға әлгі жұмыс процестері атқарылған соң ғана кіріседі. Жіpterді біріктіріп тоқуға арналған құралды “мосы” дейді. Мосыға асылған өрмектің арасынан өтіп тұратын жіпті — арқау, арқауды нықтайтын құралды қылыш, жіpterдің жоғарғылары мен төменгілерін ауыстыратын құралды “адарғы”, тоқылған өрмектің екі шетін “кенере”, тағысын тағылар деп атаған.

Өрмекті тек әйел ғана тоқыды. Ертеде, қалаға барып, араласпайтын көшпелілер ішкі киімдерді (көйлек, жейде мен іш киімді) өздері тоқып киген.

Өрмектен қазақтар алаша сияқты төсөніштер де, коржын, аяқ-қап сияқты ыдыстар да, ат-жабу сияқты жамылғылар да жасады. Тіпті, кей жерлерде кілем де тоқитын боған. Кейіннен өнеркәсіп бүйымдарының көптеп шыгарыла бастаудың байланысты өрмек тоқушылар азайды.

Көшпелі қазақ ауылдары бірнеше ғасыр бойы Орта және Орталық Азия немесе Еділ бойының қалаларына барып сауда-саттық жасаған. Онда дәүлетті адамдар жібек пен манат (қалың тоқылған жібек) сатып алатын болған. Еділ бойындағы қалалардан (әсіресе көне болгарлардан) алатыны кебіне былғары екен. Осы алыс-берістің нәтижесінде болгарлардан ауысқан бүйымның “былғары” аталуы сондықтан болса керек.

Кедей шаруалардың ерте заманнан бері іш киім үшін пайдаланатын матасты — бөз.

*Дәйім менің кигенім без көйлегім,
Жаман жақсы болса да өз көйлегім,
Көрмегелі көп айдаң жүзі болды,
Аман-есен жүрмісің көз көргенім.*

немесе

*Жатыр едім далада пішен шауып,
Без көйлегім су болды жаңбыр жауып —*

дегендегі “бөз” осы мата.

“Бөз”— отырышы қасіпқорлардың қолдан, мақтадан тоқитын матасты. Жібектен қалынды-жұқалы етіп тоқитын мatalар “қазине” деп аталады. Бұрынғы қалың малға сатылатын қыздардың:

*Казине қамзол кидім қызылмаған,
Жапанда жатыр жылқым жиылмаған.
Бар ма екен қыздан сорлы бүл жалғанда,
Топырақ туған жерден бүйірмәған,—*

дегенде осы “қазине” сез болады.

Сыртқы және ішкі киімдерден қазақ өрнектелген камзол мен шалбар (сым) киеді. Әйелдерден “сым” киетіндері тек үнемі көшіп-қонуга катысы барлары. Д. Н. Ушаковтың “Түсіндірме сөздігінде” қамзол француз сөзі дейді. Қамзол мен шалбар қазақта көне заманнан келе жатқан киім болғанға үксайды.

“Алпамыс” батыр жырында Ұлтанқұлды “көн шалбары кетіне қатқан” деп сипаттаудың қарағанда, ертедегі

казақтар шалбарды көн теріден де істеген сияқты. Жұмсақ иленген ешкі терісінен қазақтар кестелей сәндеп жырық баласқ ойран-шалбар киген. Бертіндегі қамзол-шалбарлардың көбі орыс базарынан алатын кездемелерден жасалған.

Ертедегі әйелдер мен еркектер киетін қамзолдың белі қынамал, жеңі ышынтақтан ғана келетін шолак болған. Мұндаилардың жеңсіз “төс қамзол” деп аталады.

Қамзол тысты, астарлы болады. Оның екі арасына “бидай” аталатын ескі шүберек салады.

Көне заманда шалдар (ерлер) киетін етек-жені көн кейлекті “жейде” деп те атаған. Жейденің жағасына жүннен немесе шудадан бау тағады. Жейденің жағасы көн келеді. Оны “үшкіл” деп атайды. Жейденің калтасы болады. Шалдар уак-түйек қажетін соған салып жүрген.

Киім пішү туралы. Кешпелі қазақтар ішкі-сыртқы киімдерінің бәрін жүріп-тұруға бөгет жасамайтындей етіп ықшамдап тіккен. Киімнің колтық тұсы көн болуы үшін “қолтырмаш”, етегі көн болу үшін бүйірден “шабу” қойған.

Пішкен киімді тігетін негізгі құрал — ине. Қазақтар инені қай заманнан бастап пайдаланғаны белгісіз. Қашан болса да, ол қолдан жасалмаған, өндірістік бүйімдармен бірге келген сияқты. Иненің үлкені — тебен немесе жуалдызы аталады. Онымен киіз сияқты қалың нәрсені ғана тігеді.

Іске олақ кісіні “көк инені қөзіне түрте білмейді” деп сөгеді. Инені қолданардан бұрын отқа қыздырып жасытады. Сонда иненің сыртында жұқа қабыршақ пайда болады. Оның аты “жасу”. Кейде қол қабысы жок, бос жүретін адамға “иненің жасуындей пайданды көрмедім” деуі содан. Әрбір іс ойдағыдай орындалғанда қазак: “сабакты ине сәтімен” дейді.

Киім пішілгеннен кейін бөлшектерді долбарлап курастыруды “көктеу”, тікісті ірілеу етін шашшуды “қабу”, ұсқатап шашшуды “тепшу”, “каю”, жаға-женін әшекейлеуді “кестелеу” дейді.

Қазақ халқының бас киімдері бәрік, тымақ, құлакшыны, жалбагай, делбегей деп аталады. Іші елтіріден немесе ан терісінен жасалатын, матамен тысталатын бәрік — жаздың киімі. Тұлкінің пүшпагынан жасалатын бәрікті арқада “такия” дейді. Әйелдердің жеңіл, үкілі, сәнді такия үлгісі казакқа татардан келгенге үқсайды. Семей облысындағы, әсіреле тобықты руындағы қазақтар бәрік орнына “жекей” аталатын елтірі тымақ киген.

Тымақ — қысқы бас киім. Оны кедейлер — сенсценен, байлар тұлкіден жасайды. Тұлкі терісінен жасалған ты-

мак — ең сәнді, бағалы тымақ саналады. Жалбагай — жазғы жауын-шашынан қорғанатын, делбекей — масадан қорғанатын жеңіл бас киімдер. Олар не өрмекпен тоқылады, не матадан тігіледі. Қазақ “бағым ауады” деп бас киімді ешкімге сыйламайды.

Қазақтың аяқ киімдері — байпақ, етік, кебіс, мәсі. Етікті былгарыдан киүоге шамасы келмейтіндер, әсіресе шалдардың бертінге дейін, жазы, қысы сірімен қаптаған киіз байпақпен жүргенін көрдік. Етікті ерте кезде илеген теріден, бертінде былгарыдан киген сияқты.

Былгары қара, сары, қызыл немесе басқа да түрлерге боялады. Одан оюлап, кестелеп, әшекейлеп тігілген етікті әйелдер киген: “мырза” атанғандар да сөйткен. Негізінен алғанда еркектер қара, көк түстісін ғана киген. Сондықтан ерге тимей көбірек отырып қалған қызға “көк етікті келмейді, көң етіктіге бармайды” дейтін болған.

Мәсі — бұл да аяқ киімнің бір түрі. Оның етіктен айырмасы екшесі болмайды, сыртынан кебіс киеді. Бұларды тігетіндер “етікші” деп аталады. Ондай мамандар әр ауылда болған. Етіктің бөлшектері: бас, қоныш, бас пен қоныш арасы белтір, табанын — ұltан, ұltан мен бастың үштасқан жерін жұлық деп атаған. “Жұлық жалаған жарымайды” деген мақалға қараганда, оны тігу ақысы мардымсыз болғанға үқсайды. Балуан Шолактың:

*Камалап қанша дүшпан тұрса-дағы,
Келмейді Сырдың суы жұлдығынан,—*

дегендегі жұлық та осы. Аяқ киімнің ішіне төсейтінді “ұлтарақ” дейді. Артқы жер басатын жағы — екше. Ұltан мен ұлтарақ арасына қайыңның қабығынан астар жасайды. Өкшеге де солай етеді.

Етікті малдың аяқ сінірінен шиratқан тарамыспен тігеді. Өйткені, ол өзге жіптен әлдеқайды берік болады. Өкшелі мәсі мен екшесі шұқыр кебісті “қосай кебіс” немесе “шонқайма” деп та атайды. Ұзакқа шыдайды, сөгілмейді деп етіктің ұltанына ағаш шеге қағады. Шегенің орнын немесе былгарыны түйрейтін құралды “біз” дейді. Ол керегіне қарай жуан және жіңішке болады. Сарыла отырып, ұзак тігетін етікшінің ашуланшақтау да болатын кездері бар. “Етікшіге жолама — бізі тиер көзіңе, сөзі тиер өзіне” деген нақыл содан шықкан.

Етік пен мәсінің ішінен аяққа орайтын матаны “шүлғау” деп атайды. Байдың ұл-қыздары, сері мен салдар шүлғауды жібек матадан орайтын болған, кейбір

серілөр атын жібекпен тұсаған. Былғары етіктің қыстығуні жылы болуы үшін ішінен жұн байпак (үйік) киген. Ондай үлкен етіктің аты саптама. Қойдың жабағысынан жасап, женіл етіктің ішінен киетін шұлықты “байтаба” деген.

Бертін келе халықтар арасындағы сауда қатынасы жаңдана бастаған кез көшпелілердің киім-кешегі мен ыдыс-аяғын, үйдің басқа мұліктерін, көлік саймандарын, қолөнер құралдарын оңай табуга мүмкіндік туды. Сейтіп осы кезеңдерден бастап ауылдың қолөнершілері азайды. Сонымен қатар, қалалық үлгімен белгілі бір бұйымдар жасайтын шеберлер ауылдан да шыға бастады. Мысалы, есімі менің шығармаларында көп аталатын Шәйін Қожахметұлы Тілегенов, мұғалімдігімен қатар, асқан тігінші де еді. Сондықтан, үзататын қызы, үйлендіретін ұлы барлар оны іздең келіп, қолқалап үйлеріне әкетіп, киімдерін тіккізетін. Оны жұрт “қаланың ең шебері” деп таласатын.

V. КӨЛІК ТҮРМАНЫ

Қазақтың материалдық мәдениетінде киіз үйден кейін, ерекше көніл бөлінетін — аттың “ер тұрман” аталатын әбзел-саймандары. Сондықтан — көшпелілер “ер тұрманды” жасауга бар өнерін салған. Бұл тұрманды “ер-тоқым” деп атаған. Ерді ағаштан, тоқымды киізден жасайды. Қазақ ери — “құранды” және “қалмақы” ер болып екі түрге бөлінеді. Құранды ер — ұсақ бөлшектерден құрастырылады да, тыныштық жағдайда, сәнге жасалады. Қыздардың өлеңінде:

*Дәйім менің мінгенім құранды ерім,
Құранды ерге жарасар бұраң белім,—*

деуі сондықтан. Ал, қалмақы ердің алды-арты тұтас, жалпақ болады да, отыруға орнықты, козгалысқа шыдамды келеді. Мұндай ер алыс жолға жорыққа және жаугершілік жағдайларға арналады.

Ер-тоқымды ат арқасына бекітетін тұрмандар: салт атты жолаушы өрге шыққанда, ерден төмен түскенде, желгенде, шапқанда, ер-тоқым ат арқасынан ілгері не кейін кетпей немесе ауып түсіп қалмас үшін қызмет етеді. Аттың омырауынан өткізетін қайыстан жасалған бұйымды өмілдірік: ылдига жүретін аттың ер-тоқымы шоқтығына кетпей үшін, ердің артын құйрық түбімен жалғастырып тартып тұратын “құйысқан”, арқадағы ер-тоқым онға не-

месе солға аумау үшін аттың бауырын ала көлденен қалтіріп, тартып байлайтынды тартпа тас-айыл және шапайыл дейді. Ердің артқы жағына қоржын немесе ан, құс сиякты шағын жүкті байлайтын бектергі, қанжыға деп аталатын қайыс тағылады. Сондай-ақ, тебінгенде өкше мен үзенгі ат қабыргасына қатты соқпас үшін тоқымның үзенгімен таралғы тұсына қайыс тігеді. Оны “тебінгі” деп атайды. Ер аттың арқасына батпас үшін оның астына “терлік” және “жона” калың киізден жасалып, былғары немесе терімен қапталатын “тоқым” салынады. Ере отырғанда аякты тірептінді “үзенгі”, “үзенгіні” ере жалғастыратын қайысты “таралғы” деп атайды.

Жылдам жүріске ердің алдыңғы қасынан (таянышынан) артқы қасы қажеттірек сиякты. Оған қазактың “айырылар дос ердің артқы қасын сұрайды” деген макалы дәлел болса керек. Екі айылдан (тартпадан) атқа көбірек бататыны — қарыннан тартылатын шап-айыл. “Артқы айылдың батқанын иесі білмес, ат білер, ағайынның азғанын жақыны білмес, жат білер” деген макал осыдан туған болу керек. Шапқанда болмаса, шап айылды қазақ бос үстайды. Тас айыл үнемі қатты тартылады, өйткені ол қаусыратын тұста тынысты корғайтын төс сүйек бар.

Мінгсөн атты еркінен көндіру, оның басын қалаған жаққа бұры үшін қолданатын тұрман — жүген. Оның темірден жасалған шығыршық, ілгек, ауыздық тәрізді бөлшектері болады. Оларды тек жол жүргендеган пайдаланады. Онымен ат жем жеп, су ішे алмайды. Сондыктан да “ат басына күн туса ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса етігімен су кешер” дейді қазақ мақалы. Расында да, жайшылықта ауыздық су ішуге бөгет жасайды... Ауыздықпен ат айдаушының қолын жалғастыратын бау — “тізгін” атлады. “Жүгенсіздік” деген сөз адамға қатысты айтылғанда бетімен кетушілік, тәртіп бұзушылық, дөрекі мінезді магынасында қолданылады.

Ауыздық пен тізгінді жалғастыратын темірді “шығыршық, яғни шаужай” дейді. Біржан мен Сара айтысканда: “Біреуі — аттың ұстап шәүжайынан” дегендегі “шаужай” осы.

Ат басына ауыздықсыз кигізілетін тұрман — нокта. Оған “шылбыр” бау ғана (нокта болмаса, жүгенге де) тағылады да, тоқтағанда атты сонымен байлайды. Қазакта “нокта ағасы” — үлкен, басшы магынасында қолданылады. Олай дейтіні, көне заманда әке балаларына енші бергенде көш алдына жүретін нокталы түйені үлкен үл жетектеген. Содан “нокта ағасы” атанған.

Атты мінуден босатқанда оттамасын десе, тізгінін шоқтығына қаңтарып (байлап) жібереді, бос оттағанда

үзап кетпес үшін алдыңғы және артқы бір-бір аяғына өре салады; тіпті жақында оттасын десе үш аяғына шідер, секіріп оттасын десе алдыңғы екі аяғына ғана тұсау салады; ашықпай айнала оттасын десе қакқан қазыққа арқандайды. “Ат айналып, қазығын табар” деу содан шықса керек.

Қазақ халқы аттың тұрмандарын әшекейлеуге көп көңіл бөлген. Ол үшін алтын, күміс сияқты қымбатты металдарды пайдаланған. Мысалы, ердің қастарына тоқым-тебінгілерінің бетіне, үзенгілеріне басқа тұрмандардың өнбойына нелер көркем өрнектер салып қымбат тастармен әдемілей түсken; ондай тұрмандардың түгел бір комплексін жасағаны үшін шеберге — жылқы, түйе сияқты ірі қаралардың бірін ақыға телеген. Әлділерге жағынғысы келген кей шеберлер олардың үл-қызына әдемі ер-тоқым жасап апарып, сыйына үйірлеп мал айдал қайтатын кездері де болған.

Ел агасы атанған сыйлы адамдарды ақындар:

*Бір тайна елдің басы еді,
Алтын ердің қасы еді —*

деп мақтаған. Кейбіреулер музейлерде сакталған ондай тұрмандар нәзік шеберліктің күесі іспетті. Алайда, халықтың қастерлейтіні сәнді алтын тұрманы емес, аты болған. Сондықтан: “алтын ерің атқа батса, алтынын ал да отқа жақ” деген мақал қалған.

Әдемі тұрман әдette жақсы атқа салынады. Қазақ жылқы түсінің бәрінен де әдемілік табады. Солардың ішінде ең сәнді көретіні дақсыз, шымқай қара тұстіci. Өте жарасымды дүние жайында айтқанда: “қара атқа күміс тұрман салғандай екен” деу сол жарасымдылықтың белгісін көрсетеді. Сондай-ақ өлеңде: “Салғаным сал қара атқа күміс тұрман” деу де осыдан. Мен білетін шымқай қара тұсті бір атақты жүйрікті жұрт кейде “қара торғай” немесе “қара сұлік” деп та ататын еді.

Ер-тұрман” бөлшектерінің көпшілігі қайыстан жасалады. Қайысты түйенің, жылқының, сиырдың жүнін жидіткен қалың теріден істейді. Жұнді күбіде астық дәнінен ашытқан “малма” атты көже салу арқылы жидітеді. Оны күбі ішінде аударыстырып тұруды “сапсу” дейді.

Жұні жидіген теріні жайып кептіреді де, оның құрыстырысын жазу үшін “талқы” аталағын тістері кедір-бұдыр сайманмен созғылайды. Міне, осы иленген, талқыланған терінің аты — қайыс. Тұрман, көбінесе осындағ қайыстан тілініп жасалады. Тілінген қайыстың аты — таспа. Ол

өзінің қолданылуына қарай жалпақтау да, жінішке де тілінеді. Жалпағы — түйін үшін, жінішкесі — өрім үшін пайдаланылады. Жүрген, нокта, қамшы сияқты тұрманады түйіп те, өріп те жасайды. Ондай шеберді “өрімші” деп атайды. Өрімшілердің айтуыша, өрімнің шыдамдылығы өруге байланысты емес, түюге байланысты. Тұрман түйіннен тозады дейді. Атағы шыққан кейбір өрімшілердің түйіні сол тұрманның тозығы жеткенише ыдырамайды.

Сондай атағы шыққан өрімшінің біреуі мен туган ауылдағы Дүйсеннің Қасені деген еді. Оның асқан шеберлігіне сол маңайдағылардың бәрі таңданатын-ды. Қызылжар, Қорған сияқты жердің байлары, саудагерлері, әсіреле ылаушылары іздеп келіп, жегін көліктерінің сайдандарын жөндөтіп, жаңадан тұрман жасатқанын көрдік.

Таспадан өрерден бұрын, бір жақ қырын пышакпен сыдырып (майдалай жонып) алады, сонда өрім бір жағынан жұмырланып, сырты кедір-бұдырысыз жылмагайлау келеді. Атақты ақын Доскей Әлімбайұлы өзі айттысан қызды мактағанда: “Сырылып қойған таспадай, сыртың сулу” дейді.

Таспадан өретін қамшы екі түрлі: атты қатты үрмай демеп қана отыратын үш-төрт таспадан өретін төрт өрім қамшыны “шыбыртқы”, әлденеше таспадан өретін қамшыны “дойыр” дейді. Таспа саны жиырма төртке дейін баратын дойырдың ішіне корғасыннан езек салады. Балуан Шолакта сондай бір дойыр қамшы болған екен,— деседі жұрт. Ол қашқан қасқырды күүп жетіп, онымен жоннан тартқанда, қабыргаларының көбесі, омыртқалары сөгіліп кетеді екен. Қашаған жылқылардың қандай болса да, қабыргаларын қуалай тартып өткенде, етпетінен түсетін көрінеді. Мұндай қамшыны қару ретінде үрыс-жанжалдарда да пайдаланған.

Арықтағанда жүні түсіп қалатын түйені “қара қайыс” дейді. “Ашаршылықта жеген қүйқаның дәмі кетпейді, қара қайыста соққан түйенің табы кетпейді” деуі де осындей.

Көш түйесін сәndeуді “қомдау” дейді. Негізінде “ком”— түйенің өркешінен төмен қарай жайылатын майлы қыртыс.

“Кос-қос орда, қор орда,
Косылып қонбас малдан соң,
Коспақ өркеш сары атан,
Ком жасамай машдан соң”,—

деу содан қалған.

Замандаст ақынымыз Кенен Әзірбаевтың “Базар-Назар” атты әнінің өлеңінде “Көштің сәні болмайды, түйесі жок”

деген жол бар. Көшпелі қазактардың көне заманнан бері көш көлігі — түйе. Түйені көш көлігі ету салты Жагалбайлы, Жаппас, Тама, Табын, Адай аталағын руларда советтік дәуірдің алғашкы жылдарына дейін орын алып келді.

Көштің түйесін комдау — казақ өміріндегі ең сәнді көріністің бірі. Комдалатын түйелердің үстінде өрнекті кілемдер жабылады. Қомның өзін де тоқылған кілемнен жасайды. Түйеге жүген кигізбейді. Оның бас тұрманы — ноқта. Ноқтаның өзі де, бауы да кілем тәрізді тоқылған күрдан жасалып, құндыз бен қөмкеріледі. Салпыншактары қымбат тастармен, күміспен әшекейленеді.

Түйеге артылатын жүктөрді “тең” дейді. Ол — киізге не кілемге буылған үй мұліктепі. Махамбеттің Исатайды жоқтаган “Мұнар құн” аталағын олеңінде, талан-таражға ұшыраған халықтың мұнын айта кеп, бір жерінде “Буулы тенді шешкен құн” дегендегі теңі осы. Байлардың буылған теңі, көшпеген шакта шешілмей, төрінде жинаулы тұрады. Бұл жүктөрдің “тең” деп аталуы жүкті түйесін екі жағына аумастай тенденеп артудан шыққан сөз. Балуан Шолақ өзінің ғашығы Фалияға “Ауған түйе жүгіндегі бейімделсөн” деп, түйе жүгінің ауып түсуін адам сезіміне теңеу ретінде колданады.

Түйеге бумалярдан басқа, кебеже, сандық сияқты ағаш мұліктепі де артылады. Оларға жас балаларды да отырғызады. Бәсенов пен белгілі әдебиетші Мұхамеджан Каратаев “түйе үстінде, кебеже ішінде естік” деседі.

Сыры мен өгізге ер-тоқым да, қом да қолайсыз. Сондықтан олардың арқасына салатын тұрманды “ашамай” деп атайды. Оның астына да тоқым немесе ескі киізден жасалған тоқым — зәлті желқом тәселеңді.

Сыры да түйе сияқты ноқталанады. Оған ырық бермесе мұның да танауын тесіп, бауына сүйектен не ағаштан жасалатын бір жағы түйек тығырық өткізеді. Бұлай еткенде, мал ырыққа тез көнеді. Тіл алғыш адамды “тығырықталған түйедей” деуі содан. Айдауды кеп көріп, “камшы кесті” болған кейбір түйе мен өгіздің танаулары жырылып, ерікке көнбей де қояды. Мінезі қиқар адамды “танауы жырылған” деп те айтады.

Жақын жерлерге көшкенде женіл жүктөрді сиырға да артатын болған.

Ертеде салтанатты қөшті әдетте байдын, бидің т. б. беделділердің бәйбішесі бастайтын болған. Шоқан Үәлиханов жинаған көне жырды біреуінде:

*“Иір-іір қөшуге
Ирек атап болса-шы”*

*Жетектеуге атанды,
Коян-қолтық, керме қас,
Бәйбішелер болса-шы,—*

деген жолдар кездеседі.

Түйе көлігі ауа райының бар жағдайына, ұзакқа жүргүгे де төзімді. Қазақстан даласында XIX ғасырда ашылған заводтардың бар жүгі түйемен тасылған.

Көшу — жастарға, балаларға көnlді сауық іспетті әсерлі іс ретінде саналған. Салт мінген қыз-келіншектер, жігіттер тай-құнан мініп, оларға ерғен ересек балалармен жарысып жемістер теріп, өлеңдетіп, сауық-сайран құрган.

“Арба” қазақ көшіне кейінрек араласты. Оған дейін көлікке мінуге жарамайтын кәрі-құртаң, бала-шагаға арнап “сүйреткі” аталатын сайман жасаған. Ол үшін ұзын екі сырғауылдың басын салт көліктің еріне, ашамайына, қомына байлап, түп жағының үстіне тоқымдап іә тақтайдан жәшік орнатады. Оған отырғанды салт кісі сүйретіп отырады. Бұл сүйреткіге отырғандарға оншалықты жайлы болмаса керек. Өйткені, ұзакқа созылған бір істі халықтың “сүйреткіге салды” деп оны балала етуі тегін емес сияқты.

Сүйреткі бергі заманға дейін келген тәрізді. Мысалы, Баянауыл төңірегін мекендеген Сүйіндік руында XVIII ғасырда Шон дейін (Сұлтан-Махмұт Горайғыровтың аргы атасы) атақты би картайған шакта тоқалына өкпелеп, аулы көшкенде ескі жұртта қалып қояды.

— Соны,— дейді, олардың кейінгі үрпактарының бірі, домбыра жасаушы атақты шебер Қасым Қамбаров,— жұрт кейіннен біліп, ауыл қонған жерге сүйреткімен әрен жеткізген.

“Қазақ арба” аталатын алғашқы арба ауылға, жартылай отырықшы болған, яғни жаз көшіп, қыс бір орыннан козгалмайтын шакта пайда болған сияқты. Ол екі донғалақты, бір арысты арба донғалаутарының құрсауы (сырты) қиіз үйдің шанырагы сияқты тұтас қайынан иіледі, оны “купшек” дейді. Білікке кигізілетін ортасы ойылған жуан ағаш пен күпшек арасын жалғастыратын тіреу ағаштарды солтүстік қазактары “шабак”, оңтүстік қазактары “кеней” дейді. Күпшектің ортасын оятын темір сайманды “ұңғы” дейді. Екі донғалақтың арасын тұтастыратын жуан ағаш — белдік. Белдікке бекітіліп, көлікке жегілетін жетектерді “арыс” немесе “дәрте” деп атайды. Арыстар көліктің мойнына кигізетін мойынтырықка, камытқа құлақ баумен жалғасады.

Қазақ арбаның да шеберлері болады. Бірақ арба жасау оншама құнды саналмаса керек. Оған Біржан мен Сараның айтысында Жұсіпбек қожаға мұнын шаккан Сараның:

*Кожа-еке, күні құрсын ұргашының,
Ерігі болмаған соң бір басының.
Берген соң тери-терсек ит те алады,
Бұлымнай бағасы жоқ арбашиның —*

деуі дәлел.

“Күйме” аталатын төрт донғалакты, үсті ылғары иә тақтаймен жабылатын есікті арба қазақ жеріне алғаш рет орыс саяхатшылары арқылы келгенге ұксайды. Алайда, бертінде келген саяхатшылар күйменің қазакта, әсіресе хандар мен билерде ерте замандарда болғанын сипаттайды. Бұл орыстың “пөвозка” (казақша пәуеске) деп атайдын арбасы. Залтті “Қызы Жібек” поэмасында да күйме бар. Бергі кезеңдегі байлардың күймесі — сүр, құрт-май сияқты азық-түлік салатын үсті жабық арба болған. Пәуеске мінетін дәүләттілер де қазақ арасында көп болған. Оған әдette нар немесе үш ат жегіледі.

Өндіріс бүйімдарынан қазақ арасына, әсіресе, солтүстік казактарына көп тараған арба — “тарантас” аталатын төрт донғалактысы. Мұндай арбалар бертінде кебейіп, оны колданатындар салт мінуді қойған. Оған дәлел бертінде шықкан мынадай өлең жолдары. Онда тиғен күйеуіне риза болмаған бір әйел:

*Тарантас арба жектім қарамайлап.
Койды гой бір жаманға басты байлап,—*

десе, Балуан Шолақ:

*Ойнап құліп бірге ескен Галия-жан,
Кел екеуміз мінейік тарантасқа,—*

дейді. Тарантас туралы мақалдар, өлең-жырлар қазакта көп. Тарантасқа жеке немесе пар ат жегіледі.

Тарантас тұрмандашының аты түгелдей дерлік қазақ тіліне икемделіп алынған орыс сөздері. Мысалы, қамыт — хомут, дуга — дуга, қамыттың қайыстан тамақ бауы — сұпсын — супонь, құлақ бауы — постіремке — постромка, божы (кей жерде — делбе) — возжы, шілия — шилья тәжі — тяга, атты айдайтын құрал — құнт — кнут (кей жерде — бишік). Тарантас иә басқа арба үстіне талдан тоқып жасайтын белгін корап — короб тағылар деп атайды.

Солтүстік Қазақстандықтардың тарантасқа үйренгендігі сонша, машина кебейгенге дейін колхозшылар, бригадирлер, басқармалар әудем жердегі жұмысқа да тарантасқа мініп барып жүрді. Оңтүстік тұрғындары, әсіресе таулықтар әлі де салт атпен жүреді.

Қазақтар үстіміздегі ғасырдың басынан бастап жүк тасуға орыстың “бричка” (бірішке) арбасын да қолданды.

Оған күші келмейтіндер, соған үксас қып колдан жасайтын ридуанды (рыдаван) жекті.

Қысқы жегетін сайманы — шана. Бұл орыстың “саня” деген сезінен шыққан. Оның жүк тасуға арналған жайдагы да жолаушы жүргуге арналған “кәшоба” деп аталатын әдемілеп жасалған қорапты, ықдамдысы да болады. Ондай жайдагын ғана пайдаланды.

Шананың жегілу жабдығы тарантаспен бірдей. Айырмасы — қыстық қана және ені тар жолға екі көлікті парлап қатар жегуге болмайды, сондыктан екі көлік қажет болса, біреуі — түлкі аттың алдына жегіледі. Оның аты — кесем (“алдын бастау” деген мәғынада). Осыдан қазақ халқында “қыс — арбанды, жаз шанаңды даярла” деген мақал бар.

Орысша “искусство” деген сөзді қазақша “өнер” деп аударып жүрміз.

“Өнер” деп табиғат түрпатын адамның қажетіне, мұқтажына жааралық етіп, соган бейімдей өзгертуді айта-мыз.

Абай өнерді “тән азығы” және “жан азығы” деп екіге бөлгендігі жайында жоғарыда айттық. Тән (дене) азығы тіршілікке қажет бүйымдар, яғни екінші сөзben айтқанда, материалдық мәдениет.

Ал жан азығы дегеніміз — көркем өнер. Бұл табиғаттың бойындағы әсемдікті, құш-куатты адамның қажетіне сәйкестендіріп, кол, иә тіл арқылы көріктендіріп жіберу. Мұндай көркем өнерді Абайдың “жан азығы” деу себебі, ол жанға, яғни көңіл күйіне, сезімге қатты әсер етеді.

Отырышы елдерде, әсіресе Европада көркем өнердің шынына жете өркендеген көп түрлері бар. Мысалы, архитектура (ғимарат), скульптура (мұсін), живопись (сурет салу өнері), музыка (ән-күй өнері), тіл өнері (әдебиет), тағы тағылар. Осылардан революциядан бұрынғы көшпелі казақ ауылдарында ен көне заманнан халықпен бірге үздіксіз, жарыса жасап келе жатқандары ән-күй мен тіл өнерлері. Өзгелері бертінде ғана туа бастады.

Ғимарат, яғни баспаналар жасаудың кейбір көркем үлгілерін археологтар Маңғыстау түбегіндегі, иә басқа жерлердегі үңгірлерден, қираган қалалардың үйінділерінен, сакталған мешіттерден, күмбездерден іздестіреді. Бұл әлі түгед зерттеліп бітпеген, яғни жаңадан басталып, терен зерттелу үстіндегі шаруалар.

Ал сурет өнері де сондай халде. Кейбір оқымыстылар оны тастанға қашалған таңбалардан іздейді. Бірақ, олардың қай заманда қашалғанын және қай елдің, кімнің қашаганын анықтаған адам жоқ. Қазақта бірінші рет сурет салған, онда да қарындаш қаламмен ғана салған адам — Шоқан Уәлиханов. Олар Алматыда 1972 ж. орыс тілінде шыққан “Шығармалар жинағының” 5 томдығына топталды. Жалпы алғанда, бұл өнер, тек советтік дәүірде өркен-деп, білімді суреткерлер үрпағы өсіп, жетіле бастады.

Қазак халқының көне заманнан бері келे жатқан жан серігі ән мен күй және тіл өнері екенін жоғарыда айттық. Енді осы мәселеге аздал токтала кетейік.

“Аздал” деген сөзді әдейі қолданып отырмыз. Себебі, халықтың көне замандардан келе жатқан үшан-теніз мәдениетін толық талдап шығу бір кісінің қолынан келе беретін іс емес. Біздің әңгімеміз мұзыкалық дыхыстарды тек құлақтың қабылдау шенберінде ғана болмақ.

Қазак мұзыкасы туралы өлең түрінде алғаш пікір айтқан Абай Құнанбаев. Оның да сүйенгені есіту қабілеті. Әйтпесе, оқу орындарынан алған оның мұзыкалық сауаты болмаған. Бірақ, ұлы ойшыл, қазактың мұзыкалық өнерін терең түсінген, содан үлгі алып, әрі өған еліктеп, өз жанынан да жақсы әндер шыгарған.

Орыс ғалымдарының қазақ әндері туралы ең алғаш үткімді баға берген адам Г. Н. Потанин. Ол: қазактың кең даласы маған үлкен теңіздің аринасына ұқсайды, оның өлең-жырлары сол кең арнаға сыймай кемерінен тасқындей төгіліп жатқан сияқтанады деген. Бірақ, осы пікірін талдамаған.

Қазактың ән-күйлері тек советтік дәүірде ғана молынан жинала бастады. Заманымыздың белгілі музиканты Александр Затаевичтің бір өзі жинаған қазактың ән-күйлері екі мыңнан астам. Оның жинақтары дүниежүзілік атақты ғалымдардан, жазушылардан жоғары баға алды.

Затаевич ізімен Ахмет Жұбанов марқұм да қазақ ән-күйлерін жинаумен қатар, бұл өнердің өкілдеріне аринаған “Замана бұлбұлдары” деген енбегін жазды. Атақты бұлбұлдарымызжың өмірі мен дарындылық қасиетін тереңірек үғынуда бұл енбектер үлкен роль атқарады. Сонымен қатар, сын есебінде айтарымыз, осы бұлбұлдардың әрқайсысының өзіне тән табиғи дарындылығы мен ерекшелігі әлі де жете талданбағанын көреміз.

Ахмет Жұбанов туралы сөз болғанда, оның қазақ мұзыкасының дамуына сіңірген енбектерін ерекше атап кету кажет. Ең алдымен, оның қазақ ұлт аспаптарының оркестрін құруын ауызға аламыз. Біреулер “қазактың көне замандағы аспаптары бірталай екен” деген пікірлер айтып жүргенмен, соңғы кезге дейін сакталып, оркестрде пайдаланып келе жатқаны үшеу-ак: домбыра, кобыз, сыйзығы.

Ахметке дейінгі домбыра халық алдындағы қызметін киіз үйдің іші сияқты тар жерде, азгантай адамға ғана атқарған.

Осы аз үнді аспаптардың басын қосып, қазактың дүние жүзіне таңылған ұлттық оркестрін жасаған бірінші мұзыка ғалымы Ахмет Жұбанов. Екіншіден, қазақ халық композиторларының атасы аталаған жүрген Күрманғазы

Сагырбаевты (1806—1879) дүніне жүзіне бірінші рет әйгілеген де Ахмет Жұбанов.

Қазақтың халықтық музыкасы негізінде “Айман — Шолшан”, “Қызы Жібек”, “Ер Тарғын”, “Жалбыр”, “Біржан — Сара” сияқты көптеген қазақ опералары туды. Концерттік үйымдар мен жекелеген әншілер мен халықтық музыканы кеңінен пайдалануда. Алайда, осыншама мол байлығынызға алі күнге дейін арнаулы зерттеулер болжан жок. “Қазақ музыкасы бай” деген жалпылама сөзге құлақ асумен ғана келеміз. Ал оның байлығы неде, олардың қай заманда, қалай пайда болғанын, оған қандайлық алеуметтік жағдайлар себеп болғанын, соңдай-ақ олардың өз ара өрнек (стиль) езгешеліктерін башайладап талдаған ғылыми еңбек әлі болмай келеді. Мұны жасау алдағы уақыт міндетті. Музыка мәселесінде арнаулы дайындығымыз болмағандықтан, біз де бұл мәселеге будан әрі бармаймыз.

Біздің кеңірек талдағалы отырғанымыз көркем әдебиет байлығы. Өйткені, өзге халықтар сияқты қазақ халқының да қай заманда қалай тұрғанын, ой-санасының қалай өркендеуін көркем әдебиеттен басқа айқын көрсететін құрал жок. Соңдықтан да Абай өзінің “сегіз аяқ” аталатын өлеңінде:

*Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас,—*

деп бекер айтпаған.

Қазақтың да көркем әдебиеті “ауызша” және “жазбаша” болып екіге бөлінеді. Ауызшаның да үлкенді-кішілі толып жатқан түрлері бар.

Қазақ әдебиетіндегі ежелден жарысып келе жатқан екі түрлі жыр бар. Бірі әр жолы жеті буыннан құралып, үйқастары еркін келетін жыр: екіншісі, әр жолы он бір буыннан құралатын қара өлең. Бұл екеудің казақтың өзекті (сюжеттік) жырларында аралас келіп отырады. Мысалы, Алпамыста:

*Жеткізбейді Шубар ат,
Атқан оқтай зырылдан,
Күйіндай үшып келеді,
Жал-қүйрығы суылдан,—*

деп шыгарма жыр түрінде басталады да, кей жерінде:

*Байбері осылайша ойлан ойды,
Кайғының ішіндеңі берін жуды.
Балага маңсық болып жүрген байгүс
Үйіне алып келіп қылды тойды,—*

деп оған қара өлең араласып кетеді.

Жалпы алғанда қазақтың ауыз әдебиетінде қара өлеңнен құрылған өлең-жырлар көп.

Қазақ ауыз әдебиетін (фольклор) екі түрге бөліп қарасты болады. Оның бірі авторы белгісіз болғандықтан халықтың деп атап кеткен шығармалар болса, екіншісі, авторы белгілілер. Біріншісіне мақал, мәтел, такпак, жұмбак, ертегі, кейбір көне айтыстар сияқты ұсақ жанrlар жатады. Екіншісі “Батырлар жыры”, “Фашықтық жыры” сияқты құрделі шығармалармен туынделеді.

I. БАТЫРЛАР ЖЫРЫ

Бұл тақырып Сәкен Сейфулиннің, Мұхтар Әуезовтің, Мәлік Габдуллиннің, тағы басқалардың баспада жарияланған шағын және көлемді еңбектерінде көң және дәлелді талқыланған. Біздің де бұл мәселеге араласмыз болған. Ендігі мақсатымыз осы авторларды қайталау емес, кейбір түйінді қорытындылар жасау. Олар мыналар.

Біріншіден, эпос аталатын батырлар жыры, көп халықтарда бар. Көлем жағынан алғанда олардың өте үзактары да бар. Мысалы, көне грек ақыны Гомердің “Илиадасы” мен “Одиссеясының” әрқайсысында 20 мындан астам өлең жолдары бар. Фин мен калмақ халқының “Жангарында”, Шота Руставелидің “Жолбарыс тонды жортұтылында”, тағы басқалардың көлемі осындай. Солардың бәрінің үстінде аскар таудай болып, көлемі жүз мың жолдан артық қырғызының “Манас” жыры тұрады.

Қазақ эпостарының көлемі бұлардай үлкен емес, олардың көлемі бірер мың өлең жолынан аспайды. *Екіншіден*, қазақтың көлемді эпостары, кебінесе өлең жырларынан жасалады. Проза оларға қысқаша мелшерде ғана қатынасады. Иран фольклорындағы “Тотының тоқсан толғауы”, арабтардағы “Мың бір түн” сияқты көлемді прозалық фольклор қазақта жок. Қазақта мұндай шығармалар қысқа көлемде ғана. *Үшіншіден*, қазақ эпостарының біртгайайы (мысалы, “Едіге”, “Кобыланды”, “Шора”, “Баян”, т. б.) қазақ халқының өмірінде болған нақтылық оқиғалардан алынған. *Төртіншіден*, қазақ эпостарында мифология (табигаттан тыскары қуат) жокқа тен. Олар реалистік (шындық) түрде құрылған. Аттардың шабысы сияқты көтерінкі сипаттар, тек, әсірелеу (гипербола) ғана. *Бесіншіден*, қазақ эпостары түгелімен дерлік драма. Онда шиеленіскең оқиғалар, сахналық кейіпкерлер көп. Сондықтан да біздің көптеген эпостарымыз (“Кобыланды”, “Ер Тарғын”, “Алпамыс”, “Қозы

Көрпеш — Баян сұлу”, “Қыз Жібек”, “Айман-Шолпан”) қазіргі театр сахналарына қолайлы болып жүр.

Алтынышыдан, қазақ эпосында батыр, оның сенімді сүйген жары, сенімді тұлпар аты тағаның “үш емшегі”, сияқты қатар тұрады. Солардың біреуі болмаса, қалған екеуімен тұра алмайтын темір ошақ тәрізді құлайтындаі көрінеді.

Жемтіншіден, қазақ эпосында әйелдер образы (“Қобыландыда”— Құртқа, “Алпамыста”— Гүлбаршын, “Қамбарда” Назым, тағысын тағылар) мейлінше шебер жасалған. Бұл жөнінде кейін жасалған кейір драмалық шыгармаларда бүрмалаушылық бар. Мысалы, “Ер Тарғында”— Ақжұніс Тарғынның ең сенімді серігі: ал Қамал Сағыров жазған пьесада — алдамшы, аяр, тұраксыз әйел. Мұндай бүрмалауға мен қарсымын.

Сегізіншіден, аттың жақсы сипатын тек монгол, қалмак, қыргыз, қазақ сияқты көшпелі елдердің ақындары ғана жасай алған; отырықшы елдерде олай емес. Мысалы, көне гректе “Пегас”; көне орыстарда “Конек-Горбунок” сияқты тұлпарлар болғанымен, олар шындықтан гөрі мифке жақын. Қазақ тұлпарларында Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбary адамға тән қылыштар жасап, иелерімен адамша тілге келсе, бұл мифтен гөрі әсірелеуге бейім.

Бұған мысал ретінде Едіге батырдың “Боз тарлан” аталған тұлпарын ақынның төмендегіше сипаттаудың алайық:

Құлагын біздей қадаған,
Кекілін қыздай тараған,
Жүргенде ізін санаған
Бауыры тартық жарған,
Кысыр жылан взекті,
Колтыраудай (крокодил) танаулы,
Саптыаяқтай ерінді,
Сарымсақтай азулы,
От орнындаі түқтә,

· · · · ·

Осындаған тамаша сипатты тұлпарлар қазақ батырларының бәрінде де бар. Бір ғажабы, батырлардың мінез-құлқының бір-біріне ұқсамауы сияқты, олардың тұлпарлары да бір-біріне ұқсамай ерекшелене сипатталады.

Аттың шабысын сипаттауда жырдың Тайбурылдың шабысын әсірелеген жері аса шебер баяндалады. Онда:

Шүү жануар, шүү дейді,
Шүү дегенде гүләйді,
Табаны жерге тимейді,
Тау менен тасқа өрлейді,

*Төрт аяқты сермеді,
Күлактың түбі терледі
Тер шыққан сайын өрледі.
Адырда көзі көрмеді,
Көлденен жатқан көк тасты,
Саз балшықтай иледі,—*

деп, аттың шабысын кимылдаған сайын, үдете түседі де, акырында:

*Бір тәбенің шаңдарын,
Бір тәбеге қосады..
Құлан менен бұланды,
Күік пекен қоянды,
Оздырмай алдын тосады,
Көл жағалай отырған
Көк құтман мен Қарабай,
Көтеріліп үшқанша
Белінен кесе басады..*

Содан әрі:

*Жоғары ерні көк тіреп,
Төменгі ерні жер тіреп,
Даусы күндей күркіреп,
Жаңбырдан тери сіркіреп,—*

болып, табиғаттан тыскары шабысқа айналып кетеді. Бірақ, бұл жоғарыда айтқандай мифология емес, гиперболалық әсірелеу. Осы шабыспен Қобыланды бұрын кеткен жолдастарының бәрін де қуып жетіп, Қазан тұрган қырық күншілік жерге бір күнде жетіп барады.

Тогызынышдан, казак тілінің бар байлығы фольклордан ғөрі ен алдымен эпостан көрінеді. Тілі жатық, көркем болғандықтан тез жатталып, ауыздан ауызға көшіп отырады.

Ақыры, эпостың орындалуы ғажап. Орындаушылар жаттаған шығармаларының ішіндегі кейіпкерлерді өз қалпында көрсетуге тырысады. Мысалы, мен тұған ауылда Тәжінің Қазыбегі деген ауыз әдебиетінің білгірі болды. Ол “Алламыс батырда” сипатталатын кейіпкерлердің “әйел-еркектердің, кәрі-жастардың ролін орындаған сияқты өз дауысына салып айтатын еді. Сонда тындаушыларын ретіне қарай қуантып күлдіріп те, ойлатып та, қайғыртып та, жылатып та отыратын.

Театры, киносы жоқ ескі ауылда, әсіресе, ойын-тойға аз араласатын егделер мен қарттар үшін эпос көніл кете-ретін жан азығының бірі болатын.

II. ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАРЫ

Лирикалық эпос та казақ фольклорында кең өрістеген жанр. Енді соның бірнеше үлгілеріне тоқтала кетейік.

“Қозы Қерпеш — Баян сұлу”. Барлық зерттеушілердің келген тоқтамына караганда, бұл түркі елдерінің біразына ортақ, ен көне жырдың біреуіне үксайды. Ең алдымен осы жайға аздал тоқталайық. Қазіргі филологияғылымының докторы Ысқақ Дүйсенбаевтың анықтауынша, бұл жыр түркі тілдес елдердің жиырмадан астамының ауыз әдебиетінде бар көрінеді.

Солардың ішінде үйғыр тілінде де бар екен. Үйғыр мен казақ, оның ішінде Жетісү өлкесін мекендейтін Үйсін руы, біздің жыл санауымызға дейінгі гун заманынан қат-қабат араласып келе жатқан халықтар.

Ал “Қозы Қерпеш” жыры қай заманда шықса да Жетісү топырағында туған сияқты. Оған бір дәлел. Қозы мен Баян мазарының қазіргі Семей облысының Аяқөз ауданында болуы. Ал “Аяқөз” осы өлкедегі жеті өзенің Шығыс — теріскей жағындағы біреуі.

Екінші бір дәлел, өлеңдегі сөздерде тек үйсін руладынаған тән “лы” жұрнағының араласуы. Мысалы, Шоқан Ұалиханов бұл жырда:

*Мекен ізден жігіттер кел кетелі,
Көк төбенің ортасын белгі етепі.
Құлақ салып жамағат тыңдасаныз,
Қозы Қерпеш-Баянды мербетелі,—*

деген шумакта кездесетін “лі”-ларға қарап, мұны қөнеліктің белгісіне жатқызыбак болады. Расында олай емес. Қершілес қыргызға еліктел “лы” жұрнағын Үйсін-Дулат рулады, қысқасы, жетісулықтар күні бүтінге дейін қолданады. Бұл жұрнақ: кетелі, жүрелі, отыралы, атқа мінелі, ас ішелі, үйқталы т. б. деген сияқты болып келеді де, ретінен қарай әр мағына беріп отырады. Ендеше, бұл,— Шоқан айтқандай, қөнеліктің белгісі емес, бұл рулық диалект қана.

“Қазақтікі” дейтін “Қозы Қерпештің” жиырмадан астам нұсқасы бар. Бұлар халық аузында ғасырлар бойы жырланып келгенмен, қағаз бетіне еткен он тоғызынышы ғасырдың ортасынан бері ғана түсken. Оны ең алғаш жазып алғанының біреуі — Шоқан Ұалиханов. Бірак оны “көне жырдың біреуі” деп қана келген де, егжей-тегжейін баяндаумен шұғылданбаған. Шоқан жазып алған нұсқа, он тоғызынышы ғасырдың орта тұсында, Ұлытаудағы, Бағаналы руында туып-өсken Жанак ақындікі көрінеді. Шоқан ол ақынмен кездескен.

Жанақпен қатар бұл жырды көп айтқан Шәже ақын сиякты. Қарт Жамбылдың айтуынша, Шәже қазақ арасына сініп кеткен қыргыз, “Оған — дейтін Жамбыл,— Шәженің:

*Ай қасында туады Шолпан жұлдыз,
Айдын көлде түнде ойнар қашаш құндызыз,
Өз руын жасыран мұртет деген,
Етім қазақ болғанмен, затым қыргызыз,—*

деген сөзі күэ.

Шәженің нұсқасы кейінгі кезде көп жерден табылды. Бірақ, қашан, қайдан табылса да, бұл жыр жок.

Қашан және қайдан шықса да, бұл тек көшпелі елде гана туатын тақырып. Мәселе, мал шаруашылығына және аңшылыққа байланысты. Оған жырдың мазмұны күэ. Мұнда Қарабай және Сарыбай дейтін екі дос аң аулап жүріп, үйлеріндегі жүкті әйелдерін еске алады да, босанған шақта, қай жағынан болса да ұл мен қыз туса, құда болуға уәделеседі. Қарабайдан қыз туып, атын — Баян, Сарыбайдан ұл туып, атын — Қозы қояды. “Баян— көне қазақ тілінде “тұракты” деген сөз: қозы — қойдың төлі. Мал бағатын ел төлді жақсы көрген. Сондықтан да ата-ана балаларын: қозым, құлыным, ботам деп еркелеткен. Бірақ “бұзауым” деп айтқанды естіген емеспіз.

Кенже туган қозыны қазақ: көрпеш, көпей деп те атайды. Ондай төлді халқымыз тіпті жақсы көреді. Соңдықтан Сарыбай ұлын “Қозы” деп қана қоймай, “Көрпеш” деген атты да косқан.

Құда болған кезде Қарабай мен Сарыбайдың екеуі де бай екен. “Бай бір жұрттық” дегендей, бір кездері Сарыбайдың малы жұтап, кедей болып қалады. Кешікпей өзі де өледі. Ертеғіде оны “аңшылап жүргенде буаз бұғыны атқан екен, соның киесінен өлген екен” деседі.

Сарыбай өлген соң Қарабай кедей үлға қызын бергісі келмейді. Ал балалар ес біле келе бір-біріне ғашық болады. Қызын бергісі келмеген Қарабай Сарыбай үйінен іргесін белгісі кеп, аулақтан қоныс іздейді. Жырда: “мекен іздел жігіттер кел кетелі” деп басталуы содан.

Қазақ ертегі-аңыздарында сараң байды қалай сыққатаса, Қарабайды да сондай сараң ғып сипаттайдай. Габит Мұсіреповтің осы жыр негізінде жасаган “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” пьесасында сараң малжанды Қарабайдың бейнесі жақсы көрсетілген. Құлқы жаман, ұлы жоқ Қарабай Қозыға қызын қимайды емес, түбінде малымды иемденіп кетеді, деп қорқады.

Осы ниетпен әлдекәйдағы шөл даланы кезіп көшкен Қарабайдың қызына кішкене күнінде құл-бала болып

кірген қалмак Қодар қызығады. Козы жігіт болған шакта, өзінің ғашығы әрі қалындығы Баянды іздең шығады да, көп азаппен құм арасынаң табады. Алғашында жөнін айтпастаң “Қотыр-таз” деген атпен Қарабайдың қойын бағады.

Бірақ қанша жасырынғанмен Баян біліп екеуі кездеседі. Ақыры қызғантан Қодар Қозыны өлтіреді. Баян Қозының үстіне мазар орнатып, сүйгені үшін өзін-өзі құрбан етеді. Қодарды жұрт өлтіреді. Ертеңі бойынша халық “Қозының моласына Баянды қоса жерлейді. Сол екі қабірдің арасына тікен еседі. Ол, қызғаншақ Қодардың бейнесі”— делінеді, анызда.

“Қозы Қөрпеш — Баян сулу” махаббат тақырыбына арналған дүние жүзіндегі ауыз әдебиетінің (фольклор) төрінен орын алады. Бірақ, бұл мазмұны жағынан. Ал, құрылымы мазмұндағы әдемілікке сәйкес келмейді. Қазақша, айтылатын жылардың қайсысының нұсқасын алсан да өлеңдік жағы жоғары болмайды. Солардың бәрінен оқиғаның басталу, өрбу, шиеленісу, тарау жағынан Тверитиннің “Сказание о Козы Корпеш и Баян сулу” деген атпен орыс тілінде ак өлеңмен (яғни үйқассыз өлең түрінде) 1927 жылы жарияланған нұсқасы тәуірлек.

Тверитиннің өмірбаяны әлі зерттелген жок. Ауызша мәліметке қарағанда, ол қазіргі Қекшетау облысының Шучье ауданындағы казак-орыстардың (казачество) Қотыркөл станциясында туып-өсken, он тоғызыныш ғасырдың аяқ кезінде өмір сүрген офицер көрінеді. Ол маңайда, жалпы Сібір мен Жетісудағы казак-орыстар арасында қазақ тіліне жетіктері көп болған. Тверитин солардың бірі.

Оның аталған шығармасы аударма емес, қазақтың ертегі-аңыздарына, жыларына сүйене отырып, орысша өзі жазған жыр. Оқиғалық жағынан Тверитин нұсқасы қазақшалардан толығырақ, драмалық жағынан түйіндірек.

Бұл поэмандың сюжеті талай адамдарды қызықтырган. Мысалы, А. С. Пушкиннің архивінен, ұлы ақынның осы тақырыпта шығарма жазуды ойлағандығы анықталып отыр. Орыс ғалымдары: Березин, Катанов, Баранов, Беляев, Потанин, Фролов, Радлов, тағы басқалар, совет ғалымдарынан: Сейфуллин, Әуезов, Дүйсембаев, Бертельс, Жирмунский, Климович, Соколов тағы басқалар, бұл оқиға туралы толып жатқан құнды пікірлер айтты.

“Қозы Қөрпеш” поэмасының қазақ тілінде көптеген нұсқасы бары жоғарыда айтылды. Солардың бірі “Ләйлі-Мәжнүн” деп те аталады. Бұл нұсқаның орысша мазмұнын 1908 жылы “Торғай газетінің” 20-санында, Н. Иванов деген кісі жариялаган. Мұнда қыз — Ләйлі, жігіт —

Арыслан аталады. Ал оқиғаның өрбүі “Қозы Қөрпештөн” айнымайды.

Неге бұлай?— деген сұрауга берілетін жауап: арғы негізі араб ертегісінен шыққан “Ләйлі — Мәжнүн” оқиғасын Әзербайжан ақыны Физули ғашықтық жырына айналдырган. “Қозы Қөрпештөн” ғашықтар кездесетін жер, Ләйлі мен Мәжнүнде де (Мәжнүннің аты — Габду-уәли, “Мәжнүн” деген лакап ат ғашықтық дертінен делқұлы болып кеткендіктен берілген) бар. “Қозы Қөрпеш — Баян сұлу” мен “Ләйлі — Мәжнүнді” жүрттың үқсас дейтіні осыдан; Ләйліні іздеғен Мәжнүн теніздері кезіп кетеді де, Баянды іздеғен Қозы құм-шагылдарды кезеді. Бірак Мәжнүн жынданып өлеңді де, Қозыны Қодар өлтіреді...

Бұлардың аттарының аусу себебі, Иванов жариялаган нұсқа башқұрттар арасына тараган сюжеттен алынған. Иванов бұл оқиғаның желісін, Жайықтың жоғарғы жағын мекендейтін Жағалбайлы елінен жазып алған. Ол жерде башқұрт нұсқасының қолданылуы мүмкін. Ал “Қозы Қөрпеш моласы” аталатын оба Башқұртстанның Красногор ауданындағы “Сованяк” совхозының жерінде барын өз көзімізben кердік.

“Қозы Қөрпештің” бір нұсқасы “Боз жігіт” аталғанға үксайды. Осындай бір жырдың орысша аудармасы шығысты зерттеушілердің бірі — А. В. Васильевтің қолынан 1907 жылы Орынбор қаласында жарияланған. Мазмұнына қарағанда, бұл тегінде Ирак арабтарынан шыққан бір ертегімен араласып кеткен сияқты. Мазмұны мынадай: Молтые аталатын қаланың ханы Таймастың Апуза дейтін сұлу қызы болады. Ол түсінде Бозжігіт есімді сұлу жігітті көріп ғашық болса, Бозжігіт те тұс көріп, оған ғашық болады. Екеуі бірін-бірі үзак іздел, көп азаптан соң үшырасып табысады, олардың қосылуына қарсы болған Таймас хан Бозжігітті өлтіреді.

Оқиғаның өрбүі “Қозы Қөрпешке” өте үксас. Оған ең үксас келетін жері поэмалардың соңғы бөлігі: Мәселен, Баян “Қозы Қөрпештің” халықтық нұсқасында бір керуен басына “саған тием” деп Қозының қабірі үстіне күмбез орнаттырады да, ол салынып болғаннан кейін ішіне кіріп, өзін өзі қанжармен жарып өлтіреді. Бозжігітте де дәл осылай: әкесі өлтірген Бозжігіттің қабірі үстіне Апуза (тагы бір аты Сақыпжамал) бір саудагерге “саған тием” деп күмбез салдырады да, ескерткіш біте, ол да соның ішінде өзін өзі өлтіреді...

“Бозжігіт” қазақ арасына әйгілі шығарма емес. Оны кез келген адам біле де бермейді. Ал, татар поэзиясының классигі Фабдолла Тоқай “Медіресе Фалия” аталатын оқу орнында дәріс (лекция) оқып, татарда фольклор аздығын

әсіресе, эпос жоғын айтып, “Бозжігіт қазақ жыры” дегенде, кітаптың қағаздары татардың көз жасынан шірігенін айтқан.

“Қозы Көрпеш” нұскалары Қазақстанда тек советтік дәуірде ғана түгел жиналып, толық зерттелді және баспа бетін көріп, халық арасына көзінен тарады.

Қазақтың махаббат тақырыбына арналған лирикалық эпосы бірталай. Олардың ішінде “Қозы Көрпештен” езге баспа бетін көргендері: “Қызы Жібек”, “Айман-Шолпан”.

“Қызы Жібекте” ерекше есте қалатын көрініс қазақ көшінің салтанаты мен қазақ қыздарының образдары. Жырды халық аузынан жазып алып жариялаушы, белгілі фольклоршы Жұсіпбек Шайхолисламұлы (оның қай жылы туғаны, емірбаяны әлі зерттелген жок). “1927 жылы Жетісу елінде оған жолықтан едім”— дейтін Мұхтар Әуезовтің сезіне қарағанда, Жұсіпбек сол кезде 75-тер шамасында болған.

Халық нұсқасы солай ма, әлде Жұсіпбек өз жаңынан қости ма, әйтеуір, біз оқыған “Қызы Жібектің” негізгі идеясы әменгерлікке саяды. Олай дейтініміз: Төлегенді Бекежан өлтіргеннен кейін айтқан өлеңінде Жібек:

*Әйелде бас қосқаным Жагалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды,
Барлығы Сансызбайдың рас болса,
Жесірін ізден келіп неге алмайды?...*

дейді. Сансызбай Төлегеннің туған інісі. Төлегеннің елі — Жагалбайлы, Ақ Жайық (орынша — Белорецка) өзенінің сағасын мекендейді. 1936 жылы аралай барғанымда сол елдің қарттары: “Сансызбай жесірі Жібекті ізден келіп, еліне алып кеткенде, олардан үрпақ тараған” дегенді айтқаны бар.

“Айман-Шолпанды” бір үлкен жыныда Маман деген байдың Көтібар батырды қорлаганы, оған ашууланған батырдың Маманың екі қызы Айман мен Шолпанды тартып алумен бірге байды шауып кетуі сез болады. Оттызынышы жылдардың аяғында осы жыр төнірегінде марқұм Мұхтар Әуезовпен баспасөз бетінде пікір таластырганым бар. Сонда меніңше, Көтібардың қылғыны рушылдық қара дүрсінділікке жатқанымен, оның негізінде әлеуметтік астар, яғни байдың қорлығына кедейдің қарсы қимылы бар. Мен әлі де сол пікірдемін.

Қазақтың баспада жарияланған, махаббат тақырыбына арналған жырларынан менің естігендерім: “Мақпал”, “Сұлушаш”, “Балқия — Жиенбай”.

Жұсіпбек Басығариннің (біздің ғасырдың басында жа-саған адам) айтуышта “Мақпал” оқиғасы Сырдария бойында болған. Ал ауылдағы ақын Қабанбайдың Габдолынан бала шағымда естіген “Мақпал” былайша басталатын:

Уағеда — сөзге қазық лебізбенен,
Бір сөзді екі қайтар дегізбеген.
Сарқылың сағасыз су сал болады,
Телегей тәң болмайды теңізбенен.
Айырып досты — достан, жарды — ашықтан,
Сүм дүние кімдерге бок жегізбеген.
Кыс қыстап Сырдың бойын, жаз Арқада,
Өтіпті бір сал жігіт “Сегіз” деген.
Қанчтарда жылқы ығады, Ақпанменен,
Үстайды жынман түлкі қақпанменен,
Сегізге өліп-өшіп гашық болған,
Бір сұлу айдан артық Мақпал деген.
Сегіздің өзі сері, жылы тауық,
Көрмеген өмірінде қатер-қауіп.
Бір жылы Сырда жұт бол, сері Сегіз,
Жөнелген жылқыны айдан Арқада ауып.

Сегіз солай кете барғанда, Қарақалпак елінің қызы таңдап жүрген батыры Жабы Макпалға кезігеді де, әкесіне қалыңын төлеп, алып кетеді. Осы оқиға құлағына тиғен. Сегіз қос атпен Жабының соңынан қуып барады. Ол да сері, батыр жігіт екен. Екеуі күш салыстырып, Макпалдың кай күші асканы алмақ болады. Осы сертпен күрескендे, Сегіз Жабыны жығады. Алайда серттен шыға алмай, қалыңдығын амалсыз қіған Жабыға, Сегіз бірге туған сұлу қарындасын беріп, екеуі өмірлік дос болады.

Оқиға мұнымен тынбайды. Арқага сүйген ерімен барған Макпал тесек тартып жатып алады. Баксыға көрсетсе “сары кезік” деген сырқат дейді.— Емі Сырдың сұны, оны ішсе — жадырайды, ішпесе — ауырады. Бұған көздері жеткен ғашықтар Сырдария бойына қоныстап, егіншілікпен шұғылданады да, балалы-шагалы болып, бақытты өмір сүреді.

Идеялық жағынан алғанда мұндағы кейіпкер жерден көтерілсе күшінен айрылатын көне Грек өртегісіндегі Антей батырга үқсайды.

“Мақпал” оқиғасы Жетісуда болған екен деген де сез бар. Оған Илияс Жансұғировтің біраз жолдары баспада жарияланған “Мақпал” атты поэмасы куә.

“Сұлушаштың” Габдол айтатын жырында:

Бәт құндызы қыз балалға жарасқандай,
Тұман көп ер жігітке адасқандай,
Сағасын Сары Торғайың мекендеғен —
Болыпты Тілеуберді — бір асқан бай,
Сұлушаш асқан байдың жалғыз қызы,
Сипаты хор қызына таласқандай,—

*Сол кезде он сегізге келген жасы,
Шолпысы бес мың сомдық қазынасы,
Иісі қундік жерге мол жетептін,
Нісмай, қалампышылап өрген шашы,—*

деп басталатын да, “күйеуі Сұлушаштың сүр қасқа таз” болып, қыз “Алтай атты бір сал, маңғазбен” ойнап-күлетін. Соны сезген “Сұрқасқа” қалындығы Сұлушашты зорлықпен алмақ болады. Жырдың аяғы ертегіге үлгасып, қыз үйрекке айналып қашады, Сұрқасқа қаршыға болып қуады. Бірақ Алтай да бірге күніп, Сұрқасқадан бұрын іледі де, мақсатына жетеді. Мен жазған “Сұлушаш” поэмасы басқаша идеяда құрылған.

“Балқия — Жиембайды” да Фабдол айтатын. Ол:

*Есілдің аргы берті малға жайлы,
Балалар үйретеді асау тайды,
Жамағат құлақ салып тындасаныз,
Айтайын Сібір кеткен Жиембайды,—*

деп басталады да:

*Үш жігіт қысты күні шықты жолға,
Шашаға қар түсер деп жекті жорға,
Түбінен шолақ сайдың кезігеді,
Үш төре, екі маржа оған сорға.*

*Бір маржа тартып өтті бетіне оның
Шып етіп тіліп кетті бетін оның,
Маржанның бул қылымы қай қылымы деп,
Үмтүлды айдахардай к ... (соңына) оның.*

*Бәрін де қын жетіп қалды басып,
Бәрінен де бұлардың күші асып,
Өзгесін түншішітірып влтіргендеге,
Бір маржа ажала жоқ кетті қашын...*

жалғасатын. Қорлагандар патшаның әкімдері болып шығады. Қашып құтылған маржа үкіметке хабарлап, Жиембай жолдастарымен ұсталады. Сейтіп, оны ит жеккенте (Сібірге) айдан жібереді. Жиембайдың қалындығы Балқия жолда көп азап шегіп, оны ізден барып, екеуі Сібірде қосылады.

Бұл да оқиғалы әрі қызықты құрылған ауыз әдебиетінің бір кымбат тұындысы болатын. Махаббат тақырыбына арналған осында жырлар қазак арасында көп тараган. Олар Қазақ ССР Ғылым Академиясы арқылы жинастырылуда.

Көркем әдебиеттің эпикалық түріне қосылатын бұл жанр қазак тіліне негізінде араб, иран, шағатай тілдерінен келді. Бұл жанрды да эпикалық деп ататын себебіміз, мұның оқигасына да көп адам катынасып, олардың қылък-мінездері драмалық түрде шиеленісіп барып айқындалады. Сейтіп, бұл да белгілі бір дәуірдің шындығынан көрініс берерлік қызмет атқарады.

“Қисса”— араб сөзі. Оның қазақша мағынасы “дәттеу”, “баяндау” дегенге келеді. Мысалы, ислам дінінде пайғамбар аталған адамдардың өмірлерін, істерін баяндайтын кітапты “Қисса-се-әл-әнбия” дейді. Қиссаларда елең мен қара сөз (проза) араласып, кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттағанда айтушы елеңдептіп, өз жанынан қосатын сөздерді қара сөз түрінде: “әл қисса, күндерде бір күн” деп әңгімелетіп кетеді. Қазак тіліндегі қиссалардың басым бөлігі осындай сипатта туған.

Қазақша қиссалар азаматтық және соғыс тақырыбында болып екіге бөлінеді: азаматтық, көбінесе ғашықтық тақырыбына құрылады да, соғыс тақырыбындағысы көбінесе ислам дінін насхаттау төңірегінде болады.

Қазақка араб, иран немесе шағатайдан келген ғашықтық қиссаларының сюжеті бүкіл Орта Азия елдеріне түгел тараған. Оларды бұл елдердің тілдерінде “Жеті сұлу” деп те атайды. Осындай атпен Әзербайжанның қазіргі атакты композиторы Кара-Қараев балет те жазды. Ол — советтік театrlар сахнасында әйгілі спектакльдердің бірі болып та жүр. Бірак Қараев “Жеті сұлуда” шығыска тараған жеті ғашықты емес, бір ханың сарайындағы жеті әйелді сипаттайды. Осы жеті ғашық оқигалары шығарманың арқауы болған.

Қазак қиссаларында сипатталатын ғашықтар: Жұсіп пен Злиха, Бәдігүл Жамал мен Сейфілмәлік, Әміре мен Зияда, Ләйлі мен Мәжнүн арабтардан ауысқан, ал Фархат пен Шырын, Таһир мен Зүһрә, Боз Жіргіт пен Сақыпжамал Орта Азияның езінде туған кейіпкерлер.

“Боз Жіргіт” кітабының қағаздары татардың көз жасынан шірді, деп Габдолла Тоқай айтқандай, бізге жеткен махабbat жайындағы қисса-кітапшалар беттері қазак оқушылары мен тыңдаушыларының көз жасынан “шіріді”. Ауыр енбектен көлдары босаған шақтарында, қиссаларды сүйсіне тыңдаган топтарды езіміз талай көрдік.

Ғашықтық тақырыбындағы аударма шығармалардың қазақ жастарының махабbat сезімін оятуда, оларды бас бостандығын қорғауға, сүйісіп қосылуға шақыруда айтартықтай роль атқарған. Сондықтан да қазақ ақындары

мұндай тақырыптағы шығармаларды құмартса аударған және өздерінше жаңғыртып отырған. Ондай қиссалар қазақтың революциядан бұрынғы ауыз және жазба әдебиетінде де біртгалий. Жазба қиссаның ақыры Сұлтан-Махмұд Торайғыровтың советтік дәүірде проза және өлең жаңрларын араластыра жазған романдарына келіп шектелді. Бұлар стиль жағынан, европалық романдардан ғөрі азиялық қиссаларға бейім.

Көршілес елдерден алынған кейбір оқигалы сюжеттерді қазақ ақындары төл шығармаларына арқау етті. Мысалы, “Көр-үгұлы” түркмен топырағында туған оқига негізінде алынған. Соны қазақ халқы да өзімсініп, оқиганы түркмен туыстардан басқаша етіп дамытады. ·Түрікмендерде Көрғулы сокыр адамның баласы болып сипатталады, ал, қазақта бұл бала, айы-күні жетіп отырганда өлген әйелдің көрінде туады да, тұа сала көрден шығып, батырлық құрады. Ол жорықта қырық күн жүріп, қырық бірінші күні кайтып оралса, өзі шықкан көр аузында оралып жатқан айдаңар: “енди кіруге рұқсат жоқ” дейді. Баланың: “анамды тым болмаса соңғы рет еміп шығайын” деген зарына айдаңар: “бүйрек солай” деп құлақ аспай, оны кіргізбейді... Бұлай баяндау қазақтан басқа халықта жоқ.

Ислам дінін насиҳаттауға арналған бірнеше қисса барын жогарыда айттық. Бір дін етек алған татар, өзбек, әзербайжан және басқа кейбір елдерде “Мәуліт” аталатын мейрам бар. Ол — “Мұхаммед пайғамбар туыпты-мыс” дейтін біздің жыл санауымыздың 582 “піл” жылының 12 апрелі. Бұл күнді мейрамдаған мұсылмандар “Қасида” деген арнаулы ән-күйді орындаиды.

Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны өлең түрінде жазылған “Мұхаммедија” атты кітаптың авторы, османдық түріктердің сұлтандарынан (патшаларынан) шыққан ақын Мұхаммед — Челяби. Бұл кітап ертеректе татар тіліне де аударылған.

Бұл пайғамбар, Айсадан 582 жыл кейін, араб еліндегі Құрайыш есімді күшті руда Габдолла дейтін кісіден туады. Шешесі Әмина дейтін әйел асырап алып, жаксы күтіп есіреді. Есейген Мұхаммедті Әбу-Мұтәллап дейтін беделді, дәүлетті сәудегер туысы қолына алып, көп жерді араластады. 25 жасында Мұхаммед Хадиша дейтін жесір, бай әйелдің саудасын жүргізіп, оған үйленеді де, жер-жиһанды көп кезеді, ысылады.

Мұхаммед 40 жасында өзін “пайғамбармын; дінім — ислам” — деп жариялады. Оның дініне бірінші болып — Хадиша, ересек адамдардан Әубәкір (Әбубекір-сүддик кейін Мұхаммедтің қайын атасы), жастардан — Гали

(кейін Мұхаммедтің әскербасы және күйеуі), тағы басқалар кіре бастайды...

Үгітеле бастаган ислам дініне Құрайыш руынан басы Әбу-Жәһил болып, карсы тұруышлар көбейеді, ақырында, Мұхаммедке Меккeden исламды қабылдауылар көбейген Мәдинаға қашуға тура келеді. Айсаның тууынан санағанда, бұл 1622 жылы, аты — Ыжыра, (орысша — хижра) яғни — кешу. Мұсылмандардың жыл санауы басталады. 1972 жыл — ижраның 1250 інші жылы.

Бұл мәліметті біз — "Тауарихә-ислам" кітабынан алып отырмыз. Қазақша шығармалардан Мұхаммед туралы жазылған бастапқысы — "Миграж". Бұл — Мұхаммедтің аспанда тәнірімен тілдесуіне арналған кисса.

*Айтайын пайғамбардың мигражын,
Бейісте, (жұмақта) киген еken ләуләк тәжін
Достына сойлесуге барған шақта,
Көп айтқан үмбетінің (жолына түсушілердің)
мүң мен назын,—*

деп басталатын қиссаның мазмұны: Меккедегі "Ақса" атаплатын мешітте, тұнгі мезгілде, табынушылармен намаз оқып отырган Мұхаммедке, тәнірімен екеуінің арасын жалғастыра бастаган Жебірейіл періште келеді де, дінін тарата алмай тарығып жүрген пайғамбарға, алланың сөйлескісі қелетінін хабарлайды. "Бұдан бұрын — дейді ислам діншілдері,— пайғамбарлардан, тек, жалғыз — Мұса ғана тәнірімен Тор тауында жолғысқан".

Екінші болып жалғасатын Мұхаммедті тәнірі аспанда жеті қабат көктің ұстіндегі Ағлә (бійік) аталатын жұмақта кездесуге шақырады. Өлеңмен біркелкі тәуір жазылған бұл киссада діншілдерді жылжатын жері: Жебірейіл Мұхаммедке — тесінді сөгейік те, жүргегінді алтын ыдыска салып, осы мешітте қалдырып кетейік. Ол бійік аспанға ұшуға шыдамас, біз тез ораламыз, соған дейін соғып тұрап" дейді. Сонда Мұхаммед, — "жүрек сюю үшін жаралған емес пе? Онсыз тәніріге сүйіспендей сөздерімді қалай айта алам?" дейді. Ол аспанға жүргегімен ұшады да, тәніріге жұқа перденің бережағынан тілдескенде, сүйіспендей сөздерінің бәрін үмбетіне арнайды. Діншіл казактардың "біздің қамымызды ойлаған екен, жарықтық", деп жылауы да сондықтан.

Мекке мен Мәдинадан басталған ислам діні көрші елдерге соғыс арқылы күшпен тараған. Сол соғыстар казақша жарияланған киссалар "Зарқұм" мен "Салсалда" қамтылған. Бұлардагы образ есте қалады. Бірі,— әскербасы, әрі батыр — Фали; оның тұлпар аты — дұлдул, қылышы — зұлфұқар. Ғалиды ақын, "бойының биектігі

қырық кез және үзыны мен көлденені бірдей — төртпак, суға кетпейді, ақырган даусы жер жарады, жауды шөптей отайды” деп сипаттайды. “Зарқұмның” бір жерінде Фалидың қимыл-кайратын:

*Күн көзі, жері сілкініп көрінбейді,
Арыстан (Фали) ақырудан ерінбеді,
Әлінің (Фали) айқай салған дауысынан,
Солқылдан жер менен көк дірілдеді,—*

деп сипаттайды. Дүлдүл — дүние жүзілік эпостарда суреттегетін түлпарлардың бәрінен де үшқыр, ақылды ат. Ол иесін талай қиын жағдайдан аман құтқарады. Соңдықтан да, Мәшіхүр — Жүсіп бір өлеңінде:

*Гүл қадырын кім білер?— Бүлбүл білер...
Хазірет Фали қадырын — Дүлдүл білер,—*

дейді. Зұлфұқардың өткірлігі де сүмдық: Зарқұм соғысында Фали, қарсы жактың батыры Жанабілді Зұлфұқармен төбесінен тартып жібергенде, денесін как жара тіліп өткенін Жанабіл аңғармай да қалады; онымен қоймай, жерді де жарып өтіп, көтеріп тұрган “көк өгізге жеткенде, Жебірейл келіп үшінен үстай алады, әйтпесе,— көк өгізді де кесіп, тулатады еken де, жер төңкеріліп кетуі, дүние ойран болуы мүмкін еken”.

Мұсылман елдері балаларына Фалидың есімін көп қойған. Қазақтар ол есімді өз тілінің занына бағындырып: Қали, Әлі, Қалижан, Әлжан, Қалибек, Әлібек... деп өзгертуген. Өзгертуеген “Фали” да көп, мысалы, кәзірі қазақ ақыны — Фали Орманов. Фалидың құшіне сүйсінгендер, оны андардың патшасы саналатын арыстан — деп те атаған. Парсы тілінде арыстан — шер. Қазақтың: Шерғали, Серғали деген аттары осыдан шыгады. Бәйге бермейтін жүйрікті қазақ — “дүлдүл” дейді. Үйғырдың қазірі қөрнекті жазушыларының біреуі — Зұлфұқар... Ондай есім мұсылман елдерінің талайында бар.

Мұхаммед туралы тағы бір жыр “Пайғамбардың дүние салуы” деп аталады. Мұнда Мұхаммед өлер алдында өз үмбеттерінің тандauлыларын жинап алады да, “мен сендерге ислам жолын насиҳаттадым ба?” деген сұрау қояды да, “насиҳаттадың” деп шулағандарға оның сенімсіздік білдіргенің ақын Мұхаммедтің аузынан:

*Ажал жетсе қалармыз әлі-ақ өліп,
Құдая сауал қылсаң қаһар төгін,
“Айттың сен”. деп,— бір өзің қуд бол бак,
Айтпады — деп жүрмесін менен көріп,—*

деген сөздерді айтқызады. Осыны есіткен діншіл адамдар: “жарықтық-ай, ол да жұртқа сенбекен екен-ау!”— деп қамығады.

Мұхаммед 63 жасында қайтыс болады. Өлер алдындағы есіетінде ол, “сізден кейін елді кім басқарады?” деген сұрауға: “алғаш — Әубәкір (Әбүбәкір), одан — Омар (Фұмар), одан — Оспан (Ғұсман) дейді де, содан кейін кідіріп барып — Фали дейді. Осы кідіріске мән берген жұрт төрт шаһаңядың (министр магынасында) алғашқы үшлеіне жаңжалсыз басқартады да, Фалиға келгенде дау шығарып, басқара бастағанда оны өлтіреді. Содан кейін Фалидың орнына отырмак болған баласы — Хасенмен, Магауия есімді руласы таласып, елді бөліп әкетеді де, “Уммәуия” (орынша — Омеия) деген атпен жеке халифат” (патшалық) құрады. Осы егестің арты “Кербала шелі” аталған соғыска соғады.

Уммәуия халифаты Меке мен Мәдінаны билеп тұрған Фали баласы — Хұсайынға шабуыл жасау ниеті барын естіген Хұсайын тойтарыс беруге ойлап, алдынан шығады да, екі әскер араб аралындағы “Кербала” аталатын шөлде кездеседі. Сол арада қатты үріс болып, Хұсайын жағының күші басымдығын көрген Магауия жағы шөлдің бұлактарын бекітіп алып, Хұсайын әскерін сусыз қатарады. Қatalаған жағы женіліп, Хұсайынның басы кесілді.

Мен балалық шағымда көптеген қиссалармен қатар, “Кербала шөлін” де жақта айтатын едім. Сонда тындаушылармен бірге қиссаның бірер жерінде өзім де жасқа булығатынын. Онда шөлге қамалып, қatalаған Хұсайын жағы бір жұтый су сұрап, Жазидке оның аптылтапын басқан үлшін жібереді. Сонда, мейрімсіз жау, су орнына сәбидің ашқан аузына оқ атып өлтіреді.

Екінші бір сәтте, Хұсайынның кесілген басын Жазид алтын табакқа салып, бос тұрған сарайына койғаннан кейін, жұрт үйқыға кіре Хұсайын ата-бабаларының (Мұхаммед, Фали, Фатима, тағы басқалар) аруағы елес беріп келеді. Мұндай керініс маган да, тындаушыларға да қатты әсер етіп, әрі қорқынышты болатын еді...

Хұсайыннан кейін “Ғазауат” (дін) соғысын жүргізген Сельжуқтарға (түркілерден құралған хандық) қосылып, Қара теңіз жағасында Рум (Византия) мемлекетін талқандаған, оның астанасы Стамполды алып, оның соборының (шіркеуінің) — Софияның төбесіне мұсылмандық белгі — ай бейнесін орнатқан Сейіт — Баттал есімді адам. Мұсылман елдері оны Фалидан соғыс ислам батырының ең зоры саңайды. Кімнен, қашан аударылғаны белгісіз, қазақ тілінде “Сейіт — Баттал” есімді, өлеңмен

жазылған, келемі он мың жолдай қисса бар, қай тілден, кім, қай уақытта аударғаны белгісіз, бірақ, бұл қазақ тілінде емес, түркі тілдердің біреуінен аударылғанға үқсайды. Мазмұны — ғазауат — дін соғысы. Бұл соғыс — 11—14 ғасырларда Каспий теңірегінде, түркілерден құралып жасалған ислам дініндегі сельжук мемлекетімен, біздін дәуірдің (Айсадан бергі жыл сан-аудын) үшінші ғасырынан Қара теңіз төңірегінде патшалық құрган христиан дініндегі Византия мемлекетінің арасында көптеген ғасырга созылған тартыстар кезінде болғанға үқсайды. Бұл соғыста екі жағы да, әрине, діндерін бетке үстай соғысады, Сейіт — Баттал, ислам дінінің сол бір кезеңдегі соғыста қолбасшысы болған сияқты. Сондықтан, мұсылмандар, солардың ішінде — қазактар, оны ғазауат соғысының хазірет — Фалиға пара-пар батыры есебінде сипаттайды.

Сол сияқты қазақ тілінде “Қырық уәзір” аталатын өлеммен жазылған қалың кітап та болды. Оны аударып, шыгарушы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қарқаралы өлкесінде жасаған қазақ ақыны Ақылбек Сабалұлы болған. Бұл алғаш “Араб халифаты” (патшалығы), кейін ислам, немесе — “Түркия халифаты” аталған мемлекеттің басқарушыларын сипаттауға арналған.

Он тоғызынши ғасырда мұсылмандар елінде екі ғазауат болды: бірін Алжир (Әл-жәзә-ир) елінде арабтан шықкан Габдул — Қадыр (1807—1883), екіншісін — Кавказдағы Авар елінен шықкан Шәмил (1798—1871) басқарады. Екі соғыс та үзакқа созылып, Габдул — Қадырды — көрольдік Франция, Шәмилді — патшалық Рүсия әрең женді. Бірақ, бұлар дін намысын жоқтаушылар емес, немесе — исламды таратушылар емес, бұлар үлт азаттығы үшін күресушілер. Эрине, бұлар да сенген дінін бетке үстай қымылдаған.

Габдул — Қадырдың, Шәмилдің қозғалыстары сияқты көтерілістері 18—19-ғасырларда қазақ даласында да әлденеше рет болды, бірақ бұларға ғазауат сарыны арасынан жок.

Негізінен алғанда қазақ тіліндегі қиссалардың саны жүзден асады. Олар арабтың, Иранның (әсіресе парсының), Орта және Орталық Азия түркілерінің ертегілерінен алынады. Қиссанылардың кейбірі аз, кейбірі көп етіп мұра қалдырган. Бірен-саран қисса шығарып, одан ары жағағандары да бар: он тоғызынши ғасырдың соңы мен жиырмасынши ғасырдың бас кезінде бұрынғы Қарқаралы үйеziнен шықкан қиссаныл — Ақылбек Сабалұлының бір өзі ғана отызға жуық, Ақмола уезінен шықкан Мақыш Қалтайұлы да қырықтан астам қисса қалдырган. Осы

мерзімде Жетісү өлкесінен шықкан Жұсіпбек қожа Шайхол-іслам ұғылы шыгарған қиссалар да толып жатыр.

Әдебиеттік сапасы жағынан алғанда бұл қиссалар әр кілі. Мысалы, Жұсіпбек қиссалары төрт жүйеге бөлінеді. Олар: “Қасым Жомарт” сияқты араб аңызынан алынған қиссалар, иран аңызынан алынған “Қаһарман — Қатыран”, Орта Азия аңызынан алынған “Мұндық — Зарлық” және “Қызы Жібек” немесе “Біржан мен Сара айтысы” сияқты қазақ жерінде болған оқиғалардан алынған қиссалар.

Әдебиеттік дәрежесі биік “Қызы Жібектің” мазмұны да бай, оқиғасы да қызығылдықты, суреттеуі де көркем, драмасы да түйінді. “Біржан мен Сараны” кімнің шыгарғаны әлі күнге дейін талас болғанымен, бұл айтысты ең алғаш Жұсіпбек жазып алғып, еңдең, баспада жариялаганы, Сараның “Кожеке-ау, күні құрсын ұргашының” деуінен байқалады.

Бірақ, біреулер бұл “кожеке” дегені емес, “қажеке”: “қажы” деп отырганы, Маманың Тұрысбекі дейтін сол елдің атақты биі және қажысы”— деп те таласады.

Мұның “қажы” емес, “қожа” екендігі Сараның “әулие, пайғамбардың тұқымы” деп, сөзімді тыңдатуға келдім саган”— деуі де күэ: “пайғамбардың тұқымы” қажылар емес, қожалар, ендеше сөз болып отырган Тұрысбек емес, Жұсіпбек қожа.

Қиссалардың ішінде: “Шаһмаран” (Жыландар патшасы), “Мұндық — Зарлық”, “Шәкір — Шәкірат”, “Рұстем — Зараб”, “Тәһір — Зұһрә”, “Алтын балық” сияқты қазіргі кезде де оқырмандар қызығып оқитын қиссалар да аз емес.

Әдебиеттік әр жаңардың өзіндік биік шоқтығы болады. Қазақ әдебиетіндегі айтыс жаңында, көркемдік жағынан, әсіресе, тіл шеберлігі жағынан ең биік тұрған “Біржан мен Сара”.

Осындағы дәрежеге көтерілген Жұсіпбектің өлең қиссалары да аз кездеседі, оған бір мысал “Қасым Жомарт”. Бұл 1906 жылы Қазан қаласында кітапша болып басылған, көлемі үш мың жолдай өлең. Оқиға араб елінде Һарун — Рәшид патша заманында болған. Ол біздің жыл санауымыздан бергі 734—744 жылдары Бағдат қаласында арабтар халифатының халифи болған адам.

Қисса мазмұны былай: Мысыр шәһарында тұратын Әбдел-Хаттам есімді бай адам өлеіді де, онын Қасым деген жас ұлы жетім қалады. Әбден кедейленген бұл бала қайыршылықпен жүргенде, Басра шәһарындағы бір үйдің терезесінен керемет сұлу қызды көреді. Соған ғашық болған Қасым талығып барып жолығып, екеуі көңіл

қосады... Қыз жер астындаі белгісіз сарайға тықкан қымбат мұліктерін жігітке сыйлады. Сол таусылмайтын мұліктерді кім көрінгенге (олардың ішінде Рәшит патша да бар) үлестіріп, “Қасым жомарт” аталады.

“Жомарттық”— казак жақсы көретін қасиеттің бірі. Сондыктан да халық өз өлеңіне “Жоқшылық жомарт ердің қолын байлар” деген жолды қосады. Жомарттар туралы қызығылтықты ауызекі әңгімелер де көп. Бұдан басқа қазақ арасына көп тараған “Атымтай Жомарт” туралы да әңгімелер көп. Осындай бір әңгімені Ыбырай Алтынсарин да “Оқулық” (“хрестоматия”) жинағына қосқан.

Қазақ анызында Атымтай (арабша Хатимтай) кебірек аталады. Себебі, ол байлықпен емес, мырзалықпен (жомарттықпен) атын шығарады. Біреу Атымтайға: “мен де сендей жомарт болам” дейді. Бірақ, алғаш берген адамы сол күні екінші рет келгенде: “мана алып едің гой” депті. Бақса, сұраныш болып жүрген Қыдыр (ырыстың атасы) екен. Сонда Қыдыр: “сен калай Атымтай бола аласың? Ол күніне неше барсан да бетінді какпайды, ал, сен екі келгенде сарапандық жасадың!”— депті-міс.

Қазақ Атымтайды жомарттықтың атасы көргенімен, Қасымды олай көрмейді. Өйткені қазақ ұғымындағы Қасым, Атымтайдай пейіл жомарты емес, байлықтың жомарты.

Бірақ, мәселе мұндаған емес, “Қасым жомарт” қиссасының әдебиеттік жеткізу дәрежесінің төмендігінде. Тегі бұл Жүсіпбектің қаламы төсөлмеген кезде жазған шыгармасы болуы керек. Өйткені, оқиганы өрбітуі нанымсыз, өлеңі әлсіз, үйқастары олак, сөздері — жасық.

Қазақ халқының рухани мәдениетінде қиссалар елеулі орын алады. Ф. Энгельс ауыз әдебиетін “әр халықтың романы” деп атаса, қазақтың төл ауыз әдебиетінде қиссалар да өз орнын алады.

Ақынды да, оның халық қазынасы — алтын сөзін де қадірлеп, ақынның өз таланттың дамытуына бар жағдай жасаған. Октябрь революциясы, Коммунистік партиясы, Совет үкіметі. Оған дәлел — қазақ поэзиясының аксақалы атаптанған үш орденді Жамбыл бастаған халық ақындарының тобы.

Революциядан бұрынғы қазақтың халық ақындарының атагы мен данкы ең зор дегенде, ауыл арасынан әрек асып өз руы арасынан әрі шықпаушы еді. Совет дәүірінде қазақ ақынның данкы Казакстан шегінен асып, бүкіл Советтер Одағындағы халықтар мен жер жүзіне жайылды. Қазір Жамбыл есімін бүкіл дүние жүзі біледі.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде батырлар жырының соңғы көлем жағынан көбі де, әлеуметтік шындықты терең ашу жағынан көрнектісі де “Айтыс” жанры. Ол сонау замандарда шыққан бәдік сияқты айттыстың көне түрінен ербиді де, аяғы советтік дәүірдегі акындар айттысына тіреледі. Бұл тақырып жағынан да аса кең өрісті жанр.

“Айтыс”—“айт” етістігінен туған зат есім. Өз магынасымен алғанда, “айтыс” екі кісінің сейлеуі. Бұлай сейлесу қазақ түрмисында кара сөз түрінде де болған. “Пәлен шешен” мен түген шешен айттысыпты” деген сөз қазақ арасында көп ұшырасады: “Айтыс” кейде “талас” магынасында қолданылып, біреу мен біреу таласса, жанжалдасса “пәленше мен түгенше айттысып қалыпты”— деп те айтады.

“Айттың” магынасы осындай кең болғанымен, “айтыс” үғымындағы сөздердің ішіндегі ең басымы — өлеңмен айттыс.

Жазу әдебиетінің тарихы әріден келе жатқан, ерте мәдениеттенген елдерде (грек, рим т. б.) “айтыс” ұшыраспайды. Тек мәдениеті әрте замандарда бой көрсеткен араб елінде айттыс үлкен орын алған. Арабта біздің “айтыска” үқсас өлең мен сейлесу (мұғаллақат) бар. Бірақ, зерттеушілердің сөзіне қарағанда “мұғаллақат”, көбінесе арабтың көшпелі тайпалары бедуїндер (бәдәүи) арасында ұшырасатын көрінеді. Жазба әдебиеті ертеден келе жатқан басқа елдерде “айтыс” өнерінің барығылми әлі дәлелденген жоқ.

Ертеден көшпелі түрмис құрып келген: қазақ, түрікмен, монгол сықылды елдердің көбінде “айтыс” жанры дәстүрге айналған. Бұл жанрдың туып, өркендеуіне бас себеп — бұл елдердің сауатының аздығы, мектебінің жоқтығы болған. Мұндай елдерде ақынның күші аузына түседі, басқа жанрлар сықылды, “айтыс” жанрын да ауызша айттыс түрінде өркендеді.

“Айтыс”— қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан жанр. Мысалға “жар-жар”, (“ау-жар”), “бәдік” айттыстарын алсақ, бұлар ерте заманда шыққанға үқсайды. Бірақ, ескі заманда шыққан айттыстардың туған мезгілін, шығарушысын шамалау қыны, бұлар ауыздан ауызға көшіп, халық қазынасына айналып кеткен.

XIX ғасырға дейінгі тарихта аты мәлім айттыс ақындарын қазақ әдебиетінің тарихы әлі білмейді және білу мүмкіндігі қыны да. Себебі, XIX ғасырға дейінгі қазақ поэзиясының қай түрін алсақ та, қағаз бетіне түскені, жазылып алғынғаны жоқ. Сондықтан, Сыпыра жырау,

Асанқайғы секілді ертегіге айналған бірлі-жарым ақындардың ғана аты тарихта сакталған.

Шынында “айтыс” жанры ақынның атына тығыз байланысты. Қөшпелі қазак түрмисы жағдайында, жазба әдебиет болмаған кезде ақынға “акын” деген атақ әперетін ең басты “байқау” айтыс болған. “Ақын” атағын алу үшін ол өзінің ақындық күшін кеп алдында таныту керек; ал ақын болғысы келген адам өзінің ақындық қабілетін таныту үшін бұрын “акын” деп танылған кісімен ақындығын жарыстырып, көптің сыйна түседі. Егер осы жарыста отыргандардан мақұлдау тапса, оның көвшілік алдында танылғаны, ал көптің көnlі толмаса “акын” деп танылғаны.

Қазақ түрмисында ақындар айтысы — жүйрік аттардың бәйгісімен бірдей болған. Жарыста озған атқа бәйгі беру сияқты, айтыска түсіп жеңген ақындарға да бәйгі тігіліп, бәйгі берілген. Ескі әдет бойынша, жарыска түскен жүйрік те, айтыска түскен ақын да өз намысы емес, белгілі бір аймактың, рудың намысын қорғаган. Бәйгіге шапқан аттың озып келуін ат иесі ғана емес, сол ат иесінің елі болып тілейді. Бәйгіде озған атқа мініп, шапқан бала, қарақышға жақындағанда ат иесінің есімін атап үрандамай, ру есімін атап, үрандал шақырады. Ақын да солай. Ескі әдеппен айтысатын ақындардың барлығы да өз руын мактап, артық көрсетуге, ал қарсы жақтағы ақынның руын жамандап, мінін табуга, кемшілігін бетіне басуға тырысады. Ақындар айтысы осылай ел намысына тиетін болғандықтан ешбір ақынды өз руы ішінде сынап алмай тұрып, үлken айтыска жібермеген. Сондықтан, ақын болғысы келгендер өзінің ақындық шамасын әуелі жастардың әзіл-оспағында, ойын-сауығында, әдет-ғұрпында (кұда түсер, қыз ұзатар, келін түсер, шілдехана, т. б.) сынап, өз аулы мен елінің шенберінде “акын” танылып, үлken айтыска содан кейін ғана түседі.

Ауыз әдебиетінде ақынның ақындығы, оның шешендігі, тапқырлығы, білім дәрежесі айтыс үстінде танылады. Алайда, екі ақынды айтыс жарысына түсіріп, әр ел ақынның женуін тілегенмен, ақынның ақындық күшін бағалағанда қай жағы болса да озған ақынға қиянат жасамай, озған ақынды екі жағы да мактайды. Содан кейін озған ақын қайда, қай елге барса да сый-құрметке бөле-неді. Әрине, бұдан енді ол ақынмен ешкім айтыспайды деген үғым тумайды. Керісінше “акын” аталғандар езара талай кездесіп, бірде женіліп жүреді.

“Айтыстың” бір өзгешелігі, мұнда жаттама, даяр өлең аз болады. “Айтыс” өлеңінің көбін айтысуши ақындар сол айтыс үстінде ойыннан шығарады. Бұдан себеп айтыстың

мазмұны, тақыбыры күні бұрын белгіленбейді, айтыска түсken екі ақын, айтыса түсер алдында не туралы айтысатының өздері де білмейді. “Айтыс” ең алдымен ақындардың өзара өлеңмен амандық-саулық сұрауынан елжұрттының амандығын, жүрген жолының жайын сұраудан, содан кейін бір-бірімен танысадан басталады. Осы амандық, жән сұрасуда бірінің аузын бірі андып, соктығар, жеңер жерін іздейді. Әрине, айтыска түсетін екі ақын да күні бұрын бір-бірінің соктығар жерін андып отырады. Бірак, кейде айтысуыш ақындардың бірі карсы жактың ойласп отырған максатын аңғарып, айтыс тақырыбын басқа жаққа бұрып әкететін жағдайы да кездеседі. Мұндайда күтпеген сұрауга тез жауап бермеген кісі ақын саналмайды. Сондықтан, айтыска түсетін ақын жаттама өлеңге сүйенбей, өзін кенеттен қойылатын сұрауларга жауап беруге әзірлейді. Ақынның көшілік алдында танылуы да осындаи тапқырлығы мен еткірлігінде. Қыскасы, ақынға ақындық атак әперетін поэзия жанры, көбінесе “айтыс”.

Ақын мен жыршының арасындағы айырмашылық ақын өлеңді өз жанынан сол сәтінде шыгарады (импровизация), ал жырши көбінесе даяр өлеңдерді әнге қосып айтады. Бірак, бұдан ақын үнемі жанадан өлең шыгарумен ғана шұғылданып, басқа ештеме білмейді екен деген магына шықпайды. Ақынға ақын болу үшін ең басты шарт — өзінен бұрын жасалған халық әдебиетін барынша жақсы білу. Ауыз әдебиетінде аталған атақты ақындардың бәрі де ең алдымен халық әдебиеті: ертегі, мақал-мәтел, нақыл сөздер, батырлар жыры, әдет жырлары, айтыстар, т. б. жақсы білген. Ауыз әдебиетінде гасырлар бойы жасаган қымбат қазыналар ақындар мен жыршылар арқылы сакталып келген. Мысалы, “Едіге батыр” жырын бізге жеткізген Жұмағұл ақын, “Кобыланды батыр” жырын Марабай ақын, “Орак-Мамай” жырын Мұрат ақын, “Қозы Көрпеш-Баянды” Жанак ақын жеткізген. Осындай ірі мұраларды атадан балаға жеткізіп, сактап келген ақындар толып жатыр. Жамбылдың “Өтеген”, “Сұраншы”, “Саурық” батырларды және тағы сондай казақ ауыз әдебиетінің талай қымбат қазыналарын кеудесіне сактап келгендігін өз көзіміз көрді.

XIX гасырдағы айтыстардың, әсіресе XIX гасырдың екінші жартысындағы айтыстардың бір өзгешелігі, мұнда көбінесе әйел ақындардың аттары ерекк ақындармен қатар жүреді.

Қазақ халқының “Едіге батыр” жырынан басқа эпостарының бәріндеге де әйелдер есімі ерлермен қатар жүреді де, олар шығармада көрнекті орын алады. Мәселен, Кобыланды мен Құртка, Ер Тарғын мен Ақжұніс, Алпамыс

пен Гүлбаршын, Қамбар мен Назым, Жиренше мен Қарашаш, Қозы Көрпеш пен Баян, Төлеген мен Жібек, Серіз бен Мақпал, Айман мен Әлібек, Наурызбай мен Қаншайым сиякты әйелдер образы ақын ретінде ғана емес, данышпан ақыл иесі болып та сипатталады.

XIX ғасырда атағы ерлермен қатар шыққан қыздар да болған. Бұлардың бұрынғы қыздардан өзгешелігі олардың тек ақылдылығы немесе ақын болуында ғана емес, сонымен қатар айтыс тәрізді қоғамдық мәні бар оқигаларға қатысуында. Сол айтыстардың көбі үбінге дейін сакталып келді. Олар: Біржан мен Сара, Ақсұлу мен Кеншімбай, Ақбала мен Боздак, Ажар мен Уқыт, Қадиша мен Ыскак, Жүсіпбек пен Шөкей, Әсет пен Рысжан, Әжек пен Шәріпжамал, Болық пен Елентай, Айқын мен Жарылгасын, Омарқұл мен Тәбия, Қүйкентай мен Оспантай, Шады мен Манат, Мансур мен Дәме, Тәүке мен Келіншек, Үлбике мен Құдері т. б.

Бұл айтыстарда ақын қыздар өздерін еркін ұстап, айтар сөздерін тайсалмай, батыл айтады. Әрине, ақын қыздардың ішінде де ерлер сықылды дарындылығы әр текті болып келетін ақындар бар, олар айтыста кейде женіліп, кейде жеңіп жүрген. Ер ақындар әйел ақындардың ақындық қабілетін жоғары бағалап, атағы шыққандарын арнайы ат сабылтып іздел барып айтысатын да болған:

Бұған бірнеше мысал келтірейік.

1. Әжек ақын Шәріпжамал деген ақын қызбен айтысада сөзін былай бастайды:

*Сыртынан ақын деген атыңды естіп,
Әдейі айтысуга келдім саған.
Даңқты сен сықылды болмасам да,
Бұл жолы бәйгі алмақын келсе шамам!*

2. Қоянды жәрменекесіне барған Әсет ақынға жұрт осында Рысжан деген ақын қызы бар, сонымен айтыс, деп қолқалайды. Қөптің сөзін мақұлдаған Әсет, қызды іздел барып, оны алғаш көргенін былай сипаттайды:

*Ішінде сегіз қанат қызыл уйдін,
Ән салып отыр екен өлеңдеміп,
Хан, қара, би, болжың қеліншегі
Ортаға ап отыр екен сөз сойлеміп...*

*Гармон мен скрипка нақысындаій,
Дауысы сыйзығыдай сылдыр етіп,
Тыста ерек, үйде үрвашы өлеңге мәз.
Жаратқан құдай сондай бұлбұл етіп.*

*Тысқарда түрдым біраз сөзін тыңдал,
Ағындан айтып отыр анық шындал,*

*Сөйлесіп өзім көрген үргашыда,
Оңай ма Рысжандай ақын тұмак.*

*Тұлпардың шын тобырышың бедеуі екен,
Көресің шаша шашың будақ-будақ...
Сөзінің қайран қалдыым кірін таптай,
Кенедей лебізінің мінін таптай,*

*Жүйірік ем жеке шапсам жан салмайтын,
Адастың айтар сөздің бірін таптай...
Сөзіне соз табылмай қалдыым бұғын,
Біле алмаи не дерімді есім шығын...*

3. Ақсұлумен айтысқан өлеңін Кеншімбай ақын былай бастайды:

*Сыр жыл, Сырдан шығып бардым Орга,
Хат жаздым темір қалам алтың қолға,
Жағалбайлы елінде бар екен деп,
Естітім ақын қыздың даңғының сонда...*

*Бір қызы бар аты Ақсұлу біздің елде,
Он жеті осы биыл жаста деді.
Айтысуп осы қызды жеңе алмасаң,
Онда сен ақындықты таста деді.*

*Көрген жан ішпей-жемей болады мас,
Аққұба, білдай өнді бір қиған қас,
Өзі нақ осы биыл он жетіде,
Бойында жалғыз міні — күйеуі жас.*

4. Біржан мен Сараның айтысында Біржан Сараға былай дейді:

*Көкшетау дуанына атым барған,
Мен Біржан, алтын тудай айқындалған.
Естігелі сені, Сара, үш жыл болды.
Қыран ем тоғірекке қанат жайған.*

*Тұлқинің жүгірісін қыран байқар,
Ойласаі сөзің емес маган айтар.
Канды көз, май жеп алғыш ақынұпның,
Сен түгіл қасқыр көрсем бір-ак шайнар.*

5. Дәме қызбен айтысқан Мансур ақын қызды ең алғаш кергендегі әсерін былай сипаттайды:

*Сонда қызы бізді көріп шықты тысқа,
Үқсөзан айлы, нұрлы топтықұсқа.
Болмаса Каптауында жүрген пері,
Адамга біте бермес ондаш нұсқа*

*Кып-қызыл екі беті айдай болып,
Тартылған екі қасы жайдай болып.
Топ қыздан оқшауырақ шығып түрді.
Жалтақтап қысыр емген тайдай болып.*

Сыймайды білезікке әптақ білек,
Кигені неше түрлі өңшөн жібек.
Көргенде қыздың түрін осылайша,
Толқыды неше түрлі біздің жүрек.

Шашына сап-сары алтын тағынғаны,
Сыргасы меруерт, маржан жагындағы
Он бестен он алтыға келген жасы,
Ойланып жүрген екен қағынғалы.

Әптақ тіс, қигаш қасы, қызыл жузі,
Шашының жерге түскен ұзындығы.
Адамзат қанша айтқанмен ондай болмас,
Болмаса жұмақтагы хордыш қызы.

Қыздың осындай сипатын және жұрт алдында өзін еркін ұстаяның көріп, айтысуға бел байлаған. Мансұр бір жігітті оңаша шығарып алып қыздың мән-жайын сұрайды. Сонда ақыл сұраған жігіттің сезін Мансұр былай сипаттайды:

"Аптарай, жігіт айтты, расың ба?
Сен кеңес қызы Дәмемен құрасың ба?
Айтайын қыздың жайын тілімді алсан.
Ку маңдай, желікпей-ақ тынасың ба?

Есіттің Дәме қыздың сырттан даңқын,
Женілген талаш жігіт ойлат блгін.
Сен-дагы соның бірі бол кетерсің,
Аяғың дұлдул болса, тілің — бұлбұл.
Жігіттің бұз сезіне зәрем кетіп,
Баяғы жептіп келдім қызына.

Міне, мұндай мысалдардан біз ақын әйелдерді ақын еркектердің құрметтейтіндігін, ақындық таланттың бағалайтындығын, сез жарысында ақын әйелдің ұтымдылығынан сақтанатындығын көреміз. Ақын әйелді тек ер ақындарға емес, барлық ел, халық сыйлаған. Ұлы жиындарда ақын әйелдің беделі ер ақыннан төмен болмаған. Айтыста жеңген әйел ақынды халық жоғары бағалаған. Сөзден тосылған ер ақын әйел ақынға бас иген.

Айтыста халық ақынды жынысына қарай емес, талантты мен сезіне қарай бағалайды. Ақындық таланттың көзге көрсетіп, аузынан асыл, ақылды, көркем, тоқтаулы сез шыққан ақынды халық тегіне, жасына, руына қарамай ардақтайды. Айтыста озған ақын халық алдында ақындыққа мандат алғандай болады. Бұл мандаттың жазылатын қағазы — халықтың жүрегі.

Ақын халықтың ең сүйкімді, ардақты адамдарының қатарында тұрады.

Халықтың ақынды жақсы қөруіне себеп, оның шешендігі ғана емес, олардың айтыста, иә басқа

шығармаларда халық түрмисының шындығын суреттеуі, куанышы мен қайғысына шын көнілмен ортақтасуы.

Әрине, мұндайда өлең, жыр шығарушы ақындардың еңбекші халықтан шыққандығы да ерекше қызмет атқарап сөзсіз. Ал феодалдық ауылда байлар тұқымынан шықты деген ақын ете сирек ұшырайды. Әрине, феодал мен байлар табынан да ақындық дарынмен туған адам болуы мүмкін. Бірақ, ол кезде қазақ байлары мен феодалдары тұқымынан ақын шықса, оны намыс көрген, ақындықты қайыршылық кәсіптің бір түрі, деп санаған. Шынында мұндай ақындардың да болғаны рас.

Қазақ жазба әдебиетінің класигі Абай ондай ақындарды былай деп сөгеді:

*Көбиз бен өмбөра алып топта сарнап,
Мақтап өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр сұрап,
Кемірген сөз қадырын жүртты шарлап.*

*Мал үшін тілін бөзеп, жаңын жалдан,
Мал сұрап біреуді алдан, біреуді арбан,
Жаң елде қайыршылық қызын жүріп,
Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап.*

Бірақ, барлық ақын байды мақтай берген жоқ. Реті, кезегі келген жерлерде ақындар үстемдік етуші таптың, байлардың, әкімдердің зорлық-зомбылығын сынап қанаушылық пердесін ашып, халық алдында маскарайды. Бірнеше мысал келтірейік.

XIX ғасырда патша өкіметіне қызмет көрсетіп, сонысы үшін полковник шенін алған. Жетісуга жарты патша атанған Тезек төреге сол кездегі атақты ақын Сүйінбай былай деген:

*Келіп едім хан Тезек көрейін деп,
Пайғамбардың сәлемін берейін деп,
Аттандырган екі үрүң жылқы ап келмей,
Хан тұлданып тұрмысын өлейін деп.*

*Кесіп алсаң бас, міне, батыр Тезек,
Өлмейтүғын адам жоқ тәмір өзек.
Сәлемге келген жанды қыра берсең,
Үрү торе, саған да келер кезек.*

*Аргы атаң сениң еді хан Абылай,
Бейілің қашса, берекең кетер былай.
Мениң неміді тексердің, Тезек торе,
Сарандарды балқытқан мен Сүйінбай..*

*Кара тасты балқытқан мен Сүйінбай,
Мейман келіп көрмен не еді сізге мұндай,
Күдай берген жанымды құдай алар,
Алашқатама құдайдың кенже ұлындаи.*

*Атандың осы күнде Тезек төре,
Елден жылқы қоймаған кезең төре.
Телі менен теншекті тыяд десе,
Өзің үрләк қыласың аттегене!..*

*Кайтарма Сүйінбайды торықтырып,
Елден жылқы қоймадың торып тұрып,
Әзірет, Сұлтан, Меккеге барып на едің
Екі аттың не қып тұрсақ зорықтырып?..*

*Улкенді аға, кішіні іні дейсің,
Ақ шалмалы қожаны пірім дейсің,
Тезек, Тезек дегенге дүрілдейсің,
Пара жесен аузы-аузың ілінбейсің.*

*Жылкелді мен Бапандай үрнұ келсе
Үәжің қабыл болғандай күлімдейсің,
Жал мен жая ұлықтан шайнайсың да,
Ақыретте доңыздың бөгөн жерсің.*

*Абак, Тарақ бір тұган ел емес пе,
Шалқын жатқан таусылмас көл емес пе,
Жаз бен қысқа жегенің үрләк еті,
Бұл жегенің бокпенен тен емес пе?*

*Үрларың басымды кесіп алар,
Канжығаға өткізің тесіп алар;
Шапырашты, Дұлатым қантап кетсе,
Отыз үлі төрениң несі қалар?*

*Үрларың басымды кесіп алар,
Тіпті мени өлтірсөң құнымды алар,
Сұранышы мен Саурыым аман болса,
Қызыңды қатыныңмен атқа салар.*

*Кенесары, Наурызбай
О да сендей күшті еді.
Калың қырзыз қамалап
Шапшаң аттан тұс деді.*

*Кекілік деген кезеңде
Тәкәббарлық асқанда,
Бір төбебе күшті өлді,
Келіп едім жүзіңді*

*Көрейін деп алыстан
Аз ғана сөзім бар еді,
Төрт аяғым шалыстан.
Мен келгеннен хан Тезек,*

*Едірлейтін мұртыңды,
Тікірлейтін шашыңды,
Ақын ба еді хан Тезек,
Ырысыңды алып тауысқан.*

Жағалбайлы руынан шыққан Ақсұлу қыз бен Жаппас руынан шыққан Кеншімбай ақын айттысады. Сонда өз ру-

ының байларын, әкімдерін мактаган Кеншімбайды Ақсұлу былай деп сөгеді:

*Жаппасым сен мактама Мырықыңды,
Алдымен Мырық, бұзған шырықыңды,
Байлық, пен бас адамын әлек қылып,
Неше жыл бүліндірген ол жұртымды.*

*Рақым бір-біріңе еш қылмайсын,
Аударып қәпірлікке құлқыңды да.
Нүреке Жұсінбек пен Айып болыс,
Біздерге үшегі де мәлім болыс,*

*Сүгірді Батыrbаймен үстап берген
Құдайдан үміті жоқ зәлім болыс.
Мактама Нүрекедей дөң жігітті
Мактамасың қайдағы бір кем жігітті,*

*Жаппасың адасқан жұрт ақылынан
Білмейді әкімдікке қол жігітті,
Бұл жігіт мактай қапты Нүрекесін.
Әкім ғып Нүрекені түр екенсің,*

*Кай күні — Нүреке әкім болған күні
Елінің алған жоқ па берекесін?
Касында Жылгелдінің соны адам ғып,
Ақылсыз жаплас деген ел екенсің...*

Ақсұлуға қайтарған жауабында Кеншімбай Жағалбай-лының байларын, әкімдерін былай жамандайды:

*Ақсұлу қайыспайтын жас баласын,
Тәқір алғыр болмашыны ескересің,
Патшаға Капан болыс үстап берген
Кінәсіз Боранқұлдың бел баласын.*

*Айдағын қысастықпен алты адамын
Елінің білмейсің бе масқарасын..
Патшаға ел жақсысын үстап берген,
Дүниеде екі бірдей Капан онбас.*

Осы сияқты байларды, байышыл, патشاшил әкімдерді жерлеп сөгу, зорлықшыл, қиянатшыл, қара ниет, жауыздығын әшкерелеу ақындар айттысының кебінде үшырасады. Айттыстан басқа өлеңдерінде де ақындар қанаушы тапты қатты сынап, оның сырын ашуға тырысады. Ал, айттыс жаңында байларды сынаудың ете шебер әдістері бар. Мәселен, айттыста әр ақын өз руының байын ақтаган болып, өзіне қарсы ақын жатының байларын әкімдерін мінейді. Сонда, айттыс қорытындысында екі рудың байлары мен әкімдері көшпілік алдында масқараланып, барлық халыққа жат қылықтары ашилады. Бұған жоғарыда мысалға алған Ақсұлу мен Кеншімбайдың айттысы сияқты басқа да

көптеген айтыстар дәлел болады. Ақындар айтысында қанаушы таптың сыры ашылумен қатар, сол кездегі еңбекші халықтың ауыр тұрмысының сүренсіз жақтары да көрініс береді.

Мәселен, Құлмәмбет пен Майкот ақынның айтысында Құлмәмбет Қаратауда отырган Майкот елінің нашар тұрмысын былай сипаттайды:

*Неге мақтай бересің,
Ақымақ шіркін еліңді!
Мен де барып көргенмін
Каратай деген жерінді:*

*Каратаядың қазагы,
Арылмаган азабы,
Ертеменен тұрысқан,
Шөппен белін бұрысқан,*

*Жауырның құрысқан,
Шеке тамыры тырысқан.
Бидайғын егін деп,
Орып алып "тегін" деп,*

*Бет терісі құрысқан..
Козы жауырын, қурай бұт,—
Алыса кепсе күші жоқ.
Катыны семіз, ері арық,*

*Өмірі бейнет, тери ағып,
Несін мұның мақтасың.—
Кураган топырақ жері арық!..
Көкектен басқа құсы жоқ,*

*Көкпектен басқа шебі жоқ,
Қымыздың ішін уыздай,
Толықсыған кісі жоқ...*

Қанаушы тап ұstemдігі кезіндегі еңбекшілердің нашар халін суреттейтін ақындар өздерінің мұшқіл халдерінің аянышты көрінісін де айтыстарда жете сипаттайды.

Қазіргі Қостанай облысының жерінде Өске деген ақын болған. Өскенің өзі кедей, інілері бай екен. Ол інісінің жылқысын бағып жүріп, бір күн тунде шөлдеген соң інісінің үйіне келіп сабасынан қымыз ішіп жатқанда, келіні “мына мешкей не істеп жатыр”— деп ашуланады. Бұған қатты ренжіген Өске басқа елге көшпек болып, өз әйеліне былай дейді:

*Кел, қатын, үйінді жық, біз көшейік,
Көкшеге екеу ара мінгесейік,
Бауырна қызыл жардың қонып алып,
Бір жаздай қымыз ішпей күн кешейік.*

Кайныңың бейлі жаман бай да болса,
Мертілген көрер бізден тай да болса,
Кел, қатын, үйінді жық, біз көшейік,
Бұл қымызы табылады қайда болса..
Карғысы келінімің жаңга батты
Естіл “мешкей” деген жаман атты,
Бұл жерден енді көшпей болмас бізге
Пишиуін қынаганмен әруақты.
Келінің құлқу-мешкей ырысын жер,
Тарылтып күннен күнге тынысын жер,
Бір күні ашуменен келін пакыр,
Аузыңа.. ол шал құрсын дер.
Онанда естімей-ақ, көшкенім жөн,
Карамады құртып барып, өшкенім жөн.

Екі көзі жоқ соқыр Шөже ақынмен, Атығай руынан шыққан Тезекбай ақын Қарқаралыдағы Шокпар деген байдың үйінде айттысады. Сол айттыстан Тезекбай ақынның нашар түрмисы былайша көрінеді:

Шөже: Сенің көздел жүргенің бәрі пайда,
Карғағаның бар құдай аямайды.
Алтын басың сау еді менен көрі,
Сенің тап ел кезеңін жарамайды.

Тезекбай: Алтын басым сау болса, жоқты қарам
Борышты қылды сәудегерге хак тағалам,
Алтын басым сау емес, қарызыым бар,
Тәңірім жылу жибырды, бар ма шарам.

Шөже: Сөйле деп шыдаттайды тіл менен жак,
Сыбаганды беремін Тезек бейбақ,
Не себепті сәудегерге борыштысың,
Борышты болған жонінен сойленіп бақ.

Тезекбай: Он жеті атпен Ақтауга кіре салдым,
Жұктің бұтын бір сомнан, жәшик алдым.
Куандықта үш сымбал бул үрлатып,
Екі мың тоғыз сом төлеу салдым.
Тапқан қара борышқа жетпеген соң,
Арғын менен Найманнан жылу алдым...
Шөже аға, сен де гарып, мен де гарып,
Екеуміз де ел кездік домбыра алып.
3000 теңге тапқаным мұнау еді,
Көзазымды оқып көр қолыңа алып.
Мен Тезекпай жүдеп келдім бишіл — дедім.
Сау кісіге ел кезең қын мен дедім.
Сен, Шөже, біздің Атығайдан алып жүрсің,
Мәған, сен, бермеймісің тиын дедім.

Осыдан былайғы айттыстарында Шөже мен Тезекбай Шокпар байдан алатын олжаларына таласып қызыл кенірдек болады. Нак осындағы айттыс Орынбай мен Серап

лының арасында да бар. Керей руынан шыққан сұлтан — правитель Есенбай Естемесұлы Орынбай мен Сералыға ортақ бір шапан беріп екеуін таластырып қызығына қарайды.

Осы сияқты ақындардың айтысЫнан біз, қанаушы үстем таптардың езгісінде жүрген ақындардың аянышты, қайыршылық тұрмысын көреміз.

* * *

Бұл арада біз “Біржан — Сара айтысЫна” кенірек тоқтала кетуді жөн көреміз. Өйткені бұл айтыс түр жағынан да, мазмұн жағынан да өзге айтыстардан оқшау тұрған әлеуметтік және көркемдік маңызы бар айтыс. Сондыктан ең алдымен оқырмандарды Біржанның өмірбаянымен таныстыра кетейік.

Сарамен айтысқан өлеңінде Біржан өзін “Арғынның Алтай — Қарық актанкерімін” — деп таныстырады. Шынында, Біржанның руы Аргын емес Керей. Керей ішінде — Ақсары, оның ішінде Көшек. Біржанның ағайындары қазіргі Кекшетау облысы, Еңбекшілер ауданында. Біржанның моласы “Степняк” руднигінің “Лермон” деген шахтасының қасында. Біржанның өзі “Баласы Қожақұлдың атын Біржан” дейді. Қожақұл — оның әкесінің әкесі. Өз әкесі — Тұрлыбай.

Өлер алдында шығарған Біржанның бірнеше ауыз өлеңі Теміртас, Асыл, Ақық деген балаларының аттарымен басталады. Асыл мен Ақық қыздары, Теміртас ұлы. Теміртас Біржан өлгенде үш жаста болған. Біржан өзінің өлеңінде Теміртасты “55-ке келгенде көрген қалқам” дейді. Біржан 58 жасында, 1891 жылы өлген. Сонда ол 1833 жылы туған болады. Ен анығы осы. Бұрынныракта Біржанды 1825 жылы туып, 1887 жылы өлді деп жаңылыс айтқан.

Сарамен айтысқан өлеңінде Біржан “Мың жарым жылқы біткен Қожақұлға” дейді. Расында, ол кедей болған. Оның кедейлігін көзі көрген қазіргі тірі адамдар және өзінің мына төмендегі бір ауыз өлеңі дәлелдейді:

*Дүние етерінді біліп едім,
Білдірмей кедейлікті жүріп едім,
Бұл күнде бір тоқтыдан құным төмен,
Үш жүзге атым шыққан Біржан менің.*

Біржан-сал жолаушылап бір кедей адамның үйіне кездеседі, сол үйдің қызы оған қатықсыз қара көже қүйип берсе, Біржан ернін ғана тигізіп қайтарады. Сонда қыз айтады:

*Байлардың жейтін асы жая мен жал,
Шығады нақ кедейден осындаі сал,
Кыс аяғы шаруа күйзеге болды,
Көжеге кекірмей ернінді мал.*

Сонда Біржан:

*Атаңдым ақындықпен Біржан-сері,
Серінің күнде думан жүрген жері,
Карындасты, серігे сөзің отті,
Көжени басыл-басын әпкел бері.*

депті. Екінші мысалы, Біржан өлер алдында үш жыл сырқаттанған. Жұрты оны “жындандыға” жорыған. Өйткені, Біржан ешкімге жынданған қылық көрсетпегенмен, себепсіз, орынсыз ән салып, отырған жерінің мазасын алған. Сондықтан, біраз уақыт жындандыға есептеліп, байлаулы жатқан.

Сондағы әндерінің өлеңі:

*Теміртас, Асыл, Ақың — балдан тәтті,
Не болар демеңіздер адамзатты,
Үкідей желтілдеген құлышдарым,
Шешісейші білегімге арқан батты.—*

дейді. Бұл өлең 20—30 ауыздайды.

Біржанды билетін адамдар оның ақындығынан әншілігі басым дейді. Біреулер ақын емес еді, дегенді айтады. Біржаның “Сарамен айтысы” деген өлеңінен басқа сакталған “Қасқыр мен байды айтыстырғаны” тәрізді күрделі өлеңі де болған. Одан басқа өлеңдері де ұшырасады. Соларға қарағанда Біржаның ақын екендігінде дау жоқ. Негізінде Біржан ірі композитор және зор дауысты, қазақ әнінің тарихында жаңа жол ашқан, әнші адам. Әзінің әнін ол жоғары қастерлел:

*“Аққұмен аспандагы ән қосамын,
Шығарсаң аңы қүйді түптеп тартын”—*

дейді. Бізде Біржан әнінің тарихын зерттеген адам жоқ. Егер зерттеуші болса, оның әндерінің ерекшелігін айқын көрер еді.

Біржаның барлық әндері де белгілі бір тарихи жағдайда шыққан. Мәселең, оны “Жанбота” атты әнінің өлең текстінен де аңгаруға болады.

*Жанбота, осы ма еді өлген жерің?
Көкшетау боктыхына көмгөн жерің.
Кісісін бір болыстың біреу үрсын
Деген статияда барма еді көрген жерің?*

Біржаннан сакталған “Жамбас сипар”, “Қара нар”, “Ләйлім” “Шалқыма” тағы сол сияқты ондаған әндердің өз алдына тарихы бар.

Біржан мен Сараның айтысын Найманның Сыбан руынан шықкан Әріп ақын шыгарған деген сөз бар. Бірақ Біржан мен Сараның айтысында сол жылы, яғни 1869 жылы Біржан 37 жаста еді дейді. Ал Әріп ақын болса, 1924 жылы 62 жасында өлген, сонда 1862 жылы туады. Демек, Біржан мен Сара айтысатын жылы Әріп 7 жаста гана болады. Жеті жасында Әріптің айтыс текстін шыгаруы мүмкін емес. Егер шыгарған күнде де ол кейін шыгарған болады.

Сараны Біржанның ізден баруы анық. Біржанның Нұржан дейтін ағасының баласы Ахметжанды мен қартайған шағында көрдім. Ахметжан “мен Біржанға атқосшы болып барып ем, Сараны көрдім, айтысқаны рас”, — дейтін.

Халық әдебиетін жинаушы, Біржан мен Сараның айтысын алғаш баспаға берген Жұсіпбек Шайхолисләмов “бул айтысты Сараның өз аузынан жазып алды” дейді.

Біржан мен Сараның айтысында Біржан жеңеді. Жұсіпбек Шайхолисләмовтың айтуыша бұл айтыс өлеңдері жеңген Біржанның, аузынан емес, жеңілген Сараның аузынан тарайды. Бұл, әрине, біраз ойландыратын жағдай. Мұның өзі әр түрлі ой тудырады. Бірақ Біржан мен Сараның кездесуі анық. Айтыстың алғашкы көлемде болмай, артынан өндөліп, толықтырылуы, сол толықтырган ақын Әріп болуы немесе алғашқы айтыстың мазмұны гана сақталып, сол темаға Әріптің жаңа айтыс шыгаруы әбден мүмкін. Соңдай-ак, Әріп Біржанмен шамалас ақындардың біреуінен айтысты естіп, жаттап алып, өз атынан таратуы ықтимал.

Біржан мен Сара айтысын көлденек біреу шыгарды ма деген көңілге құдік туғызатын бір жағдай, айтыстың былай басталуы:

Жігіттер құлагын сал келді кеңес,
Жарасар биелі үйге сырлы тегеш.
Арғынның “Алтай — Каршак” серісімен,
Матайды бір сұлу қызың қылған егес.
Айтысы екеуінің тамаша екен,
Ураны ол Арғынның “алаш” екен,
Үш жүздің салдықпенен аралаган,
Кожағүл деген байдың баласы екен.
Бұл салдық өзі влекші, аты Біржан,
Сандалтың Орта жүзді әнмен қырган,
Үш жүзден әрбір ақын ізден келіп
Жете алмай адымына сан болдырған.
Сан жүйрік жете алмаған маңайламай,
Жүрген жок заманында жан ойнамай,
Әр елді жүрсе-дагы аралап бұл,
Матайды жүреді екен авайламай.
Салдықпен өлең айтқан кезіп жүріп,

Кайдағы ақындарға көңіл бұрып,
Матайда бір қыз бар деп естіледі,
Жүргенде төңірекке құлақ түріп.
Ойланды сол қызды ізден барағын деп,
Айтысып ол қызыбенен қарайын деп,
Осындағы асып түрған заманында,
Кырыма соны да бір алайын деп.

Өзге айтыстардың көбінде бұлай емес. Өзге айтыс, әдетте, көлденең адамның емес, айтысуши екі адамның біреуінің аузынан тараиды. Айтысты көбірек тарататын женген ақын. Екі ақын айтысып, бірі женгеннен кейін, женіп, бәйге алған ақынды көпшілік қошаметтеп, оның түстенген, конған, барған жерінің бәрі “калай айтыстыңдар, қалай жендің?”— деп сұрайды. Сонда женген ақын ең алдымен женілген ақынды қалай естігенін, қалай кездескенін баяндайды. Содан кейін айтысқан ақынын сипаттай кеп, айтыс қандай жағдайда, қалай болғанын, қалай женгеннің сөйлейді.

Айтыс Біржан мен Сарадан қалды ма, немесе оны Әріп шығарды ма? Ол — келешекте ғылым зерттеп, анықтайтын мәселе. Бұл жерде біз көпшілік назарын осы айтыстың мазмұны мен көркемдік жағына аударғымыз келеді.

“Біржан мен Сара” айтысында сол кездегі қазақ ауылының әлеуметтік тұрмысынан қозғалатын бір ғана күрделі мәселе бар, ол — қалыңмал мәселесі. Қыз бен жігіт айтысқан өзге айтыстарда да қалыңмал мәселесі сөз болады. Басқа дәлелмен қызды жene алмаған еркектер көбінесе қыздың болашак күйеуінің кемшілігін анық бетіне басып “жақсы қыз болсан, жаман күйеуге барма”— деп жеңеді. Қыз “бармаймын” деп алмайды, өйткені, олай деуге еркі жок. Қалыңмалдың құрығына іліккен қыз колдан келмейтін қайратты көрсете алмайтынын біледі де, жеңіледі. Өз теңіне бармауда айыпты қыз емес, қалыңмал екенін еркек ақын біле тұра қызды жену үшін айтады.

“Біржан мен Сараның айтысында да” солай. Біржан Сараны өзге сезден тоса алмағанда, күйеуін жамандап барып тоқтатады. Бірақ, Біржан мен Сара айтысындағы қалыңмал мәселесі өзге айтыстан өрісі кен, әрі теренірек жатады. Айтысты тұтас алғанда, ол қалыңмал такырыбына жазылған бір драмалық поэма катарында тұрады.

Біржан мен Сара айтысар алдында көп жыл бұрын бірінің атағын бірі естіп, кездесуге құмартады. Сарамен алғаш кездескенде Біржан:

Көкшетау дуанына даңқың барған,
Мен Біржан алтын тудай айқындалған,
Естігелі Сара сени үш жыл болды,
Кыран ем төңірекке қанат жайған.

*Мен келдім алыс жерден атқа мінін,
Есімін атагыңды сени білін,—*

дейді. Сара Жетісудағы Матай руынан шыққан. Кекшетау мен Алатаудың арасы 1.500 шақырымдай жер және бұлардың аралығында кесіліп жатқан құмды шел бар. Өте бір қажет жұмысы болып әдейі іздемесе, бұл екі ара қатынас жасайтын жер емес.

Сондықтан, Біржан Сараның атагын Кекшетауда естігенімен әдейі іздел бармай-ақ ел аралап жүріп, Сараның ел-жұртына жақын келген шақта баруы да мүмкін. Өйткені, халық еркесі атанған Біржанды қазак даласы колдан қолға көтеріп алғандай, бірден бірге күрметпен шақырып, аралатып алып кеткені мәлім. Біржанды осылай еркелеткен елінің сыйлап қыдыртуынан, ол өзінің бір шыққан сапарынан бір жыл, екі жыл, іә одан кеп жүріп зорға қайтқан.

Біржан Сарамен айтысқанда, қасында болған немере інісі Ақметжанның айтуынша, ән айтып, ел аралап шыққан бір жолында Біржан Абай еліне де келеді, одан Балқаш көлі маңындағы елдерге барады. Бұл арадағы Арғын руы мен Балқаштың құнгей бетіндегі Найман руы бақас отырады. Ол екі елдің шаруашылық, рушылық женіндегі бақастығынан басқа өнер салыстыру жөнінде де, яғни ақындық өнеріне байланысты бақастығы болатын-ды.

Біржан мен Сараның айтысина қарағанда, бұрын Арғын руынан Сарамен айтысу үшін бірнеше ақындар келіп, бәрі женіліп кеткен тәрізді. Оған Сараның мына сөзі дәлел:

*Найманның аруағынан кет садаға,
Әзәзіл бола берме екі арага
Жанатқа қобыз бен тап түк қылған жок,
Оңай ма сен сықылды бейшарага.*

*Кенишімбай іздел келіп кетті қаңғын,
Орынбай жеңе алмаған о-дағы аңдып,
Жол алды Жанақ қашан Сабыrbайдан,
Жаманың көтереді Ареын сөн гып.*

*Біржанды әке десе менсінбеймін,
Жаратты қызы да болсам сонша паң қып.
Секілді жынды бота бір делбені,
Құдайым тиірі қойған несін жан қып.*

Сарадан Арғынның ақындары женіліп жүрген сон, олар Найман еліне келген Біржаның кедейлігін жасырып, “Арғын ақыны” десе керек. Сондықтан да Біржан айтыста өз руының Керей екенін жасыра алмай, әрі аргындардың көнілін қимай: “Руы Керей Біржаның ұраны — “Алтай-Карпық” деп, Керей мен Арғынды қоса-қабаттап айткан.

“Біржан мен Сараның айтысы” революциядан бұрын екі рет кітап бол басылды. Бір басылуында Жұсіпбек Шайхолисләмов айтыстың басын Сараның өлеңімен бастайды:

“Кызы едім Тастанбектің атым Сара,
Ішінен ер Каптағай шықтым дара,
Он үште домбыра алып сез сөйледім,
Келемін бір сүрінбей жеке қара”, —

деп өзін таныстырудан басталады да, содан кейін Біржанмен айтысын баяндайды.

Ал айтыстың кітап бол екінші басылуында, Біржан мен Сараны іздең келе жатып, Сараның үйіне түседі. Сара үйінде болмай, жөн сұраса отырып, Біржан Сараның шешесімен, сінлісімен айтысып қалады. Сараны ат үстінен сұраған Біржанга Сараның шешесі былай дейді:

Сіздер кім? Не қыласыз Сара-жанды?
Кеш қылдың тыста тұрып атқан таңды
Іздесең айтысуга қарағымды,
Өзіндей сөзбен буган сан адамды.
Өзіндей сан жүйрікті сөзбен буган,
Ол-дағы сенен артық өлең қуған.
Әуелі меніменен айтысып көр,
Мен-дағы осал емес Сара туған.

Біржан:

Женеше-ау, көзің тіп-тік, сөзің аптық,
Аулынды құмарланған жаңа таптық.
Өнерсіз мендей жігіт көрінер ме,
Талайдың сіз секілді бетін жаптық.

Арғыннан серілікпен келдім орғыш,
Белдерді нелер асқар қаздыым жол гып,
Қауыннан жарылмаған тоятым бар,
Қатынмен айтыспаймын сөзді қор гып!

Кықсаның берекесі ұзынымен,
Жасармасаң қызаран жүзіңменен,
Бәс тігін өзіңмен-ақ айтысайын,
Некелес қыламысың қызыңменен?

Әйел:

Басыңа аллам неге қайырмасын,
Әурені құдай сендей бай қылмасын.
Бұрынғы жас құнделгім тоқтатпайды,
Әйтпесе өлең менің қай құрдасым.

Біржан:

Женеше осылай сөйлеп жолына көш,
Біз қылдың бір-екі ауыз көріп егес,
Сөзге сез келгеннен соң айта салдыым,
Болмаса кемпір менің тенім емес.

Біржан үйге түсіп қымыз ішкенде, Сараның 12—13 жасар сінлісі Біржанга былай деп тиіседі:

Аға-екеу-ау, қымыз қойдық алдыңызға,
Өнерге түспей жатып салдыңыз ба?
Ойламай қонақ жәйін салдықпенен
Пәлеес ашылмастай қалдыңыз ба?

Біржан:

Шырагым әрбіреуге-ақ өнер керек,
Тұтынық қаракөктен бәрің зерек,
Алдыңы апаңыз-ақ айта тұрсын
Бұл күнде дәл сенікі тым ертерек.

Қызы:

Аға-еке-ау, жүрген жерің күнде жиын,
Салғалы шығып па едіңіз елгө тыйым,
Сөзді іздел қайсымыз қаңғып жүрміз,
Болып па жастай айтқан содан қиын.

Біржан:

Сөзіңе жарықтығым жаңа қандым,
Бар болса тағы сөйле будан дәмдің.
Үяттан жас басынан өзің-ақ кеш,
Баламен сөйлесуге мен үялдым.

Қызы:

Мұныңың, сөзі қайда ақын десен,
Мінезі шодыры екен мақұл десен,
Байқап көр құрбықызды да аға-еке-жан,
Мені жас, шешемді қатын десен.”-

Сол күні Найман-Матайда Маман дейтін атақты бай-феодалдың баласы Тұрысбек Сараны ауылына қонаққа шақырып, өлең, ән айтқызып, сауық құрып жатыр екен. Біржан Сараны Тұрысбектікіне іздел барады. Ол кездегі ауыл әдетінде, келген қонақ үй сыртынан: “сөйлес!” — деп дауыстайды. Сонда үй иесінен біреу сыртқа шығып, конактан жөн сұрасып, үйіне түсуге ізет-ілтипат білдіреді.

Біржан ақын болғандықтан мұндай “сөйлесті” әрине, жай қара сөзбен айтпайды. Бірақ, бұл қатардағы қарапайым ақын айта салатын “сөйлес” емес, себебі бұл үйде атақты ақын Сара отыр. Онымен бірге Біржан үшін Жанак, Орымбай, Кеншімбай сияқты Арқаның атақты ақындарын жөнген ақын Сара қауіпті. Олай болса не істеу керек?

Сондықтан, Біржан осы “сөйлес” үстінде Сараның берекесін кетіріп, шоштыып, ықтырып алу керек. Сол се-

бепті Біржан “сөйлес” өлеңінің өзін екпінмен бастырма-
лата айтып, былай дейді:

*Бұл үйде Сара бар ма шықсын бері,
Іздеген келіп түрмүн Біржан сері,
Жолықпай сөзі өктемеді жүргөн шыгар,
Аулында Тұрысбектің олер жері.*

*Барабар сөзі теңдес адам болса,
Көңілімнің тарқауышы еді сонда, шері,
Сайраған Орта жүздің бүлбұлымын,
Арғынның Алтай-Карпың ақтан кері.*

*Кырандай желді күнгі аспандаймын,
Дауысынның көтеріле шықса тери.
Байқасан жер шамасын майталманмын,
Жасынан маёлүм маған қыз не дері.*

*Алтынның құміспенен нақысындаі,
Міні жоқ бізден шыгар сөз бедері.
Шатыр тік, көкмайсага, бір тайды сой,
Кешікпей шықсын үйден болса өнері.*

*Ақын, мұзбалашының жерге түспес,
Кең қолтық арғымақтың қолтыны іспес,
Басайын аптығымды тез шық Сара,
Сен түгіл әкендеймен болдым істес.*

*Осы үйде Сара бар ма, отыр негын,
Карсы уштай тоты құстай қанаң қағын,
Желқобыз, жez тағалың еңіреумін,
Кара тер шыққан сайын кетем ағып.*

Арқаның кең даласын жаңғырықтырып, өзегін
солқылдатқан Біржанның дауылды дауысы Сараны сес-
кендіреді: ол аптығып, алғаш үндей алмай қалады. Сонда
Тұрысбектің інісі Есенбек келіп Сарага былай дейді.

*Шырагым Аргынға орай бар ей Найман,
Бала едің атағынды жүртқа жайған.
Кең жерде келістіріп дүшар болмай,
Қапыда қажы үйіне келді қайдан.*

*Тартынба енді балам — деді қажы,
Адымың артық шыққан ат пен тайдан.
Антүрган сөзі бұзық көрінеді,
Бар еді бір кісідегі вленгеге айлан.*

*Аптыққан құ аргынды бір дөңгелет,
Ағана болсын осы тиғен пайдан.
Өнерің үлдан артық қарғым-ай,
Тұрайын мен де тілеп бір құдайдан.*

Дауылды дауыстан қашқан Сараның құты өзіне қайта-
оралды. Ол құтты оралдырган — ел намысы. Сара
Біржанның “жазы-қысы” іздеген, Матаидың бүлбұл құсы”.

Сараның намысы — өз басының намысы ғана емес, барлық Найман елінің намысы. Ол намысты Біржанға жиберсе, жалғыз Сара емес, барлық Найманның жағасы жығылады. Міне, осы ой Сараның қашқан күткін қайтарып, ол ақындық қайратын бойына жинап, жігермен сыртқа шығады.

Біржан “қызды қатты сұлайды”, сондыктан ол Сараны көрген соң құрмет қып аттан түседі. Бірақ, аттан түсуі түскенмен, Сарага кішірейіп баруды ар көріп Біржан тұрады. Сараның да оған кішірейе койғысы келмейді. Сонда Біржан:

*Осы ма еді, Матайдың бүлбүл құсы?
Көп сұрап жаңа таптым жазы, қысы!
Әуелі қазақшылап көрісейік.
Жарқыным берірек кел жасың кіши.*

*Баласың менен ғөрі жасың кейін,
Ежелден мениң сөзім қызыга бейім,
Бері кел амандасадам Сара жазсан,
Тоқталып өвегелесің неге кейін?*

*Мен Біржан қызыга барман аяғымнан,
Шын қызысам дәуірлеймін баяғымнан,
Бері кел үргашылық, қылма жаным,
Дәндеме Наймандағы саяғынан.*

*Найманның болады екен қызы надан,
Улгісіз неткен халық түрі жаман,
Ағада іні келер біздің елде,
Көп бол па сұрасуға есен-аман.
Баласы Кожағұлдың Біржан салмын,
Сен түгел сенен артық құмар маган.*

*Жалымнан үстаган қыз арман қылмас,
Жібек жал арғымақтын тұмарлаған.
Алмайтын еркек тілін жының бар ма,
Адам да сөз айттамын Сара саган.*

Қазак әдетінде жасы үлкеннің жолы үлкен, жасы кіші жасы үлкенге барып амандасуға міндетті.. Бұдан Сара тосылады. Бірақ бұл оның женілуі емес, егер айттыспай жатып сөзден тосылса, Сараның ақындығы қайда? Сондыктан Сара дәлел іздел, ол дәлелді Ислам дінінің тарихынан табады. Пайғамбарлардың тарихын айтатын “Қиссасө-әл Әнбия” атты кітапта Адам-ата Хауа-анаға кішілік қып бүрын барған. Іс жүзінде әйелдің күн ғып үстаганмен, мұсылман, шығыс елі әйелдің жолын үлкен көреді. Сара осыны таяныш қып Біржанға былай дейді:

*Ей, Біржан, кімге дәрі амандағығын,
Сөз білсең бүлда сенің жамандығың,*

*“Күссасө-әл-Әнбияні” көрмеп не едік,
Делқұлы маглұм болды нағандығың.*

*Адамды топыракттан жаралықан хак,
Білінсін нағандығың бүл сөзге бақ,
Хауаға бұрын барған Адам-ата,
Жоқ, па еді естігегенің мұны да ақымақ,*

*Даныштан білеіш не деп ойлауши едім,
Аргын да жүреді екен жоқты мақтап,
Найманда екі жүзді нар кескемін,
Желкеңді құмаш үшін қойған сақтап*

*Тозаңың анда-санда бір бұрқ, еттер,
Сабасам бейпіл тілді екі жақтап.
Келдің бе, күн көргелі құрбыым Аргын,
Жинауга сынық, малта Найманды ақтап,*

*Артыңың, ашиларын бір білерсін,
Көрпендей жамылсаны бойға шақтап.
Кетерсің жерге кіріп жынды антурған,
Шын қазсам асты-устінді жездей қақтап.*

*Емес не делқұлдығы Біржан салдың,
Кісісін жететуеви жана тапты-ақ.
Талпынған жас баланың білегіндей
Колымнан үстаптаймын, сен ишке, әппак.*

Бұлар, әрине, Біржанды ашындыратын сөздер. Айтыста Сараның сөзден оңай алдырмайтындығы алғашқы адымынан-ақ байқалды. Ендеше не істеу керек? Бұрыннан келе жатқан айтыста оңай бір әдіс бар. Ол, егер қызға қалың берген күйеу жаман болса, соны бетіне басу. Айтысар алдында ақындардың өзіне карсылардың кемшіліктерін, міндерін әшкере етерліктей деректер жинауы дағдылы жағдай. Біржан да Сараға кездесерден бұрын оның кемшілік, осал жақтарын сурастыра келген. Сараның “міні” қалың берген күйеуі Жиенбайдың жамандығы, оны Біржан естіген, Айтыста ақынның қайсысы да карсы жағын тез женгісі келеді. Олай болса, көп тоқталудың қажеті жоқ, бар мінін тез айтып, тез жену керек. Біржан осылай істеп, Сараның “мінін” бетіне басады.

*Мың жарым жылқы біткен Қожағұлга
Сойлемткен сені Найман балап ұлға
Асықтай ақ жамбаны аспанға аттыым,
Кызығып жүргенім жоқ алар нұлға.*

*Күшігінен асыраған өлексіндей,
Азғындал шөктің Сара жылдан жылеа.
Кырсығың өз басынан арылған жоқ,
Маржандай кеселінді тізсем қылға.*

*Колыңды үстаптайтын ерке болсаң,
Келімсек әкең берді неге құлға?*

Сөзіңе таң қаламын шыдай алмай,
Айтқаным кетті саган үнай алмай.

Көзінді күшік құрлы бір ашпассын,
Кортиган шірігенді құдай алмай.
Есекке қосақтаулы бір қашырысын,
Күң сырын көпке жаяр шыдай алмай.

Жарайды, жаным, Сара, сойлер сөзін,
Сүйенген қызыл тілге шын сорлы вәін,
Калмақтай қолға түсken ықтиярсыз,
Төрт болар құлға барсаң екі көзің.

Көз жетпес әндерімнің өрісіне,
Құдайдың ризамын берісіне,
Секілді қортық тайынша бармақ, байын,
Бір қойдың сияр тұлым терісіне.

Алыстан тілеп үшқан тұз құсындаі,
Біржанның жүрт таң қалар келісіне.
Кайылы қара кемік байтал түеіл,
Аргымақ ат шыдамас желісіме.

Бәйге ат та серпінімді шалмайтұғын,
Әр қашан жүрт таң қалған жүрісіме.
Мойыным жүзеген құдай ішледі,
Орта жүз ән шырқасам сүйінеді,

Аргынның жалғыз тоны қолға түссе,
Төрт найман орта бойлы күнеді.
Найманда байлық бар ма, біздің елдеі,
Жүрсем де күн көремін мұнда келмей,

Кыз сөзін кек көрмейтін шайтаным бар,
Онымың тастамаймын вәім өлмей.
Атадан Біржан сал бол тұдым артық,
Ураным әр Карқабат, Алтай-Карпың,

Ақкумен аспандагы әң қосамын,
Козгасам аңы қүйді түптеп тартып.
Кырмызы асыл бекзат өнерім бар,
Самгаймын бәйгі атындаі тартып-тартып.

Кыз итті сыйлайтұғын бір мінезім,
Кетер ме, ерек болсаң бір-ақ тарып.
Көкшетау дуанына даңқың барған,
Мен Біржан Алтын тудай айқындаған,

Есіткелі Сара сені уш жыл болды,
Сері едік төнірекке қанат жайған.
Тұлкінің жүгірісін қыран байқар,
Ойласаң сөзің емес маған айтар,

Канды көз май жей алғыш ақиықпана,
Сен түгіл қасқыр көрсем бір-ақ шайқар.
Түстіктен жүрт таң қалар көргеніме.
Жеңбесем қуанбаймын келгеніме,

Ақ марал осы жолы құтылып кет,
Аргынның душар болдың мергеніне.
Өзімдей бір басты, адам сөз білмейді,
Құдайдың ризамын бергеніне.

Апшыңның қуырылып қай кеткені,
Өтірік енгелетіп желгеніме.
Кыз сөзі бапқан сайын жаңым кірер,
Карамай қапты сөйле өлгеніме.

Көзімнің Қекшетаудан қыры түсті,
Қаптағай Аталақта жүргенімде.
Басайын болсаң да аю аптығыңды,
Коймаймын жаман құсса көрсөніце.

Біржан Сараның қүйеуін қанша жамандаганмен оның
ең басын кемітпейді, қайта оны қастерлеп, көтермелейді.
“Кекшетау дуанына даңқың барған”— деп Сараның атагы
барлық қазақ даласына тарағанын айтады; “тұлқінің
жүгірісін қыран байқар”— деп оңайлықпен алдырмайты-
нын айтады, “жарайды, жаңнан артық сөйлер сезің”— деп
ақындығына разы болады, “ақ марал осы жолы жығылмай
кайт”— деп ардақтайды. Біржаның Сарадан барлық та-
бар “міні”, “кемшілігі— қүйеуінің жамандығы. Оған Сара
емес, заман айыпты екенінде Біржаның жұмысы қанша?
Оған Сараны жену керек.

“Сара да ”күйеуім жақсы”— деп таласа алмайды. Жа-
манды — жақсы деп қалай талассын! Аяғына тұскен
қалыңмалдың темір тұсауын үзем деп қалай айтсын! Үзуге
әлі келе ме? Сондықтан Сара Біржаның бүл “айбыны”
тура жауап бермей, жалтаққа салады. Біржаның елі мен
ең елін салыстырып, тақырыпты басқа жаққа аударады.

Біржанға қайтарған жауабында Сара да Біржаның
қара басын сыйлап қасиеттеп:

Ей, Біржан, жасың үлкен, өзің ага,
Кымбаттығың белгілі білсең бага!—

деп ардақтайды да, содан кейін,—

Камысты терең көлдің сұксырымын,
Қаңырган індермеймін қаршығаға!—

деп күйеуі жөнінде жеңілсе де, елін таяныш ете сөйлейді.

Ежелден сен белгілі жедің көрік,
Таң қалам сұулетінді сенің көріп,
Сені айдан ажалаңқа алып келген,
Күт Маман, ер Шерубай қасыңа еріп,

Сөйлемпей шыға сала кеттім дерсің,
Түрімді байқаттайын сөйлеп беріп,
Карны ашқан қырсыңы бар еркек мысық,
Сасық дер аузы жетпей майдан жеріп.

*Кездеспей мен сыйылды өнерпаза,
Дәндеме жүрген күннен тезек теріп.
Өлеңді қолқа қылсаң ағыттайын,
Самарқан жибергіндей оннан өріп.*

*Әништейн сыйайы деп қимай түрмүн,
Көзінді төрт қылар ем иттіей көріп
Аузыңды тарта соғып Біржан батыр,
Жарамас жүдеп қайтсаң ізден келіп,
Тартылып тараразыга тәң келмессін,
Тірілсөң ертең кешке, бүгін оліп.*

Бұдан әрі қарай екеуі де елдерінің күшін, байлығын салыстырады. Бұл мәселеде Сара Біржанға алдырмайды, кейде тең, кейде асып түсіп отырады, екі жағы да ез елінің байын мақтап, қарсы елінің байын жамандайды, міндерін қазбалайды. Осыдан барып, басқа айтыстардағы сияқты объективті түрде екі жақтың да байлары мен әкімдерінің қанауышылық қылыштары ашылып, халық алдында жамандықтары жарияланады.

Өзге сөзден тоса алмаған Сараға Біржан күйеуі туралы қайталап ескертеді:

*Жақсыны көрмек үшін деген Сара,
Ел қамын өзің түгел жеген Сара,
Мырзанды шт Жиенбай мұнда шақыр,
Үялып бөгелесің неден Сара.*

Сара Біржанмен таласпай, ағасы Есенбек қажыға сез сөйлейді. Бұл сез Сараның: зорлықшыл, қалыңмалышыл, әйел тенденсін табанына басқан қанауыш тапқа, үстем заманға айтқан үкімі, сүм заманың қара күйесін, сол заманың ез бетіне жағуы тәрізді. Есенбек қажыға Сара былай дейді:

*Адамға жол бермеген қайран тілім,
Күні өшіп, қор бол отті-ау, қызыл ғулім,
Сіздерден үялғаннан үндемеуші ем,
Есекке қосақтаулы отті-ау күнім.*

*Алтайдың саңғалығымен соғыллессем де,
Жоқ, еken жүйрік иттіей өлем құным.
Сіздерге сенетүеын сорлы басым,
Келгенде Жиенбайга шықпайды үнім.*

*Біржанға шақырып көрсет Жиенбайды,
Кім сырттан меникітенбес тегін бұлды,
Үяттан кісі өлмейді, сагы сынар,
Кайтейін құдай қосып, ием қылды.*

*Итінді келмесе де келтір байлан,
Өлмейін қапа болып кунде қайнап,
Ағалар нәсіліңе дұрыс болса,
Құдайға тапсырамын "Каптағайлан".*

Кажы аға, көріп келдің ҳақтың үйін,
Мен түгіл бөтенге де зорлық қызын,
Жиенбай ерім болып тұрада ма екен,
Күнінде таңда машиш болса жыйын.

Басымды аши, көнілімді ала қылмай,
Кетсек де өкпелеймін бала қылмай,
Әйттеуір сәлем айтып шақырттайын,
Біржанға вәзімді-вәзім таба қылмай.

Сәлемде Жиенбайға келсін жатпай,
Келуге шошынаңы неден батпай?
Әркімнің қолда бары вәзіне алтын,
Біржанға бір тыңдағын тұрмын сатпай.

Тез келіп амандассын Біржан салға,
Көрінсін айбаттанып Аргын шалға,
Қояды әркім теке вәзін ылагын,
Әйттеуір мені сатып алды маға.

Кылмасын дос “Жиекем” сөзге сыннық,
“Шәрбәттан ағып жатқан сөзі тұрық”,
Камалдан тартынбайтын газиз “ерім”,
Көлге кеп түсін кетсін көзін жұмып.

“Асылым” құдай берген вәзі багыма,
“Тел келмес” жеті Біржан тыңдағына,
Найманда улы дария “саяқкерім”,
Балық бол ілінгенімін қармағына.

Бесіннен қалмай келсін жаны болса,
Бөгелмей жетектерсің алі болса,
Сұраған елден қайыр кедей Біржан,
Алмай ма, мендей қызды малы болса?

“Көрінсін саяхатпен мениң “серім”,
Сол еді “құдай қосқан” барап жерім.
Керейгеге қонақ, асы тай әкелсін,
“Талапты” Атынтайдаш жомарт “ерім”.

Сара “серім”, “құдай қосқан”, “талапты” “ерім”— деңгөн сөздерді шын көнілімен айтып отырган жок. Ізамен, ашумен, кекпен айтып отырганы өз-өзінен белгілі.

Жиенбай женінде Сара Біржаннан женіледі. Әдетте женғен ақынның масаттануы бар. Біржан женғеніне масаттанбайды, Алатаудың “ақ маралың” арам оқпен атып түсіргеніне ол ренжиді. Өзге сөзден женілмей, күйеуінің жамандығынан женілген Сараны Біржан аяйды, ол Сараны “женідім” деп мұқату орнына, достық сөзін айтады, ерекіспен ренжіткен көнілін аулауга тырысады.

Шырагым Сара, сендей тұмас бала,
Шешеннен туармысың мұндай дана!
Обалың Есенбек пен Тұрысбекке,
Күйеуің жаман екен, ей бейшара!

Ел-жұртың қорықпайды еken көз жасынан,
Сан жүйрік көріп едім мен жасынан,
Кемітер дүшпән, шіркін, қай жерінді,
Адамзат озар емес бір басынан.

Жіберме Жиенбайға шақыруды,
Өнерсіз үйде білер "ah" үруды,
Құр қайтар жігерінді көргенмен соң,
Алдырма жігері жок; кәпірінді.

Күйеуің жаман болса оял көзін,
Салеммен шақыртасың кел деп өзін,
Сырыңды білдірмей-ақ, айтсаң-дағы,
Жаманды жақсы қылған есіл сөзің.

Мақтамай көрсет көзге келтіріп-ақ,
Сөзбенен жудеттің гой өлтіріп-ақ,
Ұялмай осы топқа келер ме еken,
Өнерсіз жігері жок; жетпегір-ақ.

"Жиенбайды шақыр" деген сөзді Есенбекке кекетіп
айтып тұрган Сара өзі ашып, "куйеуінің" қандай
"қасиеті" бар адам еkenін былай сипаттайды:

Кажыеке-ау, кісі жібер балаңызға,
Көрсептеп жігітті үрлан қаламыз ба,
Сыртынан мақтасам да керек болды,
Әззіл болды Біржан арамызға.

Өзінің құла жорғаң барсын оған,
Жиекем "қалмақ ерін" салсын оған,
Біржанды бір қаққаннан қалдырmas ем,
Құдаіым мені қайдан қосты соган?!

Күнжыйып мінер құла жорга барса,
Келе алмас сол шірігің қорғаласа,
Масқара рас бізді сонда қылар,
Корс етіп "бармаймын" деп үйде қалса.

Кісі емес ол намыстың үққандай-ақ,
Ербиер иесіз таудан шыққандай-ақ,
Күжірейт жауырыны келер ме еken,
Он матта арқасына тыққандай-ақ.

Бар еді ұлы-қызың, ей қажы-ага!
Калдым гой Біржан деген беймазага,
Сіздердің болып тұрган заманыңда,
Дені сай кез келмедин бір тазага.

"Арғынды бір дөңгелет" деп едіңіз,
Мен түгел жүрттың қалын жең едіңіз,
Меккеде зыярат қып "Байтотталаға",
Бағыма аман-есен кеп едіңіз.

Көрмейісіз менің неге көз жасынды?
Осымен токтатылып сөз басылды,
Жиылған Каптагайдың манаптары,
Олжама айырып бер өз басынды.

*Сөйлемдім аргы-бергі сөзді теріп,
Ешиәрсе ойламауышы ем сізді көріп,
Келгенде Жиенбайдан босқа өлемін,
Біржанды тоқтатыңыз сыйын беріп.*

“Женілдім” деп Сараның өзі айтқан соң, Матай елі Біржанға бәйге ұсынып, ат, шапан, тағы сондай тарту-таралғы сыйлар береді. Серілікпен “асықпай ақ жамбыны аспанға атып” жүрген, өлең, мен әнінен, халықтың сауығынан басқаны қажет көрмейтін, мал жинамайтын, міндегі — мал жиып баю емес, халыққа әнімен қызмет ету деп үққан Біржан бәйгенді не қылсын.

Біржан жеңгенине, бәйге алғанына масаттанбайды, бәйгенді алып кете бармайды, ол Сараның бас бостандығына қайғырып, соны нақтап кетуді ойлады.

*Сөйлейді, сонда Біржан Найман жақза,
— Ұмытпан, Сара, сені ешуақымта!
Тенелген сөзге жетік есіл гөзел (ғазел)
Көремін қайта айналып қайсы шақта?*

*Сөйлеген алтындаі қып сөздің жезін,
Сынасып сан жүйрікпен көрдім взім,
Сайраган бейне үжмақта бұлбул құстай
Үқсаттым Сара сұлу айтқан сөзін.*

*“Қаж” барған Қаптағайдың арыстаны,
Жалғыз сен осы күнде данышпаны,
Өзіңе құдай беріп тұрган кезде,
Дүшпінның топ етеді алысқаны.*

*Есенбек жоққа сатпа асылыңды,
Сыйлай көр қыз да болса нәсіліңді,
Жақпаса “Аргын жоқты айтты” дерсін,
Улғі қып құлағыңа ал осыннымды!”*

Жалпы “Біржан мен Сараның айтысы” жалғыз мазмұн жағынан ғана емес, жоғарыда айтылғандай, түр жағынан да казак әдебиетінде ерекше орын алады. Бұл айтыста, бұрынғы айтыстардағыдай, магнасыз, ала-құла өлең кездеспейді. “Біржан мен Сараның айтысы” ақылмен өлшеніп шықкан, ішінде көлденен, артық сез жок,— жазба әдебиетінің жақсы үлгілері сияқты. Өзге айтыстардың көбі сюжеттік жағынан бірынғай келе бермейді. Көп айтыста ақындар бірді айтып, бірге кетіп, бірсесе дінді, бірсесе ғұрыпты, бірсесе махаббатты сез ғып, пікірін бірде ашық, бірде жұмбактап айтып, айтыстың мазмұнын шұбарлап жібереді. Біржан мен Сараның айтысында осындағы сюжет шұбарлығы жок. Бұл айтыстың өзегі біреу ғана, ал — қалынмалды әшкерелеу. Осы тақырыпты айтысушы екі ақын да дұрыс алып шығады. Айтыстың мазмұны ха-

лықтың ойын толғандыратын тақырыпқа құрылғандықтан тілі де таза, көркемдік жағынан да жоғары дәрежеде.

“Біржан мен Сараның айтысы” жалғыз мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да қазак әдебиетінде ерекше орын алатын айтыс. Бұл айтыста бұрынғы айтыстардай:

“Кара кемер, ау, жаным, қара кемер,
Айналып қара інгенді тайлақ емер,
Бізге айдақ құдайым кез келтірді.
Мұнәйім жібекіндей өлең жібер”.

Немесе:

“Шыны кесе, ендеше, шыны кесе,
Береді ер тілеуін құдай десе,
Өзіңдей құдай айдал кез келгенде
Айта көр өлеңіңді жөні келсе”, —

деген сияқты мағынасы шұбар өлең кездеспейді. “Біржан мен Сараның айтысы” ақылмен өлшенип шыққан, ішінде көлденең, артық сез жок,— жазба әдебиеттің жақсы үлгілері сияқты.

Өзге айтыстардың көбі сюжеттік жағынан бірыңғай келе бермейді. Кеп айтыста ақындар бірді айтып, бірге кетіп, бірсесе дінді, бірде жұмбактап айтып, айтыстың тақырыбын шұбарлап жібереді.

“Біржан мен Сараның айтысында” осындай сюжет тақырып шұбарлығы жок. Бұл айтыстың тақырыбы біреу ғана, ол — қалыңмалды сөгу. Осы тақырыпты айтысуши екі ақын да айтыстың өнбайында тура алып шығады.

Айтыстың мазмұны — халықтың ойын толғандыратын тақырыпқа құрылғандықтан түсінікті болса, түр жағынан оның түсініктілігі — тілінің таза халық тілімен, және халықтың көркем тілімен құрылғандығында.

“Біржан мен Сараның айтысында” образ өзгешелігі де ерекше көзге түседі. Біржан мен Сара айтысқан кездегі қазак ауылышындағы басым шаруа — мал. Қазак халқының ол кездегі кәсібі, күн көрісі — мал өсірушілік. Мал шаруасымен тіршілік еткен ауылдың түрмисын “Біржан мен Сараның айтысы” сияқты, сол кездегі көркем шығарманың қайсысы болса да, көрсете алғаны болған жок.

Ол кездегі қазак елінің түрмисы шаруасымен байланысты.

Ерте кезде қоныстанып, егін кәсібіне айналысқан елдердің (ағылшын, орыс т. б.) фамилияларында болмаса, есімдері қазак аттары сияқты болып кездеспейді. Орыста: Баранов, Козлов, Собакеевич, Сусликов, Орлов дейтін фамилиялар үшірасады, бірақ бұрын: Баран, Козел, Со-

бака, Суслик, Орел — атты адамдар орыс елінде болды ма, жоқ па, ол мәлім емес, мүмкін, орыс елінің қоныстанбай, мал шаруасымен, аңшылықпен жүрген кезінде ондай атты адамдар болуы, бірақ, бертінде, осы күні жоқ. Қазакта ондай мал, аң құс аттары қазірде кездеспейді.

Адамды малға, аңға, құска тенеу казақ әдебиетінде үят емес, қайта келісіп тұрады, ал, ерте қоныстанған егінші елдерде ол жоқ. Мәселен, қазакта адамды жылқыға бейнелеу үят емес, ал орыста жылқыға тенеу — маскаラлау.

Көлденен әңгімеге көп көшпей, “Біржан мен Сараның айтысына” оралайық. Бұл айтыста аңшылық пен малшылық тұрмыстан алынған соң ба, образ көп қолданылады дедік кой. Соған мысал алайық.

Біржан-сал Сараның алдында өзін мактағанда:

“Жалымнан үстәванды арман қылmas,
Жібек жал арғымақтын тұмарлаған...”
“Кең қолтық арғымақтын алқымы іспес...”
“Желқобыз, жez тағалы еңреумін,
Кара тер шықкан сайын кептем ағып”.
“Қысқартам адымықды бір-ақ аттап,
Арындан дауірлеімін барған сайын...”

немесе

“Ой желке, қамыс құлақ қара-көкпін,
Тұнықтан сүзіп ішпей қанбайтүсын,
Байқаған жер шамасын майталманмын”—

дейді. Осының бәрінде Біржан өзін жүйрікке, жорғаға тенеп, өлеңін жүйріктің шабысына тенеп отырады.

Ескі феодалдық ауылда әйел тенсіздігінен шығарып, үргашы малды жаман образ есебінде қолданатын болған, әйелді еркектер кеміткенде “байтал шауып бәйгі алмайды” дейтін. “Біржан мен Сараның айтысында” да осы бар. Біржан Сараны кеміткенде:

“Болдырып түстен кейін сандаларсың,
Байталсың қапелімшіл бір жел қуық”—

дейді. Сара да өзін жүйрік атқа тенеп:

“Жай таспаң құлашымды кең сермеймін,
Сен туеіл Кожағулдан бір шошынбай,
Карамды әр жерден-ақ көрерсің,
Соңымнан үмітті бол қалмасаң да”—

дейді. Бірақ, Сараның өзін бұлайша малға тенеуі Біржан өлеңіндей кең масштабта емес, аз. Оның орнына Сара

“бұлбұл, гүл, жібек, алмас” сияқты әйелге лайық тенеулерді көп қолданады.

Біржанның аңшылықтан қолданатын образы — бүркіт.

“Ақ марал осы жолы жығылмай қайт,
Алтайдың душар болдың мергеніне”—

деп ол өзін мергенге де тенейді, бірақ бұл теңеу көп қолданылмайды.

Естігелі Сара сені уш жыл болды,
Кыран ем төңірекке құлаш жайған”—

дәп, тәндесін іздеген кезіндегі сезімін Біржан тоят тілеген бүркітке тенейді. Ақындық дәрежесінің биіктігін Біржан —

“Ақшық, мұз балақыны жерге туспес”—

деп, тауда, табиғаттың сұсты райында, биікте өскен бүркітке үқсатады. Ән шырқағандагы зор дауысын ол:

“Кырандай желді құнғы аспандағы
Дауысының көтерілер шықса тери”—

деп сипаттайтын. Сарамен айтысқан минуттарын —

“Тұлқінің жүгірісін қыран байқар”—,
“Қанды көз май жеп алеңиш ақиықтын,
Сен түгіл қасқыр көрсем бір-ақ, шайқар”—

дейді. Бұлай деуі өзінің алғырлығын айтқаны. Әдетте, аңға саларда, бүркітті ашықтыру үшін оған “ақжем” беретінін аңшылыққа қатысты жоғарыда айттық. Қанды, майлы етті жесе, бүркіт тояттап, аңға түсе қоймайды, селқос үшады, не аңды қумай отырып қалады. Қанды, майлы етті жеп аң алатын құсты аңшылар өте сирек кездестіреді де, оны аса бағалайды. Біржанның “қанды көз май жеп алғыш ақиықтын” — деуі осыдан. Бұл оның “бап талғамайтын, жеңбей қоймайтын ақынмын” дегені.

Біржанның бұл образына Сараның қарсы қоятын обrazы үйрек.

“Қамысты терең көлдің сұксырымын,
Каңғырган ілдірмеймін қарашырага”—

дейді ол. Үйрек, былай қарғанда, ақынға олқы сияқты, ал шынында, бұл өте табылған образ. Эрине, әр тендеудің келісімі болуы, окушы нанатын тендеуі болуы тиіс. Абай аттың құлагын “қамыс құлақ” деп қиған қамысқа теңемей, “бұтақ құлақ” десе ешкім нанбас еді. Сол сияқты дene күшін ерлермен салыстырып, аң алғыш қыранмын

десе, Сара сиякты XIX ғасырдағы ауылдың қызының бойына лайық болмас еді.

“Қамысты терең көлдің сұқсырымын” — деген сөз Сарага екі жақтан үнайды: бірінші — сұқсұр үйрек дегені, кішкене және үшқыр үйрек, оны қаршыға мен лашынның ен үшқыры ғана алады, шабан құска ол үстаптайды. Сұқсұр өте сак үйрек. Ол көбіне күндіз көлдің тереңінде жүзіп, тұнде, інірде ғана үшады. Көлдің тереңінен үйрек ешуақытта қыран құска алдыrmайды, ол суга сұңгіп кетеді. Міне, бұл сипаттың бәрі Сарага келеді.

Әрине, Біржан мен Сараның айтысындағы мазмұндық және көркемдік қасиеттердің бәрін бұл очеркке сиғызуға болмайды. Сондықтан, мұны әзірге осымен аяктаймыз.

* * *

Айтыс жанрының ішіндегі бір көлемді саласы — әдет-ғұрып айтыстары. Айтыстың бұл түрі өзара түрлі тарауға бөлінеді. Бірнеше мысал келтірейік:

“Жар-жар” айтыстың көне заманнан келе жатқан түрі және сипаты жағынан оншама өзгеріске үшырамаган сиякты. “Жар-жар” қызды үзатар алдында болатын айтыс. Қыздың тойы болып еткен сон, той таратын кезде бозбалалар қыз отырған үйге келіп, үзіктің жабығын түреді де, үзатылатын қызға өлеңмен қоштасады. Бозбаланың қоштасып айтқан әрбір ауыз өлеңіне үзатылатын қыз жауап береді. Олардың қоштасу өлеңі (жар-жар) былай болып келеді:

Бозбала:

*Кара насыр замандас,
Кара насыр жар-жар-ау!
Кара мақпал сәукеле
Шашың басар жар-жар-ау!
Мұнда әкем қалды деп,
Кам жеменіз жар-жар-ау!
Жақсы болса қайын атаң
Орын басар жар-жар-ау!*

Қыз:

*Есік алды қара су
Майдан болсын жар-жар-ау!
Ақ жүзімді көрсөндей,
Айнам болсын жар-жар-ау!
Кайын атасы бар дейді,
Бозбалалар жар-жар-ау!
Айналайын әкемдей,
Кайдан болсын жар-жар-ау!*

Осы қалыппен жігіт: “Қара — насыр” деп бастап, қыз “Есік алды”— деп бастап, жігіт те, қыз да, қыздың туысқандары мен күйеудің туысқандарын бір-бір аузынан мен айттып шығады. Бозбаланың өлеңіндегі “әкенің орнын қайын атаң басады, ағаның орнын қайын ағаң басады, ініңің орнын қайын інің басады, сіңліңің орнын қайын сіңлің басады, уайым жеме” деген сөздер айттылады. Қыз бұл жұбатулардың бәріне қарсы боп, қайын жұртының ешқайсысы да өз туысқанындағы болмайтынын айтады.

“Жар-жардың” ескі заманнан өзгермей келген мұнан басқа үш түрі бар. Бертін кезде, Ақан-Сері, тағы сондай ақындардың шығарған “жар-жарлары”, бар, олар жаттанды әбден қалыптасқан текстер емес, жаңа сөзбен, жаңа мазмұнға құрылған. Ал, ескі “жар-жардың” бір қалыптан өзгермеуіне ғасырлар бойы көшпелі түрмис құрып келген казақ халқының жағдайы да себеп болу керек.

Қазақ елінің саяси-экономикалық түрмисіна, әдет-ғұрпына кірген өзгеріс, казақ халқы Россияға бағынып, Россия капитализмінің ықпалына түскеннен кейін ғана болады. Әйткенмен, ескі ауылдағы патриархалдық-феодалдық салт-сананың көп тармагы Октябрь революциясына дейін келуінде талас жоқ. Әдет-ғұрып өлеңдерінің, оның ішіндегі “жар-жардың” нәлер заман өзгермеуіне себеп осындай жағдай деп түсінген дұрыс.

Айтыстың бір түрі — қыз бен бозбаланың өлеңмен әзілдесі. Мұндай айтыс көбіне ел аузында айтылып жүрген жаттанды өлеңдерден құралып, айтыс үстінде, оның мазмұнына, тақырыбына қарай кейбір шумактар, иә жолдар жаңадан шығарылып, өзгеріп отырады.

Қайымдасу айтысының басы қыз-бозбаланың жастық әзілінен басталғанмен, аяғы әлеуметтік маңызы бар мәселеге согады. Бұған бір-екі мысал келтірейік. Мәселен, Күйкентай қыз бен Оспантай ақынның айтысының басы әзілмен былай басталады:

Жігіт:

*Басы алтын өлеңімнің, бақайы жез,
Кез болдың әріптестен онынан тез;
Іздеген суралғанға душар болса,
Әр түрлі ойда жүрген айтылар сөз.*

Қыз:

*Сырты алтын өлеңімнің, іші күміс,
Шабыста, желісте бар, жорға жүріс.
Жан жетпес желісіме сау желгендегі,
Жарайды төтеп берсе біздің біліс...*

Жастық әзілі осылай басталып, біраздан кейін бір-бірінің мінін айтуга, жөні келсе сықактауға айналады.

Қыз:

*Сақалыңды айнаға көрші қарап,
Ту құйрықтан маңызды төрт бес қадақ,
Аулыңдағы бақалға күзеп сатсаң,
Алты сабын береді, жеті тарақ.*

Жігіт:

*Олай деме ақын қыз, тіліңді тарт,
Толып жатыр аулыңда сақалды қарт,
Түгенбай, Түгелбайдың, Изелбайдың,
Сынырып жақсы болса, сақалын сат.*

Қыз:

*Кекірдектей кептеннің үңгышы бар,
Біздің елде сақалды мың кісі бар.
Катарыңан сақалың ерте шықкан
Күзеттепін сондықтан қылмысы бар...*

Жігіт:

*Өлеңде шабыс та бар, жарыс та бар,
Өр кезең, өріс те бар, тегіс тіе бар.
Баласы көргендінің жақсы айтады,
Аузында қос қалқаның періштеге бар.*

Қыз:

*Өлеңде шабыс та бар, жарыс та бар.
Бересін не болмаса алыста бар.
Мереке күн де мұндаи даяр болмас,
Бозбала барың болса қарыштап қал.*

Жігіт:

*Кара ойдың қыран болар қарышасы,
Аузынан сөзім балдаі тамашылаши.
Сыртыңан аттай қалап келдім ізден,
Бар болса сүйегінде қамишылаши.*

Қыз:

*Өлеңді айт дегенде ақын бастар,
Жаманды сыйбаздан құры тастар,
Жақсының қайда барса жаттығы жоқ,
Жат болма, жақсы болсаң замандастар...*

*Жігіт бар, жігіттө де тымырайған,
Бөрікін баса күіп жымырайған,
Түн болса әр ауылдың сыртын торып,
Кептейді күні бойы жылга сайдан.*

*Онда жоқ, кісі сыйлау, шеше сыйлау,
Күдайдың бір қисығы қыңырайған,
Көргенде сол жігіттің денем үркіп,
Сөздерін жек көремін сүмырайдан.*

Әйел мен ер адамдардың айтысы осылай ойын-күлкі, әзіл-оспактан басталғанмен, әйел тендігі үстемдік құрган замандағы әйелдің ауыр тіршілігі, әйел күйбені үйде өтетіндігі сез болмай қалмайды. Бұдан Тәбия мен Омарқұлдың айтысы дәлел болады:

Тәбия: *Усташып қазан-ошақ, аяқ-табақ,
Сорлы қызы бөтөн елге кімге барад,
Кеше қызы, бүгін қатын, несі қызық,
Койсайши, жаратқанша жаратпай-ақ.*

Омарқұл: *Дүнше кейде орта, кейде толы,
Атанаң айнымайды салған жолы,
Алдына әйел деген бір тайпа жүрт,
Тәбия арман қылып айтпа соны.*

Тәбия: *Жылауды, жырау қылып мен айтамын,
Өзіңдей замандастың көп айтамын.
Үл болсам өзіңдей бол жүрмес пе едім,
Арманга өзімді айтпай, мене айтамын.*

Омарқұл: *Адамдар зерек болмақ ақылы мол,
Қажыма ақыл, қайрат айтқаным сол.
Еліңе барған жерде елеулі бол,
Халқыңа қадірменді қалаулы бол!*

Тәбия: *Жарайсың, берекелді замандасты.
Күмеандай күзеттерміз, оттың қасын.
Елеулі елге келген бір келін деп,
Устаяга қимас сірә елдің басын.*

Омарқұл: *Ардақтап әділ күтсең ата-атаны,
Бар еді жақсы-жақсы баталары,
Үятты иманындаи күткен келін,
Халқына қалаулы бол аттанады.*

Әкесінің “алтын босағасын” аттаған қыздың келіншек болғаннан кейін көретін кемшілігін, тенсіздігін сипаттай келіп, Тәбия қызы алдағы қунде қалыңмалдың зорлығымен тигелі отырған күйеуін былай суреттейді:

*Күйеудің де өліпті баласы аштан,
Сондай жері болмаса күйе қастан;
Тогыз таздық ауылы аттанады,
Күрт жайлаган қып-қызыл жалтыр бастан.*

*Ең кенжесі болады маған күйеу,
Ірің ағып тұрады самай шаштан,
Аштан өлген әкеге ол не айтады,
Тойып өлді Конқабай деймін астан.*

Омарқұл:
*Өлең құрап айтуга кенде емес ем,
Сөз ілесіп барады жөнмелмесем,
Таз болуга тақалып қалған шыгар,
Ерте барып кенжені емдемесең.*

Тәбия:

Жүгірмек, қайдан келдің сенің өзің,
Өткендей қос өкпеден айтқан сөзің,
Құрт жайын ол шіркінді құдай алса,
Ашылар ма екен деймін екі көзім.

Омарқұл:

Тым асып сөз сөйлеме замандастым,
Алпысқа өлмей жасың аман барсын,
Іні өлсе, аға мұра өле берсе,
Таз бастың төгөзыны да тамамдарсың.

Бұл сөзді Омарқұл Тәбияға мазақпен, кекетумен айтып отырған жок. Жаңы ашып, аяп, Тәбияны емес, әменгершіл, қалыңмалышыл, зорлықшыл заманды сөгіп отыр. Себебі, таңдаған жарын сую жағынан Омарқұлдың өзі оқып отырған жок. Тәбия өленінің бір жерінде:

Жүргегім айнығанда құсық болды,
Аузыма секем алып үшық толды,
Өкпеме менің құдай тағды жады,
Катынның неге сенің пүшық болды?—

деп сұрауына Омарқұл қысылып, былай деп жуа жауап береді:

Секілді тауға біткен жалғыз ариша,
Тағдарега жарар еді пүшық барса,
Менде жоқ, саған жетер қалың әүдүлет,
Сонда да сен жоқ, мөлан амал қанша!

Бұл арадан ескі ауылдағы екі қайшылықтың беті ашылады: біреуі, қалыңмалың тәлеген қызды кәрі демей, кем демей, кім болса сол ала алады; екіншісі, қанша жақсы жігіт болғанмен, егер малы жоқ кедей болса, ол сүйгенін емес, кез келгенін алады. Осы хал Омарқұл мен Тәбияның басына бірдей туған.

Омарқұл мен Тәбияның айтысында бұдан кейін сол кездегі кедейліктің бейнесі беріледі:

Тәбия:

Бай болады кейбіреу ішпей, жемей,
Барар едім бағыңа болсаң кедей.
Ел ішінде арансыз жарлы болып,
Неге болдық осыниша малдан өгей.

Омарқұл:

Бісырап қып ұстадым талай малды,
Сәулеттіме сәулелер қарай қалды,
Болмас едім дарынға әтітеп жарлы,
Іштен алып қырқадан қырсық шалды.

Тәбия:

Өңгө сөзден осы сөз өңі бөткен,
Бөткен сөзге бой берме болса жетсец,
Естуім бар қырсықты, көргөнім жок,
Көрдіңіз бе ол қандай адам екен?

Омарқұл:

“Кет”— деген тілді қырсық алмайды екен,
Жабысып қошіп қонаң қалмайды екен.
Берекені кес-кестеп жиберместен,
Аяқты шанағымнан жалмайды екен.

Алдына төрдің келіп шарт жүгініп,
“Ашын”— деп адам көрсө зарлайды екен.
Кеміріп өнө бойы кедейден жеп,
Байларга аудыс-туйіс бармайды екен.

“Қырсық”— қазақ елінің ислам дінінен бұрынғы заманда табынған мифтік құдайының біреуі, ол — жауыздық құдайы. “Қарғыс”, “алғыс” деген де осындай құдайлар. Бұндай құдайлар ерте кезде барлық елде де болған. Мәселен: орыста “проклятие”— қарғыс құдайы, “жаль”— аяу (“Игорь полкы туралы сөзді” қараңыз). Бірақ, бертін келе, “қырсық” құдайлық магынасын өзгертіп, экономикадагы — “жоқшылық” магынасында қалған.

Омарқұлдың айтып отырган “қырсығы”— құдай емес, кедейліктің, жоқшылықтың символы. Адамның кедей болу себебін Омарқұл да, Тәбия да түз-дәмі жара-сып, бірін-бірі сүйген екі адамның бір жерге басы қосылмауда деп ойлады, кедейліктің негізгі себебі, антогонистік коғамда қанаушы таптың еңбекші халықты жеуінен екенін байқамайды. “Қырсық маған жақсы әйел алсаң оңасың” деді — деген Омарқұлға Тәбия былай жауап береді:

Тәбия:

Ақылды қырсық, ағаң айтса солай,
Жауабың неге болмас оған орай,
Мениңше, теріс ақыл айтпаған гой,
Өзіңше осы ақылдың қайсысы оңай?

Омарқұл:

Мен жүрмін аттан тапсан, атын таптай,
Алуға атын сатып қатын таптай,
Атқа сатып, аттанға қатын алсан,
Есек кепті мачына жақындаңтай.

Соңымнан қалмай қырсық үмтыхады,
Бөрік тозып, екі жең қырқылады.
Көнетоз жейде, дамбал бола берсе,
Жұлғызы етігімнің жыртылады.

*Біреуден есек майын сұрап едім,
Ертістейтін енді жүрмін ерін таппай,
Үртыха мұртымды алып жалғап жүрмін,
Бұл дүниe бір бәле екен не қылсақта-ай.*

Тәбия:

*Алмас едім қолыма үршық, қылыш,
Сондықыман келмейді қырсық білін,
Әйелдігім болмаса әттең дүниe,
Сабар едім қырсықты тұнышықтырып.*

*Сабар едім шіркінді өлмес қылыш,
Койса құдай сенімен бел селбестіріп,
Өкпесіне қырсықты екі тегін,
Куалар ем үйінді көрмес қылыш.*

Омарқұл:

*Сүйылыш бара жатыр соңғы сөзін,
Сен үшін талай қата шеккен едім.
Бір күнгі жай жолдасқа қырық күн сәлем,
Әзілмен айтқан сөзді сөкпе дедің.*

*Қиқақты мұнан былай мен де қойдым,
Өгейсін, откен күнді өксімегін,
Кескен жер ат кекілін осы болса,
Сөзім жоқ, онан басқа өкпеледім.*

Тәбия:

*Дүниe кімді алдамас жалғанши бол,
Алдадым мен де сені алдамыш бол,
Өз қолы, өз аузына жетпегеннін,
Өмірі өтеді екен арманыш бол.*

*Жарыңды сенің құдай пұшық қылыш,
Жасаган қойдан шыгар алданыш қып.
Бір тазха қызыл шақа душар болдым,
Жүре көр бір жағынан жәрдемші бол.*

Қара бастарының теңсіздігіне, сүйгеніне қосылуға еркі жоқтығына бас себеп сол кездегі әлеумет тұрмысындағы теңсіздік себеп екенин, теңсіздіктің тамыры қанауши таптың топырағында өсетінін Омарқұл мен Тәбия практикада жақсы түсінеді. Сондықтан олар, өз бастарының мұнын заманның мұны қөріп, былай деседі:

Тәбия:

*Әркім-ақ бұл заманда бай болып жүр,
Бай болса төрт түлікке сай болып жүр.
Ешкім жоқ ақіретке айдал кептікен,
Езуі қара жердің май болып жүр.*

*Кейбіреулер данышпан, ақыл болды,
Біреулер алаңғасар, батыр болды.*

Он қолың бірдей емес ойлағанда,
Біреулер батыр, біреулер пақыр болды.

Бір елге өз елінен аудастырып,
Шатылтып қызы сорлыны қатын қылды.
Бәрінен әке, шеше, бауыр, жәңе
Бір елдің жас баласын жақын қылды.

Күн көрмес кім де болса өз бетімен,
Біреуді біреуге әкеп масыл қылды.
Кыздарға қылмағаным қалмасын деп,
Қақсатып мені құдай ақын қылды.

Адамның кедей болу себебін де, түз-дәмі жарасып бірін-бірі сүйген екі адамның бір-біріне қосыла алмау себебін де Омарқұл мен Тәбия өздерінің білім дәрежесінің жоқтығынан терең түсіне алмайды. Өйткені, олар мұның түп тамыры әлеуметтік теңсіздік пен антагонистік қоғам қайшылықтарынан туып отырғанын білмегені мәлім. Оның үстінін дін шырмаяның болған бұл жазықсыз жандар теңсіздіктің бәрін тағдырдан, жазмыштан деп те түсінеді.

Бірақ, олар бұл теңсіздіктің тамыры қанаушы таптың топырағында өсетінін практикалық өмір жүзінде жүрекпен сезіп, түсінеді. Сондықтан, олар өз бастарының мұнын заманың мұны көріп, былай деседі:

Омарқұл:

Әркімдер тұған елін ел қылып жүр,
Бірін бек, бірін батыр, ер қылып жүр.
Біреуге мал мен басты тегіс беріп,
Біреуді қара жермен тәң қылып жүр.

Біреудің қара басы қазына бол,
Халқына айтқан сөзін ем қылып жүр,
Кейбіреу қалт-құлт етіп жанын бағып,
Кейбіреу жан баға алмай мәңгіріп жүр.

Болғанда біреу жарлы, біреу жалғыз,
Біреуді аспан қояттай кең қылып жүр.
Біреудің қылған ісін оңалтпастан,
Көз жасын көл дәрия сел қылып жүр.

Құдай да құдың жағы болды білем.
Біреуді біреуге әкеп жем қылып жүр,
Кейбіреу отірік айттып, өсек тасып,
Жалғанга жанын беріп сеніріп жүр.
Халқытың қамын ойлар әділеті жок,
Көнбеске көмескі өмір көніріп жүр.

Тәбия:

Алтай қыс, алтайынды жаз қылып жүр,
Біреуден кейбіреуді аз қылып жүр.
Карасаң қалпы жаман заманың,
Біреуді біреу арбап азғырып жүр.

*Біреудің қарыны тоқ, қара басы,
Кайда ауса, сонда кетіп қаңғырып жүр.
Әлдінің қатыны өлсे айға толмай,
Төсегі жасаңырап жаңғырып жүр.*

*Ақ майға қекірегі, байдың азып,
Жүргегін кембогалдың создырып жүр.
Біреудің мұрны пүшкі, аяғы аксақ,
Соқырга су қарашы наз қылып жүр.*

Омарқұл:

*Байға жалпақ, батырга қошемет көп,
Тесігін тәғін қостап тышындаимыз,
Малдыға малсыз кісі жағынуда,
Жалманып алдекімдей қыдырмаймыз.*

*Кыбырлап құмырыскадай өмір бойы,
Кызмет соларға істеп жыбырлаймыз,
Ку десе, бұзық десе, әне біреу
Жеткізіп мақтапандай жымыңдаймыз.*

Айтысын әзілмен бастап, аяғын мұнды драмага айналдыраға! Омарқұл мен Тәбия сөздерін мынадай өкінішпен аяқтайды.

Омарқұл:

*Канғандай болды құлақ, көпке жаным,
Кайталаң, гафу етсек сокпе жаным.
Жақсы айттық, жаман айттық бері жел сөз,
Еттейсіз оған бола өкпе жаным.*

*Әйелдің білімдісі ер сыйлайды,
Ерінді аяқ асты етие жаным.
Есікте ел сыйлагын қалмас дейді,
Кекірекке аруақты теппе жаным.*

*Есінде қашан болсын осы болсын,
Ұмытып үзак уақыт кепте жаным.
Ойынды үйқы-шүйқы бердім деген,
Сөзінді естіртпін кеп, көпке жаным.
Және де біз көрғенише қош аман бол,
Күйеу жан мәндайына теппе жаным!*

Тәбия:

*Мәндайга жазылды гой неде болса,
Болса да жаман-жақсы көндім деймін.
Тілеген менен қолдан осы болса,
Шын бердім тілегінді сенгік деймін.*

*Ауылға жүре көрсің, келіп, кетіп
Көңілді көтерелік елікпептіп,
Жеткізбек қос аттыға өткен өмір,
Барады өтіп дүнше келіп кетіп.*

*Еріммен құшақтасын дос болыңыз,
Дос болып, қолқаласпай бос болыңыз,*

*Тагысын тагы болса жолыгармыз,
Тагы да жолықанша қош болыңыз!*

Күйкентай қызы мен Оспантай ақынның, Тәбия қызы мен Омарқұл ақынның айтыстарына біз бұл очерктерде екі себеппен толық тоқтадық:

Біріншіден, әдет айтыстарының басына “жар-жарды” әдейі қойған едік. “Жар-жар” да үзатылатын қыздың өз үйін, өз туысқандарын күйеуінің үйінен, күйеуінің туысқандарынан артық көретіндігі байқалатын еді де, неге олай болатын себебі ашылмайтын еді. Күйкентай мен Оспантайдың, әсіресе Омарқұл мен Тәбияның айтыстарында көмескі ойдың беті айқын ашылады. Әрине, революциядан бұрынғы қазақ әйелі ермен бірдей тен праволы бола алмаған, әйткенмен, үй түрмисында қызды туысқандары бұлағып үстайды. Қалың малы төлеңіп, әкесінің үйінен кетіп, күйеудікіне бағраннан кейін, байлардың келіні болмаса, кедейдің келіні шын магнасындағы теңсіздікке түскен. Қогамдық-әлеуметтік түрмистағы теңсіздігімен катар, әйел өзінің жеке түрмисында да кемшілік көрген.

Екіншіден, Омарқұл мен Тәбияның айтысына ұксас айтыс қазакта ете көп. Олардың бәріне тоқталуға мүмкін болмағандықтан осы сияқты айтыстардың ішінен бірер айтыстығана алып, талдауды жөн көрдік. Бұл екі айтыста әзіл де, шындық та, қуаныш та, қайғы да бар. Және бұларда шын магынысындағы халық айтысның айқын стилі сакталған. Омарқұл мен Тәбияның айтысы — қайымдасудың классикалық түрі. Бұл айтысты толық оқыған кісі, оның саяси және көркемдік маңызы зор екенін айқын көреді.

* * *

Айтыс жанрының үлкен бір саласы жұмбакпен айтысу. Бұл айтыс екі түрлі болады: біреуінде екі ақын жұмбаксыз жай айтысып отырады да ара-тұра жұмбакпен бір-біріне сұрау беріп, оған жұмбакпен жауап қайтарады, екіншісінде айтысты жұмбакпен бастап, жұмбакпен аяқтайды.

Жұмбак айтыснда да мазмұн жағынан жаттандылық аздал кездескенімен, түр жағына келгенде өткен оқигаларды қайталау көп қолданылмайды. Себебі, жұмбакпен берген сұрау ойда жоқ жерде кенеттөн койылады да, оған іркілмей, табан аузында жауап беру қажет болады.

Жұмбак айтысы — айтыстардың ішіндегі ең қыны. Айтыстың бұл түрі жалғыз ақындықтығана емес, онымен бірге ақылдылықты, тапқырлықты талап етеді. Соңдықтан

да екі ақын айтыса отырып, жай сөзбен бірін-бірі жеңе алмаған жағдайда жұмбак айтысның көшіп, өз ақылдылығын, тапқырлығын сыйнасады. Жұмбак айтысның тақырыбы толып жатқан тарауға бөлінеді. Алайда, олардың бәрін талдауға мүмкін емес, біз оның негізгі салаларына тана тоқталамыз.

Әсет ақын мен Рысжан (қыз) ақынның айтысында, Рысжан Әсетке төрт түрлі жұмбак айтып, бәрін де Әсет шешеді.

Рысжан:

*"Ra", "мем", "нам", "хи" менен "зи" оған ерген,
Бұл бес әріп бес сөздік бесеүінде,
Білдің бе мәғинасын қайдан келген?
...Және де бір байтерек шыққан биік,
Көрінер көлеңкесі көкке тиіп,
Жемісі мәусімен жарасулы,
Сенімді сегіз бұтақ түрган тиіп...
Ол бұтақ қорқытады жүрек шайып,
Теректің жапырағын елге жайып,
Жұмыртқа басып, шайқап екі штелгі,
Өргізіп үшырады бір үйдайык.
Аз атаниң баласы жалғыз қыран,
Сегіз, тоғыз лашындар жүрер баулып,
Ішінде отызы, қырықтай құзейндар бар,
Уш жылда бір кәр татар өліп-талаңп,
Баршасын таратады бір штелгі,
Жапалақ жалбақ қағып, шыр-айналып.
Аса ақын даңғайыр болсаң-дағы,
Әсеке, таба аларсың мұны негізы?
Ішінде жүзден аса күйкентай бар,
Олар да қорек алар тышқан қағып,
Бір тереңтеп осыниша құс өрбітіп,
Алып кел, бәрін атап, белгі тағып.*

Әсет:

*Бір сарай нұрланады Мекке — дүр "мем",
Хажы — парыз, бай кісіге хактап келген.
"Нам— намаз, "ра"— руза, "зи"— зекет-дүр.
Парызың енді бірі — иман білген.
Хажы ісламның бесіншісі "хи" деген сол,
Ханзарақ мәғинасында көзім көрген.
...Сұрасаң әділ кеңес көпке жеткен,
Көңілінді сөз кемітіп өкпелетпен.
Бәйтерек жапандагы ақ падиша,
Көңілі ұлықтықпен көкке жеткен.*

*Ұлық тақтан таймайды халыққа жақса,
Катын байға еркелер бала тапса,
Иілген сегіз бұтақ — сегіз санағи,
Жайылған жапырағы қағаз ақша...*

*Пәнденің алла деген тұрар багы,
Ақынның жарамайды сыңар жағы,*

Жұмыртқа басып, шайқап, ел бағытын,—
Ояз бен помощник дуандагы

Алаштың Сарыарқада елі жиын,
Жетіп тұрып қызыл тілден сөздің ші,
Аз атаның баласы Қыран — болыс,
Өлгі сегіз лашын — сегіз біш.
Бақты кісі күледі бағы кемге,
Құдайдың, риза бол берген дәмге.
Отыз, қырықтайдың құзғындар — елу басы,
Үш жылда нәр татқаны он бес теңге.
Сайлауда шарын салып, соны алады
Оларға не пайды бар онан вңге.

Ел мазасы кепеді мұндайлардан,
Халықта тынышталмас ыңғайлардан,
Жемтік жеген құзғындар жел өкпелер,
Он қарышқа старшын ыңғайлаптан.
Сот бізді түзеткен бір содия,
Жапалақ — жасауылдар, шыр — айналған.
Таппаганға жұмбажың қызын екен,
Көлігі жоқ, қылады, үйін мекен,
Жүзден аса қүйкентай — онбасылар,
Қояның жеген тышқаны — тиін екен.
Хан, қара, би, болысты жұмбақ қылып,
Жобақ сениң-дагы сыйымды екен.
Ойда жоқ оңай сөзбен жекем деген,
Ақын қызы шамасынша зейінді екен.

Рысжан:

Сөзімді сұрадың, сөкпе,— деймін,
Әйеліңнен артық сойлең кепте — деймін.
Азырқансаң әлігі жұмбажымды,
Мен сени қіргізейін көпке,— деймін.
Кос әйнек шыны да емес, темір де емес,
Шын адам түзете алmas, болса көмес.
Ашилып-жабылады пружинамен,
Ол өзі қымбат нәрсе, тегін емес.
Ол үйдің екі тесік бір пешінде,
Каланған кірпіші жоқ, іргесінде,
Сырттан воздух тартады магниттен,
Қалқыган екі ұра бар төбесінде.
Әзіңдей жонді ақыннан сұрамақ ем,
Әс-әға, мұның жайын блесің бе?
Ол үйде машина бар неше бөлек,
Қозғалар градустен бірге келіп,
Талай жан таң қалуын көрер едің,
Қаласың сасығынан кірсек оліп,
Сол үйде майсыз лаулап жанады шам,
Әртүрлі машина бар қаларлық, тан,
Шам сөнсе, біткен тетік бұзылады,
Баға алмас қайта өзінде ешбір адам.
Түгендеп осы сөзді шеше алмасан,
Түйемежнен үш айналып кет садагам.

Әсет:

Түп-түзу оқтап өткір айтқан сөзін,

Осы көп сөз шешуі жалғыз өзін,
Көс әйнек шыны да емес, темір де емес,
Ашылған қан тамырдан екі қозің...

Кірпіші жоқ қаланған екі тесік,
Ол тыныс, дем тартатын мұрыныңыз,
Бұл сөзді сынамақса сұрадыңыз.
Шешейін хасыл боса мұрадыңыз.
Сырттағы тәжімам сөзді естігішін,
Екі үгір тұрмадегі құлағыңыз.
Адамның көре алмайсың ішін ашип,
Мәні тұр, перде болып, сыртын басып.
Машина — әртүрлі ішек, өкпе, жүрек,
Көңілсіз көрер едін, қарның сасың.

Пұржинамен жаратқан адам тәнін,
Себен қып тіршіліктің татар дәмін,
Майсыз лаулап жанған шам дегендегі,
Кан-қуатпен қозғалған жалғыз жаның.

Рысжан:

Әсе-ага, сыртыңыздан көп естіуші ем,
Халық жалған айтпаса, неге естіуші ем,

Бұтып-шатқан ақынның бірі ме деп,
Күнәнді бөле-жара жеп естіуші ем.
Жұмбаяымның айтайын үшіншісін,
Сөзімді түгелден бер жетсе күшің...

Арықтап бір түйе өлді, жетіп ажал,
Алты батпан майы бар, безбенге сал,
Сүйеge жерден, көктен табылмайды,
Білдің бе, мұның өзі қайда өлген мал.

Артылған мәртебенің талай жүрттап,
Көрген жоқ, сізді сөгіп біреу сырттап,
Әлгі алты батпан түскен майдың,
Санасан әр батпаны жетіп бүттап.

Белгілі жиырма төрт, топайы бес,
Шамалап өлшеп байқа, ерте мен кеш,
Осыны нажағайдай жарылқатын,
Тегістеп бас-аяғын анықтап ишеп.

Әсет:

Рысжан, бұлбұл қызысың жаннан аса,
Сөйтсе де, бір сырың бар менен таса.
Менен өзге бір адам таба алмайды,
Мұны да бір күн, бір түн ойламаса.

Домбыра саған ерген бұлбұл екен,
Рысжан қара сөзге қырғын екен.
Арықтап оттай алмай өлген түйен,
Ақылмен абағласам — бір жыл екен.

Ол түйең арық, емес, семіз еді,
Халыққа тұрлі ңығмет жегізеді,

*Жылды өлтіріп, өтірік арықтатып,
Осынша жалған сенің иңіз еді.*

*Болады осылайша сөздің жайы,
Ақынның жарамайды құр айтайы,
Әлгі алты батпан түскен майын,
Санаулы бір жаздағы, жаздың айы.*

*Тамаша тапқан сөздің бар ма міні,
Болады осылайша сөздің шыны
Әр батпаны жеті бүт деген сөзін,
Оралған бір жұманың жеті күні.*

*Жүректе таппаган сөз жудә болар,
Бір үлкен жалған айтсаң күнә болар.
Жілігі жиырма торт деген сөзін,
Оралған алты айдағы жұма болар.*

*Жыл сүйегі жер менен көктө де жок,
Атын бар ғып жаратқан құдай болар.
Белгілі маган сол мен онқайыңыз,
Таба алмасам, өкнелеп топташыңыз.
Бұл арадан не мақұл болып жүрме
Бес намаз бесеге деген топташыңыз.*

Рысжан:

*Бағыма бұлбұл Әсет болған ақын,
Кім сөгөр Орта жүздің қолқанатын.
Сөз қошесін қыдырған көрегенсің,
Жерің жок, бір мұдіріп толғанатын.*

*Мәселе бір-ақ, онан әрі зорланатын,
Алты мың жан исесі хайуанаттар.
Олардың қандай адам қойған атын..
Хайуанат наба атпен најас атпен*

*Әлемнің он сегіз мың білген затын.
Ісін берген үстадан өзі үйренбей,
Үнатқан оймен тауып үш қажатын.
Ол өзі қай есімді таққа мінді?*

*Ол адам қай фирмадан¹, қандай дінді?
Першиттерлер білмеген ғылым еді,
Ой менен иштидай², қайдан білді?
Он сегіз мың әлемге ат қойған кім?*

*Исесі кімге ат қой деп әмір қылды?
Онан әрі сұрайтын жұмбагым жок,
Ашын бер шамаң келсе бұл...*

Әсет:

*Айтпассызың атат сөйлемпін білсек қата,
Ақын деп елім маган берген батта.*

¹ Фирка — топ

² Иштидай — бастар

Әлемді он сегіз мың үшкө бөліп,
Ат қойған оз ойымен Адам ата ...

Ол өзі Раңрап деген тақса мінді,
Анық хаты таныған асыл дінді.
Бірі жарық, біреуі қараңғы деп,
Аспанға мәзһүр еткен ай мен күнде.

Күрт, құмырсқа, үшқан құс, мал-хайуан,
Жан иесі адамзат, пері, жыны,
Көктем жұлдыз, ай мен күн, аспан көркі,
Жансызың нарсе тағы ағаш, шөп пен құмбы.
Кар, жаңбыр, қыс пенен күз, жаз фасылы,
Оларға атап-атап есім берді.

Рысжан мен Әсеттің жұмбак айттысынан үзінді келтірген себебіміз, мұнда бірнеше мәселенің беті ашылады.

Бірінші жұмбакта патшалық құрылыш сез болады да, ауылдағы ұсақ әкімдер: старшын, он басы т. б. сынға алынады. Жұмбакты айтушы де, шешуші де оларды атап қана қоймай, халықты қанап отырганын құзғын мен күшігендей жемтікшіл сүм ғып көрсетеді.

Екінші жұмбак адамның мүшелері туралы, үшінші жұмбак жыл мерзімдері туралы, төртіншісі әлем дүниесі туралы. Оларда адам немесе табиғат көріністері ғана сипатталады да, философиялық тұжырым кездеспейді. Дегенмен, олардың ерекшелігі, ақынның сол көріністерді шебер түрде жұмбак арқылы жеткізіп, киын жұмбакты қиналмай, тапқырылқыпен тез шешуінде. Бұл жұмбактардың айтылуы мен шешілудіңде ақындықпен қатар үлкен тапқырылқы жатыр.

Әсет пен Рысжанның жұмбактарындағы сарын Қожахмет пен Әубәкірдің жұмбактарында да бар. Қожахмет Әубәкірге алты жұмбак айтса, ол бәрін де шешеді. Осы алты жұмбактың төртеуі патша үкіметінің құрылышына, оның казак даласын отарлау саясаты жайына арналған. Бұрак, Қожахмет пен Әубәкірдің жұмбағында патша үкіметін, оның отаршылдық саясатын әшкерелеу басым. Бұлардың жұмбактары халықтың саяси наразылығынан шыққандығы көрінеді, бұл жұмбактардың мазмұнынан патша үкіметінің озырылғына карсы өшпендейлік лебі анғарылады. Әубәкір мен Қожахметтің патша үкіметін әшкерелеуге құрылған жұмбактары түр және мазмұн жағынан Әсет пен Рысжанның жұмбактарына үксас болғандықтан, олардың телеграф туралы жұмбагын ғана мысалға келтірейік.

Қожахмет:

Жапанға біткен қу ағаш,
Көгермейтін құр ағаш.
Асты топырақ, үсті тас.

Бір бұтәсын байқасаң
Петербургпен шамалас.
Бір бұтәсын қарасаң
Бұхарменен қарапас.
Өзін адам көрмейді,
Тірі жанға жоламас,
Сөйлеседі екі адам,
Біреуінің жаны бар,
Жаны жоқ десем жарамас,
Жаны бар десем біреуін
Кылышпен шапса қанаңас...
Бір бұтагы жаз болар,
Бір бұтагы қыс болар,
Жаз бұтәсын жайласаң
Жан жаңбыры ол жауын,
Кыстың қары борамас.

Әубекір:

Алтыншиң айтқан жүмбөгың
Телеграф ағашы,
Касына барсаң көрінер,
Темірінің қарасы.
Көмгөн жері топырақ.
Бас жағына қарасаң
Шыныдан болар мұржасы.
Шыңылдатып қаққан соң,
Тірі жанға жоламас,
Сөзінің сенің бері рас...
Сөйлеседі екі адам,
Жаны жоқ пері дегенің,
Бізылдайтын масадай,
Темірдің соққан қорбасы.
Бір жағы қыс дегенің
Ол жағында жаз болмас,
Петербор барар бір басы,
Бір жағы жаз дегенің —
Ол жағында қыс болмас,
Бұхарда болар бір басы.

Бұл жұмбақтың бағасы көркемдігінен гөрі мазмұнында. Мұнда, бұрынғы жұмбақтарда (айтыс, іә жай жұмбақ болсын) кездеспейтін жана мазмұн бар, ол жаңа техника — телеграф.

Жұмбақ айтысы жөніндегі пікірді Нұржан Наушабаев пен Сапарғалидың жұмбақтарымен аяқтауға болады. Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақтарындағы бір өзгешелік — мұнда айтыс жұмбақпен басталып, жұмбақпен аяқталады. Бұл айтыста жұмбақтың стилі түгел сақталады. Екіншіден, Нұржан мен Сапарғалидың бұл жұмбақтары шын мағынасында реализмге құрылған. Бұл жұмбақта діншілік мотив те жоқ. Мұндағы жұмбақтар ауыл тұрмысының шындығынан алынған. Онда жалпы ауыл емес, Россияға қосылғаннан кейін қалаға, базарға араласкан,

фабрика, завод заттарын меншіктеген, оқуға араласқан ауылдың тұрмыс шындығы, кәсібі, құн көрісі айтылған.

Әрбір әдебиет жанрларының, иә сол жанрдың әрбір саласының өз биігі, өз мәртебесі болады. Жұмбак айтыстарының ішіндегі сондай ақсағы осы Нұржан мен Сапарғалидың айтысы. Айтыстар ішінде мұның көркемдік және реалистік жағынан ерекше маңызы болғандықтан одан үзіндіні молырақ алып отырымыз:

Нұржан:

*Бұл сағым көріп көзбен үстаяға жоқ,
Жаз құні шілдеде мол қыстауға жоқ.
Көшіп жүрген бір нәрсе мұнарланып,
Мекені еш орында нұсқауға жоқ.*

Сапарғали:

*Бір үй бар әйнегі жоқ, және есігі,
Ішіндегі қорек еттер бар нәсібі,
Болады бірде жаңды, бірде жансыз,
Нақ, көзге корінерлік жоқ, қасібі.*

Нұржан:

*Демеймін бұл сөзінді бос болады,
Жұмбакты шешсем көңілім қош болады.
Жұмыртықа әйнегі жоқ, және есігі,
Әуелде жансыз, ақырында құс болады.*

Сапарғали:

*Мен көрдім бір текізде тәжір қайық,
Әр пенде пайдаланды көріп лайық.
Үстіне түндігі жоқ, үйді тігіп,
Кетеді ризықтанып барша халық,*

Нұржан:

*Дастархан — тәңіз мысал, қайық — поднос,
Бұл күнде жалпы халық, қойған ықылас,
Шыны-аяқ түндігі жоқ үй, дегенің
Әр пенде ырзықтанып ішпей ме ас...*

Сапарғали:

*Бір нәрсе өзі жансыз аяғы жоқ,
Су менен шөптен басқа тамағы жоқ.
Ішін ашып қарасаңыз бір мезгілде
Тұрады жеген жемі жабагы бол.*

*Басына бір қалпақты күйт алып,
Ән салар топ ішінде алуан-алуан.
Ағызған сілекейін үрттасаңыз,
Ләззаты артығырақ шекер-балдан.*

*Көргендер гажаптанар қайран болып,
Отырат бір бұрышта сайран қылып,*

*Біреуін төрт азықтың бермесеніз,
Калады бір сағатта ойран болып.*

Нұржан:

*Мысалын үқсатамын самауырга,
Самаурын қажеті бар жарлы, байға.
Су мен шай, көмір мен от төрт түрлі азық,
Куаты айдаңарға үқсамай ма?
Кайнатса ортага алып ән салады,
Сапеке, бул шешуім үнамай ма?
Ләззаты бал шекердей ішсөніз шай,
Бұзылар, құймай суды, қайнаганда.*

Сапарғали:

*Айтайын бір жұмбақ, ойлаңқырап,
Карны бір, қанаты екі, сансызың құлақ,
Күндіз жүріп адамға көрінбейді,
Кеші шығып ағанынан жатар сұлап.
Сөзіне еш адамның қарамайды,
Рақымсыз суық жерді паналяйды,
Үбірі, шубірі мол бір мақұлық,
Тоқтаусыз әрбір күнде салалаиды.*

Нұржан:

*Сүзекіні балықшылар қылған талап,
Карны бір, қанаты екі, сансызың құлақ.
Мұз астында жүргендеге көрінбейді,
Кешкі ойықтан шығарсаң жатар сұлап.
Балалайды дегенің балық түссе,
Көңілі иесінің болмай ма шат.*

Сапарғали:

*Бір нәрсе етегі кең, наизасы бар,
Косылған адамзаттың айласы бар,
Өзінің жерде, н көктө мекені жок,
Пәндегеге мезгіліменр пайдасы бар.*

Нұржан:

*Мұныңыз ау тоқыған айламенен,
Осыны балықшылар пайда білген
Тигізбей жерге етегін, көкке басын
Кояды сұра керіп наизаменен.*

Сапарғали:

*Бар екен бір айдаңар жалғыз тілді,
Үқсамас еш сипатқа оның түрі,
Өзі жансызың айдаңар жаныңды алған,
Бойы наэзік аулакан мақұлық еді.*

Нұржан:

*Әуелде қорықсам саған жанаспан-ды,
Шамамнан келмегенге таласпан-ды.
Жансызбен жандыны алған кармақ шыгар,
Жұмбақтың шешуіне адаспан-ды.*

Сапарғали:

Төрт құлак, екі сырға, төрт табанды.
 Екі қол, қыйып істеген бір амалды.
 Екі жамбас, төрт жілік, елу төрт омыртқа,
 Адамға қызымет еткен әр заманда.

Нұржан:

Арбаның екі тәжі — ол сырғасы,
 Екі жетек, төрт құлак — бүранадасы.
 Екі жамбас, төрт жілік — бел ағашы,
 Қыры сегіз шолақ омыртқа — алты арасы.

Сапарғали:

Мен көрдім жансыз нәрсе үш сабагы,
 Тұрмайтын дастарханда бар табагы,
 Өзінің шоқпар басты сойылы бар,
 Асайтын қырық, кесек бар тамағы.

Нұржан:

Бұл сөзді шыгарыңыз көңіліңізден,
 Қаріп жұмбак, қыласың көзіңізден.
 Қырық, кесек тамағы — қырық, қадағы,
 Өлишеп алып, беруге қажет безбен.

Сапарғали:

Бір құс бар қанат жайса — дөп-дөңгелек,
 Адамнан ешқылымта журмес болек,
 Ұшырса, қондырса да екі адамда,
 Шықпайды панаңыздан көлеңкелеп.

Нұржан:

Мысалы, жайса зонтик құс секілді,
 Тетігі қолда болған іс секілді,
 Жауса — пана, күн шықса — көлеңкесі,
 Достығы бейнеле сіз бен біз секілді.

Сапарғали:

Бір есім жазылады бес әріппен,
 "Сын", "ни", "ра", "ғайн", "ләм" мен,
 Ақылменен бір жерге жинап мұны,
 Ей, Нұржан, тауып берші осыны сен.

Нұржан:

Бір жерге жиылады мұның бәрі,
 "Сын", "ни", "ра", "ғайн", "ләм" харыптары,
 Ежіктеп асты-устінен жинап мұны,
 Болады қосып айтсан Сапарғали.

Сапарғали:

Бір нәрсе керегесі дөп-дөңгелек.
 Гажайып қисабы жоқ, көзім көріп.
 Аузына керек асын тастай берсек,
 Кояды ірілі-уақты екі бөліп,

Нұржан:

Мұныңыз жұмбақ қылған — елек еді,
Ұсағы — үн; ірісі — кебек еді.
Калды ма шешілмеген бір жұмбағың,
Сапеке, енді тоқтау керек еді.

Сапарғали:

Бір жансыз жолбарыс бар екі тілді,
Байлаған екі шынжыр махкем мұны,
Жүрісі бір шарбақта, әм тұрысы,
Дауыстап үақытымен шығады үн.
Алты пар шаян, отыз пар шегірткесі,
Шырылдар дамыл таппай күні-тұні.

Нұржан:

Сапеке, аспалы сағат мұның,
Тұрады шынжырлары қабат мұның,
Он екі сағат, шаянның — алтыс минут,
Үақытпен бағып тұрган фадат мұның.

Сапарғали:

Сұрайын мұны тағы Нұржан бектен,
Усталар халі емес іштемектен.
Сыргалы жалғыз құлақ екі жақты,
Занаудың қорықпайды істемекпен.

Нұржан:

Сапеке, бұл айтқаның, маса — темір,
Корықпайды от ұстауға болған шебер.
Онай-ақ, шешүіңе көрінеді,
Таппасаң азан барып бөтен өнер.

Сапарғали:

Нұреке, олай десен, мұны жазған
Алдырыдым Қазандай өнерпаздан,
Ері бар дөп-дөңгелек взі жұқа,
Сүйықты мұз қылады қүйсан аздан.

Нұржан:

Деп тұрмыз мұныңызды бір шам қалып,
Сүйығыңыз — май, мұзың — шам болмай ма анық,
Шешүге мұнан артық жұмбақ, бар ма,
Тұтынып пайдаланған барша халық?

Сапарғали:

Шарықты төрт аяқты, жалғыз тісті,
Жаһанда көре алмадым мұнан күшті.
Әйел-еркек жұмысын бірдей қылған,
Шығарған мұны-дағы адам есті.

Нұржан:

Адамдар мұны алып жүр пұлы жетікен,
Еркек, әйел жұмысын бірдей еткен.

*Шарықты төрт аяқты, жалғыз тісті
Ойлайсыз машина деп күім тіккен.*

Сапарғали:

*Бір нәрсе бойында бес шегі бар,
Темірден салбыраған иегі бар.
Сабагы бірі қолда, бірі белде,
Адамға әр уақытта-ақ, керегі бар.*

Нұржан:

*Бұл — жүген, кигізеді әркім атқа,
Керегі бар емес пе адамзатқа,
Болғанда тізгін қолда, шылбыр белде,
Ауыздық, салбыраған екі жаққа.*

Сапарғали:

*Перінің жолас болым еліменен,
Сұраймын бұл жұмбақты енді сенен,
Жолдасым бір жалмауыз әлгі пері,
Күйірді жердің жүзін тіліменен.*

Нұржан:

*Сапеке, бұл сөзіңе салдыым құлак,
Біңшайы келе жатыр көңілге үнап,
Пері деп адастырып жаңылтсаң да,
Мұнышды пішен шапқан дедім орақ.*

Сапарғали:

*Алты пар серке жансыз, он екі қозы,
Жүргемейді лұқсатсыз ешбір өзі.
Осыған екі қасқыр көп таласып,
Ақылмен қамар бірі, асса күши.*

Нұржан:

*Сапардың шатыраш қой ойлаганы,
Тас тігін, он екіде ойлаганы
Берін де көрінгеннің жұмбақ қылдың,
Көңілінде бар ма өнердің симаганы?*

Сапарғали:

*Мен көрдім өзі жансыз, екі еркек,
Бұларға әуре болған адам тенітек.
Ереккетер ортасында, төрт әйел бар,
Жүреді жиһұма төрт тай жетелеп.*

Нұржан:

*Бай, айтқан жұмбажының жоқпия қалты;
Сөзіңді тастамаспен қылып жарты.
Еркегі — король, төрт мәрте — әйел,
Картаны қисаптасаң отыз алты.*

Сапарғали:

*Тоқсан алты түкірік,
Тас болады бекініп,*

*Қырық, тас қосылып,
Алады біреу күтініп.
Тасы мұның кем болса,
Хакімдер тұрада жекіріп.
Дөңгелексіз бел ағаш
Бір кіндікте тұр екен
Жерге тилемей сілкініп.
Гажан қайран бір нәрсе
Елге барып Нұржан дос
Осыны келдім мен көріп.*

Нұржан:

*Тоқсан алты мыскалың,
Қадақты бұтқа қосқаның,
Бір қадағы кем болса,
Хакімдер берер жазаңды.
Көрсетсе біреу дүшпапаның
Кірмен өлишеу дұрыс деп,
Шығарғаны патшаның.*

Сапарғали:

*Бір жәндік көрдім, өзі аласа,
Бөтен мақлұқтай емес, тамаша,
Ешбір жаңга қосылмай,
Журеді өзі онаша.
Ешбірі батыл алмайды,
Қаскын, аю, жолбарыстар қамаса.
Ұялын жапта қалады,
Тіктеніп біреу қараса.
Не баран, не қылаң емес
Өзінің үсті аласа.*

Нұржан:

*Осы жәндігің кірпі-дүр,
Сипаты оның түрпі-дүр,
Өзі үяляшқ дегенің —
Кісі көрсе жүрмей-дүр,
Домаланың жатқанда
Арыстан, аю, жолбарыс
Алуын оның білмей-дүр.
Түгі оның инедей,
Үстінде қолға келмей-дүр.*

Сапарғали:

*Теңіздің бір құсы,
Қанаты алты, түгі жоқ,
Жerde де жоқ, мекені,
Көктө десем елі жоқ.
Мекенінен шықса вледі.
Оған қылар емі жоқ.*

Нұржан:

*Бұл сөзіңіз анық-ты,
Әуре қылдың жұмбақпен.
Бұл жердеі халықты*

Қанаты алты, түгі жок,
Суда жүзіп журеңі,
Далала шықса оледі,
Сапеке, мұның балық-ты.

Сапарғали:

Бұлт бар бір мекенде күрілдеген.
Құаты іште, сыртта көрінбекен.
Адамзаттың қолында ықтияры,
Өзі жансыз, қызметке ерінбекен
Өзінің жансыз, аузы бар,
Аузында алтын жинаиды.
Бұландаған бұжан бір сенде
Құатымен байлайды.
Қаңарланып тұрганда,
Тайп кетсе бір жерің,
Ешбір рахым қылмайды.
Екі кісі басында
Бірісі тұрап қуанып,
Бірісі тұрап қуарып,
Үлестіріп береді,
Шолдегенін суарып,
Нұржан, енді шеше бер
Осымен қойдым дөгарып.

Нұржан:

Мұныңыз көрік екен күрілдесе,
Іште желі, құаты көрінбесе.
Алтының жок, қышқаш қой шайнаштұғын
Бола ма әр қызметке болінбесе.
Екеудің бірі — ұста құаратын
Иесі — соғып берсе қуанатын,
Балта, пышақ, кесетін нәрселерді
Жақсылап басын тауып суаратын.

Сапарғали:

Тау көрдім, теңізі бар, үш есік-дүр,
Алланың оған берген көп несіп-дүр,
Жоғары біткен алты үй бар,
Алла оған берген көп несіп-дүр.
Екі үй екі мезгіл жабылады,
Аишақ тұрса көп нәрсес табылады,
Егерде шыныменен жабылып қалса,
Жөн таптай таудың өзі қаңғырады;
Және де екі үй бар хабар күткен,
О-дағы жаратылған құдіретпен,
Есігі бейхабар бол қалса бекін,
Кайырсыз үйлер болды сәні кеткен.
Екі үй бу шыгарып кіргізетін,
Кошли, қошсыз нәрсені білдіретін,
Алтыншы бұл екі үй бір орында
Керекті хабарларын бергізетін.
Ол жауға жаратылған екі тerek,
Каләлді әр нәрсені қылды керек,
Әуелде хактағала пәрменімен
Өсіпті он бұтақты екі тerek.

Жеріне түрлі-түрлі шөп бітеді,
Кей жерге аз, кей жерге көп бітеді,
Жаралған құдіретпен бұлай болып,
Жаңбырысыз, я түкымсыз тек бітеді.
Теңізде үш есік бар салған үш жол,
Дегенде күнпаяққун жаралды ол.
Бір жолына бір нәрсе түсіп кетіп,
Белгіп екі жолдан шығады сол.
Теңіздің ортасында төрт араг бар,
Төрт зат сол мекенде отті қарар:
Айдаңар, дұлдул, қауңар, нұр төрткеуі,
Осылан жан шесі бәрі оралар.
Хабарын осылардың паш қылатын
Алдында сайрап түрган бүлбұлы бар.

Нұржан:

Адамзат — тау дегенің, теңіз — іши,
Шешүгे қыын болсын мұның несі.
Алты үйді ретіменен айтайын мен,
Алланың бүрьеғымен жүрген кісі.
Екі көзі бірдей ашылып, жабылады,
Ашқанда әрбір нәрсе табылады,
Егерде соқыр болып қалса біреу,
Пәнденің шарасы жоқ, қаңғырады.
Екеуі екі жақта түрган құлақ,
Хабар алып беруге жарап түрган,
Егерде саңырау болып қалса біреу,
Кор болып сәні кетіп жылап түрган.
Шыгарып келесініз сөздің зорын,
Жұқалап жүруші едің мұнан бурын,
Кошли, бұл екі үйдің — екі мұрын.
Екі терек дегенің — екі аяғы,
Қалғалда мұтмен екен ол тамагы,
Құдіртімен мұның бәрі жаратылған,
Он саусақ, екі терек қол бағы.
Адамның денесіне түк бітеді,
Сакал мен шаш сотенмен көп бітеді.
Жаңбырысыз, я түкымсыз өспей түр ма,
Осылай мысал қылдым, нем кетеді.
Үш жолдың біреуі — біз, ауыз десек,
Тәғамды жемейміз бе кесек-кесек.
Әрқайсысын вәзінің орныменен
Тәмениң екі жолдан шығар несен.
Нәпсі — айдаңар болғанда, қауңар
Нәпсі бұзып кептей ме, болып қапыл
Иман-дүр, көңіл — дұлдул дегеніңіз,
Түрмай ма бұл тортегу бір жерде ақыр.
Хабарын осылардың паш қылатын
Сайраған бүлбұлының — бұл қызыл тіл.

Сапарғали:

Бір нәрсе заты түстен, іши қуыс,
Үсталар істеуіне қатты жұмыс,
Өттепейді балға, пышак, откір қылыш
Кайтадан күл болады қалсан жұыс.

Нұржан:

*Шыныға басқа, алмасстан темір өтпесе.
Ұсталар баға төлем істеп жетпес.
Сынса егер, іші қуыс бөтөлкелер,
Бірігіп ешуақытта қайт бітпес.*

Сапарғали:

*Бір нәрсе екі түрлі заттан болған,
Адамзат шыгарады істеп қолдан,
Жұмсаймыз тазалыққа уақытымен,
Ғұмыры ақырында бітер судан.*

Нұржан:

*Сабын деп ойлан білдім, мұның түрін,
Екі зат қып қойыпсың май мен күлін
Ғұмыры су дегенде, зяя болған,
Пәк қылым тазартады тәннің кірін..*

Сапарғали:

*Мен көрдім патша елдің елі — жұрттын,
Каралар бірдей қылып бауыр сырттын.
Шілде ауып, жаз ортасы болған кезде,
Коймайды төбө шашы, сақал-мұрттын.*

Нұржан:

*Соқамен жер жыртамыз егін салсақ,
Еңбексіз егін болмас қарап тұрсақ.
Уақыты егін пісіп жеткеннен соң,
Жүлганды сақал-мұрттын орап алсақ...*

V. ДІНИ АЙТЫСТАР

Қазақ халқы ислам дінін Орта Азияның өзге елдерінен кеш қабылдаганы және жалпы діни сенімдердің пайда болуы жайында кітабымыздың бас жағындағы тиісті тақырыптар шенберінде сөз еттік. Енді біз ислам дінінің айтыс жанрына қаншалық әсер еткенін әңгіме етпекпіз.

Ислам дініне дейінгі қазақтың сиынған діні — шаманизм екенін айттық, ал оның сарқыншактары қазақ арасында революцияға дейін орын алғып келді. Бұлар, жоғарыда айттылғандай; бақсылық, атка, аруаққа табыну; әрбір аурудың өз құдайы бар деп үғыну, т. б. түрінде болып келеді.

Негізінде, бақсылар қазақтың ауыз әдебиетін кеңінен пайдаланды. Мысалы, бақсының сарыны, тістің ауруын (құрттын) өлеңмен шақыру, жылан шакқанда өлеңмен емдеу, бәдік айттысу, аруақпен, жынмен сейлесу т. б. Айттайық деп отырган тақырыбымыз айттыс туралы

болғандықтан, шаман дініндегі айтыс тәрізді сарындарға ғана тоқталамыз.

“Бәдік”. Шаман дініне сенетін қазақ халқының ертедегі үгымында “бәдік” дегеніміз малға, адамға тиетін індет ауруның иесі, яғни құдайы.

Шаман дінінде ауруды емдеудің жеке де, жалпы да түрі бар. Жеке түрінде жалғыз баксы ғана емдейді, жалпы түрі көптеген бөгде адамдардың қатысуымен жүзеге асырылады.

Баксының ойнау тәртібі мына төмендегідей: әдетте баксы науқас адам жатқан үйге халқты жинаиды да, ымырт үйіріліп, қас қарайған кезде, киіз үй болса түндікті, есікті жаптырып қойып, кобыз тартып сарнайды. Баксының айтуыша, мұның олай сарнаудағы мақсаты — әлдекайда алыста жүрген аруактарды және жындарды жәрдемге шақыру. Бірақ сарнаганинан кейін, баксы орнынан атып тұрып, үй ішінде денесін бұраландатып, қарғып, секіріп, бет аузын қисандатып, көзін алартып, өзімен өзі арпалысып, жүгіріп жүріп сарнайды. Осы кезде ол есінен танған болып, аузына не келсе соны айтады, үйдегілерді сабайды, орынсыз нәрсеге ұрынады.

Шаман дінінің айтуыша, жақсылық құдайлары жәрдемге келмесе, баксыда жауыздық құдайын қуарлық күш жоқ. Сондықтан, баксы сарнап ойнаганда, жақсылық құдайларын көмекке шақырады. Сарнап жүріп баксының “талаң” қалатын себебі, баксының үгымынша ол кезде баксының жаны мен тәнірінің жаны бірігеді де, дерттің құдайымен алысып, оны жеңеді, бұл алысу, баксы талықсып жатқанда болады. Баксының есін жыюы, жақсылық құдайының жамандық құдайын жеңіп болған кезі, осы кезде ғана баксының жаны өзіне кайта оралады. Шаман дінінің уағыздауы бойынша, бұл ауруды емдеудің тек баксының жеке басының қатысуымен атқарылатын түрі.

Жалпы түрінде көшілік қатынасады. Мысалы, қойға секіртпе, жылқыға жамандатпа аурулары тиіп, сиырга ала өкпе, иә қарасан тиіп, мал кеп қырыла бастаған кезде табын малды отпен аластап айдау, иә өліктің қабырына түнетіп емдеу болған. Бұл емдеуде баксы ғана емес, оған көшілік те қатынасып, азан-қазан, у-шу бол, малдың зәресін алып үркіткен, ондағы ойы оттап, шудан, аруактан ауруды сессендері.

“Бәдік” үгымы осы шаман дінінің калдығы. Өйткені, қазақ арасына ислам діні тараған кезден бастап “бәдіктің” мән-мағынасы да өзгеріп, жын шақыру ойнына айналға. Оған “бәдік” айтысның өзі күә.

Шаман дінінде ауруды “көшіру” деген әдет бар. Онда науқас адамның, немесе малдың ауруын басқа затка

“көшірді”. Әдетте, ауруды “көшіргенде” бақсыға ерген жүрт малдың қу сүйегін әдемілеп сырлайды да, елден аулақ жерге апарып тастайды. Бақсының айтуынша, дерт “иесі” ауырган адамнан, иә малдан құылғанда жоғалып кетпейді, ол өлуге тиісті емес. Сондықтан, басқа адамға, иә малға соктықпауы үшін, бақсы оны қу сүйекке байлап қоюға тиіс. Сол себептен де ауру көшірген сүйектің маңына адам жоламауга, малды да жолатпауға тырысады.

“Бәдік” айтысында осы “көшіру” бар. Бірақ бұл “көшіру” бертінде бұрынғы магнасын өзгертіп, жастардың ойынына айналған. Бұрын, ел шаман дініне сенген кезде “бәдік” ауруды емдеуге ариналған елең формасы болса, бертінде ауру емдемей-ак жастар “қызы, бозбала” сауық ретінде бас қосып, “бәдікті” ойын барысында қолданған, бұрынғы “бәдіктің” түрін ғана пайдаланып, мазмұнын өзгертіп ойын-сауықтық мазмұн берген.

Бертін кезде, революцияға дейін, мал, не адам ауырмай-ак, жастар өз бетімен сауық жасауга жиналып, өзара “бәдік” айтысқан, “Бәдіктің” елеңі:

*Айт дегенмен айтамын-ау бәдікті,
Кара мақпал тоным бар барша әдіппі.
От, оттамай, су ішпей жата берсе,
Бәдік емес немене, бір кәдікті.*

Көш, көш, көш!...
*Бәдік кеміт барады шатқа таман,
Жүгег ала жүгірдім атқа таман.
Құдай айдан бәдікті қолга берсе,
Итере салар еділ отқа таман.*

Көш, көш, көш!...
*Бәдік, бәдік деседі,
Бәдік желдей еседі,
Асқар-асқар тауларға,
Айнала соққан құйынга
“Ай көш” десе көшеді.*

Ай, көш!
*Көшер болсан, әй бәдік Меккеге көш,
Кемпір мыйын мұжіген шекеге көш,
Көш айласын білмесең мен айтайын,
Койдан қойға жүгірғен текеге көш!...
Көшер болсан, бәдік арқаға көш,
Карағайды қақжарған жаңқаға көш;
Көш айласын білмесең мен айтайын,
Койдан қойға жүгірғен марқаға көш.*

*Көшер болсан, әй, бәдік жыланға көш,
Құйрықы жоқ, жалы жоқ құланға көш;
Көштің жайын білмесең мен айтайын,
Жердің жүзін қаптаған тымауга көш.*

*Жүрқаға көш, әй, бәдік жүрқаға көш,
Кұлан, күйк жайлайған қырқаға көш;
Көш мәнісін білмесең мен айтайын,
Күресіннен күл шашқан бүкәға көш.*

“Бәдіктің” басы осылай жалпылап келеді де, аяғы қыз, бозбаланың әзіліне айналады. Мәселен:

Жігіт:

*Кара тауым, дегенде, қара тауым,
Тау басында соғады қара дауыл.
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге,
Каптай көшіп келеді біздің ауыл.*

Қыз:

*Бәдік кетіп барады таудан асып,
Таудан ақжан бұлакпен араласып.
Енді екеуміз бәдіктің тауып алып,
Шын құмардан шығайық сабаласып.*

Жігіт:

*Жемір бәдік дегенде, жемір бәдік,
Ку қыздардың шекесін кемір бәдік.
Семіз қыздың ішіне кіріп кетіп,
Бүйрек майын же-дағы семір бәдік.*

Қыз:

*Бәдік кетіп барады мекесіне,
Ешкі арығын білдірмес текесіне.
Онаң көшер жайынды мен айтайын,
Бар да жабыс жігіттің шекесіне.*

Жігіт:

*Карататудан кей бәдік асып кеткен,
Аулақ жерде қыздарды басып кеткен.
Етегіне бір табақ топырақ салып,
Көрген қыздың көзіне шашып кеткен.*

Қыз:

*Бозбаламен көш бәдік, ағынға көш,
Абат қылған орыстың багына көш,
Одан көшер жайынды мен айтайын,
Жігіттердің кер ауыз жағына көш.*

Жігіт:

*Ақын қыздың көш бәдік, тіліне көш,
Бақта ашылған сарттардың гүліне көш.
Онаң көшер жерінді мен айтайын,
Бұратылған қыздардың беліне көш.*

“Бәдік” айтысы осылай қыз бер бозбаланың жастық әзіліне айналады да отырады. “Бәдік” айтысының нақ қай заманда шыққанын анықтау қыын. Бірақ ол ескіден қалған мұра есебінде айтылмай, кейінгі заманың да әдет-ғұрпына араласып, әр заманың өз тұсында шыққан айтыс өлең сияқтанып кеткен. Бұл айтыс кейбір ауыл арасында революцияның бастапқы жылдарында да болды.

Дін айтыстарының ішінде, ислам дінінің әсерінен туғандарды да көп. Ондай айтыстардың мақсаты — қазақ арасына ислам дінін уағыздап, исламның дүниеге, адамның іс-әрекетіне қатынасып, насихаттау.

Дінге сенуші ақындардың бір қатары дүниенің жаратылуына ислам діні тұргысынан келіп, оны айтыстың тақырыбы етіп те алады. Мысалы, Болық қыз бен Елентай ақынның айтысы:

Болық:

*Ақын жігіт аталған Елентайым,
Өнерпаздық өнерпаз білер жайын.
Жауап бер біразырақ сөз сұрайын,
Әуелі не жаратты бір құдайым?*

Елентай:

*Болық, мәған белгілі сенің сырың,
Біздерден артық, емес айтқан жырың.
Бұрындық даналардан естігенім,
Жер мен көк жаралыпты елден бұрын.*

Болық:

*Елентай сұрай берсем сөзім көп-ті,
Ол күнде болатғын адам жоқ-ты.
Өренің бар жігітсін, өзің епті.
Не нәрседен жаратты жер мен көкті?*

Елентай:

*Кудайым әуелінде жер жаратты,
Дүниені ел сыйғандай кең жаратты,
Боліпті меруерттей өмірімен
Көбіктен тоғыз қабат көк жаратты...*

Болық:

*Елентай жақсы жауап береді екен,
Сұрауға тәві бір сөз келеді екен.
Дүниенің әуелінше жер жаралса,
Кара жерді көтерген немене екен?*

Елентай:

*Кызы Болық, өлең айт деп қылды тілек,
Шошымас сұраганга біздің жүрек.
Жараптан алып болып бір көк өгіз,
Тұрады мүйізімен жерді тіреп.*

Қыздың “өгізді кім көтереді?” деген сұрауына:

*Кара жерді көтерген ол көк өгіз:
Кара тасты табанымен басып түрган.*

Қыздың “тасты не көтереді” деген сұрауына:

*Көк өгізді көтерген ол қара тас,
Бір балықтың тұрады мыйығында.*

*Ол балықтың тұрады су көтеріп,
Суды мұнар тұрады бу көтеріп,*

Жұсіпбек қожа мен Шөкей қыздың айтысы да осы сарында келіп, Шөкей қызы Жұсіпбектен жер үстіндегі хайуанаттардың жайын сұрайды. Жұсіпбек ол сұрауларға ислам дінінің кітаптары айттын мөлшерде жауап береді.

Шөкей:

*Карқ, кез оқ, қарагай садақ, сары шалық,
Жолына құл аттанса салар салық.
Алдыңа ақын болсаң сала айттайын,
Бар екен су түбінде неше балық?*

Жұсіпбек:

*Корлыма ұстазаным қалам, кітап,
Қалады су құрыса балық жұтап,
Кем ақыл сен білмесең айттайын мен,
Балық, бар су түбінде он екі тол.*

Осыдан кейін, әр балықты бір ауыз өлеңмен, былай-ынша санап өтеді:

*Балықтың ең үлкені наған балық,
Біреуі одан кейін жайын екен,
Біреуі одан кейін лақа балық,
Біреуі одан кейін құртиқа балық,
Біреуі одан кейін сазан балық,
Біреуі одан кейін қара балық,
Біреуі одан кейін шортан балық,
Біреуі одан кейін табан балық,
Біреуі одан кейін ақжайрақ-ды,
Біреуі одан кейін ишбалық-ты,
Балықтың ең кішісі шабақ деген...*

Шаман діні де, ислам діні де адамның денесі өлгенмен, жаңы өлмейді — деп есептейді. Бірақ “өлмейтін жан” туралы екеуінің үгымы екі басқа: ислам дінінше өлген адамның жаңы тіршілікте қашшалық құдайдың құлы болса, өлгенде де соншалық құлы. Егер тіріде адамның құдайға қылғы жақсы ғана, өлгеннен кейін жаңы рахатта (жұмакта) тұрады, егер тіршілікте құдайға жақпаса, өлген соң жан азантан шықпайды. Шаман дінінде олай емес, жан құдайға (шаманша — тәніріге) адамның тірі кезінде ғана бағынады да, өлген соң жан (шаманша — аруақ, монголша — онгон) өз еркіне көшіп, өз бетімен құдайлыш міндет атқарып кетеді.

Қазақ еліне ислам дінінің шын магынасында тара-мағанын, ислам діні мен шаман діні араласып, екеуінің ықпалы бірдей болып келгенін XIX ғасырдағы қазақ халқының ғалымы Шоқан Үәлиханов толық айтқан. Расы осылай. Мысалға, өлген адамның жаңын алсақ, казактар оны ислам дінінің тілімен “аруақ” деп атайды. Бірақ бұл

“аруак” арабтың “аруах”-ынан көрі, шаман дінінің “он-гон-ына” ұқсайды. Қазақтың “аруғы” шаманың “онгоны” сиякты құдайлық қасиетке ие болады, аруақтың қарғысынан құдайдан кем қорықпайды.

Өлікке-аруаққа осылай, шаман дінінің көзімен қарау қазактың әдебиетіне де әсер еткен. Оған мысал “Ақбала мен Боздақтың айтысы”.

Боздақ дейтін жігіт Ақбала дейтін қызға ғашық боп жүріп, бір рет жолаушылап келгенде, Ақбала қайтыс болады. Боздақ шыққан жолынан оралып, кайта келе жатса, жолында жас қабыр кездеседі. “Ақбала өлген болар ма” деген қауіппен Боздақ қабыр басында өлең айтады. Оған Ақбала елеңмен жауап береді.

Боздақ:

Әуеде ызылдаіды жасыл сона,
Калыпты жайлауында жалғыз мола,
Жайлауың мен кеткенде тезек еді,
Болмасын Ақбала қыз мына қара.
Саламын қоржыныма тарымды ақтап,
Атымды қашылаймын екі жақтап,
Жасырган алтын, күміс түл тақиғац
Калыпты айдалада бейіт сақтап.

Ақбала:

Жайлауы біздің елдің құм еді гой,
Базарға қой айдаса нұл еді гой.
Басыма келмей жатып влең айтқан,
Кайғырган қайсы байдың ұлы еді гой.

Боздақ:

Арқаның ақ қайынан ерімді торлан келдім,
Өлігін кімнің қоған деп ойлат келдім.
Бір бата кім де болса қылайын деп,
Жалғызы мен Бәртениң Боздақ келдім.

Ақбала:

Айтамын айт дегенде Ақбаламын,
Нені аитып өлгеннен соң мақтанағын.
Жалғызы сен Бәртениң Боздақ болсаң
Жалғызы мен Кыргидың Ақбаламын.

Боздақ:

Ақбала қыз екенін танып тұрмын,
Лапылдан тал отындаи жанып тұрмын.
Тартысқан тар төсекте тату едім,
Ойыма тұра ма деп алып тұрмын.

Ақбала:

Айтамын айт дегенде қызыл тілім,
Үй қылым қазаңнан соң жердің түбін;
Қызыл тіл кейде келер, кейде келмес,
Бейіттен мына тұрган шықпай дәнем.

Бұдан былай Боздак Ақбаланың денесіндегі барлық мүшелерін бір-бір ғызып өлеңге қосып, осы мүшениң жайы қалай деп сұрайды. Ақбала беріне де “көзіме күм құйылды, денемді балшық басты” деген сияқты өліктің аянышты халін айтып өлеңмен жауап береді. Айтыстың аяғы бірін-бірі қимаган қайғымен бітеді.

Бұл айтыста ислам дінінің ешбір әсері жок. Ислам дінінде екі періште кеп, құдайға тіршілікте қылышы жақпаган адам болса жаңын азаптайтын, ислам дінінше, өлік дүние сөзін, тіршілік сөзін айта алмайды, ол азаптан қорқып, басымен қайғы болады.

“Ақбала мен Боздак айтысы” ислам дінінің бұл шартын бұзады, айтыста тіршіліктің ең қасиетті тарауының біреуі махабbat жырланады. Шоқан Үәлихановтың “Шаман діні — материализм, ислам діні — спиритуализм негізіне құралған” деуін Ақбала мен Боздақтың айтысы дәлелдейді.

Дін айтыстарының ішінде, ислам дінінің әсерінен туғандары да кеп. Бұл айтыстардың мақсаты қазақ арасына ислам дінін сіндіру, исламның дүниеге, адамның әрекетіне қөзқарасын үгіттеу.

Дүниенің жарапалы туралы ислам метафизикалық қөзқарасты жақтайды, ислам діні табиғатты 18 мың та-рауға бөліп, әркайсысын бір әлем-ғалам деп атаган, мәселен: құстар бір ғалам, су бір ғалам, есімдік бір ғалам, аң бір ғалам, адам бір ғалам, ай мен жұлдыздар бір ғалам т. б. жаратушы — Алла. “Алла әуелі нұр (сөүле), содан кейін жер мен көк, содан кейін періште, осыдан, кейін адамды жаратқан”. Діншіл акындардың бір жүйесі исламның дүние жаратылуына осылай метафизикалық қөзқарасын өлеңнің айтысына тема етіп алады.

Бұл сияқты діни тақырыптағы айтыстар қазақ әдебиетінің өркендеу тарихындағы бір дәуірді көрсетеді. Әрине, ол тарих үшін қажет мәселе, бірақ бұл сияқты әдеби мұралар халықты дін уымен улаған, прогресске кедергі болған залалды әдебиет болғаны мәлім.

Дін айтысын таратушылар, көбінесе қожалар. Өздерін “пайғамбардың әүлетіміз” дейтін қожалар Арабстаннан Азияның өзге өлкесіне дін таратуға шыққан нацихатшылар екенін осы кітаптың бас жағында шежіреге катысты айтқанбыз.

Ал айтыс жанрында ислам дінін, оны таратушы қожаны келеке қылған айтыс та жок емес. Оған Үлбике қызыңынан Күдерең қожаның ұзак айтысынан келтірілген төмендегі үзіндінің өзі-ақ дәлел болады.

Күдерең:

Сексеуіл құмға біткен бес алмалы,
Зинақор бір құдайды еске алмады.

Өлеңнің бес-алты ауыз арқасында,
Тұсыма қыздар келді қос алмалы.

Ұлбике:

Сексеуіл құмға біттер бес алмалы,
Зинакор бір құдайды еске алмады.
Тұсына қыздар келді қос алмалы,
Үстайды қожа қалай ақ шалмалы?...
Казақтың шынжай тайын алдан алған,
Жиһаннамга қожа жетер ақ шалмалы.

Құдері:

Сексеуіл құмға біткен бес алмалы,
Зинакор бір құдайды еске алмады,
О дүние бү дүниеден жақсы дейді,
Баралық, бәріміз де жан қалмалы.

Ұлбике:

Өлең-өлең, өлең деп өтер еді,
Өлең шіркін көңілді көтереді.
Бүл дүниеден ол дүние жақсы болса,
Адамға айтпай қожалар көтөр еді....

Құдері:

Екі қүзын үшікан жер Еділ, Жайық,
Елде ақын бар ма айт, бізге лайық?
Кішкентайдан бірге өскен әй, Ұлбике,
Әрі отырма, бері отыр жақындаіык.

Ұлбике:

Кожа залым болар ма, қара тұрып,
Кара залым болар ма, нара тұрып,
Арамзасын қожаның жаңа білдім,
Біз байгүсты алдайды бері отырып.

Келмегірдің еліне қайдан келдік,
Кожасы діннен шыққан елге келдік.

Құдері:

Менімен жауласпассың, ел боларсың,
Бес-алты жел сөзбен тең боларсың.
Өршеленіп қоймайсың, әй, Ұлбике,
Мал мен бастың бірінен кем боларсың.

Ұлбике:

Сенімен жау емеспін елдескенмен,
Бес-алты жел белдескенмен,
"Мал мен бастың бірінен кем болар" деп,
Кожам, қай күн құдаймен тілдескен ең?

Кожеке-ау, мен де білдім бүл ісіңді,
Ужмақ, пенен пейіштен үлесіңді,

*Күлгетүгөн ерніңнен тесін қойса,
Енди, қожам, қойып жүр күлесінді...
Балаңыздан сұрап па ен, ақын қожам,
Кыздың жолы қожадан үлкен дейді?...*

Құдері:

*Аузының шекер, лебізің балдан тәттіті,
Өлімнен құтыла ма жүйрік ашты.
Колыңда жайып түреған кітабың жоқ,
Оқымаң қалай білдің шарыгатты.*

Ұлбике:

*Сен-ақ оқы “әліп” пен “әбжед”-ті,
Мұрның “әліп” болғанда, қасым “мәм”-ті,
Көкіргегім — кітап сөзі, тілім — құран
Мен сенен үйренбеймін шарыгатты.*

*Кожеке-ау, ояу қалай, үйқы қалай?
Болғанда жаугершілік жылқы қалай?
Ақыретке барғанда тақсыр қожам,
Жалғандагы ойын мен құлкі қалай?*

Қожа:

*Жанның қамын ойламас адам өсер,
Үйде отырып онымен өлишеп, пішер.
Бұл дүниеде көп ойнаш, көп құлғендер,
Жылай, енірей дозақта күні кешер...*

Негізінде Ұлбикенің Құдеріге қайтарған осы айтыстағы жауаптары — дінді, діншіл қожаны маскарадау. Халық данышпандығымен діннің халықта, тұрмысқа жат қылығын әшкерелеу. Дін туралы айтыстарда Ұлбикеден басқа халық ақындарының өлеңдері де көп кездеседі.

VII. ДАРА АҚЫНДАР

Қазақтың көне заманнан бері айтылып келे жатқан, бірақ, авторы белгісіз, өлең-жырларын жоғарыда “халықтық” деп атадық. Дегенмен, ондай жырлардың авторларының біразы кейінгі ғасырларда анықталып, мәлім бола бастайды.

Бұл авторлардың кейбірі тарихта мәлім болғанымен, кебі халық аузында аңыз ретінде сақталған. Олардың өмірі, шығармалары туралы нақтылы деректер жоқтың қасы. Ал, анықталған авторлардың біразының есімін жоғарыда “айтыс” жайында айтқанда келтірдік.

Айтыстан басқа өлең-жырларда да есімдері сақталған авторлар жоқ емес. Сол дара ақындардың біразының есімдерін атай кетейік.

Негізінде жыраулардың бірқатары совет заманына да келіп жетті. Солардың ішіндегі көзге түстептіндерінің бірі — республикамыздың Манғыстау облысында туып-өсken Сенгіrbайұлы Мұрын жырау (1860—1952). Өзге жырларын былай койғанда, ол “Қырымның қырық батыры” аталатын жырын айдан артық уақытта айтып әрен тауысады екен. Соның шет-жағасын өзіміз де естідік. Оның жыры да, орындау тәсілі де ғажап. Бірақ, өкінішті жері оның айтқандарын түгел жазып алатын магнитофон ол кезде біздің қолымызда болмады.

Мұрын сияқты жыраулар қазақ халқының тарихында әр заманда және әр жерлерде-ак кездесе береді. Олардың біразы біздің советтік заманға келіп жеткенмен, қазір қатары сиреп бірен-сарапдал қана қалды.

Жыраулар әдетте, көне заман жырларын бірінен-бірі қабылдап, атадан балаға таратып отырумен бірге өз жандарынан өлең, шыгаратын да болған. Сондай жыраулардың бірі жетісулық Сәдібек Мұсірепұлы (1885—1959) еді. Бұл жыраудың жаз айларында жайлauғa шығып, қыс кезінде ауыл аралап жүріп жыр айтатынын өзіміз де көрдік. Бір кезде ол “Алпамыс” жырын ымыртта бастап, түн ортасы ауа аяктады. Сол сияқты Жамбыл ақын да өзі шығарған “Мүйізді Өтеген” жырын үзак түнгे созатын еді. Нұрпейіс Байганин да өзі шығарған “Нарғыз” жырын екі-үш күн орындағытын.

Жыршылардың ескі жырларды есте тұтуы ғажап. Мысалы, “Қырымның қырық батырын” бір ай бойына жырлайтын Мұрын ескі жырларға сүйене отырып, кебін өз жанынан шығарғын. Қырғыз ақыны Қаралаев Саяқбай (1894 жылы туған) жарты миллион жолға жақын “Манас” жырын түгелімен қолға қондыргандай айтып береді.

Мұндай жыраулардың кейбіреулері “жыр атасы” дейтін миғертеге (табиғаттан тыскары күштерге, яғни аруақтарға) сенеді. Жырлары айттылмай, іштері пысқан кезде, олар шабыт беретін аруақ ізделп тауларды, ормандарды, жапан түздерді кезіп жүреді. Бұл, әрине, діншілдік үгым. Ал, шынында, мұндай адамдардың ірі талант иесі екені сезсіз.

Халық үғымында жаршылық қабілетімен бірге ақындығы барлар нағыз дарынды адамдар саналады. Олар өлең де, жыр да шығарады.

Бүкіл дүние жүзінің фольклоры (ауыз әдебиеті) лирикалық және эпикалық болып екіге бөлінеді гой. Лирикасы жан сырын шертегін өлең мен жырлар, эпикасы оқиғалы үзак өлең-жырлар. Қазақ фольклорында осы екі түрі де бар. Лирикалық жырларға кейін оралатындықтан әзірше эпикалық жырларға тоқталайық. Ол қазакта: толғау, айтыс, жорық және қисса аталып төртке бөлінеді.

Толғау: нақыл толғауы, ереуіл толғауы және тіршілік толғауы болып үшке бөлінеді.

Нақыл толғауында бұрын-сонды болған өнегелі істерді жырлау арқылы замандастарына өситет айтады. Мұндай толғаулар және толғаушы-жыршылар қазак әдебиетінде де толып жатыр. Біз солардың ішіндегі ең күрделілерінің бірі — Бұқар жырау Қалқаманұлының толғауларына тоқталмақпзы.

Бұқар жырау он сегізінші ғасырдың аяғында, қазіргі Қарқаралы ауданының территориясында Қарекесек руында туып-ескең ақылды, парасатты, өзінен кейін көптеген нақыл сөздер (толғаулар) қалдырыған жырау.

Бұқар заманында Абылай ханның бас ақыны, әрі ақылшысы болғандықтан мемлекеттік маңызы бар істерге ақыл қосып, өз ақылын мемлекет жұмысын басқарушы Абылайға істептіруге тырысады; ақылын алмаған жерде ол ханға былай деп құш те көрсетеді:

*Ашуланба, Абылай,
Көтерермін, көмермін,
Көтеріп қазага салармын
Өкпеңменен қабынба!
Өтіңменен жарылма!
Басына хан көтерген,
Жұртыңа жаулық сағынба.*

Бұл арада айта кететін бір жай, соңғы кезге дейін Бұқар жырауға “сарай ақыны”, “орда ақыны” деген атақ тағылып келді. Бұқар жыраудың шыгармаларын тереңірек зерттегендеге, ондай атақ тағу дұрыс болмай шығады.

“Сарай ақыны”, “орда ақыны” деген тұжырымдардың тарихи жағынан нақты мағынасы бар. Оған мысалды алystan іздемей-ак, орыс әдебиетінде Державинді, қазак әдебиетінде Байтоқ жырауды алуға болады. XVIII ғасырдың аяғында, XIX ғасырдың басында дәурен сүрген орыс ақыны Гаврил Романович Державин Екатерина-II мен I-інші Александр патшаның тұсында жасады. Державиннің ақындық қызметіндегі негізгі тақырыбы патшаны, оның дәрежесін, сән-салтанатын мактау болды. Байтоқ жырау XIX ғасырдың бірінші жартысында Бекей ордасында, Жәнгір ханмен тұстас өмір сүрген. Ол да Державин сияқты ханды, оның дәрежесін, сән-салтанатын мактау болды. Патшаның, ханның қылықтарына бұлар сын көзімен қарай алмады.

Бұқар жыраудың творчестволық жолы Державин мен Байтоққа үксамайды. Бұқар жыраудың шыгармаларында азаматтық, саяси сарын терең, әлеуметтік астар басым. Ол Абылайдың мақтаушысы ғана емес, сыншысы да.

Бұқар жырауды “орда ақыны”, “сарай ақыны” дегізген жай, оның шығырмаларында Абылай ханың аты көп атала-тындығы. “Бұқар жырлары” дейтін шығармалардың көпшілігі Абылай ханға қатысты айтылатын жырлар. Осы жырларға атусті қараганда, Бұқар жыраудың ханға, хан ордасына бай-ланысты ақын сиякты көрінетін рас, бірақ бұған тереңірек үнілеск, Бұқар жырларының Абылайға қатысты форма жағынан ғана, мазмұн жағынан алғанда, оның жырлары ор-дага емес, сол кездеңі казақ халқының саяси-алеуметтік тұрмысына байланысты айтылғандығы байкалады.

Бұқардың ақындығы туралы Мәшһүр Жұсіп Көпееев былай дейді: “Ол замандағы жұрттар оны (Бұқарды.— С. М.) көмекей әулиесі, дейді екен. Ол кісі қара сезді білмей, тек, сойлесе, көмекейі бүлкілден жырлай бастайды екен”.

Мәшһүр Жұсіптің айтуыша, басы Абылай болып өз заманындағы төре-қара Бұқар жырауды сездің ғана “әулиесі” емес, жалпы “сәуегей, әулие” адам деп бағалаған. Дінге сенетін фанатизм заманының ханы Абылай жортуылға шығар болса, Бұқар жырауға бал аштырып, егер ол “аттан” десе ғана аттанады екен. Ол кезде қазақ арасында шаманизм дінінің әсері жойылмаған, қазақ халқы шаман дінінің кейбір әдеті бойынша, әсіресе аруакқа табыну, ал талантты адам болса, оларда кие (“жақсылық құдайы”) бар деп түсіну ете күшті болған.

“Абылайдың киесі сары бура екен”,— дейді Мәшһүр Жұсіп,— “Абылай” жорықта жеңетін болса, бура жорықтың жолына қарай жатады екен де, жеңбейтін болса, теріс қарап жатады екен. Бура қалай қарап жатса да Бұқар жыраудың түсіне енбей қалмайды екен”.

Феодализм үстемдік құрган кездегі бұл сиякты діни фанатизм, қазіргі санасы есken социалистік қоғам адамы үшін нанғысыз жағдай. Бірақ, мәселе, оның “әулиелігінде” емес, өз заманындағы белгілі ақын, әрі шешен, ақыл иесі адам болуында.

Жырларына қарасақ, Бұқар жырау мұсылманша оқыған сиякты. Оған оның мына жыры күэ:

Төрт шадияр, Мұстафа,
Мұса аашан гылымды айт.
Тәңірім сөзі “Құранды” айт,
Тәңірім салсын, аузыңа,
Жан жолдасың иманды айт.

Кара қылды қақ жарған,
Наушаруандай әділді айт.
Арсы менен курсіні айт,
Күдіретімен жаратқан
Он сегіз мың ғаламды айт,
Ақтап сия танытқан
Дәуіт пепен қаламды айт.

Бұл сөздер, әрине, мұсылманша оқымаған сауатсыз ақыннан емес, дін кітаптарын біletін сауатты адамнан шыққандығы айқын көрініп түр.

Енді Бұқардың шығармаларына негіз болған сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайларға тоқталайық.

*Ақтың үйі мешітті,
Ақты құдай шешілті,
Ибраһим Халил жасады,
Тәңірім үйі Кебені (Қағбаны),
Батырлар үшін жасатқан,
Берен сауыт жебені,
Сыйлай бергін көнені,
Сыйламаған күн қылар,
Өзін тапқан енені,
Ибраһим Халил жасаған
Тәңірім үйі мешітті.
Құдайды білмес бинамаз (намазсыз)
Құдайынан көшітті.
Құдайына құл болсаң,
Шын жасалған үл болсаң,
Құдай тағалам өзі берер несітті.*

Бұл жырдан Бұқар жыраудың мұсылманша оқығандығы айқын байқалады. Бір ескерте кететін жағдай, Бұқар мұсылманша оқығанмен, ислам дініне құдіксіз сенгенмен, өзінің шығармаларында соғылықты жырлаган емес.

Бұқардың өмірі туралы қыскаша мәліметті осымен аяктап, енді, Бұқардың шығармаларында негіз болған, сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайларға тоқтаймыз.

Бұқар жырларының негізгі тақырыбы — халықтың әлеуметтік түрмисі. Ол негізінен азаматтық сарынның, әлеуметтік өмірдің ақыны.

XVIII ғасырдың алғашқы ширегі қазак халқының тарихында ете - ауыр жылдар болды. 1723 жылы құрғақшылық болып, егін-шөп шықпады. Сыр бойын жайлайтын қазак еліне, алдағы қыста жұтқа ұшырау қаупі туды. Осы кезде Алатаудың шығыс жағын мекендеген Жонгария хандығы қазак елін жаулауга аттанды.

Бұл кез қазак мемлекеттігінің шаруашылық жағынанған емес, саяси басқару жағынан дағдарысқа ұшыраған кезі еді. XVI ғасырда жеке хандықтардан құралып, біртутас мемлекет болған қазак халқы 1717 жылы Тәуке хан өлгеннен кейін берекесінен айырылады. Тәуке хан кезінде жиі болып тұратын “Күлтөбедегі қунде жиын” ыдырады. Кіші жұздің ханы Әбілқайыр, орта жұздің ханы Әбілмәмбет, Ұлы жұздің ханы Барак бас хан лауазымына таласып, өзара шайнасып жатты.

Қазак халқының әкімшілік билігінің әлсіреуін, шаруашылық күйінің күйзелуін көрген Жонгария ханы Цеван

Рабтан шабуылга жиырма мың әскермен аттанды. Жонғария әскері бұл жолы бұрынғыдай наиза, садакпен емес, зенбірекпен, мылтықпен қаруланып, Европаның әскери білімін пайдаланған еді. Жонғария әскерін осылай қаруландырып, жаңа тәртіпке түсірген швед инженері, офицер Иоган Густав Ренат болды. Ренат 1709 жылы Полтава соғысында Россияға тұтқынға тұсті. Содан кейін ол Тобылға жер аударылған Россия генералы Бухгольцтің экспедициясымен Ертіс өзенін бойлап, Сибирь жорғына қатынасты. 1715 жылы Бухгольц Жонғария әскерімен соғысқанда, біраз солдатпен бірге Ренат Жонғария әскерінің қолына тұсті. Ренат Жонғарияда көп жыл тұрып, Жонғар қалмақтарына темір қорытуды, зенбірек құюды, зенбіректің оғын құюды, ок-дәрі, мылтық жасауды үрретті. Сейтіп, 1723 жылы Цеван Рабтан қазақ елін жаулауга осындай құралмен шықты. Қазақта ондай құрал жоқ еді.

Жонғарияның қарулы әскеріне қарсы келе алмаган қазақ халкы қатты қыргынға ұшырады: жаны қырылды, малы таланды. Жеңілген қазақтар бытырап, беталды құлатүзге қашты, біразы Орта Азия хандықтарына (Бұқарға, Хиуаға, Қоқанға) паналады. Әбілқайыр бастаған Кіші жұз қазақтары Россияға паналады, Ұлы жұздің көвшілігі Жонғария қол астында қалды. Орта жұздің біразы Сарыарқаға, Ұлытау, Ақтау, Ортау, одан әрі Кекшетауға, Есіл, Ертіс өзендеріне қашты.

Бұл аласапыранда әкеден ұл, шешеден қызы, ағайыннан ағайын айрылды.

*Кара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлак бос келеді.
Карындастан айрылған жаман екен,
Кара көзден мөлтілдеп жас келеді...*

*Кай заман мына заман?— багы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман,
Карындастан айрылған жаман екен,
Көздің жасын көл қылыш ағызамын.*

*Кай заман, мына заман?— қысқан заман
Басымыздан бақ дәүлет үшін заман,
Ағылған көш-жөнекей шаң борайды,
Қаңтардағы қар-боран қыстан жаман,—*

деген зарлы өлеңдер сол күйзеушілік кезде шыққан. Жонғар басқыншылығынан әрең күтылған ел, аштан қырылған. Бұл күйзеушілік қазақ тарихында “ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама” деп атанды.

“Ақтабан шұбырындыда” Арқаға көшкен қазақ рулары (Аргын, Найман, Қыпшақ, Керей, Уақ) бірнеше жыл хан-

сыз тұрады. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет ол кезде Түркістан қаласында қалып, қашық жатқан Арқадағы елді билей алмады. Мемлекет билігі бір қолда болмай, берекесіз, өз бетімен күн көрген елді патшалық Россия, Қытай, Жонғария әлсін-әлсін шаба берді.

Арқадағы қазақ халқы осылай айнала таланып, қысылған кезде, олардың арасында Абылай хан пайда болып, бытырап жүрген халықтың басын қосып, біріктірді, елдің мемлекеттік рухын көтеріп, талан-тараждан құтқарды. Сондықтан, Абылайдың халық алдындағы беделі өзге хандардан ғері арта туследі. Ел аузында “Абылайдың, ала туын ала аттанса; артынан еретін аламаны бізбіз” деген аңыз шығады. Ол кездегі елдің өресі жетпейтін қын істі жүрг “Абылай аспас асу” деп атайды. Абылайды акындар ел қамқорығып жырлайды, сонын біреуі Бұқар жырау.

Абылай кім? Елдің бір аңызында Абылайды Бұқар қаласының ханы — Сүйініш ханның баласы еді, дейді. Абылай ханның үрпағы, атақты оқымысты Шоқан Уәлиханов Абылайдың атасын былай баяндайды: “Оның атасының аты да Абылай еді. Ол Түркістан қаласын билеп тұрды. Соғыста жеңісі көп болғандықтан халық оған ”қанішер Абылай“ деген атақ берді. Оның баласы Уәли әкесінің атагына ие бола алмайды. Көршілес хан-дыхқтардың біреуі оны (Уәлиді.— С. М.) елтіріп, Түркістан қаласын алады. 13 жасар Абылайды Уәлидің бір құлығана сақтап қалады. Сенімді құл, өзінің тәрбиесіндегі баланы (Абылайды — С. М.) алып, қазақ даласына шығып кетеді. Өзінің атақты туысқандарынан күдер үзген жас Абылай Аргынның Қарауын руындағы Жақсылық дейтін байға жалшылыққа тұрады”.

Ел аузында сакталған тағы бір әңгімелерде, Абылай Бұқар қаласында тұрган Әбілпайыз ханның баласы, Абылайдың шын аты Әбілмансұр. Әбілмансұр 13 жасқа келгенде Бұқарды Қызылбас (парсылар) хандығы жаулайды. Әбілмансұрдың әкесін өлтіреді. Әбілмансұрды бір құл тығып аман сақтап қалады. Ол құл Әбілмансұрды “жақының деп Түркістанда тұратын қазақ ханы Әбілмәмбетке әкеледі. Әбілмәмбет Әбілмансұрмен немере екен. Хан оны жақындығына қарамай жұмысқа салады. Әбілмансұр бұған намыстанып, “өз қорлығынан жат корлығы жақсы” деп, Әбілмәмбеттен қашып, қазақ даласына кетеді. Ол қүнде құлағы кесулі болады екен дейді, “құлағын кеспей құл болмас” деген мақал содан қалса керек. Қазақ даласына шыққан соң, Әбілмансұр “хан баласымын” демей, “құл баласымын” деп біраз жүреді де, бір кезде құлдықтан құтылмақ болып, “Әбілмансұр” атын өзгертіп, өзін “Сабалақ”— деп жариялады.

Қазак даласына шыққаннан кейін “Сабалак” атымен Әбілмансұр Үйсін руындағы Төле биге жалшылыққа тұрады. Одан Кекшетау кетіп Арғының Жақсылық руына барып, Есіл бойындағы Дәүлеткелді дейтін байга жалшы болады. Сол кезде Жонгария қалмақтары Арқадағы қазақтарды жаулай бастайды. Арқа қазактары үрандасып жиналып қалмақпен соғысады. Осы соғыста “Сабалак” жауга “Абылайлап” тиіп, батырлығы ерекше көзге түсіп, қалмақтарды женеді. Оның қайратына сүйсінген ел, соғыс артынан сұрағанда “Сабалақ” шынын айтады. Содан кейін Арқа қазактары Әбілмансұрды хан көтеріп, оны өзі үранға шакырған атасының атымен, “Абылай” деп кетеді, алты ақ отау тігіп, алты қыз береді, көп мал енші береді.

Бұл жөнінде Арыстанбай ақынының Кенесарыға былай деген өлеңі бар:

Кене хан, жақсы көрсөн қарашиңмын,
Жек көрсөн аңдысатын алашаңмын.
Атана алты қатын алып берген,
Атығай, Карауылдың баласымын.

Абылай өмірін көрсеткен Бұқар жыраудың сөзі былай келеді:

Мен көргендеге Абылай!
Тұрымтайдай үл едің,
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет ханға сен,
Кызметкөр бол түр едің!
Калтаңдан жүріп күнелтің,
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің!..
Сен жиырма жасқа жеткен соң,
Алтын тұғыр үстінде —
Ақсүңғар құстай түледің.
Дәулет құсы қонды басыңа,
Қылдыр келіп қасыңа,
Бақ үйнен тунедің.
Алыстан тояят тіледің.
Кылышыңды тасқа біледің,
Алмаган жауын қоймадың,
Алғанменен тоймадың,
Несібіндегі жаттан тіледің.
Хан болғанша Абылай,
Тоқымы кеппес үры едің.
Түн қатып және жүр едің.
Кабанбайдан бұрын наизанды,
Кай жерде жауга тіредің?
“Арқар”¹ үранды жат едің,
Кай жеріндеге төре едің?

¹ Монгол Шыңғыс ханнан тарағандардың үраны “Арқар”. Абылай Шыңғыстың үрлалы. (— M. C.).

*Міне, енді, Абылай,
Жұлдызың туды оқынан,
Жан біткен еріп сөнүнан,
Он сан алаш баласын —
Аузыча құдай қаратақан,
Жусатып, тағы өргізіп,
Жұмсан тұрсың қолынан
Ақтан болды күніңіз,
Арсы менен курсіге,
Тайталасты үніңіз,
Өзін болған күніңде
Бір көшеге сыймады
Азат еткен құлышы!*

Бұл жырдан біз, ханың ізіне бас үратын жағымпаз, жасқаншақ ақынды емес, өжет, өткір, ханың жақсы сипаттарын да, міндерін де ашып айтатын ақынды көреміз.

Арыстанбай ақынның айтуынша, Абылай 48 жыл хан болған:

*Кылады Макаржада¹ байлар сауда,
Топ бузар батыр жігіт қалың жауда
Сұрасаң Абылайдың түрән жері
Хан болған 48 жыл Көкшетауда —*

дейді Арыстанбай. Абылай 1781 жылы елді, олай болса, оны қазактың хан кетеруі 1733 жылы болады. Мұның жөні келеді. Өйткені, Абылай Арқага барып: 1723 жылғы “ақтабан шұбырындыдан” соң хан болады. Шоқан Үәлихановтың айтуынша, Абылайдың Россия патшалығына “бағынам”— деп ант беруі 1739 жылы.

Хан сайланып, ел билігін қолына алғаннан кейін, Абылайға зор қауіп Россия мемлекеті тарапынан болады. Оны Абылай ғана емес, барлық халық, әсіресе халық данасы, Бұқар жырау жақсы біледі.

Бір күні Абылай хан Бұқардан: “Асан қайғы ”қилем-күлі заман болады, қарағай басын шортан шалады“ депті, сол не сез?”— депті. Сонда Бұқар былай деп жырлапты:

*Ханға жауап айтпасам,
Ханың көңілі қайтады.
Қандыра жауап сойлесем,
Халқым не деп айтады?
Хан Абылай, Абылай,
Қайғылы мұндай хабарды
Сұрамасаң нетеді?
Сұраган соң айтпасам,
Кісілігім кетеді.
Енді айтайын тыңдасаң,
Мажан қаһар қылмасаң;*

¹ Бұрынғы Нижний Новгород, қазіргі Горький қаласы.

*Карагай судан қашып,
Шөлге біткен бір дарақ,
Шортан сүға шыдамсыз
Балықтан шыққан бір қарақ.
Ойлама шортан ушлас деп,
Карагайға шықпас деп:
Күнбатыстан бір дүшпан
Ақырда шығар сол тұстан...
Осы сыйды бір кәпір.
Ауызы-басы жүн кәпір.
Жаяулап келер жүртіңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұрттыңа,
Жебірлерге жем беріп,
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлемпей ұрап ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қазаға жазар малиңды,
Есепке салар барыңды
Еліңді алар қолыңнан
Әскер қылар ұлыңнан,
Тенізде төрге шығарып,
Басыңа ол күн тұванда,
Теңдік тымес құлыңнан,
Бұл айтқан сөз, Абылай,
Болмай қалмас артыңнан
Естісін, міне, қартыңнан...*

Бұл жырда Бұқар жырау сол кездегі Россияны “кәпір” деп жау көреді. Оның бұл пікіріне бүтінгі саяси санасы оянған қазақ халқы сын көзімен қарап, патша үкіметінің отарлау саясатына орыстың еңбекші халқы айыпты емес екенін біледі. Бірақ Бұқар жырауды бұл пікірі үшін кінелауга болмайды.

Бұқар жыраудың патша үкіметінің отарлау саясаты неге әкеп соғатының дүрыс болжай білгендейгін жырынан байқау қыны емес.

Жоңгарияның қазақтан жеңілуі хан сайланған Абылайдың рухын кетеріп, ол енді патшалық Россиямен де айқасып көруді ойладап, қол жинады. Осы ойы туралы Абылай жыраумен ақылдасқанда, халық қамқоры Бұқар жырау Абылайдың Россиямен жауласуын ұнатпайды. Кеменгер ақын Россияның зенбірекпен, мылтықпен қаруланған әскеріне қазақтың ағаш сапты наизасы мен садақ асынған әскері төтеп бере алмайтынын, егер соғыса қалса, қазақ халқы қыргынға ұшырайтынын біледі.

Бұқар патшалық Россияның қазақ даласын алмай қоймайтынын көреді, оған қарсы тұrap қазакта күш жоғын үфады. Қысылған жыраудың бар тапқан ақылы: “Жиделібайсынға көшү”. Жиделібайсын ол кезде казакпен арасын жатқан Хиуда хандығының жері. “Ақтабан шұбы-

рындыда” біраз қазақ Хиуага барып паналаган. Бұқар Абылайға бұл туралы былай жырлайды:

Бұқар — екең деген кәріңіз,
Соғыссаң кетер сөніңіз,
Бізден бұрын өтілті
Хазіретті Әлініз.
Жаулық жолын сүйменіз!
Мынау жалған сүм дүнише
Өтпей қалмас деменіз..
Сырдарияның сұмынен
Көлденең кесіп өтіңіз,
Уш жыны малды ту сақтап,
Жиделібайсын жетіңіз
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Койлары екі қабат қоздажан,
Катын, бала қамы үшін
Солай таман кетіңіз.
Мениң жасым тоқсан үш
Мұнан былай сойлеуім,
Мәсан да болар ауыр күш
Өлемтүгін тай үшін,
Калатұғын сай үшін
Қылмаңдар жанжал ерегіс,
Бұл қылышты қоймасаң,
Құдайбың бергеніне тоймасаң,
Агаши үйде көпір бар
Көрерсің содан теперіш..
Пусырманың баласы
Сірә бір кеңес құрыңыз,
Бір ауызды болыңыз,
Калған елді тастаңыз,
Бөтен елмен үйір бол,
Іргенізді қоспаңыз,
Кәпір алмас деменіз,
Наны қатты жеменіз;
Зәбірі қатты бу кәпір
Алмай қоймас деменіз.

Абылай Бұқардың “Россиямен соғыспа” деген ақылын алады, бірақ “Жиделібайсынга көш” деген ақылын алмайды. Көшпеді деп Абылайды кінәлауга да болмайды. Хиуаның шелімен салыстарғанда Арқаның жері құнарлы, орманы, сұы мол, жері кара қыртысты. Бұл құнарлы жерден айырылып, Хиуага барғанмен қазақ халқын бақыт күтпейтінін Абылай жақсы біледі.

Абылай Орынбор губернаторы Неплюевкө 1739 жылы “Россияга бағынам” деп айт бергенмен, көп уақыт бағынбай, бойын Россия үкіметінен аулак ұстайды. Россияға “бағынам”— деп қана, екі үшты жауап береді де, езі бұрынғы жауы Жонғарияны жеңуді алдына бірінші мақсат қып қояды. Жонғариямен ол талай рет соғысады. Бір соғыста Абылай Жонғарияның ханы Қалдансеренің

баласын өлтіріп, өзі де қолға түседі. Қалдансерен Абылайдан “ұлымды өлтірген сен бе?” деп сұрағанда, Абылай “өлтірген мен емес, халық. Мениң қолым халықтың бүйрығын орындаушы ғана” деп бұлтара жауап береді.

Абылайдың бұл жауабын әділ деп санаған Қалдансерен оны өлтірмей, тағы бірнеше құн сөзін де, мінез-қайратын да сынап, кіслігіне разы болады да, босатып, еліне қайтарады. 1745 жылы Қалдансерен өледі. Содан кейін Жонғария үкіметінің әлсіреп, Қалдансереннің балалары таққа таласады, қалмақ халқының елдік, мемлекеттік береекесі кетеді. Абылай осы жағдайды пайдаланып: Жонғария ішіндегі өзара ру араздығын қоздырады да, оның күшін онан әрі әлсіретеді.

Бірақ Абылай Жонғарияны билеу арманына жете алмайды. Әлсіреген Жонғарияны Қытай императоры Цян-Зун басып алады. 1756 жылдан бастап қытай қазак даласына көз тігіп, арандатушылық әрекет жасайды.

Бұл кезде Бұқар жырау “Жиделібайсынға көшейікті” тағы да бастайды, ейткені оған Қытайдың арандатушылық әрекеттері бір себеп болса, екінши себеп, сол кезде патшалық Россияның қазак даласын отарлау саясатының бүрынғыдан да етек алуы еді.

Қытай өзі әміріне қаратқан жонғариялық моңголдарды аса қысымда ұстайды: малына да, жаңына да ерік бермей, рахымсыз талайды. Мұны көрген көршілес қазак халқы үрейленіп, “Қытай билесе заманақыр болады” деген ұғым туады. Халық ақыны Бұқар жырау бұл қорқынышты Абылайға былайша сипаттайды:

“Шұршіт”¹ деген сөз бар-ды
Көктен түскен төрт кітап.
Інжіл атты көлемде,
Егер шұршіт көлмесін,
Егер шұршіт қаптаса,
Алып бір жейді актарын,
Көмүлі көрдеген адамды.
Шұршіт келсе Сырга көш,
Ішетүғын сұзы бар,
Баяғыдай бұл жер деп
Ол Арқада қалмаңыз,
Шұршіт келсе жарамас,
Ай-түйінде қарамас.

Бұқар қытайдан сескенгендеге жері шалғай, елі бытыранқы қазактың онымен қарсыласар күшін шамалап айтады. Ол былай дейді:

¹ Шұршіт — Солтүстік батыс қытайда біздің жыл санауымыздан мың жыл кейін құрылған мемлекет.

*Сай сұындаи сарқырап,
Қалай көшіп барасың?
Найман жатыр өрінде,
Кыреыз жатыр шөлінде,
Атың жатыр белінде,
Түйен жатыр елеңде,
Он сан алаш билгі
Хан Абылай төрөнде.*

Патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатын іске асырарда зор күш жинаған жерінің біреуі Петропавл (Қызылжар) қорғаны болды. Бұл қорған 1755 жылы Россия патшасы Елизавета Петровнаның бүйрығымен салынды.

Петропавл қорғанының салынуы туралы қазақ елінде мынадай азыз бар: Абылай ханға Петр мен Павел дейтін екі көпес келіп — "Есіл өзекінің бойынан бір өгіздің терісіндегі жер бар" деп сұрайды. Абылай олардың құлығына түсінбей, "берейін" — дейді. Көпестер өгіздің терісін жілтеп жіңішке таспа етіп тіліп әкелген екен дейді. Сол жілті жазып жібергенде, қазіргі Петропавл қаласының орнын түгел орап алыпты-мыс. Абылай алданғанын білгенмен, уәдесін бұза алмай, таспамен қоршалған жерді беріпті-мыс, сол жерге қала салынып, ол Петропавл ата-лыпты-мыс.

Бұл сияқты өгіз терісіне байланысты азыз: Англияның бұрынғы отары Үндістанда да, Францияның бұрынғы отары Алжирда да, тағы басқа елдерде де бар. Бізге қажеті ертегі емес, сол ертегіге байланысты шындық.

1739 жылы Абылай "Россияга бағынам" деп уәде берген соң, Россия үкіметі Абылайды да, оған бағынған елді де шошытпай, айла-амалмен бағындыруды ойлады. Сол ниетпен ол Абылайдан рұқсат алдып, Есіл өзенінің жағасына Петропавл бекінісін орнатты. Бұл бекіністі патша үкіметі алғашқы кезде бекініс деп атамай, сауда-саттық базары деп атайды; бекініске әскер әкелсе, сауда мұлкін күзетуші ғана, деп әкелді.

Тұргын елдің айтуыша, Петропавл бекінісі салынған жерде Арғынның Атығай руынан Дәулеткелді деген ауыл отырады екен. Абылай бұл ауылдың жерін Россияга берген соң, ауыл екпелеп, Жиделібайсынға көшіп кетіпті-мыс. Бұл туралы сол кездегі бір ақынның мынадай өлеңі бар:

*Абылайдың атасы Әбілфайыз,
Хан тұқымы төсөнбес етек күіз,
Алым алып, жау жүртқа жерді беріп,
Абылайға шықты ма екі мүйіз?*

Петропавлдан бұрын: Орынбор, Троицкі, Омбы, Семей бекіністері салынуы мәлім. Петропавл бекінісі солармен

қанаттасады. Бұл қалалардың араларына патша үкіметі жиі-жій казачий станицалар орнатып, олардың бәріне күралды әскер төгеді. Бұл қорғаныс орындарын бекітіп алғаннан кейін патша үкіметі Аягез арқылы Қашгарияға көз тігеді. Батыс жақ қанатын Сырдарияға қарай жаяды.

Өз заманының көреген ақыны Бұқар жырау бұл құрсаудың не құрсау екенін болжайды, қазак елін отарлау саясатын жүргізер алдында құрылған қақпан екенін түсінеді.

Бұл ойын Бұқар жырау Абылайға айтқан бір жырында былай баяндайды:

Көкшетаудан салдырган
Кара үңгір жолдары,
Шабан таудан жынып,
Бес сан болды қолдары.
Өзің қонған Көкшетау,
Кәпір қала салды, ойла.
Жарқайың деген жерлерге
Шашылып шеті барды, ойла.
Атбасар мен Қалқутан
Балығы тәтті су еді.
Өзен бойын шандып ап,
Сүзекісін салды, ойла.
Карқаралы деген тауларға
Карқарасын шашысты, ойла.
Бетеге мен көденің
Берекесі қашты, ойла.
Улытау, шеті Созақтан,
Берекелі жерлерден,
Көкарай шалың көре алмай,
Шұбырып қазақ кетті, ойла.
Нұрада бар Ақмола,
Есілде бар Караптқел,
Екі откелдің аузынан,
Караәткелді салды, ойла.
Баянауыл, Қызылтау,
Оны да кәпір алды, ойла.
Шұршітпенен құлақтас,
Қырсызбенен жұбатпас,
Ортасында үйлігеп,
Кетпейін десе жері тар,
Кетпейін десе алды-артын
Коршап алған кәпір бар.
Үйльқан қойдай қамалып,
Бүйірінен шаниу қадалып,
Сорлы қазақ қалды, ойла.

Абылай хан да бұл қауіпті жаксы түсінді. Бірақ түсінгенмен не шара! Екі жақтан қыскан патшалық Россия мен Қытайға шамасы келмейді. Сондыктан ол екеуіне де

¹ Ақмола қаласы.

“саған бағынам” – деп уәде беріп, бірақ өзі тіріде ешқайсысына да бағынбай, екеуімен де дипломатиялық арбасумен етті. Абылай билеген Орта жүз қазагы Россияға Абылай өлгеннен кейін, оның баласы Уәли хан болған кезінде бағынды. Бұқар жыраудың Абылай ханды дәріптейтін себебі: “актабан шұбырындыдан” кейін мемлекеттігінен айрылып, тозған Орта жүз қазактарының басын косып, елін, жерін қорғайтын мемлекет құрауында: заманына қарай дипломатиялық саясат қолдана біліп, екі мемлекеттің арасында өз қарамағындағы елдің тәуелсіздігін сақтай білуінде.

...Бірақ Бұқар жырау мұнымен ғана қанагаттанбайды. Ол өзінің өткір жырларымен халықты үйымшылдыққа, бірлікке шакырады, халық тиыштығын арман етеп жырлайды.

Бұқар жыраудың жырлары түгелімен отаршылық саясаттан шошынуға ғана емес, ол өзінің кейбір жырында қазақ халқының ішкі тұрмысына үңіліп, оның ішкі тіршілігі туралы да көп нақыл сөздер айтады. Қазақ халқының бейбітшілік өмірін Бұқардың қаншалық тілегендігі оның мына жырынан байқалады.

*Бірінші тілек тілеңіз,
Бір аллаға жазбасқа!
Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл пасық зағымның
Тіліне еріп азбасқа!
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске!
Төртінші тілек тілеңіз,
Төрде тоғек тартып жатпасқа!...*
*Алтыншы тілек тілеңіз
Алтыс басты ақ орда
Ардақтаған аяулың
Біреуге олжа болмасқа!
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып түрмасқа!
Сегізінші тілек тілеңіз
Сегіз қыыр, шартарап
Жер түлдәнап түрмасқа!
Тогызынша тілек тілеңіз,
Төрекіз мақтан тайламасқа!
Тоқсандағы қарт бабаң,
Топқа жаяу бармасқа!
Онынши тілек тілеңіз,
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды қунде айланған,
Бұлтты қунде толеғанған,
Тар құрсағын кеңейткен,
Тас емшегін жібіткен,*

*Анаң бір ақырап қалмасқа'
Он бірінші тілек тілеңіз,
Он бармағы қыналы,
Омырауы жұпарты,
Іісі жұпар аңқыған,
Даусы құдай саңғыған,
Назыменен күйдірген,
Кыллығымен сүйдірген,
Ардақтан жүрген бикешін,
Жылай да жесір қалмасқа!*

Не деген тамаша тілек! Бұл жырда халық тиыштығының бар саласы түгел қамтылған.

Халқының тиыштыхын осылай арман еткен Бұқар бірлігі кеткен елдің қандай күйге ұшырайтынын нақтылы мысалмен дәлелдейді. 1745 жылы Жоңғарияның ханы Қалдансерен өлгеннен кейін, оның балалары хандыққа таласып бүлінгені, алауыздықты Абылайдың пайдаланғаны жогарыда айттылды. Бұқар жырау осы бүліншілікті былай жырлайды:

*Кеше қалмақ бүлінді,
Бүлінгеннің белгісі:
Бұрқан-тақан болысты,
Ұағадан азысты,
Бұрышындаі тілдесті,
Жамандықты іздесті.
Бірін-бірі қундесті.
Жаулаган ханың қара оңбас,
Хан қисайса бері оңбас,
Ханың қалмақ жаулаган,
Үш қарқара, кек төбе
Иттей ұлып қалмаған.*

Берекесі кетіп, бүлінген елдің хал-жайын осылай баяндай келіп. Бұқар жырау қазақ елін бірлікке шақырады:

*Бұл-бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректей болыңыз!
Судан-суга жүйгумен,
Көлден-көлгө қоныңыз!
“Байлар ұлы жоралар,
Бас қосыпты” десін де,
Ман-ман басып жүріңіз!
Байсалды үйге түсіңіз!
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз де бір анадан тұғандай болыңыз!*

Тағы бір жырында Бұқар жырау бірлік туралы былай дейді:

*Жақын жерден шөп жиса,
Жердің сәнін кетіреп.*

*Ағайынның аразы,
Елдің сәнін көтірер.
Абысынның аразы,
Ауыл сәнін көтірер.*

Бұқар — діншіл. Сейте тұра ол кожаны жақсы, молданы жек көреді. Бұқар жыраудың молдаларды жек көруінде тарихи себеп бар: патша үкіметі қазак халқын өзіне бағындыруға ислам дінін идеологиялық мықты құрал етіп пайдаланды. Дін таратуға қазақ арасына шықкан татар молдалары халықты “патша үкіметіне бағынындар, оған қарсы болмандар” деп үтіттеумен қатар, үкіметке тыңшылық қызмет атқарып, бостандық үшін құресуге жиналған елдін, елді бастайтын намысты адамдардың ажалына себеп болды. Қазақ халқының қамын жеген намысты үлдарының патша үкіметіне қарсы жасаган әрекеттерін молдалар үкіметке мәлімдеп, қазақ халқының өз күшін еркін жинауға шамасын келтірмеді. Татар молдаларының осындай елге іріткі салаушылық пигылдарын анғарған Бұқар оларды жамандады. Молдаларды жамандаганда, діншіл Бұқар оларды “дін бұзғыш, алдауыш, арам ниет” деп сөгеді. Оның ол ойын, біз мына жырдан ангарамыз:

*Он екі айда жаз келер,
Күс алдында қаз келер,
Айтып айттай немене
Заманыңыз аз келер,
Сол заманың келгенде .
Ата-бабаң қол берген
Кожаларды қас көрер.
Ногайларды “галым” деп
Әүлиедей бас көрер,
Ногайлардың молдасы,
Сәлдесі болар қазандай,
Ақретке барғанда
Кожаларды қор тұтықан
Молдаларды зор тұтықан
Ногайлардың пір тұтықан
Тартарсың сонда жазаңды.*

Ел бірлігін бұзушыға қарсы болып, ел тыныштығын ойлаған Бұқар жырау бірліктің тетігі хандықта деп түсінеді. Хансыз ел, ел бола алмайды деп үгады. Әрине, өз заманына байланысты бұл үгым орынды да. Өйткені, хандық құрылыс адам баласының өркендеу тарихының белгілі бір кезеңінде керекті болғанын “Семьяның, жеке менишіктің және мемлекеттің шығуы” дейтін кітабында Энгельс ашық айтады. “Онымен қатар,— дейді ол,— хандық құрылыс өз заманы үшін прогрессивтік формация болды”. Олай болса, хандықты жақтағандығы үшін Бұқарды біз кінәлай алмаймыз.

Олай жақтау сол кез үшін керек. Хандық құрылдысты өмірдің тетігі деп үққан Бұқар былай дейді:

Ақсаның үйік тау болмас,
Бауырынан қашқан құзен көрінбес,
Ақшам батпай күн шықпас,
Ажал жетпей жан шықпас,
Етекті кесіп жең болмас,
Ежелгі дүшпан ел болмас,
Кара қойдың терісін
Сабындан жусан ағармас.
Калған көніл табылмас,
Караша торғай қаз болмас,
Шабала келмей жаз болмас,
Іштен қызыр түгандар
Тезге салсаң түзелмес.

Қоғамның ел билеу тәртібіне феодализм системасын “лайық” деп түсінген Бұқар жырау халықтың тыныштығын бұзатын әлеуметтік түрмистағы жаман мінездер деп айыптаған, халықты жақсы мінез-құлыққа, қоғамға пайдалы мінез-құлыққа шақырады.

Екі жақсы дос болса,
Дос болса түбі бос болмас,
Ежелгі дос жау болмас.
Шірне үстіндеге хаты бар;
Ежелгі дүшпан ел болмас,
Көңіліндеге кір-даты бар.
Ежелгі дос жау болмас,
Айтысқан оның серті бар.
Ежелгі дүшпан ел болмас,
Көңіліндеге тұтқыр керті бар.

Тағы бір өлеңінде Бұқар осы пікірін тереңдетіп былай дейді:

Жар басына қонбаңыз;
Дауыл соқса үй кетер.
Жатқа тізгін бермеңіз;
Жаламенен бас кетер.

Жаманмен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге құлқі етер.
Жақсымен жолдас болсаңыз
Айрылмасқа серт етер...

Ит жүгіртпін, құс салсаң
Киген тоның құлқі етер.
Сыпайы сырын білдірмес
Ақырын гана бұлк етер...

Көктө бұлт сөгілсе
Көктеп болмас, не пайда.
Көкіректен жан шықса
Кайтып келмес, не пайда,

Дін пұсырман¹ болмаса,
Тіл пұсырман не пайда.
Қызыда қылыш болмаса
Күр шырайдан не пайда?

Егер дәүлет бітпесе
Шүлдіреген қызыл тілден не пайда,
Мал² араға түспесе
Күр айтқаннан не пайда.
Байдан қайыр кеткен соң
Мал да кетер не пайда.

Саяси әкімшілікте, ел басқаруға хандық система қажет деп ойлаған Бұқар хандардың етегіне намаз оқымайды, ханға құлша бағынбайды, тиісті жерінде ханды, оған бағынушы ұлыктарды сынап, олардың зорлықшыл екендігін ашып айтады. Үйлену туралы Абылайға айтқан бір ақылында Бұқар былай дейді:

Қатын алма төреден!
Қатын алсаң төреден,
Еркегі болар жау жанды,
Үргеші ер жанды,
Билік айттар үл туса,
Аузы кептес нарадан.

Бұқар жырау қанауыш тап — хандар арқа сүйеген феодализмге сын көзімен қарап, оның қанағыштығын, малқұмарлығын, ар-ұятты малға байланыстылығын сөгеді:

Kisi ақысын көп жеген
Арам емей немене?
Камышлатып жүгірген
Шабан емес немене?
Айтқан сөзге түспеген
Надан емей немене?
Сұрағанды бермеген
Сараң емей немене?
Сыртындағы құлығы
Амал емей немене?
Сусағанда берген су
Шекер емей немене?...

1 Иммәтсізге³ біткен мал
Бекер емей немене?
Батпақты сайга су түссе
Атың арып келгенде
Өткел бермес кешерге,
Кайырыз итке мал бітсе
Аңсан кеүіп келгенде
Саумал бермес ішерге.

¹ пұсырман — мұсылман

² пара — алым.

³ Кайырызыға

Адамның жақсы болуы — ел қамын, көптің қамын ойлауда екенін Бұқар жақсы біледі және жақсы туған жігітті ел қамын ойлауга шақырады:

Ақсүңқар құстың баласы,
Үяда алтау тұмас па?
Үяда алтау тұғанмен
Оның ішінде біреу-ақ алғыр болмас па?
Жалғызының белгіци,—
Аққұжан жемді ілмес пе?
Бірге туған үлас
Бізге сауға демес пе?
Өзі аштан олсе де,
Айырып жемін бермес пе?
Сөйтіп, жүрген кезінде
Жалғызынан айырылса,
Топышыдан қанат қайрылса
Күс жаманы жапалақ
Оған да қор болмас па?
Атадан алтау тұмас па?
Атадан алтау тұғанмен
Оның ішінде біреуі
Арыстаны болмас па?
Арыстанның барында
Жорғасы болса мінісіп,
Торқасы болса кінісіп,
Толғамалы қамши алып
Толғай да, толғай дәурен сұрмес пе?...
Сөйтіп жүрген кезінде
Арыстаннан айырылса
Қанаты түптен қайрылса
Ел шетіне дау келсе,
Тосып оны ала алмай,
Алдына келген жақсының
Қадірін де біле алмай,
Қадір құрмет қыла алмай,
Артында қалған жамандар,
Бас-басына тозбас па?

Бұқардың бұл жырынан аңғарылатын үгым, біріншіден, әрбір, адамды халыққа қамқорлыққа шақыру болса, екіншіден, атадан тұған алтаудан біреуін ерекше қоюы, тарихтағы жеке адамның ролін де бағалай білгендігі.

Бұқардың көрегендігі және адамның тарихтағы ролін бағалаудан гана емес, жекеменшік үстем кездегі Әмір қайшылығын көруден де, байқалады. Көп жасап, қогам Әміріндегі көп тартысты көзімен көрген Бұқар жырау тіршіліктің тұтқасы халықтың материалдық тұрмыс жағдайы екенін айқын шамалайды. Жеке меншік үстемдік құрып тұрған кезде, біреуден біреудің право жағынан теңсіздігі — әлеуметтік теңсіздік екенін айқын көреді. Осы Әмір тәжірибесінен көрген шындықты ол былай жырлайды:

Ай не болар күннен соң,
 Күн не болар айдан соң,
 Құллырып түреған бәйшешек
 Қурай болар солған соң..
 Хандар киген қамқа тон
 Шуберек болар төзән соң,
 Еңсесі ышік кең сарай
 Мұндық болар бұлғен соң,

 Төрде отырган қарт бабаң
 Төресінен жаңылар майдан соң,
 Төркіндеген бикешің
 Тіркеусіз о да қайтар майдан соң,
 Донғалақ, арба жүре алмас,
 Қос арысы сынған соң,
 Жігіт жақсы бола алмас,
 Алғаны жаман болған соң,
 Қос-қос орда, қос орда
 Қосыла қонбас майдан соң,
 Қоспақ, өркеш сары аттан
 Қом жасамас майдан соң.

 Төсі аршының сұлуның
 Сілкін тессес салмас,
 Мал кетіп кедей болған соң,
 Байдың ұлы, мырзалар,
 Шұбаланқы тартады
 Айдал жүрген майдан соң,
 Үлдемен басын ораған.
 Семсер шашын тараған.
 Қигаштап қасын қараган,
 Қулгенде күрек тісі қасқыган.

Өмірді сынағыш, алдын-артын кең шолып болжағыш
 ақын түрмистың бір қалыпта түрмайтындығын, өркен-
 дейтіндігін, өзгеретіндігін, алға басатындығын, бүтінгі
 жаңа түрмис ертең ескеретіндігін көріп, өмір диалектика-
 сын былайша жырлайды:

Айналасы жер тұтқан
 Айды батпас деменіз,
 Айнала ішсе таусылмас
 Қел сұалмас деменіз,
 Құрсағы құшақ байлардан
 Даулет таймас деменіз,
 Жарлыны, жарлы деменіз,
 Жарлы байға тенеліп
 Жайлайға көшпес деменіз.
 Жалғызды, жалғыз деменіз,
 Жалғыз копке тенеліп
 Бір майданда соғысып
 Кегін алмас деменіз.
 Қынай белін буынған
 Не болар жары ерден соң,
 Құландар ойнар қу тақыр
 Қурай біттес деменіз.
 Қурай біттес құба жон

Құлан жортпас деменіз.
Құрсағы жуан боз биे
Күлнің салмас деменіз,
Кұлық тұган құлаша
Құрсақтандынбас деменіз,
Кайсы бірін айтаіын,
Айта берсем сөздер көп:
Ку таяқты кедейге
Дәулет бітпес деменіз.

Бұқар жырау өз тұсындағы ауылдың тап қайшылығы да, байдың кедейге зорлығын да, рушыл ауылда атасы аздың кемшілікте болғанын да жетім-жесірдің күн көрісі ауырлығын да көре біледі:

Үй артында төбешік
Ертепең қойан ат болар,
Кариясы кімнің бар болса,
Жазулы түрган хат болар...
Өзінчен туған жас бала
Сәудегердегі сарт болар.
Өзіңмен бірге туысқан
Алаштан бетер хат болар.
Өтермеден кетер ме,
Жарлы менен байгустар
Байдың малын көтерме!
Тайып кетсе табаның
Шашыңды берсөң жетер ме,
Аздың ісі бітер ме,
Көптің ісі жетер ме?!

Көп шінінде бір жағыз
Сойлеғе сөздің өтер ме?
Рұлының оғы қалса табылар
Жалғыздың ататүғын жағы қалса табылмас.
Әкелі бала жаужурук,
Әкесіз бала сүм жүрек,
Жишин болса бара алмас,
Барса-дағы төрден орын ала алмас.
Асу-сая бел келсе,
Атап тартар бүгіліп,
Алыстан қара көрінсе,
Аргымақ шабар тігіліп,
Алыстан жанжал сөз келсе,
Азулы сөйлер жүгініп.

XVIII ғасырда жасаган ақындардың ішінен жыры мол сақталған Бұқар жырау. Бұлардың жырларын сактап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам Мәшіһүр Жұсіп Көпееев. Осы очеркте біз пайдаланған жырлардың бөрі Қазақ ССР Фылым Академиясының қолжазба қорында сақтаулы Мәшіһүрдің “Мес” аталатын жинағынан алғынып отыр. Бұқардың жырларын жазған Мәшіһүр: “Бұқар — екең сөйлеген уақытында, сезі мұндай жұз есе, мың есе

шыгар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана (нақ жемісті ағаштың өзі қолға тимеді, дегені гой,— С. М.). дейді. Негізінде Бұқардың бұл мұраларын жыраулардан естіп, жазып алған казак жерінде Мәшһүр Жұсіптен басқа бұрын-сонды ешкім болған емес.

Шоқан Уәлиханов өзінің орыс тілінде жарияланған шығармалар жинағында “Бұқар жыраудың Абылайға айтқаны” деп, оның бірнеше жырының орыс тілінде қысқаша мазмұнын көлтіреді (312-313-беттер). Шоқан айтқан мазмұнды жырлар Мәшһүр Жұсіптің жинағында жоқ. Ол жырлар Шоқанның архивінде сакталуы мүмкін.

Бұқар жырларының толық сакталмауы, әрине, өкінішті. Бірақ Мәшһүр жазып алған аз жырлардың өзінде Бұқардың өз заманының саяси шаруашылық, әлеумет тұрмысына көзкарасы айқын сакталған. Бұл жырлар XVIII ғасырдағы казак әдебиетінің тамаша да қымбат мұралары. Сондықтан да, Бұқардан сакталған жырлардың саяси, тарихи және көркемдік бағасы ешуақытта ескірмейді, олар қашан да болса, XVIII ғасырдағы қазак тұрмысын көркем тілмен жеткізген тарихи шығарма ретінде жалпы қазак әдебиетінің тарихынан күрделі орын алады.

Бұқардың барлық шығармаларына тән тақырып — халық қамы, халық мұддесі, халық максаты, халық мұны. Бұқардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған, ол тілек — қазақ халқының жер бостаңдығы, тәуелсіздігі, тыныштығы, шаттық тұрмысы.

Ереуіл толғаулары. Дүние жүзі халықтары, олардың ішінде қазақ халқы да хандардың, қанаушылардың корлық-зорлығына көне бермей, жиі-жій бас көтерген, мұндай көтерілістер кейде жалпы халықтық қозғалыска үласқан шактары да аз болмаған. Солардың бірі — он тоғызыныш ғасырдың алғашқы жартысында, Батыс Қазақстанда Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған көтеріліс. Махамбет талантты ақын да болған кісі. Ендігі аз сөз, сол көтерілістің неліктен шығып, Махамбеттің оны калай жырауы (толғауы) жайында.

1801 жылдан бастап Батыс Қазақстанда, Еділ мен Жайық өзенінің арасында құрылған “Бекей ордасы” туралы, оны басқарған хандар: Бекей, Шыгай, Жәңгір үшеуінің патша үкіметіне астыртын қызмет көрсеткені, ол үшін патша үкіметі оларға қандай сый-күрмет көрсеткені тарихи деректерден мәлім.

Губернатор Андреевскийдің үйінде тәрбиленіп, әскери училищеден монархистық рух алып шықкан Жәңгір ханды, патша үкіметі орыс князьдарының дәрежесінде ұстаган. Жәңгір “қазақы” хандардай емес, Россия патшасының

салтанатымен тұруға тырысқан және оның халықты қанауы өте өктем болған.

Россия дворяндары мен помешиктерінің салтымен тұрган Жәңгір ханның заманында Бекей ордасында халықты аса күйзелткен бір мәселе — жер болды. Жәңгірден бұрынғы көшпелі ауыл тұрмысында, жеке ру, жеке адам меншіктенетін жер участесі болмайтын, мал шаруашылығымен қунелткен қазақ халқында жер жалпы үлкен рудың меншігі саналатын. Эрине, онда да жердің отын, сұын кедейден гөрі байлар артық пайдаланды.

Бекей ордасына қараған елдің жерін Жәңгір хан Россия тәртібімен басқарды, яғни барлық шұрайлы жақсы жерлерді өзі алып, өзіне жақтас билер мен байларға бөліп берді. Жәңгір ханның өз қарамаңында 400 мың десятина дай жер болды. Ал өзіне жақтас сұлтандарға, байларға, төрелерге былай үлестірді. Мұсағали, Шынғали Орман балаларына 700 мың десятина, Қарауыл қожа Бабажановка 390 мың десятина, өз інісі Мендігерейге 400 мың десятина, Балқы би Құдайберген ұлына 300 мың десятина, Бегалы сұлтан балаларына 200 мың десятина, Шөке Нұралыхановқа (қайнағасы) 170 мың десятина... 1830—1845 жылдары хан өзі қалаған адамдарына 15,17 мың десятина жер берді¹.

1830 жылы Бекей ордасында 11660 үй, онда барлығы 58300 жан болған. Соларға Бекей ордасының малға жайылымдық, шабындық жерін бөлгендे, жан басына 48 десятинадан келеді². Бірақ, жалпы есеп солай болғанымен, осы жердің бәрі қанауыш таптың қолына көшіп, еңбекші халық жерден катты тарығады.

Бекей ордасына қарапты барлық жердің шұрайлысын қазақтың өз феодалдарына ғана меншіктенумен қанағаттанбайды, оның біразын орыс помешиктері, каза чий станицаның атамандары мен кулактары алады. Шабындыққа, қысқы қоныска ең жайлы жер — Орал өзенінің Каспий теңізіне құятын сағасы, осы арада помешиктер Безродко — 185 960 десятина... Юсупов — 114 640 десятина меншікті жер алады³.

Казачий станицаның атамандары мен кулактары Орал өзенінің құнарлы жеріне көшіп барған елден “мал оты үшін” деген сұлтаумен 1834 жылы 7 252 сом акша алады. Каспий тубегіне осындай көп шығынмен ғана малын жаюра

¹ В. Шахматов. “СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалының хабарламасы”, 1940, 52-бет.

² Бұл да сонда, 50-бет.

³ В. Шахматов. “СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалының хабарламасы”, 1940, 38—39-беттер.

казактарға рұқсат еткен әскери-казактар, казактарға ақысыз-пұлсыз жұмысын да істетеді. Мысалы, казактар 1833 жылы ақысыз-пұлсыз теніз бен өзеннің құрағынан жерді иеленген қазактарға 25 000 бау құрак орып берген.

Халықты жерден қысу, рақымсыз қанау мұнымен ғана токтамайды. Жәңгір ханының Каспий түбегін билетіп койған адамы Қарауылқожа Бабажанов: “1834 жылы орыстарға сендер үшін төледім” деп өтірік айтып, казактардан 2 000 бойдак қой, 2 000 токты, мың сом ақша алады және 10 000 бау құракты тегін орғызыды¹.

1837—1838 жылдары Бөкей ордасында, Исатай-Махамбет бастаған халық көтерілісі, осы рақымсыз екі жақты талаудан туды.

Тарихи деректерге қарағанда, қазак феодалдарына, беделді адамдарға арқа сүйеген Жәңгір хан, сол кезде халық арасында беделді. Исатай Тайманұлын да өзіне тілеулес, өзінің сойыл соғар биі етуге тырысқан. Бірақ, халық зарын көріп отырган Исатай, ханының бұл қақпанына түспей, халықпен ханды жақтаушылар қарсы келгенде халық жағында қалады.

Исатайдың халық көтерілісін үйымдастырып жүргенін естіген Жәңгір хан Исатай мен оған серік Махамбетті ұстауга Қарауылқожа бастаған бір топ адам жібереді. Исатай мен Махамбет оларға карулы көп колмен қарсы шығып бет қайтарады. Келесі жылы 17 февральда Исатай мен Махамбет бастаған көтерілішшелер, Қарауылқожаның аулын шауып, 550 жылқысын, 95 түйесін және көп мүлкін алады.

1837 жылдың июнь айында Исатай мен Махамбет бастаған қол Нарын құмындағы хан ордасына шабуылға аттанаип, орданы қамайды, хан бұл кезде әлсіз болғандықтан, қарсы шыға алмайды, ханды Исатай бастаған қолдың ұстауына да, талауына да, өлтіруіне де мүмкіндік туады. Бірақ, Исатай ханмен қан төгіспей-ақ келіспекші болып, ол “айтқаныма көнсе тимеймін” деп кісі салады, сасқан хан, “айтқанына көнем” деп Исатайды алдап, соның артынан іле-шала Уральск қаласындағы патша үкіметінің әскериіне астырын хабар айтады. Одан подполковник Гек бастаған көп әскер келіп соғысады. Бірақ кару-жарагы басым Гек әскері Исатай-Махамбет қолын Орал өзеніне қарай ығыстырады. Дегенмен, адам шығыны көп болмайды, одан әрі қууға қауіптенген Гек әскері кейін қайтады.

Көп кішкентай Исатайды жақтайтын ел Орынбордағы шекара әкімдеріне: “ханды орнынан түсіріп, ел билігін

¹ Бұл да сонда, 46-бет.

Исатайға бер” деген тілек кояды, оны үкімет тыңдамай, Исатай — Махамбет көтерілісін күшпен басу қамына кіріседі.

1837 жылдың ноябрінде Исатай 3 000 қолмен хан аулын қайта камайды. Осы кезде: Уральскіден, Астраханнан, Орынбордан көп әскер келіп, үлкен соғыс болады, Исатай жеңіледі. 1838 жылы июль айында Исатай бастаған қол патша үкіметінің әскерімен тағы кездесіп, бұл жолы Исатай оққа үшады, халық қырылады. Махамбет пен аз кісі ғана аман құтылады. Исатай — Махамбет бастаған халық көтерілісі осымен аяқталады.

Исатай — Махамбет бастаған халық көтерілісін жырлаған, көтерілісті салқын ғана сипаттамай, халықты жырымен көтеріліске шакырған, жырын көтерілістің мықты бір қаруы қып жұмсаған ақын — Махамбет Өтемісов. Ол ақын ғана емес, көтерілісті Исатаймен қатар үйымдастырушы, бастаушы, жауға қалам мен наизаны бірдей сілтеген батыр, көтерілістің үткىсы.

Махамбет Өтемісов 1804 жылы туған. Ол жасырақ кезінде хан ордасының манайында еседі. Қажым Жұмалиев Махамбет өлеңдеріне жазған кіріспе сезінде, Махамбет Жәнгірдің Зұлкарнай дейтін баласына еріп, Орынборға орысша окуға барды дегенді айтады. Бұл дұрыс емес, себебі, біріншіден, Жәнгір хан 1824 жылы Фатимаға үйленіп, одан Зұлкарнай туса, сонда 1804 жылы туған Махамбетті Зұлкарнаймен окуға барды деу жас мөлшері жағынан тым қисынға келмейді, екіншіден, егер Зұлкарнай 1824 жылдан кейін туғанда окуға 1832—1834 жылдары баруға тиіс. Олай болса, бұл кезде 30 жастағы Махамбет патша үкіметінің абақтысынан қашады, ендеше өзі қашып жүріп, ол Зұлкарнайға еріп, Орынборға калай барады? Үшіншіден, өмірбаянына карағанда Махамбет біреудің қасына еріп жүретіндей адам болмаган сиякты.

Махамбет бір өлеңінде “Біз Өтемістен туған он едік, Оның атқа мінгенде, жер қайысқан қол едік” дейді. Ол оның ішінде Махамбеттен басқа аты белгілілері — Бекмагамбет, Ахмет. Бекмагамбет ханының жақтаушысы және оның 12 бінің бірі болған. Ал Ахмет Махамбетті жақтаған. Хан Махамбетті де өз кісісі етуге тырысып, 1834 жылы оны старшина қойып та байқайды. Бірақ, Махамбет ханға сатылмай, көтерілісінде халық жағында қалады.

1829—1831 жылдары Махамбет патша үкіметінің абақтысында жатты деген дерек бар. Оның себебін кейбір тарихшылар Махамбеттің Орал өзенінен бері қарай жасырын өтемін деп шекара әскерінің қолына түсуінен еді деп жүр. Ол жылдары патша үкіметінің Орал мен Еділ өзен-

дері арасын мекендеген Бөкей ордасының қазактарын Оралдың қазақ жағына қарай өткізбейтіні, өтемін дегенді шекара әскерінің ұстайтыны ғас; бірақ мұндай адамды олар абақтыға жаппай, қорқытып айып алыш, босатып жіберетін болған.

Ал сол үшін патша үкіметінің Махамбетті екі жыл абақтыда ұстаяу күмән тудыратын жай, сондықтан мұның өзі басқа бір жағдаймен байланысты болар деген ой тузырады. Осыған қарағанда, Махамбеттің ханға, патшаға наразылығы ерте басталғанына да осы жай себеп болуы мүмкін.

1837—1838 жылдарда болған көтерілісте Махамбет ақындығымен қатар аса қайратты батыр ретінде көзге түседі.

1838 жылы Исатай өліп, көтерілісті үкімет құшпен басқаннан кейін Махамбет Хиуа хандығына барып, Хиуаны бастап Россиямен соғыспақ болады. Ол жоспарын іске асыра алмаған Махамбет, еліне қайтып, тағы да қазақ халқын көтеріліске үйымдастыргалы жүргенде 1841 жылы колға түсіп қалады. Орынборга айдалып, абақтыда отырады. Бұл жолы оның абақтыда қанша отырганы мәлім емес. Бірақ ол абақтыдан тағы да қашып құтылады. Содан кейін, елді тағы көтеріліске үйымдастырып жүргенде 1846 жылы Жәңгірдің туысы, Баймагамбет сұлтанның бір сенімді адамы Ықылас деген Махамбетті қапыда шауып өлтіріп, басын Баймагамбетке әкеліп береді.

Тарихи деректерге қарағанда, Махамбет арабша жазуарқылы хат білген. Бірақ, ақын Махамбет өзінің жырларын жазды ма, жоқ па? Ол жайында сакталған тарихи деректер жок. Оның өлеңдері ауыздан ауызға кешіп, халық аузындаған сакталған. Махамбеттің сакталған өлеңдері көп емес, шамамен мың жолдан аз-ақ асады. Махамбеттің бұдан көп жылдар қалдыруы да мүмкін. Бірақ, ол жырлардың бәрі біздің заманымызға жетпеген.

Әйткенмен, Махамбеттің бізге жеткен аз жырларының тарихты және XIX ғасырдағы көтерілістен тұған поэзияны тану үшін де ерекше маңызы бар.

Көтеріліске қатынасып, оны бастаудың мақсаты не еkenін Махамбет Баймагамбет сұлтанға айтқан жырында былай деп баяндайды:

*Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім!
Исатайдың барында:
Екі тарлан бөрі еді!
Кай қазақтан кем едім,
Бір қазақпен тең едім!?*

Өздеріңдегі хандардың,
 Карны жуан билердің,
 Атандай даусын ақыртып,
 Лағазымын көкке шақыртып,
 Басын кессем деп едім!
 Еділдің бойын ен тоқай,
 Ел қондырсам, деп едім!
 Жағалай жатқан сол елге
 Мал толтырсам, деп едім!.
 Еңсесі бішік ақ, орда,
 Еріксіз кірсем деп едім!
 Керегесін қиаратып,
 Отын етсем, деп едім!
 Тұырлығын кескілеп,
 Тоқым етсем, деп едім!
 Тақта отырған хандардың,
 Төрде отырған ханымын
 Катын етсем, деп едім!
 Әлдінеген баласын,
 Жетім етсем, деп едім!
 Хан сарқыты — сары бал,
 Ханың күгөн кіреуке,
 Устіме кисем деп едім!
 Қанікейдегі көріктіңді
 Қалыңсыз құисам, деп едім!
 Тінікейдегі тектіңді
 Ителгі қозін төңкертпін,
 Құшіктей даусын қыңқытып,
 Аш күзендей белін бүгілтін,
 Әділ жаңнан түңілтін,
 Ат көтіне үнілтін,
 Артыма салсам, деп едім.
 Тілекті құдай бермәді
 Өздеріңдегі хандарды
 Осылай етсем, деп едім!
 Ежелгі дүшинаң ел болмас,
 Етектен кесіп жең болмас.
 Хан баласы ақсүйек —
 Бәйеке сұлтан сен болып,
 Сендей нарқоспақтың баласы,
 Маган оңаша жерде жолықсан,
 Қайраннан алған шыбықтайды,
 Қиябір соғып ас етсем,
 Тамағыма, қылқаның кетер демес ем.

Халық үшін жанын қиятын адамдар, Махамбеттің айтуынша, киялдағы адамдар емес, ондай артық туған адамдар халық арасынан әлі де көптеп шығады. Халық туғызған ондай жақсы азаматтарды Махамбет шын ынтастымен тілі жеткенше көтере мактайды. Махамбеттің тұсындағы халық қамын ойлайтын, және оның ержүрек ұлы Исатай еді. Халық туғызған ондай жақсы азаматты Махамбет шын ынтастымен тілі жеткенше көтере мактайды. Махамбет тұсындағы ондай мактаулы, халық қамын ойлағыш, халықтың шын ұлы кім?— Әрине, Исатай. Пат-

ша үкіметінің әскерімен соғысқан кездегі Исадайдың бейнесін Махамбет былай сипаттайды:

Әскер жып аттандық
Бекетай еді тұрағым.
Айқайлан жауға тигенде,
Ағатай, Беріш ұраным,
Бекетай құмға ел қонып,
Байбакты — Жұніс аттанды —
Косылуға дем болып,
Құдайлады хан ұлы,
Ізделген жауы біз болып.
Жау қарасы көрінді,
Жиынған әскер бүлінді.
Исадай — басшы, мен — қосшы,
Исадайдың сол күнде:
Ақтабан аты астында,
Дұлығасы¹ басында,
Зығырданы қайнайды,
Астына мінген Ақтабан
Ақ, бөкендей ойнайды.
Касына ерген көп әскер
Маңыраған қойдай шулайды.
Артымыздан келіп қол жетті.
Аз жетпеді мол жетті.
Жеткен жерін айтайын,
Бекет құмның басында,
Ағаш үйдің қасында,
Тұніменен туїндік.
Таң атқанша тарандық,
Таң ағарып атқан соң,
Төңірек жаққа қарандық
Карал тұрсақ әр жерден:
Жау бір өрттей қайнайды.
Кайнаганмен қоймайды,
Мылтығын қардай боратып,
Жетіл келді қамалеа.
Камалды бұзып аларға,
Толғай-толғай оқ әтқан.
Он екі тұтас жай² тартқан,
Қабырғасын қақыратқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан.
Біздің қайса³ батырдың
Жүргегін сүйтіп оятқан.
Әскердің алды бөгелді,
Қырдан ойга төгілді.
Ханың тобы уш атты...
Топтың үні шыққанда
Сонда батыр жөнелді...
Жөнелмей батыр не қылсын
Ерсары менен Қалдыбай
Екі арыстан тен өлді.

¹ Дұлыға — батырлардың бас киімі.

² Он екі тұтам жай

Махамбеттің тамаша, ірі адамгершілік қасиетінің біреуі, ол — досына жанын қыды, досының атак-абыройын, жігер-кайратын өзінің алдына сала, өзінен жогары көтере сөйлейді. Махамбеттің ондай досы — Истатай. Өз басына келгенде Махамбет аса сырпайы адам, ол өзін ешуақытта көтере сөйлемемейді, жауына мейірімсіздігін айтқаны ғана болмаса, “Мен пәленді бітірдім” деп мақтанбайды. Ал, Истатайдың істерін, ерліктерін, сыйпатын айтқанда да, Махамбеттің сөздері нөсер жауындай актарылып, аруагы қозып кетеді, ақындық қиялы шалқып, қанаттанып, шарықтап кетеді. Көтерілісті басқаруда ролі Истатаймен бірдей бола тұра, Махамбет Истатайдың қасында өзін кіші санайды, Истатайды ардақтап, төбесіне көтереді; Истатайдың өліміне қайғырып, оны жоқтағанда, Махамбеттің аузындағы сөзі, журегінің қанында саулайды:

Таудан мұнартың үшқан тарланым
Саган ұсынсан қолым жетер ме?
Арызым айтса өтер ме?
Арыстаным, көп болды-ау.
Саган да менің арманым.
Керміңым, кербезім.
Керікедей шандозым.
Күләндай аици дауыстым,
Күлжабай айбар мүйіздім.
Қырмызыдай ажарлым.
Хиудай базарлым.
Текіздей терең ақылдым...
Тебіренбес ауыр мінездім.
Садағына 衫ы жебері салдырган,
Садағының кірісін,
Сары алтынға малдырган.
Тереңнен көзін ойбырган.
Сүр жебелі оғына
Тауықтың жүнін қондырган,
Маңдайна 衫ы сусар борік басқан,
Жаурынына қүшіген жұнді оқ шанышқан,
Айқайласа белдік байланған,
Асташа жүртyn айналған.
Атына тұрман болсам деп,
Жүртynша құрбан болсам деп,
Адырнаса ала өгіздей мөніретікен,
Атқан оғы Еділ-Жайық тең откен.
Атқаның қардай боратқан,
Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан —
Арыстан еді-ау Истатай

¹ Жай — садактың оғы.

Айналасы 70—80 жолдық осы азғана жырда қандай тамаша лікір айтылған. Исадайдың халықшылдығы, ба-тырлығы, қайраты, ақылы, жігері, қысқасы — образы қандай тамаша жасалған...

Ал, Исадай өліп, кетерілісті патша үкіметі мылтық қүшімен қан-жоса қып басқаннан кейінгі халық басына туған ауыр халді, қайғылы, қаралы күнді Махамбет былай сипаттайды.

*Мұнар да, мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн,
Бұрышын мұзға тайған күн,
Бура аттанған шөккен күн,
Бұлықсып жүрген ерлерден
Бұрынғы бақым тайған күн.
Катарланған қора нар
Арканын қып алған күн,
Алма мойын аруды
Ат көтіне салған күн,
Сандық толы сары алтын
Сапырып судай шашқан күн.
Тус қыла көр құдайым
Біздей нақ лейманасы тасқанға,
Біздің ер Исадай өлген күн.
Он сан байтақ бүлгем күн,
Орта белін сырлаган,
Оқ жанбырдай жауған күн.
Он қанатын теріс жайып,
Лашын қуга төнген күн.
Желлілдеген ғла ту,
Жиырылып ойға түскен күн.
Жез қарғалы құба арлан,
Жез қарғыдан айрылып,
Корашыл төбет болған күн.
Аса шапқан құла ат
Зымырандай болған күн.
Арқаулының бойынан
Теріскей дауыл соққан күн.
Садағы болат қылыштың
Балдағынан сынған күн.
Кос бәйтерек жығылып,
Жығыланы естіліп,
Алыстағы дүшпапанның
Куанып көңлі тынған күн.*

Исадайдың өлімін Махамбет, жүргегі сыздай, лебі жалындаі қайғырады. Исадайға ерген халықты патша үкіметінің, аяусыз қыруы Махамбетке қатты батады. Бірақ жігерлі, отты Махамбеттің бұл қайғыдан үнжүргасы түсіп кетпейді, халық бостандығын көксеп жаңған оның үміт

оты сөнбейді. Құші басым әскерден женілісті Махамбет “кетерілістің біткені осы” деп бағаламайды. Халықтың болашағынан үміт етіп, алдағы күндегі халық кетерілісін былайша арман етеді:

Желп-желл еткен ала ту
Жиырып алар күн қайда?
Орма мылтық тарс үрүп,
Жауга аттанар күн қайда?
Елбен-елбен жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Арымакстан түеан асылды
Баптан мінер күн қайда?
Елдегі асыл жақсыдан:
Батасын алып дәм матып,
Түлкідейін түн қатып,
Бөрідейін жол жатып,
Жаурынына мұз қатып
Жалаулы наиза қолға алып,
Жау тоқтатар күн қайда??!

Махамбет жорықтың ақыны. Халықты қанаушылар бостандыкты ықтиярымен бермейтінін, халық арман еткен бостандығына қанды күрес арқылы, жауын қан майданда жену арқылы ғана жететінін жақсы үғады. Сондыктan, ол Истатай өліп, кетеріліс басылып, басына қаралы күн тұган халықты жылаумен жасытпайды, қайтадан кетеріліске, қанды майданға шақырады, жауын женбей тынбауга, бостандыктың ұлы жорығына, ұлы жеңіске шақырады:

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?
Еңсесі бишкін бол орда,
Еңкеjмей кірер күн қайда?
Кара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда?
Күдеріден бау тағын,
Сауыт киер күн қайда?
Күмбір-күмбір кісінетін,
Күренді мінер күн қайда?
Толғамалы ақ мылтық,
Толғап үстар күн қайда?
Алты құлақ ақ наиза,
Үсіншы шашшар күн қайда?
Садақ толған сай кез оқ,
Масағынан өткізін,
Басын қолеа жеткізін,
Созып тартар күн қайда?..
Кет бұгадай билерден
Ақыл сұрап күн қайда?
Бізді тапқан ананың,
Асыраған атанаң,
Ризалықпен жайгасып
Колын үстар күн қайда?

*Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байланап,
Орнықты қара басадан,
Бозбаламенен күліп-ойнап,
Кымыз ішер күн қайдада?*

Махамбет халыкты қайта көтеруді арман қылып қана қоймайды, ол енді көтерілісті үйымдастыруға атқа мінеді. Бірақ, еңсесі басылып қалған халықтың көтерілуге шамасы келмейді. Махамбеттің ойдағысы болмайды. Патша үкіметі кудалаған Махамбет елден айрылып, Хиуага кетеді. Көздеген мақсаты ойдағыдай болмай, әрі елін сағынған ол қатты тарығады. Осы кезде шыгарған жырында Махамбет, елін, туысқандарын, қатын-баласын сағынып, көкті құніренте, жерді солқылдата күрсінеді. Бірақ күресшіл ақын да қайының толқынына тұншықпайды, ұлы арманынан жаңылмайды, бастағы зарын айта келе, жыр аяғын баяғы арманы — халықты қанауышыларды жоюға әкеп тірдейді. Осы мақсатын іске асырудан арман еткен ол әлі де сүйген халқынан күдер үзбейді, халықты қайта көтеру мақсатынан қажымайды:

*Абайламай айрылдым,
Аржақтагы елімнен,
Нарын деген жерімнен,
Тірі кеттім демеймін,
Кем болмады влімнен,
Тенім үлгі алмады,
Аузыымдағы желімнен.
Ісім кетті далаға,
Кашан өтіп шығам деп,
Кайырамын мен-дагы,
Жайықтан арғы далаға...
Басқа қысым түскен соң,
Кайрылмастай күн болды,
Қатын менен балаға,
Барсан, сәлем айта бер:
Ата менен анаға.
Жаудан аман жан қалса,
Кара орман — малым садага.
Өлең айтып толғадым,
Кекірелімді басарға.
Каралай отын жармадым —
Тас қазанға асарға.
Махамбеттей мұндыға,
Енді келер күн қайдада?
Ханға қүрған шатырды
Сүңгімен түртіп ашарға?
Алтын жақса жарасар,
Жылтыраган күміске,
Он екі ата Бай ұлы
Жишилып келсе бұл іске.*

Алты сан алаш ат бөліп
Тізгінің берсе қолыма,
Заулар едім бір көшке...

Халық ісіне шын ынтасымен берілген Махамбет “ер төсектен безінбей..., ерлердің ісі бітер ме!” дегенімен оның жеке басының арманы да жок емес. Махамбетте адамдық үлкен жүрек бар, ол халық бақытын рахат тұрмысын көксеумен қатар, өз басының да бақыты мен рахатын аса көкseyді. Сүйген жарының, сүйікті балаларының қасында тыныштықта құліп-ойнап өмір сүре алмауына ол қатты қайғырды:

Косылған жаста арудың
Көре алмай кептім құлашын,
Арпа жемес аргымақ
Ақселеу отқа зар болар,
Миуа-шекер жемеген
Аланым менен балаларым,
Қоңырсыған дүние-ай,
Жапаннан қарсақ ін қазар,
Хан салдыраған жәрменке,
Жырақ бізден бұл базар,
Катын қалса, бай табар,
Карындас қалса, жай табар,
Артымда қалған ақсақал
Алқалай кенес құрган күн,
Ақылменен ой табар.
Кейін қалған жас бала,
Күдер үзіл біздерден,
Көңлі қашаш жай табар?
Артымда қалған алғаным,
Қытайы қызызы қойлегі
Күнге қойсаң оңар ма?
Мұндай қорлық болар ма?
Ақсұңқар құстың баласы,
Қасқыр тартқан жемтікке,
Агармай көзі қонар ма?
Каршыға құсты көп көрдім,
Қайырылып қазең қараган.
Катын, бала, қара орман,
Баршасын жауга алдырган.
Құрулы жатқан жебене
Құрсағынан шалдырган.
Асыра келіп ойласам,
Бұл заманның шағында,—
Махамбеттей зарығын,
Мұнлы болған қайды бар?

Елінің, өз басының, үй-жайының қайғысын айтып күніренген Махамбет сонда да дүшпанға иілмейді. 1841 жылы Баймагамбет сұltан қашып жүрген Махамбетті үстатаң, абақтыға айдатар алдында Махамбет Баймагамбетке көтеріліске неге қатысқанын жасырмай айта келіп, қолында тұтқын болып отыrsa да, оған былайша қайрат білдіріп шошындырады:

Бекініп садақ асынған,
Біріндең жауын қашырган.
Күйкүлжыған құла жириң ат мінген,
Күйрек-жалын шарт түйгөн,
Мен кесекті ердің сойымын.
Кескілестір бір басылман.
...Алдыңа келіп түрмyn дeп,
Ар, намысым қашырман.
Сүйесім тұтам қалғанша,
Тартынбай сөйлер асылмын.
“Ай тақсыр-ау”, ай “тақсыр”,
Бойың жетпес бишкін,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.
Айта келген созім бар,
Не қылсан да, жасырман.
Шамырқансам, сынар болаттын,
Кәр қылар дeп, “тақсыр-ау!”
Аяғыңа бас үрман.
Бәйеке “сұltan” ақсүйек
Кыларың болса қылып қал,—
Күндердің күні болғанда:
Бас кесермін, жасырман.

Халық бостандығы үшін болған күресті сипаттайтын XIX ғасырдағы поэзияда Махамбет жырларының орны ерекше, өйткені XIX ғасырдағы халық көтерілісі кезіндегі наиза мен қаламын бірдей қару етіп жұмсаған одан басқа ақын жоқ. Көтерілісті жырауышы, әрі істің, әрі сөздің қажымас қайратын Махамбеттен өзге ақындардан әзірge кездестірмейміз. Шынында басқа ақындар ен әрі кеткенде көтерілістің жыршысы ғана болады.

Екіншіден, Махамбеттің жырлары құл ұстаушы мен құл болушылардың ешуақытта татулыққа келе алмайтындығының, құлдануышы тапты, құл болушы тап біржола жоймай, көңілі тынбайтындығының айқын бейнесі. Истатай — Махамбет көтерілісі — ешбір саяси программасызың басталған халықтың стихиялық күресінің бірі. Сондыктан, Махамбет жырларының ерекше қасиеті, стихиялық күрес шиеленісе келіп, саяси саналы күреске үштасатының дәлелдейді.

Үшіншіден, Махамбеттен бұрын жасаған ақындардың бұрынғы батырлар туралы айтылғандары оның жырларында кездесетіндері бар. Мәселен, Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны Едіге батырдың Тоқтамыс ханға айтқанымен сарында, кей жерде тіпті жолына жолы, сөзіне сөзі дәл келеді. Бұдан, әрине, Махамбет бұрынғылардан алды деген қорытынды тумайды. Мұндай үқсастық жалғыз Махамбет жырларында ғана емес, ауыз әдебиеті ақындарының барлығында да үшірайды. Мұндай әдет Бұқарда, Дулатта, Шортанбайда және басқаларда да бар.

XVIII—XIX ғасырларда патша өкіметінің отарлау саясатына қары қазақ даласының әр жерінде, үлкенді-кішілі толып жатқан көтерілістер шыққан. Өкімет XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ феодалдарының жәрдемімен оларды қан-жоса етіп басып, кең даланың өн бойына әскерлік қорғандар салып, халықты тырп ете алмайтын халге келтірді. Содан кейін қазақ елін басқаруды қолына алып, 1822 жылдан бастап қазақ хандықтарын жойып, даланы дуан (округ) аталатын әкімшілікке бөлді. Оларды басқаруға сенімді адамдарынан “аға” және “кіші” сұлтандар қойды. Солардың бірі Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыс Уәлиханов болды.

1868 жылы патша үкіметі жаңа заң шығарып, әкімшілікті Россия тәртібімен: боялса, уезге, губернияға бөлді де, болыстар мен старшындықка ғана қазақтарды “сайлап”, одан жоғарыларын патша чиновниктеріне басқартқан. Осыдан кейін қазақ еңбекшілері қазақ феодалдары мен орыс қанаушыларының екі жақты қыспагына түсті. Осы бір тұстағы қазақ елінің тағдырын толғаган бірталай жыраулар да болды.

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ

Шортанбай Сырдан Арқаға жас кезінде қыдырып барайп, содан өле-өлгеше Арқада тұрган адам.

Өз айтуыша да, басқалардың айтуыша да, Шортанбайдың негізі — қожа. Орынбай ақынмен айтысканда, Шортанбайға Орынбай:

— Дауана қожа арасы барған Мекке,
Мейрамға имам болған жағызы жеке.
Жолың болсын дегенің, жақсы лепес,
Күдай берсе мол болсын, я қожеке,—

дейді. Қожалар өздерін “Мұхамед пайғамбардың үрпагымыз”— дейді, қожаның көбі дін үтівшісі — молдалар болады.

Жырларының сарынына қарағанда, Шортанбай да мұсылманша оқыған және діншіл адам. Бірақ, ол молдалықпен, тақуалықпен шұғылданбаған адам ба, деген ой келеді, оған біріншіден, әлеуметшіл халықшыл болуы күә, екіншіден өзінің Асан қожага айтқан мына сөзі күә:

Мениң түбім сарт еді,
Сенің түбің қызылбас.
Екеумізді пір тұтықан
Ел қалайша бұзылмас.

Шортанбайдың кай жылы туып, қай жылы өлгенін, көтте, әкесі кім екенін, біз сонғы кезге шейін білмей келдік. Оның жас мөлшерін, әкесін бізге мәлімдеген ақын Доскей Әлімбайұлы (1850—1946).

— Мен Шортанбайды 25 жасымда Арғын Саңырақтың үйінде көрдім,— дейді Доскей,— ол менен 32 жас үлкен, Әкесі Қанай молдалық күрган, маң жиган кісі емес. Бар өмірі — ел аралап, жыр айтумен өтті. Көбінесе, қарқаралық Құсбек төрениң үйінде мекендеп жүрді.

Доскей 1850 жылы туған. Шортанбай 32 жас үлкен болса, 1818 жылы туған болады. Өлерде айткан жырында, Шортанбай 63 жастамын дейді, олай болса, 1881 жыл өлген болады.

Доскейдің бұл мәлімдеуі шындыққа жатады. Өйткені, Кенесарыга байланысты архивта, 1837 жылы, бір жақтан қызы алып қашып келе жатқан Шортанбайды, Кенесары “патша үкіметінен шыгарсын” — дәп ұстап алып, Шортанбай жалынышты жыр айтқан соң, босатты деген материал бар. Бұл материал бойынша, Шортанбай сол кезде бала-бозбала. Егер оны 1818 жылы туды десек, 1837 жылы ол 19 жаста. Бұл жобага келеді.

Сырдан Арқаға не себепті келгенін Шортанбай айтпайды. Бірак, Арқада тұрактауына, Арқа елінің мейманостығы, сыйы себеп болғанын бар жырында айтады да, оған мысал өлердегі жырында:

“*Куандық жатқан сары бел,
Шагалалы шалқар көл,
Үйрек пен қаздай балқытты,
Сары қымызын ішүші ем,
Аралап келіп түсүші ем,
Алтай менен Карпықты*”, — дейді.

Тағы да:

“*Кожа емес едім, сарт едім,
Арқага келіп наң жедім,
Нан жедім де, дәндедім.
Жүйрігі болса мінсем деп,
Сұлуы болса сүйсем деп,
Жарамады тонын киссем деп,
Күннен-күнге сәндендім,
Арқа келіп наң жедім,
Әркімнен алдын байлауды*

Сыйлаған елдің қадір-құрметін, ішкен асын, мінген атын Шортанбай тегін олжалаңбайды. Ол өзін халық алдында борышты көріп:

“*Казақтан алған қарызыым,
Көлденең тұрды көмейгө*”—

деп, халықка борышын өтегенше жаны жай таппаганын айтады. Халықка өзінің борышын және ол борышты қалай өтегенін Шортанбай елерінде баяндайды:

“Сәлем айтып кетейін,
Ағайын мен түгандегі,
Елдің зарын зарлаған,
Сөзін көпке арнаған.
“Көпке керек ақын” деп,
“Жаныңа елдің жақын” деп,
Ешкім ара тұрмайтын,
Қинаған қазір қу жанға,
Арыз сөзді толғанын,
Қалдырайын артыма,
Айта жүрер сез болсын,
Мың қабат бетім жуылған,
Көзден ақжан жасыма.

Шортанбайдың “көзінен мың қабат жас ағызған” не? Эрине, ол, патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы халықтың, көтерілісі басылғаннан кейінгі басына түскен ауыртпалық зары.

1783 жылдан бастаған қазақ халықның көтерілісі, 1850 жылдары, уақытша мылтық күшімен басылды десек, содан кейінгі жылдардағы халық басына түскен қайшылықты Шортанбай өзі өлгенше шын ықыласын сала, бойдағы бар ақындық таланттын жұмысай, халық қайғысын халықпен бірдей қайғыра, халықпен бірдей жылай етті. Сол кездегі казақ тұрмысынан Шортанбайдың жыры шолмаған ешбір сала жок.

Қазақ даласын зілдей басқан патша үкіметінің қара қүшін Шортанбай былай сипаттайтыды:

Енді еркіндік заман жоқ,
Дүшпактың құрған торы бар;
Ендігі түгел жігіттің
Маңдайының соры бар.

Қазақ халқы тәуелсіздігінен айрылғанын, билік патша үкіметінің қолында қалғанын, патшаның әкімдері халықты талаушы екендігін Шортанбай былай баяндайды:

Замана қайтып оңалсын,
Адам қайтіп қуансын:
Жанарал болды ұлығың,
Майыр болды сыйайың,
Айрылмайтын дерпт болды,
Кедейге қылған зорлығың,
Князьді көрдің піріңдей,
Тілмашты көрдің бүіңдей,
Дуанды көрдің үйіңдей,
Абақты түр алдында

Казылып қойған көріндей,
Байлар зорлық қылады,
Мал көзінे көрінбей,
Білгер дейді параны,
Сақтап қойған суріндей,
Ойлағаны жамандық
Жараған аққан іріңдей.
Замана түрі бұзылды,
Текеметтің түріндей.

Халықтың көрген қысымшылығы әкімшіліктегі ғана еместігін, халыққа ең зор қиянат — патша үқіметі оның барлық шұрайлы жерін тартып алдып, казақ халқы жерсіз қалуға айналғанын Шортанбай былайша толғайды:

Әр нәрсенің болжалы,
Бірте-бірте тарайды,
Адыра қалғыр Сарыарқа,
Болмайын деді бағанды,
Еділді алды, елді алды,
Есілді алды, жерді алды,
Енді алмажан не қалды
Айнала қоршап маңды алды,
Әүелі бастап ханды алды.
Қараны санап малды алды,
Көшіп кетер жерің жок,
Жау айбынар ерің жок,
Көшпейін десең жерің тар,
Камалып қазақ сандалды.

“Қазақ — қазақ” деп зарлағанмен, Шортанбайға аты қазақтың бәрі бір емес. Оның жаны ашытыны да, халіне қайғыратыны да халықтың көпшілігі кедейлер.

Байлардың қанаушы тап екенін, олардың кедейді жейтінің, жеке шаруа үстем кезде кедейдің байға жалышты екенін, үкімет байлар тобының құралы екенін, Шортанбай айқын көреді.

Кеңес кепнес үйінен
Жаман болып, тоқ болсаң,
Үйіңе ешкім келмейді,
Ассыз кедей, жоқ болсаң,
Тілің менен қолыңды,
Шолак, қылар әр неге.
Ортадан жалғыз дақ, болсаң...
Кедей байға ермейді,
Бай кедейді көрмейді,
Кызметтің бір күн қылмаса,
Майлы сорпа бермейді.

Байлардың, байшыл үкіметтің кедейді қандай әдіспен жейтіндігіне Шортанбай жалпы қарамай, конкреттік мысалдар алады:

Байды құдай атқаны:
 Жабагы жунін сатқаны,
 Кедей қайтіп күн көрер.
 Жаз жатақта жатқаны,
 Жаздағарық қаззаны,
 Құздей пішен шапқаны,
 Ішіп-жемдік болмайды,
 Оны-мұнны тапқаны
 Аш-жалаңаш бейнетпен,
 Жұдел-арып талады,
 Бір ешкісі бар болса,
 "Шығын" деп тілмаши алады
 Ол "шығынын" бермесе,
 Тәбесін ұлық, ояды,
 Жалғыз сиыры бар болса,
 Сөйымна сояды.
 Кедейге салып "шығынды",
 Араны "бидің" тояды
 Қағаздатып бұзауын,
 "Некайына" қояды,
 Кедей қайтіп күн көрер,
 Борышқа белден батады,
 Жалғыз сиырын сатады,
 Қылымсыған қатыны,
 Қызыл көйлем киеді,
 Өзінің байын менсінбей,
 Қорінгенді сүйеді,
 Осы мінез болған соң,
 Күнәға пенде күйеді.
 Елубасы, онбасы,
 Ол шайтанның жолдасы...
 Ендігі байга мал бітсе,
 Шайдан басқа асы жоқ,
 Жақыннан басқа қасы жоқ,
 Ендігінің мырзасы,
 Залымдардың сырласы...

Байдың қанагыштық, оның үкіметінің зорлықшылдық қылыштары, байлар табы үстем кездегі кедейдің аянышты халі Шортанбайдың бұл жырындаған емес, барлық жырларында да айттылады, Және, Шортанбай кедейдің ауыр халін жай сипаттаушыған емес, кедейге шын жаны ашитын, кедейдің көрген бейнетіне шын жаны ауыратын ақын. XIX ғасырдың ақындарында, кедейдің аянышты тұрмысына нақ Шортанбайдан үнілген, ауылдағы тапқайшылықтарын нақ Шортанбайдай көрген ақын жоқ.

Реалист ақын — Шортанбай, заманының ірі суретшісі, қырагы ақыны болғандықтан, XIX ғасырда ауылда тапқайшылығын күштейтуге себепкер болған саяси шаруашылық жағдайларды да көреді, түсініп жырлайды. Ол қандай жағдай?

Россияга бағынардан бұрын қазақтың шаруасы натуралдық мал шаруасы. Ол кездегі ауылда ақша жоқ, сондықтан капиталдық қатынас жоқ.

Қазақ даласын патша үкіметі отарлау саясатына кіріспі, даланың айналасына да, ішіне де әлденеше қалалар салғаннан кейін, осы қалаларда сауда-саттық жүргізе бастады. Бұл базарларға қазақтар жыл сайын мол қатынасып, өзінің шикі заттары: тері-терсек, жұнжұрқасын, малдарын базарға сатып, базарда әртүрлі өндіріс товарларын алады, ақша алады. Ақшамен бірге натуралды ауыл шаруасына капитализм тегіс кіріп, бұрынғы, малмен ғана бай атанатын қазақтар, енді “ақшалы бай” атанды. Шортанбай бұл жағдайды да көрмей қойған жоқ. Ауылға ақша келуін, ол,—

*Мініп көрер күші жоқ,
Сауып ішер сүті жоқ,
Ақша деген мал шықты.—*

деп баяндайды. Бұндай “малдың” ауылға келуінен ол қорықты:

*Жарлы, кедей, жоқ жігіт
Кайтіп күнін көрер деп,
Сол себепті қорқамын.*

Ауылдың ақшалы байлары, кедейді қанаудың жаңа жолына, және әдісіне түскенін көрген Шортанбай былай дейді:

*Кайыры кетіп байлардың,
Бұзауга ақша беріп тұр:
Пәлен тәңге торпақ бол,
Тыйынга тыйын болып тұр.
Залым тұван сұмырайлар,
Осылай жүртты еміп тұр.*

Капитализм, адам баласының өсу тарихында, белгілі бір дәүірде, феодализмнің орнын басар дәүірінде прогрес-сивтік формация болды. Капитализм үстемдік алған заманда өндіріс күші, өндіріс қатынасы бұрынғыдан көп ілгеріледі, завод-фабрикалар салынды. Қалалар үлкейіп, ғылыммен танысып, мәдениет өсті, адам баласының болашақ тағдырына жетекші пролетариат табы құрыла баста-ды, қысқасы капитализм, адам баласының өркендеуін, фе-одализммен салыстырғанда, ірі прогрестік қарқынға көшірді.

Сонымен катар, капитализмде, тап тартысы бұрынғыдан күшеді. Капитализмнің жұмыскер табын, жалпы халықты қанауы, бұрынғы қанағыш таптардан анағұрлым асып түсті. Енбек қанауда, капитализм ең жыртқыштық әдіс қолданды. Ауылға ақша қатынасы, ка-питалистік қатынас келгеннен кейін, Шортанбайдың ке-

деге байлардың көрсететін зорлығын баса жырлауы осыдан. Және Шортанбай, байдың кедейді қанауын жалпылама айтпай, ақшага байланыстыра айтатын себебі де осыдан.

Капиталдың қанауынан, кедейге істеген озбырлығынан жаңы түршіккен Шортанбайдың “Енді не істей керек?” деген сұрауга жауабы жоқ. Ол жаупты табуға ол заманда, Шортанбайдың саяси өрісі жетпейді. Сондыктан, капитализмді обыр, жалмауыз деп түсінген Шортанбай, алдынан жол таба алмаған Шортанбай, артына айналады, тарихтың жүгін кейін қарай сүйремек болады, кеше ғана ауылда үстем болған феодализм, феодализмнің заң-законы оған рахат дүниесі бол көрінеді, ол халықты сол, кейінгі тозуға бет алған түрмисқа, “рахат сонда” деп шақырады. Бұлай болу занды жағдай, Жеке шаруаның ұсақ шаруаларын ғылым тілінде “ұсақ буржуазия”— деп атайды, Капитализмнен соккы көрген ұсақ буржуалар, тарихи сахнадан шығуға бет алған феодализммен үн қосып, капитализмді, феодалдарға қосыла бірге жамандайды, осыдан барып: “ұсақ буржуада социализм идеясы туады. (Маркс пен Энгельс “Коммунистік партияның манифесі”).

Осылай капиталистік қанаудан шошынып, феодализмді одан халыққа жайлы — деп үққан Шортанбай, тарихтың бетін кері қаратуға тырысқанмен, ойдағысын орындаі алмайды, орындауга әлі келмейді. Сондыктан ол, тілдегі барын капитализм салдарынан туган қазак ауылышындағы қогам тәртіпперіне төгеді.

Капитализмнің ұраны,— адамның кара басының еркіндігі. Адам енбегін қанагыш капиталистердің бұлай ұран тастауы, не гуманистік, не социалистік идеясынан туып отырған жоқ. Бұл, капитализмнің алдау-арбауы, феодализмге қарсы жұмсаган қурамы. Капиталиске басы бос, енбегін өз еркімен сататын жұмыскер керек. Мұндай жұмысқерді ол, қайыршыланған шаруалардан іздейді, феодализм үстем кезде, шаруалардың бәрі феодалдың құлы. Осы құл шаруаларды феодалдардан босатып, олардың енбегін базарда сатып алып, завод пен фабрикада жұмыскер ғып пайдалану үшін, капитализм “әркім өз басына ерікті болу керек, қайда барса ықтиярлы болу керек, феодалдардың адамның жеке басын құлдануы жойылу керек”,— деп ұран таstadtы.

Бұл ұранның прогрестік жағы да аз болған жоқ. Феодализм үстем кезде, адамның жеке басының еркіндігіне қызыншылық, шаруалар туралы ғана болмайды: билеуші феодал табының өз арасында, әсіресе семья түрмисында адамның жеке басының еркі тұсаулы болады. Феодализмнің тәртібі, ұраны —“сый, қадір, құрмет” (Маркс),

ата мен баланың, үлкен мен кішінің, ер мен әйелдің, еркіті болуы, ал бұл феодализмде керісінше — катал зан. Капитализм осы жаманды бұзды. Атага да, балага да, әйелге де, ерекке де өз басымен ойлауга, өз еркімен тіршілік жасауга ықтияр береді.

Капитализмнің қанау занына қарсы Шортанбай, оның бас бостандығы туралы ұранына да қарсы. Ауылға капиталдық қатынас келудің салдарынан туған бас бостандығын Шортанбай қатты сөгіп былай дейді:

*Жай-жайна жүргеген,
Мұның өзі тар заман.
Тарлығының белгісі,
Арам бала болған соң,
Атасы бермес батасын..
Касиет кетіп барады,
Ата менен андан.
Құда, тамыр, дос кетер,
Қыл оттейтін арадан.
Қыз сыйламас енесін,
Ер жеттім деп шаштасар,
Салыстырып денесін.
Старышын қойған болылты,
Әкіреңдеген немесін.
Ақсақалдан ал кетті,
Алмайды оның кенесін..
Жасы кіші інілер
Сыйламайды ағасын.
Асылып жыртар жағасын..
Ықлас билік қалмады,
Үлкенге билік салмады.
Ұлықсұлан ұл туыл,
Заман жауга тиген соң,
Бұлықсұлан қызы туыл,
Қай үлкенді сыйлады..
Закон айтып қатын түр,
Койныңда жатқан еріне,
Зарланып түрән әйел бар,
“Косылғам жоқ, деп теңіме”...*

Бұл айтылған жырларының бәрінде, Шортанбай семья тұрмысына феодализм тұрғысынан қарайтындығын көреміз. Сонымен қатар, Шортанбайдың ауылдағы берекесіз, бірлікіздік туралы аса бағалы пікірлері де бар. Сол кездегі саяси, шаруашылық салдарынан туған ауылдағы араздыққа, алауыздыққа Шортанбай қарсы, оның айтуынша, бұндай алауыздық елдің берекесін кетіреді, ел тозады.

*Асылық, асқан заманда,
Конысы жоқ, бай азар,
Өрісі жоқ, тай азар,
Бір сөзге жүрт құралмас.*

*Бірінің тілін бірі алмас,
Екі үлкен егесін,
Кошқардай басын тәңесіп,
Сузісуге ұялмас,
Ел болуға сыя алмас,
Өйткен соң жүрт оқалмас.*

Бұндай берекесіздіктен без, бірлікшіл ел бол, сонда ғана оқаласын,— деп зарлайды Шортанбай.

Елдің берекесіздікке, бірліксіздікке ұшырауы, Шортанбайдың айтуынша, сол кездегі үстем таптан, оның әкімдерінен.

*Асылық, асқан заманда,
Алуан-алуан жан шықты.
Арам, араз хан шықты,
.....
Сорлы қазақ қамалып,
Тарылды кең қоныстар,
Жарысқа кірген “жаксылар”
Дуан басы болыстар.*

*Қанышқан соң жалаға,
Көшеде жүрген көп тілмаш,
Мініп шабар шанаға
Алып келер аулына,
Өзінің түгел бауырына,
Келген соң кімді аяйды.
Жығып салар дүреге,
Қызыққан соң парәға.*

*Апыр-ау, елге болыс, би
Дұрыс бастық болар ма,
Үрліктың етін қақтаған*

*Шұнақ, бидің тұсында
Ағаш атты тізгінде,
Шана міндік күймелі.
Ақылыңды алып тұр,
Саумалы бар биелі.
Көш-қоныңды биледі,
Комы сиган түйелі..*

Қанауыш таптың әкімдерінің елдің берекесін кетіруі, талап жеуі туралы Шортанбай осылай толғайды. Тамаша шындық.

Шортанбайдың айтуынша (және дұрысы сол), ісі де, іші де арам байлар табы мен оның үкіметі ғана емес, оның сипаттауынша, асылық асқан заманда діншілдердің өзі халықты талаушы құзғындар, сырты сопы, іші арамдар. Шортанбай дін басшыларын былай сөгеді:

*Асылық, асқан заманда,
Кожа, молда көбейіп,*

*Отырар төрдө шөмүп;
Салдесін үлкен орасып,
Жауан қардай борасып,
Жамандығы ішінде,
Жан-жаяна қарасып.
Улкен молда десін деп,
Мәселеge таласып.
Қыстың айы откен соң,
Жаздың айы жеткен соң,
Жауырларын жедіктеп,
Тұеансырап келдік деп,
Зекет, ишяз сұрасып,
Өң мұсәпір, қорықсын деп
Мұнайдан болар жыласып..
Өңкей арам залымдар
Зәремізді алады.
Арах берсөн жымып,
Калтасына салады.*

Қожа, молдалар туралы осы пікірін Шортанбай, Асан қожага айтқан сөзінде де қайталайды:

*Жетпіске келді бұл басың,
Дүниe болды жолдасың,
Әндіжандық, сарт едін,
Қай жерінен қожасың?
Кара тауды тауыстың,
Пәленине деген мырзасың,
Сарыарқага келген соң,
Төрт аяқты жоргасың.
Жәдігөй жарғыш атанаң,
Осынша жиған мұлқінен,
Не көреді қу басың.*

Әлеумет тұмысындағы әділетсіздікті, өлшеусіз қияннatty көріп, оған қарсы тұрган Шортанбай, қолынан ешнәрсе келмей, қияннatty түзеуге әлі жетпеген соң:

*Көшип кетер жерің жоқ,
Жау айбынар ерің жоқ...
Бейшара болған сүм қазак,
Жалмауыз болды ұлығың,
Азып-тозған кезеңе,
Өз осалың өзіңе,—*

деп ызалаңады. Ызадан да ешнәрсе өнбейтінін керген Шортанбай:

*"Су тубіне кеттің жүрт,
Тал табылмас қармарға"—*

деп, тендікten біржола күдер үзеді.

Бірак, ол жалпы өмірден, келешектен күдер үзбейді, Өзінің торығуы, келешектегі үміті туралы былай дейді:

*Сөзім бітті, емен болдым,
Енді шықпас әңгіме.*

*Бәйт айтып баян өйп,
Жанаса тұрдым әркімге.
Мәселе кітап шығардым,
Кейінгі қалған пендеге.
Бес ауыз сөз айттым деп,
Мақтандың тілім сен неге...
Өзімнен қалсын балаға,
Кепнес сөзім далаға.
Жоғалтпаса өзімді,
Жоқ, қылмаса сөзімді,
Мен риза аллаға.*

Шортанбайдың үш зары бар: “Зар заман”, “Балаға зар”, “Өлер зар”. Осы үш зарында да ол халықтың басына түскен зарды, заманының зарын толғаган. Бұл үш зар — үш поэма және сюжет жағынан біріне бірі жалғас, бірінің мазмұнын бірі өрбітетін поэма.

“Зар заманда” Шортанбай, қазак халықтың көтерілістерін патша үкіметі уақытша сөндіргенмен кейінгі халдің басын айтады: “Бала зар” да көтерілістен кейінгі ауырлаған халді сипаттайды. “Өлер зарда”, Шортанбай өлім халында жатып өмірмен, елмен бақұлдасып, артында тірі қалып бара жаткан жүрттан не тілейтіндігін баяндайды.

Шортанбай сиякты, ел арасында кожа атанған, мұсылманша оқыған, дінге сенетін адам, елерінде ақырет сөзін ғана айттып, құдайдан иман тілеп зарлап, дүние сөзін ауызга алмауы тиісті еди. Шортанбай өйтпейді. Ол елердегі халықна айтқан өсietтінде де “әлген соң маған дүға қыла көріндер” деп жалынбай, елдің басты адамдарына халықтың тапсырады, халықтың мұнын айтады. Осы өсietтін орындату үшін ғана, Шортанбай дінді, ақыретті өсiet айтқандардың алдына көлденең тартып, халыққа мейірімсіз әкімдердің қатал көңілін дінмен, ақыретпен жібіткісі келеді.

Билерге ол былай дейді:

*Екі сөздің басында
Келтіреін өзімді,
Тыңдандар, жүртім, сөзімді.
Билер пара жемендер,
Жалғанды жолдас демендер,
Кісі ақысын алмаңдар,
Ауызға арам салмаңдар.
Дүние жиып откен жоқ,
Бұрынғы откен пайғамбар.*

Болыстарға айтатын өсiet:

*Дүншенің малы үшін,
Ақтап аттап отпекдер.
Старышын, болыс болам деп,
Ысырап қып малды төкпеңдер.*

Ақсақалдарға айтатын өсietі:

*Улкендер сөгөн айтайын,
Дүниенің бөгөн үшін,
Тура жолдан азбандар;
Тәңріге бекер жазбандар,
Тентек болма балага,
Безер болмай келінгө,
Қадірің кетер еліңе,
Карауыл өой сөзіңе,
Канша нарсе ереді,
Өлгеннен соң өзіңе.*

“Өлімнен қорық. Ақыреттен қорық. Киянаттан без. Халыкты жеме” деген өлердегі өситетін Шортанбай, сол кездегі Арқа қазактарының бас әкімдері: Тобықтыда Құнанбайға, Қаржаста Шорман мен Мұсага, Қуандықта Коңырға, тағы басқаларға арнап айтады. Өмірден ақтық көз жұмарда да Шортанбайдың тілегі өз қара басы емес, ақырет қамы емес, халық қамы, халық тілегі: “Өлер зарын”, Шортанбай былай аяқтайды:

*Камсыз жүріп қиналған,
Жасын шіп тәнірім.
Өзің онда халқымды
Күрық түсті мойынға,
Тарылып тыныс алқынды.
Зармен бітті өмірім,
Жарылқа енді артымды..*

Шортанбайдан сақталған жырлардың көлемі көп емес, жалпы шамасы — 1500 жолдай ғана өлең. Бірақ, осы аз көлемді жырга, өз заманындағы қазақ халқының саяси, шаруашылық халін, ауылдағы тап тартысын, тұрмыс-салтын, ой-санасын түгел сиғызған, тұтас бір заманың бейнесін, осы 1500 жол өлеңде айта білген. Шортанбай жырлары қазақ фольклорында жаңа дәуір. Ол дәуір екі жақтың қанаудан тұншықкан халыктың ашы зары, соңықтан, Шортанбай заманының атын,—“Зар заман”— деп тауып қойған.

ЖАЗБА ӘДЕБИЕТ БЕЛЕСТЕРИ

Қазақтың төл жазба әдебиеті нак кай кезден басталуы әлі зерттелмеген, анықталмаған нәрсе. Әртінгі, белгісіз замандарда, қазақ даласындағы тасқа қашалған таңбаларға қарағанда, қазақ жазуының аргы тамыры иероглифке, яғни әріптік емес, ұғымдық таңбаларға жататын сияқты. Одан әрі Айсадан бұрын, Сібірде тұған орхон-енесей жазуының әріптік таңбаларына соғатын сияқты. Бұлар, әрине, анықталмаған жорамалдар.

Қазақтардың алғашқы жазуы араб әріптерінен басталды деген жорамал, өзге жорамалдардан ғері дәлелдірек. Ол бізге ислам діні арқылы келді. Исламды қазақ Орта Азияның өзге халықтарынан кешірек қабылдағандықтан, араб жазуы да қазаққа кешірек тарады.

“Алтын Орда” деген атпен Еділ бойында XIII ғасырдан бастап құрылған әкімшілік өлкедегі халықтардың ішінде, татарлардан соғыс ен молы қазақ рулары болғанға үксайды, оған ен үлкен дәлелдің бірі,— осы орданың алғашқы ханы — Шыңғыс ұлы Жошының өлігі, қазақ даласындағы Ұлытау аталағы мекенде жатуы.

“Алтын Орда” хандарынан исламды бірінші болып қабылдаған — Жошының (1273 жылы өлген) баласы Береке (Берке) хан. Ол 1286 жылы өлген. Одан кейін бұл дінді Еділ бойына, Орта Азияга, Кавказдың кей халқына, қазақ даласына кең таратқан хан — Әзібек (1263 жылы өлген).

Сол кезден бастап исламға шет-пүшпактап тартыла бастаған қазактар, XX ғасырға дейін бұл дінді түгел қабылдамағанға үксайды. Бұл мәселеге кейін толығырақ тоқталамыз.

“Алтын Орданын” соғы ханы — Токтамыс 1300—1406 жылдары жасағаны малім. Шоқан Ұәлихановтың зерттеуінде Токтамыс бүйіркі-жарлықтарын көне түркі тілінде, араб әрпімен жасаған. Сол кездегі қазақтардың арасына бұл жазудың тараған-тарамағаны белгісіз.

Араб әрпімен жазылған қазақ документтері, Дат ұлы Сырым батырдың тұсынан сакталған, патшалық Россияға

карсы көтерілген оның сол кездегі патшага жазған хаттары тіл жағынан жалпы түркілерден гөрі қазаққа жақын.

Осы ғасырдың аяғын, келер ғасырдың басын шала шыққан қазақ ақындары: Бұқар, Шортамбай, Махамбет, Нысанбай тәғи басқалары елең-жырларын қағазға түсіргенге үксайды. Сондай жорамалдар бола тұра, олардан сақталған документ әлі табылған жок.

Сақталған документтер, орыс мектебінен шықкан Шоқан Үәлихановтан, Ұйбырай Алтынсариннен, Абай Құнанбаевтан және олардың іздерін баса шыққандардан.

Шоқан балалық шағының алғашқы жылдарында ауылшындағы татар молдасынан араб әрпімен сабак алған. Оған ең басты дәлел, өзінің айтудынша, 1841 жылы әкесі Шыңғыстың өтінішімен Құрлеуіт — қыпшақ руынан шықкан Жаманқұл ақыннан “Едіге би” жырын араб әрпімен жазып алуы.

Ұйбырай Алтынсарин өзінің “Мәктүбет” (“Хрестоматия”) аталағын шығармалар жинаған қазақшаланған орыс әріпперімен құрастыра отырып, мұсылманша (арабша) хатты да жақсы білгенін көрсетеді.

Абай болса-болмаса да барлық шығармаларын араб әрпімен ғана жазған. Оның әдебиеттегі ізбасарлары да, қиссашилар да түгелімен сойткен.

Абай жайына бұл еңбекте толығырақ тоқтаймыз. Өйткені, ол шын мағынасындағы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы ғана емес, оның салтанатты сарайын түгелінен құрып, қазақ көркем әдебиетін өз тұсындағы жалпы адамзаттың көркем әдебиеттің биік шыңына көтеріп кеткен кісі. Абай — қазақ жазба әдебиетінің алғашқы биік жотасы.

АБАЙ (ИБРАИМ) ҚҰНАНБАЕВ (1845—1904)

Абай — қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, оның алғашқы классигі, бұрынғы Қарқаралы дуанына қарасты Шыңғыс тауының бауырында туған. Руы — Арғын ішіндегі Тобықты. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы сол манайдағы қазақ ауылдарының ішіндегі байының, биінің, беделді, адамының бірі болады. Білетін адамдардың, әсіресе, он тоғызынышы ғасырдың алғашкы жартысында Батыс-Сібірге саяси қылмыспен жер ауып келіп, Құнанбаймен таныс-біліс болған поляк офицері А. Янушкевичтің сипаттауына қарағанда, Құнанбай өз заманының ақылды, білгір, кереген, тапқыр, шешен адамының бірі болған. Сондықтан да патша әкіметі оны сол ғасырдың орта тұсындағы бір сайлауда Қарқаралы дуанының аға сұлтандығына да бекіткен. Оған дейінгі және сол тұстагы аға сұлтандар

“аксүйек” аталатын хан тұқымынан ғана қойылған емес. “Қара сүйек” дейтін қазактардан бірінші рет аға сұлтан Құнанбай болғандықтан халық оны “қарадан хан болған” деп дәріптеген.

Абай Құнанбайдың үшінші әйелі — Ұлжаннан туады. Ол Аргын ішіндегі Қарекесек руының шешендік, мысылшылдықпен аты шықкан Шашшар деген қажының кызы екен. Ұлжаннан Тәкежан (Тәкірберген), Абай (Ибраһим), Ысқақ, Оспан деген төрт ұл туады. Абайдың бір өлеңінде “Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жок” деуі сондыктан. Абайдың азан шакырып қойған аты — Ибраһим — пайғамбар есімі. Кейін шешесі еркелетіп “Абай” деп кеткен. Қазакта “Абай”— сак, көреген магынасында қолданылатын сез. Шешесінің де, халықтың да оны Абай атауы сондыктан болуы ықтимал. Біраз жұрт Абайды “Құнанбайдың Ыбрайы” деп те атаган.

Құнанбай діншіл адам болған. Ол осы кезге дейін көшпелі қазак ауылдарының арасына біртіндеп тарап келген мұсылман дінінің ықпалын күшайтуге тырысан, намаз оқитын, ораза тұқызы, дәулетті адамдарға зекет төлету сиякты дін шарттарын өзіне бағыныштыларға күшпен таратпақ болған. Осы мақсатпен Орта Азияның діндер қожаларын, татар молдаларын қарамағындағы ауылдарға таратып, олардың балаларын міндетті түрде мұсылманша оқыттырады. Сондай қожа-молдаларды өз аулында да үстап, өз балаларын, олардың ішінде Абайды Фабитхан есімді татар молдасына сабакқа берген.

Молдадан үш-төрт жыл оқыған Абайдың сабакқа зиректігі байқалған соң, әкесі Семей қаласындағы мұсылман имамы Ахмет Ризаның медресесіне апарып оқуға орналастырады. Ол — “мұтәкәллимин” аталатын дін сабактарына тарих, поэзия, математика, философия, дүниелік білім салаларын қоса оқытуды қажет деп тапқан ағымның өкілі болады. Соның медресесінде төрт жыл оқыған Абай мұсылмандық шығыстағы араб, иран және Орта Азия әдебиеті классиктерінің шығармаларымен танысып, соларға еліктеп қысқаша өлеңдер жаза бастайды.

Бірак, Семейде Абай үзак бола алмайды. Оған әкімшілік жұмысынан қол үзуге айналған және тек дінмен ғана шүғылданып, Меккеге қажылыққа баруға жиналған Құнанбай себеп болады. Ол ел басқару істерінде өзінің орнын басады, деп дәмеленген Абайды оқудан шығарып, қасына алады. Бұл Абайдың он үш жастағы кезі болса керек. Сол жасынан ел басқару ісіне араласқан Абай қазақ елінің білгілері, шешендері, ақындары, жыршылары, ертегішілері, тақпакшылары, құлдіргілері, әнші-күйшілері сиякты өнер иелерімен жиі кездесіп, қазак халқының

рухани мәдениет жүйелерімен жақсы танысады. Өзі де билер үлгісінде шешен сөйлей бастайды. Сөздері ұтымды, билік шешімдері тұжырымды болады.

Абай шығармалары үш түрлі бағытта өрбиді: өзі шығарған төл өлеңдер, ғаклия (нақыл сөздер) аталатың прозалар және өзге тілдерден, әсіресе орыс тілінен аударған өлеңдері.

Барлығы қырық бес “сөз”, үш-төрт мақаладан құралатын прозалық шығармаларында Абай тарих, қоғам, шаруа, дін, мәдениет туралы өз пікірлерін айтЫП, өз үғымын билдіреді. Бірталай нақыл сөздердің сарыны кейір өлеңдерінің мазмұнымен астарласады, бірақ прозалық шығармаларында ол өлеңдеріндегідей көркемдік дәрежеге көтеріле алмайды, гибрат айтушы, ақылгөй адамдар дәрежесінде қалып қояды.

Жазу жұмысына жиырма жылдай шұқшия отырган Абайдың басына 1891 жылдан бастап бірін-бірі ұласкан бірнеше қайғы түседі: сол жылы жақсы көретін інісі Оспан өлеđі. Бұл қазаны қалай қайғыруы Оспанға арналған өлеңдерінен байқалады. Осы қазаның күйігі басыла, берген шақта, 1895 жылы орысша әскери жоғары білімі бар, армияда офицерлік қызметте жүрген баласы Әбдірахман (Әбіш) өлеđі. Бұл баласын “жаңаның алдына”, өзін “ескінің артына” санаған Абай оған тіпті егіле қайғырганы осы тақырыптағы көптеген өлеңдерінен байқалады. “Заман неткен тар едін, сол қалқамды қоймаган” деген өлеңді осы кезде жазады. Әбдірахманның өліміне көптеген өлеңдер арнайды.

Екі ауыр қазаны әрең көтеріп жүрген кезінде 1904 жылы қатарынан екі қазага және ұшырайды. Сол жылдың көктемінде орысша білім алғып, офицерлік қызметте жүрген баласы — Мағауия (Магаш) опат болады. Ол “Медғат — Қасым” деген көрнекті поэма жазған. Мағауиядан қырық күн кейін, Абайдың тұнғыш ұлы, “Дарыстан” және “Зұлыс” атты поэмалар жазған Ақылбай қайтыс болады. Екі ауыр қазаны көтере алмаған Абай Ақылбайдан қырық күннен кейін, өзі дүниe салады. Абайдың бейіті Шыңғыстаудың ығындағы Жидебай аталатын мекенде, інісі Оспанның қасына жерленді. Ол арада қазір совет дәуірінде орнатылған күмбез мавзолей бар.

Өлең жазуға бала жасынан әуестенгенімен және алғашқы өлеңдерінен-ақ ақындық үшқыны шашырағанымен бірыңғай жазу жұмысымен Абай жасы қырыққа жеткен кезде ғана шүгүлданады. Өйтіне өмір тәжірибесінің молаюы және көркем әдебиетке деген көз қарасының тұракталуы себеп болады.

Ел басқару ісіне жасөспірім кезінен араласқан Абай тұған халқының тұрмысындағы сәулелі және көлеңкелі жақтарын түгел көріп, оның өмірін жан-жақты таниды. Халық тұрмысындағы көлеңкелі жақтарға сәуле түсірмек болғанымен, бұл талабынан нағиже шыгара алмайды. Сондықтан, халқына пайдалы, деп ойлаған істерін көркем сөзбен, әсірсес, өлеңмен жеткізбек болады. Осындай ништепен жазуға кірісерде шығарманың қандай түрі халыққа түсінкті болуын қарастырады.

Абайға дейінгі қазак әдебиетінің ең күшті жанрлары шешендік сөз берін өлең-жыр болатын. Ескі өлең-жырлар Абайды қанағаттандырмайды. Ол “ескі бише отырман бос мақалдап, ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап” деп, ескі өлеңді місе тұтпадайды.

“Ескі бише бос мақалдап” деген сөзді Абай босқа айтпаған. Патриархалды ауылдың көне заманнан Абайға дейінгі дау істерін билер шешіп келген. Олар өзара шешендік салыстырып, қай бидің сөзі үтүмді болса, істің ак-қарасына қарамастан, сол жеңіп отырган. Қазақтың “істің ағы білмейді, жігіттің бағы біледі” деген мақалы сондықтан шыққан. “Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап” деуі қазақтың ауызша өлең шығаратын ақындарының көбі кедей болып, өлеңдерін күн көрістің құралына қолданған, тындаушыларынан, әсірсес байлардан ақы тілейтін болған. Сондықтан да Абай оларды “Жат елде қайыршылық қылып жүріп, өз елін бай деп мақтап құдай қарғап” деген сөккен. Абайға дейінгі қазақтың байлары немесе атактылары “руымыздан ақын бақсы шыққан жок” деп мақтанатын болған. Ақындықты кедейлердің күн көріс құралына санаған. Сондықтан Абай оларды менсінбей “акындары ақылсыз, надан келіп, Көр-жерді өлең қылған жоқтан қармап” деген. Халықтық фольклордан жекеленіп дара ақындар шыға бастаган кезде Абай оларды да менсінбей, “Шортанбай, Дулатпен Бұқар жырау, Өлеңі бірі — жамау, бірі — құрау” деген. Халық жырларының эпикалық түрлерін айтатын жырауларды да үнатпай, Абай Батырды айтсам қыздырмалап, әншайін күн өткізбек әнгіме үшін, тындарап едің бір сөзін мыңға балап” деп “наданға” санайтын қазак қауымына үрісқан.

Абай мақалдар мен мәтеддерді өте үнатканы байқалады. Бұларды Абай өз өлеңдерінің жолдарына ретіп тауып қосып отырган. Мысалы, “аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп” деген мақалды Абай өлеңіне “берерменге бесеу көп, аларманға аз алтау” деген түрде қосып жіберген. Мұндай мысалдарды Абай шығармаларынан көптеп табуга болады.

Абайдың ислам діні тараған шығыс елдерінің әдебиетімен жақсы таныстыры мәлім. Алғашқы бірер өлеңінде Абай бұл әдебиеттің классиктерін пір тұтып, оларға синанады да. “Иузи — раушан, көзі — гәүһәр, “Әлифби” тағы бірнеше қыска өлеңдерін солардың үлгісінде жазады. Кейін “Мәсғұт” және “Ескендір” дейтін екі шығыс хикаясын өлеңге айналдырады.

Ислам дініне шын көңілімен сенген Абай өзінің тәнірі тану жайындағы философиялық көзқарасын өлеңге де айналдырган. Алайда, ислам акындарының дінді жырлайтын “мұнәжат” аталатын шығармалары үлгісінде ештеңе жазбаган. Абай ислам Шығысының поэзиясын өзіне үлгі көрмеген.

Абайдың жазу жұмысында үлгі көрері де, сүйенері де он тоғызынышы ғасырдағы орыс әдебиеті. Ахмет Ризаның Семейдегі медресесінен кетер алдында Абай мұғалім жалдап екі айдай орысша оқыған, осы тілде аздап жаза және сейлей білген. Еліне қайтқаннан кейін де Семеймен катынасын үзбей, ондағы орыстардан достар тауып, әсіресе, саяси қылымыспен жер аудап жүрген орыс оқымыстылары Долгополов және Михаэльспектан танысып, орысша білімін тереңдете тұсуге жәрдем алған. Бұл жөнінде Абайға ерекше жәрдем берген адам өзінің туған інісі Халиолла (Халел) Өскенбаев. Ол орысша бастауыш білімді Семейде алған. Кейін Омбыдағы кадет корпусын, Петербургта Михайлов атындағы артиллерия училищесін бітірген, орысша білім алған кісі екен. Замандастарының, әсіресе Г. Потанинің сипаттауыша Халел әскери біліммен қатар көркем әдебиетті де жақсы танитын адам болған. Ол әскерлік қызметте жүргендеге, жасы отызға жетпей қайтыс болған.

Абай осы Халелдің ақыл-кенесімен орысша кітаптарды көп оқыған. Сонымен қатар орыс тіліне аударылған дүние жүзілік ғалымдармен жазушылардың еңбектерін де көп оқыған. Мысалы, Қоңе Грецияның атакты ғалымы Аристотельдің философиялық және әдеби шығармаларымен толық танысқан. Қоңе кездің атакты данышпаны Сократты да билетіндігі шығармаларынан көрініп отырады.

Орыстың ойшыл ғалымдарынан Абайдың ерекше ұнатып оқығаны В. Г. Белинскийдің еңбектері. Абай оның эстетикалық кагидалардың өнер-өнер үшін емес, өмір үшін, көркем шығарманың міндеті — өмір шындығын қазкалпында сипаттау, акынның міндеті өз заманының жыршысы болу дегенге саяды.

Көркем әдебиетке осындағы көзбен қараған Белинскийдің орыс әдебиетінің он тоғызынышы ғасырдың өкілдерінен үлгіге тартатын А. С. Пушкин. Белинскийдің

оійнша, өз үлтyn сүйген адам ғана бүкіл адамзатты сүйе алады. Белинскийдің бағасынша, орыс әдебиетінде шын мағынасындағы бірінші үлттық ақын — Пушкин.

Абай Белинскийдің бұл пікірін өзінің ақындық жолына жетекші нұсқау ретінде пайдаланып, қазактың бірінші үлттық ақыны болуға тырысан және сол мақсатына жеткен. Ол жазушылық жұмысқа осындаид үлкен тәжірибемен және теориялық даярлықтармен кіріседі.

Көркем әдебиеттің теориясына жеткі, оның өркендеуіне жөн сілтейтін адамның бәрі бірдей ақын, иә жазушы бола алмайды. Жазушылық, яғни көркем ойлап, сол ойын ауызаша айта аларлық, немесе қағазға түсіре аларлық дарын адамның бойына табиғат беретін сый. Абай сондай дарынды ақын. Оның оійнша, ақындық адамға “тәңірінің берген өнері”, ол өнер кез келген жерде таси бермейді, шабыт келген жағдайларда ғана, яғни ақынның не қуаныш, не қайғыға батқан шактарында ғана келеді. “Сонда ақын белін буынып,— дейді Абай — Алды-артына караңар. Дүнгі кірін жуынып, көрініп ойга сез салар”.

Абайша ақындықтың құралы — тіл. Оның оійнша, тіл “Өткірдің жүзі, Кестенің бізі”, яғни көркем өнердің басқа ешбір түрі тілдегі көркем шыгарма жасай алмайды. Осындаид үгымда Абай көркем шыгарма жазуга кіріседі: “Мақсатым тіл үстартып, өнер шашпак”, дейді. Қазак тілін көркемдіктің білігіне көтеру үшін Абай бұл тілге араласып жүрген бөтен сөздерден өлеңді аршымак болады. Оның “бөтен сөз” дейтіні: біріншіден, ауызша фольклорда немесе қазакта жаңа ғана туып келе жатқан жазба әдебиетте белгілі бір пікірге жанасы жоқ жолдардың, сөздердің бытысып жүруі, екіншіден, қазак тіліне ислам діні арқылы кірген қазакқа үгымсыз араб, парсы сөздерінің араласып кетуі.

Белинскийдің қағидасын қолданатын Абайдың да ойнинша:

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Киыннан қыстырыар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Осылай жазылған өлеңді ғана көркем деп түсінетін Абай Белинскийше мазмұнға бірінші орын, түрге екінші орын беріп, “Іші алтын сырты күміс” болсын дейді. Өзі осындаид өлеңдерді ғана жазуға тырысады және сол мақсатына жетеді.

Абайға дейінгі қазақ поэзиясында орыстың “стихотворение” деп атайдын сюжетті өлең түрінде бірінші рет ІІбрай Алтынсарин жазды. Абай өлеңінің осы түрін дамы-

тып, барлық шығармаларын соған бағындырады. Абай өлеңдерінің басым көшілігі бір тақырыптың төнірегіндегі, бір пікірді ғана жан-жакты сипаттап, мағынасын тұжырымдан отырады. Бұл жағынан Абай орыс ақындарына үқсайды. Мазмұн жағынан Абай өлеңдері түгелімен дерлік өзі жасаган заманның тақырыбына, туған халқының жаксы және кемшілік жақтарын сипаттауға арналған. Осындағы тақырыптарда қарапайым жүрттың үгымына әрі женіл, әрі көркем түр тапқан.

Абай поэзиясы түгелімен сюжетті ұсақ өлеңдерден құралады. Ол поэзияның “поэма” аталатын жанрын тұғыза алған адам емес. Ол қысқа өлеңдерінде табиғат бейнесін, адам портретін жасауга, оның ішкі, сыртқы қылыш, мінездерін айқын суреттермен көрсетуге өте шебер. Қай тақырыпқа жазған өлеңінде болса да Абай шығармаларында казақ жерінін, қазақтың тұрмысының бейнелері айқын елестеп тұрады. Мысалы, қысты ол:

Ақ күімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тири жанды,—

деп қазақтың қатал шалдарына үқсатады немесе “кәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды” деп бейнелейді. Сонымен қатар, қазақтың сол кездегі қыс мезгілінде де киіз үйде отыратын тұрмысын елестетіп:

Борандай бүрк-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды,—

дейді.

Құздің сипаты да тек қазақ даласының күзгі түрін, тек қазақ аулындағы тұрмыстың күзгі бейнесін жарқын елестетеді. Мезгіл тақырыбына жазған өлеңдерінде табиғат көріністерінен басқа ауылдың әлеуметтік өмірі де, бай мен жарлының тұрмысындағы алшактықтар да, таптық тенсіздіктер де көрініс беріп отырады. “Жазғытұрым”, “Жаз”, “Қан сонарда”, “Желсіз түнде жарық ай”, “Қараңғы түнде тау қалғып” сияқты өлеңдері ірі шеберлердің бояуымен салған суретші картиналарындағы өте көркем, өті үгымды және тек қазақ даласына ғана тән бейнелер. Болыстарды, билерді, пысықтарды, тағы сондай типтерді сипаттағанда да Абай өте шебер. Жастардың махаббат сырын бейнелеуге де жүйрік.

Абайдан бұрынғы қазақ поэзиясының “қара өлең” және “жыр” аталатын екі-ақ өлшемі болған. Қара өлеңнің бір шумағы торт жолдан, әр жолы он бір буыннан құралып, үйлесі “а, а, б, а” болып келеді. Екіншісі, жыр жолдары жеті буыннан, ал шумақтары, үйлестері тұрақсыз келетін

өлең. Абай өз шығармаларында осы екі түрін де байытып, кең пайдаланды. Бірақ, ол қазақ поэзиясының өлшемімен ғана қанағаттанбай, орыс және дүние жүзі поэзиясының жетістіктеріне сүйене отырып, өленнің жиырма шақты тың өлшемін қосқан. Солардың ішінде “Сегіз аяқ” және он алты үйлесті “Сен мені нетесің” сияқты дүние жүзілік поэзияға қосқан жана өлшемдері де бар. Абай тыңнан жасаған өлшемдерін ауылдың сауатсыз тыңдаушыларына, аз ғана оқырмандарына түсінкті болу жайын да қарастырады. Өзіне дейінгі қазақ өлендерінде әнмен, тереммен айтылмайтындары болмаған. Қазақтың халық мәдениетінен Абайдың ерекше сүйген әндері болған. Бірақ ол ән атаулының бәрін қабылдамай:

*Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдауышының құлағын кесері бар,
Ақылдының сөзіндегі ойлы күйді,
Тыңдағанда көңілдің өсері бар —*

деп,

*Кұлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй,
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсөң, менине сүй —*

деп тек сүйген әндерін ғана қабылдаған.

Әнге талғамы сондай Абай қазақ поэзиясына өзі тыңнан жасаған өлең өлшемдеріне лайықты әндер шығарған. Олардың ішінде: “Көзімнің қарасы”, “Айттым сәлем, қаламқас”, “Сегіз аяқ” халықтың ең жақсы әндерінің қатарына қосылып, күні бүгінге дейін зор күрметпен орындалады. Абайдың әндері жаңа өлшемді өлендерінің халық арасына тез тарауына себепкер болады. Осы әндердің негізінде Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди “Абай” операсын жазды. Өзінің акындық және композиторлық қуатының кең өрістілігіне сенген Абай: “Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел” — деп, халқына айтқысы келген ақылын өлендері мен әсем әндері арқылы жеткізуге тырысады.

Ислам дін басылары бул дүниені, яғни тіршілікті уақытша, “фани” жалғанға санап, одан бездіруге тырысып, тұракты рахатты адам өлгеннен кейін “акырет” атап-латын “о дүниеде” көреді де, ол үшін бул жалғанды тек күдайға құлшылықпен өткізуге шақырса, Абай адамды осы дүниенің тіршілігінде рахат көруге, қогам үшін, халықтың иғілігі үшін енбек етуге шакырады. Абайдың ойынша, “өзің үшін енбек етсөң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың”. Сол ойын “көптің қамын әуелден тәңірі

ойлаған” деп бекіткісі келеді де, “әрекет қыл, пайдасы көпке тисін” дейді.

Абайдың үғымында адам атаулы жаратылышында бірдей, сондыктан өзін өзгелерден артық санайтындарға “менімен сен теңбе деп мақтанасың, білімсіздік белгісі, ол баяғы” деп үрсады. Абай қоғамды ұлтка, дәрежеге бөлмей, жыныска бөлмей, “адамзаттың бәрін сүй бауырым деп”, “атаның баласы болма, адамның баласы бол” деп жалпы адамзатты түгел сүйетін гуманизм биігіне шақырады.

Абай адамды “ер” және “ез” деп екіге бөледі. Оның ойынша, жақсылық іс тек “ерден” ғана шығады, ал “езден” ешбір жақсылық қутуге болмайды.

“Қазагым” деген сөзді “ұлттым” деген магынада түсінген Абай туған халқының өмір шындығының араламаған түпкірін қоймайды және көрген-білгендерінің барлық бейнесін шығармаларына түсіріп отырады. Ол өмір шындығының тіркеушісі емес, көрген-білгендерінің синшысы және кем-кетікті қатты сынау арқылы түзетуге тырысуши.

Абай “малда да бар жан мен тән” деп адамның хайуанаттан айырмашылығы сезімі мен ақылында дейді. Ақыл — сұық мұз, оны ысытатын — жүрек, жүректі сезім үясі деп санайтын Абай қазақ поэзиясында бірінші рет оны теңізге санап, одан табылмайтын асыл жок, дейді. Өмір күресінен қажыған шағында: “жүрегім менің қырық жамау, киянатшыл дүниеден” деп торыгады. “Жүрек — теңіз”... деп басталатын өлеңінде “достық, қастық, бар қызық — жүрек ici” дейді де, қызық қуып кетпеу үшін әрбір сезімді ақыл таразысына салып, оның тиімді-тиімсіз жағын ойлануды ескертеді. Истің тиімді жағын ойлау үшін қайрат керек.

Жүректе қайрат болмаса,
Үйықтаган ойды кім түртпек?
Ақылга сөзule қонбаса,
Хайуанша жүріп күн өтпек.

Оның ойынша, ақылдың таянышы — ар мен ұят.

Абай адамды дәүлетіне қарап емес, кісілігіне, еңбегіне қарап бағалайды. Оның үғымында шаруа білген адамның бәрі еңбекші, бәрі жақсы. Оның жек көретіндері еңбек етпейтін арамтамақтар. Қоғамдық өмірдің, оның ішінде қазақ өмірінің әлеуметтік, таптық теңсіздігін көре білген, ондай түрмисстың жарқын суретін жасай білген реалист ақын Абайдың өзінің “Қараша, желоқсанмен сол бір екі ай” деп басталатын өлеңінде байлар мен жалшылар түрмисындағы қайшылықтарды реалистік түрде өте көркем сипаттайды. Түрмисы ауыр жалшыларға жаңы ашытындығын көрсетеді. Сөйтіе тұра, “байда — мейір, жалшы-

да — бейіл де жоқ, аңдыстырган екеуін құдайым-ай!" де кейіді. Одан әрі саяси қорытынды жасауға ой-өрісі жетпейді.

Тіршілік дүниесін бір кен сарай деп үғынатын Абай әрбір адамға:

*Әсемпаз болма әрнеge,
Өнерпаз болсаң арқалан,
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кемігін тап та бар, қалан!—*

дейді. Мұндағы “Өнерпаз” дегенді бекерге айтпайды, оның ойынша, адал еңбек атаулының бәрі қоғамға да, жеке адамға да пайдалы, сондықтан әрбір адам еңбектің қай түрінен болса да өз орын табуы тиіс. Онымен бірге Абай творчестволық еңбекті де жоғары бағалайды, оның жемісті болуын тілейді. Олай болса, ақынның жемісі, оның жазып қалдырыган өлең-жырлары, сондықтан да Абай:

*Өлді деуге сия ма, ойлаңдарши,
Өлмейтүгын артына сез қалдырган —*

дейді. Бұл пікірін ол “Харакәт қыл, пайдасы көпке тисін” деп әрбір еңбек адамының қоғамға және өзіне пайдалы істер аткаруын үсінады.

Абай өз тұсындағы казак қоғамына қандай істерді пайдалы көрді? Абайдың үғымында жақсы, иә жаман ел болудың тетігі бірлікшіл, иә бірліксіз болуында. Ол “берекелі болса ел — жағасы жайлау ол бір көл” деп береке мен бірлікті жері шүйгін жайлау мен жарқыраган айдын шалқар көлге тенейді де, “берекесі кеткен ел — суы ашыған батпак көл”— ...деп құтсыз, сиықсыз мекенге тенейді. Оның байқауынша, өз тұсындағы ауылдарды осындай берекесіздік пен алаауыздық мендеген.

Осындай шым-шытырық берекесіз ауылдарда:

*“Бай алады” кезінде көп берем деп,
Жарлы алады қызыметпен откерем деп,
Дос алады бермесең — бұлт берем, деп
Жауыңға қосылуға сырт берем деп,
“Би мен болыс алады күшін сатып,
Мен қазақтан кегінді әперем” деп,—*

сол алулардың нәтижесінде “жұз қарага екі жұз аларман бар, бас қатар бас аяғын тексерем” деп, дейді Абай.

Бертін келе патша өкіметінін қазак елін билеу жайында 1868 жылы шығарған заңы бойынша қазактар Россияның ел билеу тәртібіне көшіп, казак жері станшындарға, болыстарға, уйездерге, губернияларға бөлінеді. Солардың ішінде старшындар мен болыстарға қазақтан

сайланып, одан жоғары әкімдер патша үкіметінің чиновниктерінен ғана тағайындалады. Қазактар бұл занды “штат” деп те атайды.

Старшындар мен болыстар белгіленген сайлау тәртібімен сайланады. Оларды ауылдың онбасы, елубасы, жұбасы аталатын атқамінер пысықтары сайлайды. Старшындықта, болыстықта дәмесі барлар сайлауши пысықтардың даусын мал немесе ақшага сатып алатын болған. Сайлауды “крестьянский начальник” дейтін чиновник еткізіп, оны үйездік және губерниялық начальниктер бекіткен. Сайлауға таласуышылар тілмәштар арқылы оларға да пара береді. Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша, үйездік және губерниялық әкімдер сайлануға таласуыш қазақ байларынан ақшаны қапшықтап алған. Пара беру жолымен старшын, іә болыс болғандар шашқан шығынын момын халықтан және жауласқан адамдарынан “қарашибын” деген атпен әлденеше есе етіп қайтарып алады.

Байлардың болыстықка, старшындыққа таласуы — әрине, ауыл арасының үстемдігіне таласу. Осындаі таласта олар екені баладан, ағаны ініден, туыстарды жақынынан айырып, ауыл арасын быт-шыт қылған. Абай айтқан қазақ арасындағы “алты бақан ала ауыздық” осыдан туған. Сол араздықтың негізінде қазақ ауылдары берекесіздікке ұшырап, киян-кескі араздаған, жауласқан, барымталасқан, соның ішінде кісі өлімдері де жиі ұшырасқан.

Абай ел арасындағы көрініп тұрган осы жайлардың бәрін сайлауга таласуышлардың жағымсыз әрекетінен деп түсініп, ел арасындағы осындаі алауыздықты өршітіп, ұлт пен ұлтты, ру мен руды араздастырып ұстайтын патша үкіметінің саясаты екенін аңгармаған. Соңдықтан ол:

Орыс теріс айтпайды, жаман бол деп,
Орыс айтты: өзіңе ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң бек көрем деп,—

дегіді. Мұндағы “орыс” деп отырғаны патша үкіметінің үйездік және губерниялық әкімдері. Олар қазактарға “кімді ұнатып сайласаң, еркін” деп ауызша айтқанмен іс жүзінде параны көп берген байды сайлады. Жоғары әкімдердің бұл қылышын кейінрек көрген Абай:

Күтырды көпті қойып азганасы,
Арызыши орыс — олардың олжасы.
Бірде оны жарылқап, бірде мұны,
Куды ұнатты-ау, Семейдің бұл қаласы —

деген қорытындыға келеді.

Сонымен “Бірінді бірің дос, Қөрмесен істің бәрі бос” деп, тұған халқын береке бірлікке, ынтымақа келтіре

алмайды да. “Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да, Алдамаған кім қалды тірі жаңда” дей келіп:

Дос жарың, ағайының бәрі екі-үшіті,
Сол себептен досыңдан дұшпан күшті...
Кажымас дос халықта жоқ,
Айнымас серт қайда бар?
Алда көрген артта жоқ,
Мысқыл өсек, айла бар —

деп торығады.

Абай қазак арасындағы берекесіздіктің және басқа кемшіліктердің түп тамыры надандығында, оқымағандығында деп түсінеді де, халқының “көңіл қөзін”, яғни сана сезімін жетілдіру үшін қазақ жастарын оқуға, білім алуға шақырады. Ол:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды ертеғіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, ойы орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін —

деп бар үмітін оқуға талапты жастарға жүктейді. Өзі туралы айтқанда:

Жасында гылым бар деп ескермедім,
Пәйдасын көре-тұра тексермедім,
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Колымды мезгілінен кеш сермедин —

дейді де, оқыған өз балалары жайында:

Баламды медресеге біл деп бердім,
Кызмет қылсын, шен алсын деп бермедин —

деп, оқығанда әкім болу үшін емес, ғалым болып дүние тану үшін оку керек екенін еске салады.

Абайдың үгымында, оку тек орыстағана. “Орыстың ғылыми, өнері дүниенің кілті,— дейді ол,— оны білгенде дүние арзанырак түседі”. Қазакты осы білімге шақырган Абай қазак жастарына “Ғалым болмай немене, Балалықты қисаңыз” деп, мектебі жоқ ауыл балаларын қаладағы орыс мектебіне барып окуға ақыл береді”. Ал оған барып оқығандарға:

Болмасаң да үқсан бақ,
Бір ғалымды көрсөніз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа гылым сүйсеніз.
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымга көніл бөлсөніз.
Білгендердің сөзіне,
Махаббатпен ерсөніз.
Ақыл сенбей сенбеніз,
Бір іске кез келсөніз.

*Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса мейлі, сол айтты
Ақылменен жеңсөніз,—*

деп ғылымда үйренумен бірге әр нәрсенің түйінін өзің шеш деп ақыл-кенес береді. Онымен бірге орысша оқитындарға:

*Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба —*

дей келіп,

*Военный қызмет іздеме,
Оқалы күім киоғе...
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге,—*

деп шен құмарлық үшін, қара бастың пайдасы үшін емес, халыққа қызмет ету, оку керек екенін еске салады. Абай тек еңбек еткен адам ғана тойына тамақ ішे алатынын “Еңбек қылсан ерінбей, Тояды карның тіленбей” деп түйеді. “Еңбек қылмай тапқан мал дәүлет болмас, Қардың суы сиякты тез суалар” деп корытады.

Абай тұсындағы казак елінің өндірістік қуаты өте төмен дәрежеде еді. Қазактың ол кездегі кәсібі мал бағу ғана болды. Ауылдарда малы көп бай аз да, малы аз кедей мен малы жоқ жалышылар көп-ті. Ауылда олардың бәріне бірден еңбек кәсібі жетпеді. Сондыктан, байлар жалышыларына еңбекақыны өте аз төлеп, нашар халде үстады. Кей байдың жалышылары қызметті тек тамагы үшін ғана атқарды. Бұлардың өте ауыр халін Абай “Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай” деп басталатын өлеңінде реалистік турде аса көркем сипаттайды.

Ауылдағы жұмыссыз батрактарға Абай “Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, Малың болса, сыйламай тұра алмас ел” деп ақыл береді. Бұл жерде, әрине, қанаушы тап үстемдік еткен жерде еңбекпен күн көрудің өте қыын екенін Абай тұсінеді. Бірақ, ол адам баласы сол еңбек арқылы күн көріп, келешекте сол еңбек нәтижесінде көркейіп, ілгері басатынына сенеді.

Абай тұсындағы казак қогамындағы ең ауыр мәселенің бірі — әйел мәселесі еді. Қай кейде шыққаны белгісіз болғанымен, әйелді “қалың” беріп алу қазак өмірінде Абайға дейін де ғасырлар бойы орын алып келген. Сондықтан да, қазак қызды балаға санамаган. Мысалы, бірнеше қызы, бір ұлы бар қазак “балаң нешеу” деген сұрауға “жалғыз” деп жауап берген. Ал егер ұлы болмай, қызы бірнешеу болса, “балам жоқ” дейтін болған. Олай деуі, қалың малға сатылған қызы, туған үйінен кеткен соң

ата-аналарына, тұтысқандарына ешбір жәрдемсіз “жат” адам. Сондыктан босанған әйелдің баласы кай жыныстық екенін білгісі келген адам “ат үстар ма?” “Қырық жеті ме?” деп сұрайтын болған. “Ат үстар” дегені — үл, “қырық жеті” дегені — қыз. Олай дейтіні, қыздың қалың малына жасау т. б. қажеттігі үшін үсағы, ірісі аралас қырық жеті бас қал төлейтін болған. Мұншама мал беруге шамасы жоктар ұзақ уақыт үйлене алмаған, кейір малы жоктардың өмір бойы үйлене алмай кеткені де болған.

Малды байлар қалыңын төлеп, әлденеше әйелден алған. Шалдар мен кемтарлар да мал беріп, қыздарды немесе қалаған әйелдерін ала берген. Малды адамдар ұлы үшін көп жағдайда бесіктегі қызға құда түсіп, қыз есейген шакта атастырган қүйеуіне риза болмаса да соған зорлап қосқан. Оның үстінен әменгерлік салт бойынша: “ага өлсе — іні мұра” немесе — “іні өлсе — ага мұра” деп өлген адамның әйелін ерінің тұтысқандарыңа еріксіз қосқан. Осы мәселенің төңірегінде дау-шарлар көбейіп, казак арасындағы ең үлкен жаңжалдардың бірі жесір дауы болған.

Қазак әйелдерінің осындай ауыр тағдырын көрген Абай бұл мәселенің де сыртында қалмай, қызу араласады. Ол өзінің көрм шығармаларында әйел теңсіздігіне түбегейлі қарсы болады. “Бір сұлу қызы тұрыпты хан қолында” деп басталатын өлеңінде жас қызды алған кәрі ханды сөге келіп, “Етімді шал сипаган құрт жесін деп, Жартастан қыз құлапты терен суға” деген трагедияны айтады да:

*Бай қартайса малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас құдай үргыр,
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяевны ізделген қандай құргыр,—*

деп өзі тұстас тоқалышыл байларды сөгеді. Абайша “Кімдекім үлкен болса екі мүшел, Мал беріп алғанменен, қатын емес”. “Бір мүшел”— дегені он екі жас, “екі мүшел”— жиырма бес жас. Абайға тұстас казақтың бай шалдары өзінен әлденеше мүшел кіші жас қызды алатын болған.

Әйелді қалың малға беруге қарсы шыққан Абайдың ұсынары, әйел мен ердің бірін-бірі сүйіп, еркімен қосылуы Ол:

*Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба,
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,
Ата-ананың қызынан қапы қалма —*

деп, қазақтың: “Аяғын көр де асын іш, шешесін көр де қызын ал” дейтін мақалын қуаттайты, қыздың ажарына емес, тәрбиесіне қарауды үнатады.

Қазак жастарының ғашықтық сезімін үштау инистімен осы тақырыпта көптеген тажайып көркем өлеңдер, тажайып әуенді әндер шыгарады. Өз тұсындағы қазақ өмірінен мұндай махаббат үлгісін кездестіре алмаған Абай қазақ жастарына А. С. Пушкиннің “Евгений Онегин” романындағы Онегин мен Татьянаның арасындағы ғашықтықты үлгі етіп, олардың сүйіспеншілік хаттарын қазақ тіліне аса шебер түрде аударады. Ғашық болып қосылғандарға “Қатының сені сүйсе, сен оны сүй” деп, ерлі-зайыптылардың бірін-бірі сүюін құптаиды. “Ері ақылды, қатыны мінезді бол” деп олардың тату-тәтті өмір сүруін тілейді. Әйелді еріне өмірлік дос деп санайтын Абай:

*Махаббатсыз — дуние бос,
Хайуанга оны қосындар,
Кызықтан өзге қалсаң бос,
Катының балаң, досың бар —*

дейді. Осындағы достықтағы әйелді “қимылын қабагының хаттай таныр” деп ерінің айтқанын бұлжытпай орындағын серікке санайды. Абай төл шығармаларымен қатар, аударумен де шүғылданды. Ол тек орыс әдебиетін және он тогызынышы ғасырдағы орыс әдебиетін аударған, олардың ішінде ерекше қөніл бөлгені. И. А. Крылов, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов өлеңдері.

Қазак жазба әдебиетінде Крыловтың мысалдарынан азын-аулақ аударған Ыбырай Алтынсарин болса, Абай бұл бастаманы онан әрі ерістетіп, Крыловтың көптеген мысалдар аударды. Ол “мысал” біткеннің бәрін емес, оның ішіндегі қазақ қоғамының тіршілігіне үйлесетіндерін ғана аударып, өз идеясының қажетіне жаратады.

А. С. Пушкин шығармаларынан Абайдың зер сала аударғаны “Евгений Онегин” романынан үзінділер екенін және оны қандай мақсатпен аударғанын жоғарыда қыскаша айттық. Алайда, Абай жалғыз Пушкинді ғана емес, орыс ақындарының шығармаларын еркін, яғни мазмұнын, образдық ерекшеліктерін сактай отырып, қазақ оқырмандарына үтгымды етіп аударған. Мысалы, “Евгений Онегиндегі” өн бойында “Онегиннің сипаты” аталатын кіріспеде және романын өн бойында “Онегиндік шумак” аталатын он жолдық бөлшектер бар. Абай “Онегиннің сипатында” шумактың жол санын, мазмұнын, түр әдемілігін бұлжытпай дәл келтірумен қатар, бұл шумакты қазақтың он бір буынды өлеңімен оқырмандарына түсінікті түрде, өте көркем етіп жеткізеді. Онегин мен Татьянаның хаттарын аударғанда, қазақ өлеңінің бір шумагында сегіз және жеті буынды жолдардың аралас келетін өлшемін

қолданған. Бұларды да еркін және көркем аударғандықтан, ол аударма ретінде емес, казактың төл өлеңі тәрізді болғандықтан ауыл арасында әнменен айтылып кеткен.

Абайдың ең көп аударғаны М. Ю. Лермонтовтың өлеңдері. Оған бас себеп — екеуінің ой-пікірінің үксастығы. Лермонтов патша заманына өзін карсы койып, оның міндерін, қияннаттарын әшкерелеген, бұл идеясы қолдаушыларды таппай жалғызыраған ақын екені мәлім. Сол сиякты, “мыңмен жалғыз алысқан” Абай да ақырында “моласында бақсының, жалғыз қалдым тап шыным” деп онаша қалады.

Мақсаттары, өмірлері мен идеялары үксас болғандықтан, Абай Лермонтов шығармаларын ерекше ықыласпен аудараады. Сондыктан кейде оның төл шығармаларынан аудармаларын ажыратып алу қын да. Кейбір аудармасында Абай Лермонтовпен ақындық жарыска түскендей, түпнұсқадан аударманы асыруға тырысады. Сол мақсатына кейде жеткендей болады. Мысалы, “Теректің сыйы” өлеңінің аудармасындағы кейбір жолдар түпнұсқадан күштірек те шығады.

Абай өзінің “Қартайдық, қайғы ойладық...” деп басталатын өлеңді жасы қырыққа жаңа шықкан кезде жазған. Бұл қартаятын жас емес. Казактың поэзиясында қырық жасты “Қыран бүркітке” тенеп, адамның нағыз қайратты, ақылды, жігерлі, кезіне санайды.

Олай десек, Абай бұл жерде “қартайдық” деген сөзді жаңы жүдегендіктен айтқан болу керек. Ол насиҳат сөздерін тыңдаушыларына ұқтыра алмағандықтан “қайран сөзім қор болды” деген сарынға түскенде, бұл ойын төрнедетіп:

Менсінбеуші ем наданды,
Ақылсыз деп қор тұтып,
Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып,
Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып,
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарасып,—

деген қорытындыға келеді. Өйткені, әдет — әр халықтың сана-сезіміне жүздеғен, кейде мындаған жылдар бойына сіңіп, қалыптасып қалған мінез-құлыктар. Оны өзгертуге көптеген уақыт, күш керек. Ондай күш Абай тұсындағы қазақ қоғамының бойында жоқ. Сол әдettі жеңе алмаған Абай:

Жүргегім менің — қырық жамау,
Қияннатшыл дүниеден,

деген уайымға кіреді. Содан кейін “Көңілім кайтып достан да, дүшпанин да”, “Дос, жарың, ағайының бәрі екіұшты” “Қажымас дос халықта жоқ” деп торығады. Дегенмен, қоғам қайраткері Абай үндемей жатуға шыдамай, “Кейде есер көніл құргырын, Махабbat іздел талпынар” дейді де, “Жастықтың оты қайдасын, жүректі тұртіп қозғамай” деп, өткен қайратты жастық шағын іздейді. “Көзіме жас бер жылайын, Шыдам бер, сабыр қылайын, Жаралы болған жүрекке, Дауа бер жаман сынайын” деп қайраттанбақ болады. Бірақ қажыған көніл, картайған жас бұрынғыдай көтеріле алмайды да, “Ішім өлген, сыртым сау” деп реніш білдереді.

Өмірден солайша торыққан Абай:

Өзгеге қоңлім тоярсың,
Өлгенді қайтып қоярсың,
Оны айтқанда толғанын,
Іштегі дерпті жоярсын —

деп ендігі мұның өлеңіне ғана шағады да, үмітін болашаққа жүктеп, “Арттағыға сөз қалсын, Мендей гарып кез болса, Мойын салсын, ойлансын, Қабыл көрсө сезімді, Кім, таныса сол алсын” дейді.

Абайдың ешбір шығармасы көзі тірі кезінде баспасөз бетін көрмеген. Шығармаларын ол қағазға жазып тастайды еken де, оларды сол үйге жакындығы бар арабша сауатты Мұрсейіт Бікеұлы дейтін кісі жинастырып, ретімен тіркей беретін болған. Ақын аты танылған Абайдың өлеңдерін қадірлеушілер Мұрсейітке көшіртіп алады еken де, ақысына бір қойдан төлейді еken. Мұндай “қолжазба жинақтар” Абайдың тірі кезінде әлденешеу болған. Абай енші берген үлдарына, үзатқан қыздарына осындаи “жинақтарының” біреуін сиға тартып отырган.

Абай өлгеннен кейін, шығармаларын баспадан шығару ісін оның туған інісі Үісқақтың баласы — Кәкітай (Ғабдулқәкім) қолына алған. Ол көп іздеудің нәтижесінде 1909 жылы (Абай өлгеннен бес жыл кейін) Петербургта “Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өлеңдер жинағы” деген атпен таңдамалы өлеңдерін араб әрпімен жеке кітап қып бастирган. Ол кітаптың тиражы бір-ак мың дана. Бұл кітап шыққанға дейін туған жерінің төңірегінде ғана билетін Абайдың есімі қазактың кең даласына түгел жайылып, оқуға құмартқандар бірінен-бірі қалап алатын болған.

“Ғағлият” немесе — “қара сөздер” аталатын прозасының бірнеше “сөзі” ең алғаш 1918—1919 жылдарда Семейде шыққан “Абай” журналында жарияланды. Журналды алашордашылар шығарғандыктан олар Абай сөздерін бұрмалап, өз мақсаттарына пайдалануға тырысты.

Абай шығармалары тек совет дәуіріндеған көптеген тиражбен әлденеше рет жарық көріп, халыққа түгел таңылды. Бұл тақырыпта жазылған көптеген мақалаларды санамағанда, Абай шығармаларын жан-жақты сыйпаттайтын бірнеше монографиялық енбектер туды.

Абайдың өміріне және әдеби еңбегіне арналған көркем шығармалар да аз емес. Солардың биік шоқысы М. Әуезовтің “Абай жолы” романы.

Абай шығармалары орыс және басқа тілдерге аударылу арқылы бүкіл дүние жүзіне тарады. Ұлы ақынның есімі “Энциклопедия” атаулының бәріне де кірді. Қазір сауатты адамзатта Абай есімін білмейтін кісі кемде-кем. Қыскасы, тек Советтік дәуірдеған Абай арманы орындалып, жүзеге асты. Оның есімі көптеген мектептерге, көшелерге, колхоздар мен совхоздарға және қалаларға берілді. Сөйтіп, Советтік дәуірдеған ұлы ақынның даңқы дүние жүзіне жайылып, оның шығармалары шын мұрагерлерін тапты.

(Соңғы сез)

Коғамдық өмірімізге деңдеге енген қайта күру процесі әр халықтың өткеніне ой көзімен қарап, өзінің алдындағы аға үрпактың қоғамдық-тарихи орнына лайықты әділ бағасын беруді, есқі күндердің күәсі — әдеби мұраларды көңіл елегінен өткізіп, саралауды қажет етіп отыр. Бұл орайда кейбірі солакай сыншылардың талан-таражына түсіп бүрмаланған, я “қүйрық жалынан айырылып”, күр сұлдері жарық көрген, кейбірі тіпті өмірге келмей жатып-ак, яғни қолжазба қүйінде аяусыз соккы алып, әсіре саясатшылардың кара тізіміне ілініп кеткен шығармаларды қайта парактап, колда бар осынау рухани қазыналарымызды халық иғілігіне айналдыру заман тала-бынан туындал отырған іргелі іске қосқан ірі үлес болары сөзсіз. Бірнеше жылдарға созылған “ұлттық жақындасу”, “бірігу” саясаты жекелеген халықтардың өзіндік ерек-шеліктерін ескермей, оларды жасанды қоғамдасуға мәжбур етті. Осы науқан кезінде, әсіресе, ұлттың тарихи-этнографиялық өміріне арналған еңбектер көп зардап шекти. Олардың катарында соңғы уақытқа дейін әдеби мұраларына түгелімен шек қойылып, өз аты тарих беттерінен сзызылып тасталған, қазак халқының XX ғасырдың бірінші ширегіндегі әдеби-мәдени өмірінің алтын дінгегі іспетті Шәкәрім Құдайбердиевтің, халық мұраларын жанашырлықпен жинап, жүйелеушілер Міржакып Дулатов, Мұхаметжан Тынышпаевтардың, XX ғасыр басындағы казак әдебиетіндегі ірі тұлғалардың бірі — Мәшіһүр-Жүсіп Көпеевтің халық шежіресі ‘жайлы жазылған еңбектерін атауға болады.

Кезінде ұлтшылдықтың сипаттайтын шыгарма деген жаламен жарық көруге тиым салынған жоғарыдағы еңбектердің түйіні, жалғасы іспетті болып 1974 жылы “Қазақстан” баспасынан Сәбит Мұқановтың “Халық мұрасы” басылып шықты. “Халық мұрасы” көп жылдар бойы сусап келген халық тілегінен шықкан санаулы кітаптың біріне айналды. Эйтсе де, азғана тиражben шығарылған бұл кітап өз тарихына немікүрайды қарай алмайтын, көзі

ашық, көңілі ояу қалың оқырманның құндіз қолына шамалып іздесе де таптырмайтын зәру дүниесіне айналып қала берді. Бүгін егеменді ел атанып, еңеміз биктей түскен кезеңде кім-кімнің де тарихтың терекіне тамыр тартқан өз халқының шежіресін тануга үмтүлуге занды құбылыс. Осындағы тілек пен талап қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, академик-жазушы Сабит Мұқановтың кеп жылдар бойы тірнектеп жиган құнды мұрасын қайта жариялауды қажет етеді. Қолыңыздагы кітап — бұрынғы нұсқаның толықтырылып беріліп отырган екінші басылымы. Ең, әуелі, жаңа басылымның жаңалығы, өзгешелігі туралы сез етпес бұрын, “Халық мұрасы” С. Мұқанов шығармашылығында қандай роль атқарды, оны жазудагы қаламгер мақсаты не деген мәселе төнірегінде айта кетуді жөн кердік.

“Халық мұрасы”— Сабит Мұқановтың кеп төгілген еңбектерімен келген құнды шығармасы. Кезі тірісінде халқымен етene араласқан жазушының ең сүйікті ісі — көне көз қариялармен әңгімелесе жүріп, ел ішіндегі есқи тарихқа, бабалар шежіресіне байланысты тың деректерді, аңыз-әңгімелерді жинау болғанын көз көргендердің барлығы айқаттайды. Олай болса, бұл еңбек халық перзентінің өмір бойы жигандарынан сүзіп алған маржандарын келешек үрпақтың кәдесіне жаратып,, өз борышын актағанының куәсі.

Жазушының аталмыш еңбегінің шығармашылық шеберханасына терең үңілген адам “Халық мұрасына” байланысты бірнеше нұсқалардың барын көрер еді. Оларды салыстыра келгенде, жазушының осы тақырып төнірегінде ете кеп ізденгендігін, қыруар материалдарды елең-екшеп, ішінен ең құнды деп тапқандарын жүйелеп, ел шежіресін шеберлікпен, асқан ыждахаттылықпен жазғанын таныр еді.

С. Мұқанов өзінің осы кітапқа жазған алғы сөзінде “Халық мұрасын” жазуда орыс ориенталистерінің — Бичурин, Рычков, Потанин, Бартольд, Малов еңбектерінен, Ш. Уәлиханов жазбаларынан осы мәселелер төнірегінде кеп материалдар жинағанын атап көрсете келіп; “...осы сияқты еңбектерді оқығаннан кейін және қазақ халқының өмірін, тұрмысын ескілікті көне жазбалардан, ауызша әңгімелерден үққандарымыз берілген көзбен көріп, өзіміз куә болған жайларды қорыта келе мен де қазақ халқының өткен өмір жолына тереңірек тоқталып, тұтас бір шолу жасауды алдыма міндет етіп қойдым. Енді осы міндетімді іске асъра отырып, жинақтаған материалдар негізінде жазылған бұл еңбегімді көпшілік оқырмандар қауымына ұсынып отырмын,—” дейді.

Академик-жазушының бұл еңбекке айрықша мән бергендігін қаламгердің жары Мәриям апайдың естелік әңгімелері дәлелдей түседі: “Ақкан жұлдыз” романының алғашқы екі томын аяқтай бастаған кезде Сабен жі науқастанып қалатын болды. Күннен күнге қуатының кеміп бара жатқаны да байқалады. Осы кезде ол романды аяқтауға материалдарының жеткілікті, мол екенін, егер бар құшін сарп етсе соңына дейін жазуға мүмкіндігі болатынын сезе тұра, оны үзіп тастап, осы “Қазак қауымын” (“Халық мұрасының” қолжазба нұскадағы Сәбеннің қойған аты) қолына алды. Бірде Сәбит толғана отырып: “Әй, Мәке, “Ақкан жұлдызды” аяқтай алсан жарап еді. Бірак, мына шежіре кітаптың да келешек үшін берері, айтары одан кем соғып тұрган жоқ. Шоқан өмірі менен кейін де талай жазушының еңбегіне арқау болар деп сенем. Ал, мына кітаптың жөні тым басқа. Бәлкім бұл менің соңғы еңбегім болғанымен, кейінгі үрпактың шежіре мұраларды жүйелеуіне алғашқы соқпақ болар. Сондықтан, қайтсем де мұны аяқтау-жазушылық қана емес, перзеттік те парызын секілді болып отыр. Өмір болса, Шоқанға сосын оралармын” деп еді. Айтқаныңдай-ақ, Сәбит осы еңбегін жазып аяқтап, енді қайта “Ақкан жұлдыздың” қалған томдарына кіріскеңінде үлкен жүргегі соғуын мәңгі тоқтатты. Менің қуанатыным: ол өзінің ең соңғы тілегіне жетті. Әрі халық алдындағы парызын да өтеп кеткендей болып тұрады. “Қазак қауымы” Сәбиттің творчестволық жолы мен бүгінгі қайта жалғасқан өмірінің арасындағы “алтын көпір” іспетті әсер етеді. Сондықтан да ол мен үшін ерекше ыстық дүние” деп еске алып отырады.

Бұдан бұрын жарық көрген “Халық мұрасы” мен қолымындағы “Қазак қауымының” арасындағы бірінші өзгешелік оның атынан байқалады. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл кітаптың қолжазбасын академик-жазушы С. Мұқанов өмірінің соңғы уақыттарында жазып, соңғы нүктесін қойып, баспаға өз қолымен тапсырғаны мәлім. “Қазак қауымы”— автордың өзінің қойған аты. Кітап жазушы қайтыс болғаннан бір жыл кейін жарық көрді. Белгісіз себептермен сол кезде кітаптың аты өзгеріп кеткен. Оған бүгін келіп объективті, субъективті себептерді іздел жатудың кажеті жоқ секілді. Дегенмен, жаңа басылымға автордың өзі қойған атты беруді жөн көрді...

Бәлкім, сынаржак саясаттың бұра тартуынан сақтандыру иниетімен еңбекке “халық мұрасы” деген жалпы атау беру сол уақытта ұтымды да болған шыгар. Әйтседе, әр нәрсені өз атымен атауға мүмкіндік берілген бүгінгі таңда жазушының өзі қойған атты қайтарған жөн болар. Себебі кітап тек қазақ халқының үлттық болмысын, оның

рухани бай мәдениетін, атадан балаға мирас болып жалғасып келе жатқан материалдық тіршілік мұрагаттарын, ғасырлар безбенінен іріктеліп шыққан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын танытуды қөздейді. Бұл еңбекте көшпелі тұрмыс кешкен халықтың көшелі ой-казынасы болғаны, кең сахарада өмір сүрген елдің үғым-түсінігін де ешбір халықтан кем тұспейтіндігі накты деректермен орынды көрсетілген.

“Қазақ” деген атаудың этимологиясынан бастап, оның халық ретінде қалыптасуы, қоғамдық өмірі, дүниетанымы, тілі, мекені, шаруашылық жайы, кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, көркем мұралары жинақталып, қазақ далаһында өмір сүрген үлкен тұлғалар туралы жалпы мәлімет беріледі. Міне, еңбектің мазмұнына сай атауы да “Қазақ қауымы” болып қалуға тиіс дегендеге біз осы дәлелге сүйенеміз.

“Қазақ халқының ертедегі қоғамдық өмірі” деп аталағын белімнің әрбір тарауы танымдық мәні үлкен алты мәселе төнірегінде баяндайды. Олардың қайсысы болмасын қазақтың төл табиғатымен тығыз байланыстырылып көрсетіледі. “Дүниетанымы” аталағын 1 тарау елдің ескі замандардағы нағым-сенімдерінің уақыт тезінен өткен жүрнәктарының сырын ашады. Табиғаттың әртүрлі құбылыстарының астарынан адаммен, адамзат тіршілігімен ортақ қасиет ізденеген бабаларымыздың киялы, арманы әртүрлі аңыз-әңгімелер тудырған, оны қастерлеп кейінгі үрпакқа жеткізіп отырған. Мысалы, аспан әлемімен байланысты туган мифологиялық аңыздарда қаншама сыр жатыр! Қектері жұлдыздарға қарап уақытты, ауа райын болжаган көрегенділік, сол асыл қасиеттердің сынығы іспетті осы уақытқа дейін бірлі-жарым болса да кездесіп қалады. Ен даланы жайлап, бүкіл тіршілік-тынысын төрт тұлікті бағуга арнаған еркін халықтың өмірлік тәжірибесін коршаган дүниемен бірлікте жинақтағанын автор орынды дәлелдермен орайлы жеткізіп отырады.

Табиғат құбылыстарындағы киял жетпес құпия сырдың шетін аталағымыздың дінмен байланыстыруы да сол уақыттағы дүниетанымға тән нәрсе. Қазақ арасына таралған діни сенімдердің өзі іштей тармақталып келеді. С. Мұқанов оның ішінде шаманизм мен ислам дініне арнайы тоқталады. Шаманизмдегі адамдардың тәңірлер мен құдіретті құштердің мейірімін түсіру үшін әртүрлі әрекет жасауы, оған ден қойған адамдардың “бақсы” атанды жайлы көптеген қызықты жайларды сөз етеді. Осы бағыттағы қазақ бақсыларының өлең-сарындарды, халықтық өнерді кең пайдалғанын, олардың өзіне тән мифологиясы болғанын айта келіп, бақсының естіген құлақ

түгілі, көрген көз сенбес әрекеттерін “гипнозға байланысты әрекеттер болса керек” деп түйіндейді.

Қазақ даласында ислам дінінің таралуының тарихи-әлеуметтік себептерін ашпас бұрын оның жалпы туу, даму жолдары туралы тарихи деректердің негізінде талдау жасады. Ислам дінінің қазақ ұғымына терең сінбекені жайлы ел аузындағы әртүрлі аңыз-әнгімелер мен макал-мәтелдерге сүйеніп отырып дәйектемелер жасайды. Қазактың дінге ден қоймауына, оған деген сенімін жоғалтуына осы дінді уағыздаушылардың шала сауаттылығы, дүмшелігі себеп болғанына “анқау елге арамза молда”, “дүмше молда дін бұзар”, “өленді жерде егіз семірер, өлімді жерде молда семірер”, “қожа, молда елді аздырады, қурай, құмай жерді аздырады” сияқты макал-мәтелдер күе.

Намаз оқу, ораза ұстau, жарапазан айтu, хажылыққa бару секілді діни шарттарды орындауга байланысты да ел арасында келемежге айналған оқиғаларды суреттеп, бұл жағынан да қазақ ұғымында тиянақсыздық болғанын көрсетеді.

Қысқасы, қандай дін болса да қазактың табигатына сініс алмағанына, халықтың соқыр сенімнен ғері күнделікті тіршілік шындығын жогары койғандығына назар аудартағы.

Үлт пен халықтың ең басты белгісі сол топқа енетін бүкіл адамдарға түсінікті ортақ тілдің болуы, оны әр үрпақтың кездің қарашығында сақтап, дамытып отыруы, езінен кейінгілерге мәдени үлттық мұра ретінде қалдыруы еkenі аян. Бұл тұрғыдан келгенде, ұланғайыр жерді мекендеп отырған қазақ елінің батысы мен шығысна, онтүстігі мен солтүстігіне бірдей түсінікті тілдің осы уақытка дейін үлттық мектебі, баспасөзі болмаған елде осыншама таза, басқа еш тілдің ықпалына ұшырамай сакталып келгендігіне қайран қалмасқа болмайды. Бәлкім, көшіп-қонып күн кешкенмен, “Өнер алды қызыл тіл” деп оның мәнін тереңнен түсінген жұрттың қастерлі де құдыретті кару ретінде ұстанғаны да, “малым жанымның, жаңым арымның садағасы” деп өрлік пен ерлікті қатар қойғанда қорғар рухани байлығының ең биігінде де тұған тіл тұrsa керек-ті. Қаптаған жаудың қалың қолынан, алмас қылышы мен егеулі наизасынан қаймықпаган батыры да, тапқыр тілімен топты жарған шешендері мен ел бастаған еңсегей көсемдері де бір ауыз сөзге тоқтаған. Ел үшін сөзден қасиетті, одан биік, одан терең ұғым да болмас, сіра! Міне, Сәбен қазақтың тілі дегенде оның осындағы ерекшелігін шабыттана жазады. Әрине, халық пен халық араласып жатқан соң олардың арасында сез алмасу

процесі қалай да болатыны заңды құбылыс. Осы орайда да қазақтың шет тілдерден сөз сініруде осыншама бір шеберлік танытатынына таң қалмасқа болмайтындей. “Соғда заманнан қалған иран сөздерінің, Шыңғыс ордалары кезінен қалған монгол сөздерінің, ислам діні тарағанин бері кірген араб сөздерінің элементтері қазакта да бар. Бірақ, қазақтар ол сөздерді өз тілінің үндестік (сингармонизм) заңына бағындырып: иранның “пешене” (мандай) деген сөзін “бесене”, “ромаль” деген сөзін “бәтуа”, “рузаны”—“ораза” деп айтты, “қатын-қалаш”, “тоқты-то-рым”, “бала-шаға” дегендегі кос сөздердің екінші қосағы: қалаш, тоғым, шаға дегендегі де монголша атаулар... Орыстан келіп қазаққа сіністі болып кеткен сөздер де аз емес. Мысалы: самовар-самауырын, кровать-кереует т. б. деп тізбектей көрсетеді кітап авторы. Қазақ тілінің баға жет-пес байлығы, оның фольклор дүниесіндегі асыл қазыналары мен сөз өрнектері хақындағы ойларын “Жан азығы” тарауына енген батырлар жыры, ғашықтық жырлары, қиссалар туралы, айтыстар хақында, дара ақындар шығармашылығы туралы сөз ете отырып өрбіте түседі. Рухани байлықтың материалы бола отырып, сол әрбір шығарма арқылы, кестенің бізі салғандай әсемдікке толы дүние арқылы толығып, мәңгілікке жалғасқан тілдік мұралардың жазу-сызуыз-ақ ауызша түрде жалғасып отырып, ғасырлар койнауынан бүгінге жетуінде халықтың тілге деген көзқарасы, танымы көрінеді. Оқиға желісінен бастап әр кейіпкерінің мінез-күлкі мен болмыс-бітімін суреттейтін, ер қанатына айналған тұлпарлардың бір-біріне үқсамас сырт сұлулығы мен шабысын бейнелейтін жыр жолдарында жатық тіл, көркемдік шеберлік сырьы тереңнен тамыр тартатындей...

Осы бөлімнің үшінші тарауында қазақтың мекені мен елдігі туралы сөз болады. “Батысы — Каспийге, шығысы мен терістігі — Сібірге және Алтай тауларына, құнгейі — қазіргі Қыргыстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Қарақалпак автономиялы республикасымен шектесетін көлемі бес Францияға, тоқсан еki Бельгияға пара-пар келетін өлкені” мекендереген казак халқының тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпында, тіл-танымында елеулі айырмашылық жок. Хандық дәуірден бері ел арасындағы билік; бірлік мәселелері, оның түрлі арналары осы тарауда кең қамтылады. Қазақтардың ел билеу үрдістеріндегі ерекшеліктер, хан мен билердің ел өміріндегі рөлі, билерге қойылар талаптар, қарадан шықса да көпшілік қамын жеген қайраткерлердің халық тарихында жазылып қалған жайлары жиі кездеседі. Бұл сахарада ешқандай жазылып бекімеген заңсыз демократияның болғандығын дәлелдесе

көрек. Мысалы, “жүзге бөлгеннің жүзі күйсін” деген қағиданы ұстанып өткен Төле бидің қара қылды қақ жарған әділдігімен қатар жеткен алты алашты аузына қаратқан Абылайдай ханға тік қарап, айттар ойын бүкпей сөйлеуі біздің бесігіндегі тұншықты деген бүгінгі сез бостандығымыздың бастау-бұлағы емес деп кім айттар?! Казактар “хан — казық, би — токпак” деп ханды ҳалықтың тірері,— қазығы көргенмен, отырықшы елдердегі хан жарлығына мойын ұсына бермеген,”— деп Сәбен қан мен бидің елдікті сактаудағы орнын анықтай түседі,— “көшпелі казактар арасындағы хан елдін бас әкімі саналып, жалпы басшылыққа ие болғанмен, ел ішінің даудамайын бітіріп, екі жақты татуластырып, төрелік, билік айтатындар билер болған. Өйткені бір үйдің ішіндегі “әрі отыр, бері отырдан” бастап, туыскандардың, ағайынның, ауылларың, ұлылар-кішілі аталардың арасынан шыққан дау жанжалды бітістіріп, төрелік айттың отыратын төрешілер, яғни “от ағасы, кос ағасы, ауыл ағасы, ел ағасы” дейтіндер. Осылардың ішінде үкімінің заны құші бар, кесіп айтатындар билер саналады.”

Ғасырлар бойы дала өмірінің тыныштығын, бірлігін сактауга негіз болған ата зан — “әдет заны” болып келді. Арабтар оны “тарикат” деп атағаң, кейін ислам дінінің кіруімен байланысты дін заны — “шаригат” енгізіліп, екеуі қатар жүреді. “Тарикат” қазан төңкерісіне дейін құшін жоймады дегенмен, ол орыстардың отаршылдық саясатының кеселінен бұрмаланып, әлділердің қолына кешкен соң-ақ мәнін жоғалта бастады.

Елдегі даулардың ішінде ең үлкені жер мен жесірге байланыстылары болды. Коныска таласу көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігінен туындаса, жесір дауына әменгерлік пен әйел теңсіздігі мұрындық болды.

Сәбен осы кезеңдерде ел бірлігін сактауга тиіс әкімдердің “параның” шырмауынан шыга алмай қалған тұстарын Абай шығармашылығын тілге тиек отырып жеткізеді. Сонымен қатар “ауыл”, “аталық”, “консы” үғымдарына талдау жасап, кең түсінік береді. Орыс саясатының рушылдық ынтымакты ыдыратуынан туған ел ішіндегі бүліншілік көрінісін Абайдай анық, дәл көрсеткен сез шебері бар ма екен! Оның:

Алыс, жақын қазақтың бәрі қаңғып,
Лямай бірін-бірі жүр гой ағып,
Мал мен бақтың кеселін үя бұзар,
Пәруадигар жаратқан несін жан қып.
Ант ішін күнде берген жаны құрсын,
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Ку тілмен құлық сауған тілі құрсын.

дегенинен асып не айтуға болар еді...

“Әлеуметтік қайшылықтар” аталатын тарауда қазақ даласында таптардың шығуы мен олардың арақатынасы жөнінде біршама деректер келтірілген. Оңдағы көп ойлардың еңбек жазылған тұстағы саяси ағымнан туындағаны мәлім және көптеген мәселелер социализм жөністерімен жалғастырылуын да осы түргыдан түсінген жөн.

Бұл енбектегі қызықты маглұматтарға толы әрі танымды кеңейтептің тақырып ретінде осы бәлімге енген “Шаруашылық жайы”, “Аңшылық” тарауларын, “Материалдық мәдениет”, “Жан азығы” бәлімдерін тұтас атауга болады.

Қазак даласында кең дамыған мал шаруашылығының жай-жапсарын қазақтың төрт түлікпен байланысты тіршілік-тұрмыстық, емдік-шипалық мақсатта жинақталған аса бай тәжірибелерін баяндайды.

Қазактардың ең қастерлеп, пір тұтатыны — жылқы. Жылқыны жаугершілік заманда ер канаты, ел қорғаны ретінде пайдаланса, құнделікті өмір-тіршілікті мінсе — көлік, сүтін ішсе — сусын, етін жесе — тамақ екенін, оның емдік қасиеттерін де жоғары бағалаған. Тұрмыстық заттарды жасауға да жылқы терісі таптырмайтын материал болғанға үқсайды.

Жылқының сойыс малы ретінде “қазанат”, “қара етті”; мініс малы ретінде “арғымак”, “жабы”; бәйгеге қосар сәйгүлік ретінде “жорға”, “жүйрік” деп бөлінетінін, олардың әркайсының ерекшеліктерін санаамалап береді. Жылқының күтімі, оны емдеу жолдары да көрсетілген.

Сонымен қатар түйе, кой, ешкі тұліктерінің тұрмыстығы пайdasы, еті мен сүтінің шипалық қасиеттері сөз болады. Бір қызықты факті: өзіміз сүтінен тұрлі тағам дайындастын, еті жеңіл деп есептелеғін сиыр малының қазақ тірлікпен байланысы туралы пікірі. “Қазақ бұл тұлікке менсінбеген, кемсінген көзben қарап келді. Оған қылғығы оғаш адамдарды “сиыр” деп сөгуі, “су сиырдан, сиыр судан жериді” деуі, конакқа сиыр етін асып беруді корлау деп түсінуі, тағы тағыларды жатқызуға болады”— деуінің астарындағы ойдың шындығы да бар секілді.

Төрт тұлік малдың жасына, жынысына сай берілген атауларының да, әсіресе, бүтінгідей халықтық салт-дәстүрлердің жаңарып, улттық танымды тәрбиелуе қажеттігі артып отырган уақытта мәні жоғары. Мектеп бағдарламаларына халықтық педагогика элементтерін енгізу мәселесін сөз еткенде, әрине, бізге ата-баба мирас еткен дәстүрдің өзін де осы төрт тұлікке қатысты

ұғымдарды менгертуден, олармен байланысты әдет-ғұрыптарды, салт-сананы үйретуден бастайтынымыз белгілі. Себебі кезкелген халықтың рухани байлығы оның материалдық дүниесінен туындаиды, соның негізінде жасалады. Мысалы, “ботадай мөлдіреп тұр”, “ботакөз”, “танакөз”, “құлыш мұсінді”, “терін алған жүйріктей” деген тенеулердегі образдылықты түсіну үшін ең әуелі оның адам тіршілігіне катыстылығын сезінетін қазакы ұғым қалыптастыру қажет. Тәрбиенің негізін ұлттық жүйеден алшактатып алғандағыныздан болар бүтінгі үрлактың ата дәстүрінен шеттетіліп, қарарапайым ұғымдардың өзін бірбірінен ажыратса алмай, асыл мен жасықты алмастырып алушылық жіңініс береді. Осыдан кейін “жас үрпақ шешендік үрдістен хабарсыз қалды, тілі жұтаң, ойы таяз” деп кінәлаудың жөні бар ма? Тілі шұрайлы, ойы тайға таңба басқандай анық болуы үшін олардың санасына ең әуелі ұлттық ұғымдарды сініріп отыру керек. Ол міндет ұлттық психология мен таным арналарын кең қамтып, оның түп тамырын толық менгерту арқылы жүзеге аспақ. Осы орайда “Қазақ қауымы” ұлттануга үлес қосар елеулі еңбек болмак. Оны білім беру жүйесінде халықтың тарихы мен этнографиясын оқытуда оқу құралы ретінде пайдалануға болады, дидактикалық материал ретінде де қосымша етіп ұсынуға лайық дүниелері табылады.

Ұлттық колөнер, аңшылық кәсіп, құнделікті тұрмысқа қажетті шаруашылық заттары, қазактың кешпелі тұрмысындағы ең қолайлы тұрақ-жайы — киіз үй, оның бөліктері, сәндік бүйімдар, үй жиназдары, киім-кешек тұрлери, көлік тұрмандарды туралы көптеген мәліметтер кітаптың құндылығын арттыра түседі. Автор олардың жасалу технологиясымен қатар эстетикалық мәнін де дұрыс бағамдайды. Ет пен сүттен жасалатын түрлі тағамдардың тұрлери, коняғасы берудің тәртібі туралы да кітаптан мол мағлumat алуға болады.

“Жан азығы” қазактың рухани қазына-байлығы — фольклорлық мұраларының жанрлары туралы білім беруге бағытталған. Фасырлар тезінен сүрінбей етіп, бүтінгі құнге жалғасқан халықтың өткенін, ой-санасының өркендеуін айқын көрсететін құрал — көркем әдебиет мұрагаттарына терең талдау жасайды. Қазақ топырағындағы “Батырлар жырының” өзіндік ерекшеліктері, ғашықтық жырларының ұлттық үрдістермен тамырластығы, киссалардың түркі дүниесінің тереңінен шымырлап шықкан шұрайлы оқигалармен байланысы жайлы тың ойлар өрбітеді.

Қазактың суырып салма ақындық қасиетін танытатын, оның шешендік өнерін паш ететін бір жанр — айттыс, оның тұрлері хақында да бір алуан пікір түйеді. Қыз бен

жігіт айтысы, ақындар айтысы, бәдік-айтыс, жұмбақ айтыстардың жанрлық ерекшеліктерін, қоғамдық-әлеуметтік сипаттарын сарапайды. “Біржан-Сара” айтысындағы көркем тіл кестелері, мазмұн терендіктері өзге қырынан талданады. “Дара ақындар” тарауында қазақ топырағында ғұмыр кешкен сөз шеберлерінің өмірі мен шығармашылық дүниесінен хабардар етеді.

“Жазба әдебиет белестері” бөлімі қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы, сөз өнерінің бар құдіреті мен қасиетін көпке танытқан ақын Абай Құнанбаев шығармаларына шолу жасайды. Абай өлеңдерінің ішкі иірімдерінің табиғатын ашады. Олардың қоғамдық өмірмен үзілмestігін айқындайды, ақын психологиясын түсіндіруді ниет етеді.

Міне, көлемі шағын болғанмен үлкен жұқ арқалап тұрған С. Мұқанов еңбегінің қыскаша мазмұны осындей.

“Халық мұрасында” көптеген тараулар қыскартылып берілген. Жазушы архивіндегі бірнеше нұскаларды салыстыра келе, “Қазақ қауымына” біраз толықтырулар енгізілді. Мәселен, екінші бөліміндегі “Аңшылығы” тарауы, үшінші бөлімдегі “Материалдық мәдениеті”, “Тұрақ жайы” тарауалары, төртінші бөлімдегі “Біржан — Сара” айтысы, “Хиссалар туралы” тараулары, сондай-ақ “Жыр туралы” тарауындағы “Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармашылығына” байланысты мәселе де қайта қаралып, толықтырылды. Сонымен бірге, осы төртінші бөлімнің “Ереуіл толғаулары” деп атапталып тарауына “Шортанбай Қанай улы туралы” автордың басқа варианттарда жазылған ой-түйіндеулері тұтас енгізілді.

“Қазақ қауымының” жанрлық сипаты туралы айтар болсак, мұнда автор көрген білгендерін өз ғылыми еңбектермен байланыстыра отырып, баяндайды. Кітаптың әр тарауында халық ауыз әдебиетінің үлгілері кеңінен пайдаланылады. Сондықтан, бұл еңбекті тарихи этнографиялық монография деп атауга лайық.

Тарихи дәүірлердің шындығын терекірек көрсету үшін С. Мұқанов көбіне сол замандардың айнасы — халық жадында сакталып келген азыз-ертегі секілді ауыз әдебиеті үлгілерін көп қолданады. Оның сыры: біріншіден, жүйелі жазба тарихы болмаған халықтың ертедегі тіршілік әрекеттерін оның рухани мұралары арқылы жаңғырту, келешекте жалғастыру екендігінде болса керек. Екіншіден, шежіренің осындағы ретпен, яғни тарихи деректермен катар, ауыз әдебиеті үлгілерінің араласып жазулы еңбектің құрғак баяндау түрінде қалып қоймай, оқушыга әсерлі болуына да септігін тигизетіндігі сезіз. Бұл қашанда көркем дүниенің қалың оқырманға түсініктілігіне, солардың рухани өміріне жақындығына

мән беретін халық жазушысының өмірлік мұратымен де іштей сабактас жатыр.

Қазақ халқының салт-санасы, тарихи-этнографиялық болмысы, оның өмір кажетінен тұган терек ой, философиялық түйіндеулері С. Мұқановтың “Қазақ қауымында” сараланып, жүйеленіп қымбат қазынамыздың қойнауынан табылған үлкен олжадай әсер қалдырады. Автор кеңе тарихтың сурлеулерінен алынған осындай деректер мен әдеби мұраларға материалистік тұргыдан талдау жасап, оған дәүірінің биік өресі тұрғысынан ой толғамдарын білдіреді.

Зерттеуши еңбектің бірінші белімінде өзіне дейінгі жазылған бірнеше шежірелердің тарихына, олардың әрқайсысының ішкі ерекшеліктерін, тарихпен байланысна үлкен мән беріп, арнайы әнгіме етеді. Жүйелі әрі терек гылыми терек талдау жасай отырып, бұл еңбектерді таңыстыру арқылы халық мұраларына арналған сол шежірелердің жазылу жайынан кейінгі үрпакқа мәлімет беру мақсатын көздейді. Әр шежіредегі авторлық позицияға, әр еңбектің шындық пен жаңасымдылық деңгейінде объективті түрде баға беріліп отырады.

Қазақ тарихын толық көрсететін еңбектердің XIX ғасырға дейін болмағанын, оған дейінгілердің барлығы да шет елден келген жеке саясатшылардың жазып қалдырган естеліктері, алған әсерлері түрінде кездесетінін айта келіп, олардың негізінде қазақ халқының құрамына кірген көшпелі руладың тұрмыстарын сипаттайтынын көрсетеді. Біздің жал санауымыздан төрт жарым ғасыр бұрын Сырдария бойына, Қанлы хандығына келген грек саясатшысы Геродоттан бастап, Страбон, Мерцелли, Марко Поло және т. б. Қытай, Араб саясатшыларымен бірге Орта Азияның өзінен шыққан тарихшылардың жазбаларына да сүйеніп, бірталай құнды деректер табады. Қазақстанның Россиямен косылуына байланысты қазақ тұрмысын көп зерттеғен орыс ориенталистері — Левшиннің, Бичуриннің, Рычковтың жазбаларына токталады.

Сөз сонында айтпай кетуге болмайтын бір жайт: кейінгі кезде бұрынырақ жазылған әдеби еңбектерге күйе жағып, тырнак астына кір іздейтін жағымсыз әдет өріс алып отыр. Мұндайда, көбіне кеше ғана акталған аристарымыздың еңбектеріне қол сұқты, немесе солардан кешірді деген секілді дәлелсіз, үшқары пікірлер бірталай қаламгерлердің творчествоюна баланысты айтылып қалып жатады. Осынын алдында айтқанымыздай, қазақ халқының шежіресіне байланысты кейір ақын-жазушылардың әдеби мұралары жарық көрмей келді. Жасыратыны жок, кейде осы “Халық мұрасына” да құдікті көзben караушылар табылып қалады. Біздің пайымдауымызша, бұл жаңсақ

пікір. Себебі: біріншіден, қандай шежіре болмасын, халық тарихына сүйене отырып жазылады. Ал, бір халықтың тарихы да біреу ғана. Сондыктан, оны қанша адам, қанша рет жазса да бір жүйемен жүретіні даусыз. Олай болса, сол енбектердегі деректер бірін-бірі қайталайды, яғни бір екіншісінен көшірген деп үзілді кесілді кесім айтудың жөні жоқ. Екіншіден, халық тарихына байланысты жазылған қандай енбек болмасын ол әр автордың жеке көркем шығармасы іспетті жеке пайымдаулары мен қиялышан ту-майтыны мәлім. Онда объективті дүниенің дамуы өз зандылығымен көрініс тауып отырады. Сондыктан ол енбек бірнеше адамның үлесінен туындаламак. Олай болса, тілті кейбір деректерді беруде өзінен бұрынғы авторларға иек артып, олардың енбектеріне сүйенген тұстары болған күннің өзінде (мәселе әдебиттегі “қара тізімге” алынған енбек авторлары туралы болып отыр) оны бүгін келіп “неге сол автордың атын атамаған, одан алынған деректер неге атап көрсетілмеген” деп кінәлау не осы уақытқа дейін орын алған сынаржак саясатты түсінбеу, не көре тұра көзді жұмып жазушы мұрасына көпе-көрінеу топырак шашу болып табылар еді.

Корыта айтқанда, С. Мұқановтың бұл енбегін “қазак тарихын зерттеуші жас ғалымдарға ой салып, бағыт беретін”, туған халқының тарихына құрметпен караудың үлгісі боларлық құнды дүние деп бағалауға лайық. Халық кәдесін толық актай алатын бұл шығарманың кейінгі ғұмырының мәңгілік боларына толық сенім бар.

С. Мұқанов мұражайының директоры
Кайрат Раев.

МАЗМУНЫ

Алғысөз	3
Бірінші бөлім. Шежіре және тарих жайында	—
Жалпы шежіре	9
Кожалар шежіресі	15
Казак шежіресі	19
Казак тарихы туралы	31
Екінші бөлім. Казак халқының ертедегі қорамдық өмірі	—
Дүниетанымы	36
Тілі	52
Мекені және елдігі	54
Әлеуметтік қайшылықтары	65
Шаруашылық жайы	67
Ақшылдығы	85
Үшінші бөлім. Материалдық мәдениеті	—
Тұрақ жайы	114
Ыдысы	120
Азыры	123
Киім-кешегі	129
Келік-турманы	134
Төртінші бөлім. Жан азығы	142
Батырлар жыры	145
Ғашықтық жырлары	148
Киссалар туралы	155
Айтыстар	163
Діни айтыстар	217
Дара ақындар	226
Бесінші бөлім. Жазба әдебиет белестері	—
Абай (Ибраһим) Құнанбаев	274
Тарихи таным тарлымы Соғры сөз	292

Сабит Муканов

НАРОДНОЕ НАСЛЕДИЕ

(на казахском языке)

Редакторы *Турлана Г.*
Суретшісі Исабаев И.

Көркемдеуші редакторы *Айтжанова Л.*
Техникалық редакторы *Баирова Л.*

ИБ № 278

Теруге 16.05.94 жіберілді. Басуға 5.1.95.жыл қойылды. Пішімі 84x108/32 Баспаханалық қағаз.
Әріп түрі Тип таймс. Шығындық басылыш Шартты баспа табары 15,96. Есептік баспа табары 17,7.
Шартты бояулы беттаңбасы 16,38. Тараптамы 4000 дана. Тапсырыс № 2411 Бағасы кслісім бойынша.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жаңындығы Тіл комитетінің „Ана тілі“ баспасы, 480009 Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық акпарат министрлігінің „Кітап“ полиграфиялық касіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.